

ЖУРСІНБЕК
СЕЙІЛОВ

Мағылым
тәжішілары

Сәулең болса кеуденде
Мына сөзге көңіл бөл.

Абай







**ЖУРСІНБЕК
СЕЙІЛОВ**

•
**Піағылым
талишылағы**



ffOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2012

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4

С 31

**С 31 Сейілов Ж.
Тағылым тамшылары. – Астана: Фолиант, 2012. – 360 б.**

ISBN 978-601-271-174-5

Бұл жинақ халық ауыз әдебиетінің мұрасын жинаушы, көне сөздің білгірі, есімі Жезқазған, Ұлытау өңірінде кең танылған Жүрсінбек Сейілов қолжазбаларынан дайындалып отыр.

Ж. Сейілов Ұлытауда 1915 жылы дүниеге келген, қадымша хат таныған, араб, парсы, шағатай тілін менгерген. 1947 жылдан бастап үздіксіз ел аузынан, көне кітаптардан, өзгелердің қолжазбаларынан дастандар мен өлең-жырларды, шешендік сөздерді, айтыстарды, баталарды, мақал-мәтелдерді терген, әдебиет саласында деректік маңызы зор дүниелерді жинаған. Жүрсінбек Сейіловтің отбасылық мұрағатында 48 жеке қолжазба дәптер сакталған екен.

Қолжазбалар ішіндегі мол асыл мұраның бірқатары таңдал алышып, барынша тың, жарық көрмеген, жарық көрсе де аз танылған туындылар жеке бір жинақ ретінде жұрт игілігіне ұсынылып отыр.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 978-601-271-174-5

© Сейілов Ж., 2012

© «Фолиант» баспасы, 2012

АТАДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ СӨЗ

**Ардақты оқырман!
Қадірлі халайық!**

Қолдарыныңдағы кітап – менің әкем Жұрсінбек Сейіловтің 40 жылдан астам уақыт халық мұрасын жинаған жұмысының жемісі. Кітап әкемнің қолжазбасы негізінде дайындалып, Алланың пәрменімен бұрын-соңды жарияланбаған тың дүниелермен жарыққа шықты. Соңдықтан да бұл еңбек халқымыздың рухани мұрасына бейжай қарамайтын әрбір көзі қарақты, көкірегі ояу азамат үшін қастерлі де құнды болады деп ойлаймын.

Әкем төңкеріске, 1917 жылға дейін жарық көрген араб, парсы, шағатай тілдеріндегі кітаптардан үзінділер жазып алғып, оларды қал-қадірінше қазақ тіліне аударып, діндар адамдар шығармаларын, халық ауыз әдебиетін жинаумен ұзақ жылдар айналысты.

Әкей оқыған кітаптардың барлығы бірдей жадымда жок, бірақ соларды қызығыштай қорып, аса ұқыптылықпен, сақтықпен ұстағанына қарағанда, олар сирек кездесетін туынды болса керек. «Бұл кітаптардың құндылығын айтып жеткізу мүмкін емес», – деп отыратын әкей марқұм өзі де кітап беттерін ашқан сайын.

Жалпы, төңкеріске дейінгі кітаптар бар-жоғы 100-200 дана болып, шектеулі таралыммен ғана шығатын және жекелеген адамдардың қолдарында ғана сақталатын. Мұндай басылымдар әдетте атадан – балаға, қолдан – қолға аманат ретінде табыс

етіліп келетін. Менің әкеме көбінесе ауыл қарттары туте-тутесі шыққан көне кітаптарды әкеліп: «Шырағым Журсінбек, мына кітапты сен оқышы, сақтап қалшы, сауатың бар ғой. Біз бұның ішінде не жазылғанын оқи алмаймыз, жатып-жатып ескіріп, ақыры қор боп кетер, обал ғой», – деп өтінуші еді. Әкей кейбір кітаптардың мұқабасын өндеп: «Бұл біздің асыл мұрамыз ғой, қасиеттеп ұстандар», – деп иесіне қайтарып беріп жатушы еді. Кейбірін уақытша, көшіріп алуға, кейбірін мұлдем иеленуге қалдыратын. Сол замандағы адамдар рухани жәдігерлердің қадір-қасиетін терең түйсіне білгеніне сүйсінесің. Олар отбасылық мұраның бір бөлшегіне айналған кітаптарды көненің көзі, жақсының ізі ретінде ардақтап, сенімді адамға табыс еткеніне қуана-қуана қайтатын. Өздері тілін түсінбесе де, менің әкемнің оларды оқып, кітап сөзін келешек үрпаққа жеткізетінін іштей сезінетін болар. Осының бәрін ойлағанда, әкем өз мойнына зор жауапкершілік алғанын енді түсінгендеймін.

Жалпы, аса құнды рухани мұралар ешқашан бір ғана халыққа немесе бір ғана ұлтқа тиесілі болып қалған емес, олар барша адамзатқа ортақ, алтын қор тәрізді қазына ғой. Алайда «Кемел келешек – коммунизмді» құру қарқынды турде журіп жатқан кезеңде оның бәрі керітартпа дүние саналып, бір ғана үстем идеологияға қызмет ететін туындылар оқытылып, халықты рухани қайнар көзден аулак ұсташа мақсатымен талай-талай бағалы мұраны игілікке жаратуға тыйым салынды. Қазақ ақындары мен ойшылдарының көптеген кітаптары, діни шығармалары, қолжазбалары аса зиянды саналды. Оларды жинау, сақтау да соншалықты қауіпті еді. Мұндай әрекеттердің соңы қасіретке ұшыратып жатқанын біреу білсе, енді біреулер тіпті сезген де жоқ. Сол тұстағы билік тек «жаңа көзқарастағы жаңаша қоғам» құруды көздеді, елді соған бейімдеді.

Әкем көбіне шаруадан қолы босаған кезде, кешкүрым уақытта үйде отырып, осы кітаптарды оқитын. Кейде көнілінен шыққан ұнамды өлеңдерді, дастаннан үзінділерді бізге дауыстап оқып беретін. Осындай кештерде үйдегі қонақ та, достарымыз, жақын-жыуқтарымыз да үйип тыңдаушы едік. Есімде, 1982

жылы жазғы каникулда елге келгенде, бір күннің кешінде әкей көне кітаптардан біраз өлеңдерді бізге – балаларына оқып берді. Үлкен ағам Әжібек әкейге: «Бұл көне кітаптарды, өлеңдерді неге жинақтап жүрсіз?» – деп сұрақ қойды. Әкейдің сонда күрсініп, бірақ нық, былай деп айтқаны жадымда қалыпты. «Е, шырақтарым, мына жүйе осы қалпында тұра бермейді, тұра да алмайды. Кемел келешек туралы қиялмен ғана өмір сүре беруге болмайды. Алда үлкен-үлкен өзгерістер бар. Сендер жақсы өзгерістер тұсында өмір сүретін боласындар. Адамдардың әлемге, өздеріне, әсіресе дінге деген көзқарасы әлі түбегейлі өзгереді. Халық өзінің тамырына қайта айналып бір соғады. Шынайы адами құндылықтарға қайта оралады. Сендер үлғаясындар, заман өзгереді, сол кезде «Біз кімбіз? Тарихымыз қандай? Бабаларымыздан қандай мұра қалды екен?» деген әр түрлі сұрақтар туындаиды. Сондықтан мен бұларды өзімнің үрпағыма өсиет ретінде, бабаларымыздың құнды да дана ойлары сендердің бұдан арғы өмірлерінде шамшырақ болсын, осы сөздерден қуат алып, рухани серпілсін деп жинаймын», – деді.

Әкей сөз өнерінен нәр алған Абайды, Мәшінүр Жұсіпті, Шәкірімді ерекше қадір тұтатын, олардың діндарлығына, ғұламалығына қызығатын. Сол Мәшінүр Жұсіптің: «Көңіл – бір жатқан кен. Сөз – онан шыққан гауһар... Адамның ғазиз, шарифлігі сөзben болады. Бұ дүние – бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын – абхаят сөз. Сөздің ләззатынан адамның жаны рақат алады...» – деген сөзін жиі айтатын. Ойлап тұрсаң, әкейдің өзі көне сөздерден қуаттанып, жігерленеді екен ғой. Өзі сезінген сол күйді бізге тәлім етіп, сөз қуатынан рухани серпілісті бізден де күткен екен ғой.

Дегенмен, біз ол кезде жас едік. Алдымызда өмірдің қызылдыжасылды қызықтары күтіп тұрды. Елдегі ең озық, мандайалды университеттерде білім алдық, біліктілігімізді арттырдық, қызмет істедік. Сөйтіп жүріп әкеміздің еңбектеріне оның көзі тірісінде қажетті деңгейде назар аудара алмаған секілдіміз.

Бүгінде, міне, егемен ел болдық. Коғам күннен-күнге асқан жылдамдықпен алға даму үстінде. Инновациялық озық

улгідегі технологиялар тұрмысымызға деңдеп еніп жатыр. Ол жаңаша білім алу, қоғам ағымына ілесу, кенде қалмай, сонымен бірге даму қажеттілігін тудырды. Осы қажеттіліктер адамдармен араласатын, тіпті жаныңа жақын адаммен сөйлесіп түсінісетін уақыт таптырмай, өзімен бірге ілестіріп әкетіп барады. Рухани сұраныстың қарапайым қағидаларын естен шығарып, оны қайдан табарынды да білмей дал болатын күн туды... Материалдық игіліктерді тым асыра бағалайтын біздің балаларымыз бен немерелеріміздің басына төнген жағдай да, міне, осындай. Ең қынжылтатыны – олардың халқымыздың байда қазыналы мұрасымен, рухани құндылықтарымен ауызданып үлгермей жатқаны. Біз де уақыт бөліп, ебін тауып, оларды рухани дүниемен сузындана алмай жатырмыз.

Әкей: «Алла Тағала: «Сендердің араларында жұртты берекелі істерге бастайтын, жақсылыққа үндел, жамандықтан жирендіретін бір қауым болсын» («Фимран» сүресі, 103-аят) деген Құран Кәрімде. Сондықтан білгенін өзгеге үйрету, адамдарды жамандықтан тыйып, жақсылыққа, ізгілікке үндеу – әр мұсылманның парызы. Бірақ ол парызды өтеу әркімнің қолынан бірдей келе бермейді. Ол үшін үлкен білім, тәжірибе, тағылым керек. Алла Тағала сол үшін де «Тәһа» сүресінде (114-аят): «Ей, Раббым, білімімді арттыра гөр!» деген дұғаны үйретеді. Мұхаммед пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) өзінің хадисінде: «Ғылым үйрену – ер-әйел мұсылманның бәріне парыз» деп ғылымға талпынуды үндейді. Тағы Құран Кәрімде: «Алла Тағала кімді жақсылыққа жетелесе, оның дін жолын, ғылымын түсінуге зейінін ашады» дейді. Бұл аятта Алла Тағала ғылым-білім қай адамға жүғысты болатынын көрсетеді. Демек, кім жақсылыққа құмарланса, ізгілікке асықса, соған бейімделсе және жұртты соған бейімдесе, соған ғылым қонады», – дейтін.

Белгілі бір өмір белестерінен өткен соң, әкемнің қолжазбаларын оқып отырып, оның атқарған қызметі орасан зор екенін пайымдадым. Сондықтан мен өз әкемнің алдында балаларына берген осынау аса бай рухани мұрасы үшін шексіз қарыздар екенімді сезіндім. Оның өз балаларына деп қалдырған мұрасын

жалпыға тиесілі ортақ мұра деп қарауымның сыры да осында. Меніңше, бұл мұра бір отбасының, бір әuletтің меншігіндегі дүние емес. Егер бұл кітап тым болмағанда бір оқырманның көкейіндегі құдігін сейілтіп, талмай іздегенін табуға сеп болса, онда еңбектің еш болмағаны. Әкемнің жарқын ойларының, қажырлы еңбегінің ақталған тұсы да сол болар еді.

Қолыңыздағы кітапта ең әуелі ислам діні мен ұлттық руханиятымыздың бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарының тәлімі, оның үлкен мәдениет екендігі, халық арасындағы ойып алған орны туралы сөз болады. Қазақ халқының бірталай шежіресі, тарих кітаптары, басқа да сан ғасырлық құнды жазба мұралары негізінен қадимше жазылған ғой. Бүгінде қадимді танитындар кемде-кем, тіпті жоқтың қасы десе болады. Әйтсе де, қол қусырып отыруға тағы болмайды. Осы орайда әкейдің өз көзі тірісінде қолына түскенде қал-қадірінше жазып алған дүниелерді жинақтап, түгендер, кітап етіп бастыруды жөн көрдік.

Кітаптың шығуна үлес қосқан, бес жыл бойы көз майын тауысып, қолжазбаны қазақ тіліне тәржімалаған ағам Серіkbай (Оразғали) Сейіловке, сондай-ақ қолжазбаны өндеген, жатпай-турмай оның библиографиялық сілтемелерін тузген Өмір Тұяқбайға және Серік Қалиевке алғысымды арнаймын.

Әсіреле, көп жылдар бойы отбасылық мұрағатты көзінің қарашығындағы қорып, әкемнің құнды қолжазбаларын осы күнге дейін сақтап келген асыл анам Садықова (Сейілова) Алтынға зор құрметпен басымды иіп, ризашылығымды білдіремін.

Әкей сөл жүре тұрғанда еліміздің егемендік алғанын, жанын шүберекке түйіп жүріп жазған «қауіпті» сөздерінің ел игілігіне жарағанын көрер ме еді?.. Бізге жиі айтатын, келешектен күткен «жаксы өзгерістер» кезеңінің туғаны деп бағалар ма еді?..

Ойлы оқырмандар мен ізгі ниетті үрпактарының дұғасы оның бақылық рухын өрдайым Жаратқанның рақымына бөлейді деп сенемін. Алла иманын салауат қылсын!

Үлкен құрметпен,
Шахмарап Жүрсінбекұлы Сейілов,
экономика гылымдарының докторы

ҰЛАФАТТЫ АДАМНЫҢ ІЗІ ДЕ ҰЛАФАТ

Биыл – «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың ұлы арманы Тәуелсіздікке жиырма жыл. Жиырма жыл дегеніміз тарих үшін бір үзім ғана мезет, ал өз көзімізben көріп, қындығы мен қызығына, таршылығы мен кеңшілігіне қаныққан бүгінгі қазак баласы үшін бұл жылдар – ертегідей ерен, әр күнінің жыры мол, сыры терең құбылыс. Кеңестік тоталитарлық, бодан күннен құтылғанымызды, алып империяның бір оқ шықпай құлағанын көргенде, дауылпаз дана ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың:

*Қалың елім, қалың қара агашим,
Қайраты мол, айбынды ер Алашым.
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаган шамасын, –*

деген өулиелік көреген сөзі еске түсе кетеді.

Тәуелсіздік жайлы, ол өкелген тамаша жаңалықтар хақында айтар сөз көп. Солардың ішінде тарихымыздың актандактары айқындалып, ақиқатқа көз жеткізіп, өткен өмірдің бүрмаланып келген отар һәм бодандық кезіндегі қиянатты күндерін, әсіресе 1931-1932 жылдардағы қазақтың қақ жартысы қырылған аштық пен 1936-1937 жылдардағы арыстарымызды, асылдарымызды жазықсыз қінәлап, өтірік пәле жауып, ату жазасына еш үятсыз қиған зұлымдық әрекеттерінің көзін ашты. Откендеріміз оралып, өшкендеріміз жаңғырды. Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Үкілі Үбайрай, Тайжан ақын секілді дарындарымыз бен Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Жүсілбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов іспетті ұлтымымыздың майдайалды көсемдері халқымыздың бауырына қайта кірді. Олар қиянатты қуғында жүрсе де мол асыл мұра тастап кетті.

Қанша әділетсіздік көрсе де жарқын болашаққа сенді, келер үрпаққа үміт артты.

Тап осы мәселеге келгенде тарлан тарихымызды, тамаша ақын, қолбасшы батыр, шешен жырау болған ұлттымыздың аса көрнекті ұлдарының өмірін үлгі етіп, аттарын айғақтаپ, кейінгіге үлгі ету жолында қыруар жұмыс қолға алынғаны қуантады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жасалып, рухани дүниелеріміз бүтінделгенінің өзі не тұрады? Еліміз тәуелсіздікке жеткенде есіміз кіріп, бабалардың жанқиярлық істерін үлгі етпесек, елдігімізге сын, ерлігімізге мін болар еді.

Осы ойдың жетегінде жүргендеге қолыма «Тағылым тамшылары» атты Жұрсінбек Сейілұлы ақсақалдың жеке қолжазбасынан құралған кітап тиіп, асықпай қарап шықтым. Қара шықтым да, халық даналарын пір тұтқан, аталы сөзін Құран аятындағы құрметтеп, көзінің қарашығындағы сақтап, кейінгіге үлгі еткен көнекөз қариялардан айналдым. Халық ауыз әдебиетін теріп, қазақтың рухани алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқанына таңғалдым, сүйсіндім, қызықтым.

Әуелгі таңғалған дүнием – Жұрсінбек Сейілұлының қажырлылығы, қазақ ауыз әдебиетін ұзак жыл тынбай жазып тери. Сүйсінгенім – Шоқаннан, Мәшінур Жұсіптен, Әлкей Марғұланнан кейін де халық мұрасының тиянақты жинақталуы, осы игілікті істің үзілмей жалғасуы. Қызыққаным – жинаушының зерделілігі, ізденімпаздығы, үрпақ тәрбиесіне, танымына қажетті дүниелерді тап басып тауып жинақтауы.

Есімде, Жезқазғанда қызмет атқарып жүрген кезімде, нақтырақ айтсам, 1967 жылы қалаға Түсті металлургия министрінің 1-орынбасары Мұхит Бөпежанов келді. Ол: «Ел аман ба, жер аман ба?» – деп хал-жағдай сұрады. Мен: «Напарнигім қайтыс болды», – дедім. Мұхаң: «Райисполком секретары ма, жок, әлде басқа біреу ме?» – деді. Мен ол кезде қалада 1-хатшы болатынмын: «Жоқ, басқа біреу, діни адам», – дедім. Сонда ол жұлып алғандай: «Сармолда ма?» – деп сұлық отыра қалып,

көзіне жас алды. «Апымай, қайдан біле қалды?..» – деп өзім таңырқап қалдым.

Кеңес үкіметі дінді аса сыйламаса да, Сармолданы сыйлады. Жүрсінбек ақсакал сол елі сүйіп, ұлағат алған Сармолданы ұстаз тұтқан, Жезқазған, Рудник шахталарында ұзак жыл жұмыс істеген, менің бір «напарнигім» еді.

Елі Сармолда атап кеткен Балқыбайұлы – жастайынан Түркістан, Қарнақ өңірлеріндегі медреседен тәлім алған, дін ілімін дәстурмен сабактастыра жырлаған, дін тарихын өлең жолымен өрген ірі тұлға. Біз әлі оның атын толық шығара алмай жүрміз. Барлық еңбектерін бір академиялық жинаққа енгізіп, ғылыми тұрғыдан зерттеп-зerdelep шығаратын кез жетті. Оның сырға, жырға толы «Хадис-Назым» атты шығармалар жинағы 2005 жылы «Алаш» баспасынан жарық көрді. Сол кітabyна алғы сөз жазған едім, енді, міне, оның шығармаларын жинаған шәкіртінің кітabyна да алғы сөз жазу бұйырды. Жалпы, аруақты жандардың рухтары риза болатын осындей иғі іске ортақтасу, басында тұрудың өзі үлкен сауапты іс деп санаймын.

Халық даналығын теріп өткен Жүрсінбек қарияның қолжазбасы алтын мұрағат іспетті. Ақындық жолы бар, шешендік жолы бар, сонымен қатар дін жолы бар үлкен дүние. Өз қолымен, арабша әріппен жазып кеткен еңбегі – бабаларымыздың үлгісі. Алланы, Құранды, пайғамбарды сыйлап өткен адамдардың еңбегі – киелі еңбек. Ондай ұлағатты адамдардың іздері де ұлағат. Жүрсінбек қарияның:

*Агарды сақал-шаым аппақ қардай,
Төгілер көзден жасым күнәні ойлай.
Құдайым, мен бір гаріп күнәсі көп,
Күні-түні дұза еткен «гафу» айлай.
Шұбә мен қателікке мәйілім кетсе,
Көңілім басқа магына разыб етсе,*

*Faфу етіп кешір мені, Жаббар Құдай,
Пенденңен айып, нұқсан һәр не кетсе, –*

деп діндар ақындарша сөз салтауынан діни сауаты жоғары молда мектебінде ысылғаны, қазактың ақындық өнерінен құр алақан еместігі көрінеді. Өлеңдерінде ғибрат алар иірімдер, қайырымдар да жоқ емес.

*Агарды сақал-шашым аппақ қардай,
Төгілер көзден жасым күнәні ойлай, –*

деуінен ез өкініші арқылы адам жанын тазартуды көздейтін ізгі жаны байқалады. Поэзиядағы гуманизмнің асыл қағидалары да сіңіскені көрініп тұр.

*Бұл уақытта тозды шаршап барлығы да,
Жетпіс жыл алмаган соң бір тынысты.
Көрмекке отыр көніп ақырында,
Тағдырды мағұздагы жазмышты, –*

деп талай даналардың көкейінде кеткен ауыр мұнмен, шексіз толғаныспен терең ойға да шомады.

Жұрсінбек қарияның жыр жинауында талғампаздық, сыршылдық, діни танымы мен түсінік, өмір тәжірибесі жетекші болған. Ол сұлу сөз құмаған, әр ойдың жетегіне кете бермеген, рухани сұранысына тән тәлім-ғибрат жиган. Соның бәрін кейінгі үрпақ қажетіне жаратуға тырыскан.

Қазіргі егемен еліміздің алдында тұрған әлеуметтік мәселелер аз емес, саяси һәм мәдени тәуелсіздігімізге сәйкес енді үлттық құндылығымыз бер рухани пәрменімізді дамытып, қүшетуіміз қажет.

Міне, осы орайда бұл кітаптың үрпаққа айтары мол. Әсіресе, діни-рухани шығармаларға тиісті мән беріле бастаған қазіргі

заманда тап осы өлеңдер діни-тұрмыстық, салт-дәстүрлеріміздің ашық жазылған сабағы іспетті.

Кітапқа енген материалдарда тәуелсіз елдің үрпағына, оның тәрбиесіне қажетті тәлімдік, тәрбиелік ой-тұжырымдар мол. Ол мәдениет үшін де, ғылым үшін де маңызды. Сондықтан кітапқа сәттілік тілеймін. Кітаптың шығуына атсалысқан, басы-қасында жүрген үрпактарына да үлкен алғысымды айтамын.

*Кәкімбек Салықов,
Халықаралық Қ.И. Сәтбаев
қорының құрметті президенті,
Казақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын*

ЕЛАҒАСЫ

Бүкіл әлемді Жаратқан Алла Тағалаға мақтаулар, екі дүние сардары, ақырғы пайғамбары хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауаттар болсын! Әумин!

Қазақстан қазы Нұсанбайұлы бір күні шақырып алыш: «Жезқазғанға имам болып барасың ба?» – деп сұрады. Мен көп ойланғам жоқ, іштей тәуекел етіп: «Лайық көрсөніз, барамын», – дедім. Солай Қазақстан қазы Нұсанбайұлының бүйрүғымен 1988 жылы Жезқазған облысының бас имамы болып тағайындалды.

Ол кезде әлі жаспын, тәжірибем аз, жүктелген істі неден бастарымды да білмеймін. Жезқазған – бұрын-соңды болмаған жерім. Көмеген, білмеген жердің елі де бейтаныс. Дегенмен, Жезқазғанның қойны кенге бай екенін, ал Ұлытау қасиетті, тарихи өлке екенін естіп, біліп жүрдік. Жезқазғанға келген күннің ертесіне қазақ жерінің кіндігі Ұлытауға барып зиярат еттім. «Ата көрген оқ жонар» демекші, діндар отбасында дүниеге келіп, әке тәлім-тәрбиесін алғаным бар, әуелі өнірдегі елге сыйлы қариялар мен молдалардан, ел ағаларының алдынан өтейін, ақ батасын алайын деп шештім. Сол күндері қасымда қадірменді ақсақал, мешітте азаншы Бекқали деген кісі болды. Ол мені ілестіріп өзі танитын, жұртқа сыйлы ақсақалдар мен ел ағаларына арнайы апарып жүздестірді. Осындағы игі жолдың бірінде мені арықша келген, орта бойлы, еңсесі тік, жылы жүзді, өнді қариямен таныстыруды. Қарияның діндарлығы, шарифатқа жетік екені аман-саулық сұрасқаннан-ақ байқалды. Сұннет бойынша күзеп, күтілген сақал-мұрты, жүріс-тұрысы, киген киімі – бәрі жарасымды. Сөйлеген сөзі, даусы да жағымды екен, көгенге байланған қойдай қасынан кете алмай үзак отырдым.

Ол кісі мені бұрыннан танитын адамдай бірден ашылып сейледі. Дін туралы, діннің тағылымы хақында сыр тарқатты. Танымы мен білгені, өмірден түйгені мол екен, көп жайға қанықтыруды. Сөйлегенде тап ойымды оқып отырғандай, жергілікті халықтың дінге деген көзқарасы, өнірде өткен имам-

молдалардың қызметі, өмірбаяны, шығармалары жайлышты мағлұмат берді. Маған да керегі сол еді. Тәлім мен өнегеге бай, күтпеген қазынаға кез болғандай күй кештім. Соның буы болды ма, мен де өз ойымды, түйгенімді ортаға салып едім, әңгімеліз жарасып, ой-пікіріміз бір жерден шықты.

Оның айтқандарынан көп нәрсе түйдім. Лұқман хакімнің: «Ұлым, әңгімелесетін болсаң, білімді, ғалым адамдармен әңгімелес, олардың сұхбатынан қалма! Алла Тағала жерді жаңбыр суымен қалай тірілтсе, адамдардың жүрегі ғалымның сұхбатымен солай тіріледі», – деп ұлына айтқан өсиеті ойыма орала берді. Көнілім марқайып, ой-жоспарым тиянақталып, бір рухани дем тапқандай болдым. Жиі хабарласып, үйіне келіп тұруға уағдаласып, батасын алдым. Осындай ақылшы қария табылғанына шексіз қуандым. Ол елі қадір тұтқан Жүрсінбек Сейілұлы деген ақсақал еді.

Жүрсінбек қария есімде ақылгөй қария кейпінде сақталды. Үйінде бірнеше мәрте болдым, әр сөт жадымда. Жүрсінбек қарияның үйінде араб, парсы, шағатай тілінде шыққан көптеген ескі кітаптар, қолжазбалар сақтаулы болатын. Маған кітаптарын көрсетіп, арагідік оқуымды, діни сауатымды сынап та алатын. Көп кітаптың ішінде «Мұхтасар ал-уикая», «Шархул һидая», «Сияр Шариф» және тағы басқа қадым кітаптар, әр түрлі қолжазбалар болатын. Сол көп қолжазбаның ішінде өзінің де жазғандары бар еді. Ол кісі көне кітаптарды еркін оқитын. Үзінділерді оқығанда әлгі кітаптарды жаттап алғандай, бетін тез тауып, қажетті жерін дәл басып көрсететін.

Жүрсекең Қазақстанда исламның даму ерекшелігі, тарихы жайлыш жақсы билетін. Сол тарихтың бел ортасында жүргендей баяндайтын және өзіндік тұжырым жасайтын. Ислам тарихынан сөз қозғаса, ел арасындағы әдет-ғұрыпты, салт-дәстурді ислам шариғатына негіздей білген, ал шариғатты халықтың таным-түсінігіне ыңғайлай білген, осылайша діннің таралуына көп ықпал еткен қожалар, сопылар рөлін жоғары бағалайтын.

Кеңес тұсында исламның Қазақстанда тарау тарихы кешенді түрде зерттеліп, ауқымды енбек болып жазылған жоқ еді. Тіпті,

көп жағдайда ат үсті қаралып, асығыс байлам жасалып, жеке адамның пікірі шеңберінде қалып жатқан жайы болды. Сондай жағдайда «Жұрсекең осы тарихты қайдан оқып біледі?» деген сұрақ жиі мазалайтын.

Араб даласында дүниеге келген ислам діні VII ғасырда бірте-бірте таралып, Орта Азияға бет алды. Бұхара, Самарқанд, Отырар, Түркістан, Иасы шаһарлары, Сыр бойындағы ислам орталықтары – Исфиджаб (Сайрам), Отырар, Өзкент және Жетісу, Арқа даласын түгел қамтыды. Халық ғылым, білім, имандылық, адамгершілік пен әділдікті ту еткен асыл дінді жүрекпен қабылдады.

Ислам діні қазақ сахарасында ұзак ғасырлар бойы тарады. VIII ғасырдың орта шенінде келген ислам XIV ғасыр, дәлірек айтсақ, Өзбек хан билік құрған кезеңге дейін таралу үрдісінде болды. Жұрсекең: «Қазақтың «Өзбектен дін қалды» деген сөзі бар. Осы сөздің астарында қашшама тарих шындығы жатыр. «Елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан» демекші, әр ғасырда ел өмірі өзгеріп, соған қарай әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, ойсанғана, дүниетаным, құндылықтар да өзгеріп, жаңарып отырды. Солайша исламның да әр ғасырда ықпалы әрқандай, таралу ауқымы әртүрлі болды. Халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі әр ғасырда замана ағымына, қоғам өміріне қарай өзгеріп отырса да, исламның Алланы таныту ілімі (ақида) өзгермеді. Құран мен пайғамбар хадисі негізінде қалыптасқан шариғат та өзгерген жок, тек ел ғұрпына қарай ыңғайланып отырды», – дейтін марқұм.

Шариғатты жетік білген адамда ислам тарихының жадысы жақсы қалыптасады. Жұрсінбек қария осындай тарихи жадысы қалыптасқан жан еді.

Жұрсінбек қарияның қожалар рөлін жоғары бағалауынның жөні бар. «Қожа» деген сөз парсы тілінен аударғанда – «еге», «ие», «мұсылман дінінің егесі», яғни «дінді уағыздаушы» деген мағынаны білдіреді. Жергілікті халық мешіт-медресе ашып, дін насиҳаттаған ғалымдарды жалпы атаумен «баб», «қожа»,

«шейх» деп таныды. Ислам мәдениеті қазақ өдет-ғұрпымен бітеп қайнасып, түбегейлі дүниетанымы мен санасында орныққан.

Жалпы Жезқазған, Ұлытау аймағында ғибрат өлеңдермен, терме-толғаулармен тұтас елді имандылыққа үндеген діндар ақын, молдалар аз болған жоқ. Дін тағылымын көркем сөзбен нақыштаپ, шарғи үкімдерді, фикіни мәселелерді үқтыруға орасан үлестерін қосқан Уәйіс би, Иманжан Жылқайдарұлы, Ахмет ишан, Мұқан шайыр, Қожабай ақын, Нияз Ожанұлы, Сармолда (Балмағанбет Балқыбайұлы), Мұхамедия қожа Байменұлы және т.б. бар. Жүрсінбек қария осындай ізгі жандардың өнегесін теріп, үрпаққа үлгі еткен, жақсылықтың жаршысы, сол дәстүрдің жалғастырушысы деп танысақ болады. Жүрсінбек ағаның:

*Оқыған дін бауырлас осы сөзді,
Жад етсін дүгасына қосып бізді.
«Шарапаты тисін!» деп асыл сөздің,
Рухына Жүрсінбектің һәм Сейілдің, –*

деген осынау бір шумак өлеңінен бұл еңбектерді тек Алла ризалығы үшін жазып, жинағанын көреміз. Сондықтан ол кісінің көз майын тауысып, тірнектеп жиған еңбектерін келешек үрпаққа жеткізу –abyроймен атқарылған борыш.

Жүрсінбек ақсакалдың үлкен ұлы Серіkbай қырықтың қырқасына шықса да дәріс беріп отырғанын көзім көрді. Серіkbай да өздігінен ізденіп жүріп, мешіттен сабақ алғып, Құранды арабша еркін оқитын дәрежеге жетті. Шаригат мәселелеріне де жетік. Өкесінен қалған құнды қолжазбаларды зейнеткерлік шағында кириллицаға түсіріп, аударып, зор сауапты еңбек атқарыпты.

Мұхаммед пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) бір нақыл сөзінде: «Адам баласының өлімнен кейін бар амалы үзілсе де, үш амалының сауабы қиямет-қайымға дейін үзілмейді», – деген екен. Сол үш амал мынау: артында қалған ғылыми, әр күн сауабын бағыштаپ отыратын салиқалы баласының дұғасы, құлшылық жайы болсын деген ниетпен сал-

дырған мешіт-медресесі. «Пайғамбар өз жадынан сөз айтпайды, айтса Алладан болған уахимен айтады», – дейді Алла Тағала Құран аятында. Әкелерінің саналы ғұмырында жиған рухани дүниесін, тәлімін тәрк етпей, кітап арқылы кейінгі үрпаққа мұра етіп, өзге де жүрттың игілігіне жарасын деп осы кітаптың жарық көруіне қамқор болған үрпактарына Алла Тағала мархабатын төксін, риясыз жасаған еңбектеріне Алла разы болсын!

*Яхия қажы Абдоллаулы Исмаилов,
Астана қаласының «Шейх Кунта» мешітінің бас имамы,
Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі,
Жезқазган қаласының Құрметті азаматы*

ҚАЗЫНА ҚАРТ

Қарт, қария дегенде маған көкірегі көк сандық, сөзіне дүйім жұрт ұйыған, иманжұзді адамдар елестейді де тұрады. Кешегі әкемізбен үзенгілес жүрген көнекөз қарттар, мен көрген ауылдың абыз ақсақалдары сондай еді. Қартқа тән мінездерінен байсалдылық, сөздерінен лебіз, өн бойларынан ұлағат, жүрістұрыстарынан тәлім көретін едік қой.

Жол түсіп ауылға барған сайын мен үйден бір шай ішіп алыш, ауыл ақсақалдарына арнайы сәлем беруге шығатынмын. Кісілігі мол кеңпейіл қарттар сәлем берсең көптен бері күтіп отырғандай мәз болысып, бір жасап қалатын. Олардың ұғымында әке көрген ұлдың бір парызы сәлем беру еді. Сол сәлем беру арқылы құрметімізді білдіріп, бір тіркеуден өтетінбіз. Олардың алдында кәдімгідей именіп, ығып тұратынбыз, сыншыл көздерінен, шыншыл сөздерінен қаймығатынбыз. Ұлкенге деген әдептіліктің, инабаттылықтың, жанға жақын жарасымдылықтың жақсы иісі аңқыған заман екен ғой, шіркін!

Шеттерінен көз тоярлық, көңіл қуанарлық, әулие деуге тұрарлық маңғаз марқасқалар еді-ау! Салалы сақалдарын саумалап, Ұлытаудың шыңындай төр алдында тізіліп отырғандары қандай ғанибет еді?! Елде шеке, соғым басы, сыбаға жілік, қымызмұрындық, сіргежияр, құдайы шайы, бейсенбі шайы деген қонақасылар көп болатын. Ауыл қарттары жиылыш алыш алқалы әңгіме айтатын, шежіре шертетін. Кою күрең шайды ұрттап ішіп, әңгіме-дуken құрған қариялардан айтылмай қалған тақырып болмайтын. Олар ескі сөздер үрпақ құлағында қалсын дей ме, кезектесе әңгіме алыш, сөйлей беретін, сөйлей беретін. Айтатындары бүгінгінің күйкі тірлігі емес, ел бірлігі, жер жайы, ағайынның бүгінгі тұрмыс-тіршілігі, кешегі шежіресі. Әсіреле, салт-дәстүрді, тарихты сөз еткенде бейжай тындау мүмкін емес еді.

Бала кезімізде қозы бағып өскен жерде Алаша, Жошы хандардың ордасы болғанын, тасына жасырынып, тығылмақ ойнаған тауда Темір бидің ізі барын, Ер Едігенің сүйегі жатқанын,

қазактың үш жүзібас қосып, ел болған, өзтаңбаларын қалдырып, киелі Мұзтауды Ұлытау деп атағанын сол шежіреші шалдардан естітінбіз. Фалымдар сол шалдардың айтқан тарихын өлі күнге дейін дерекпен сөйлете алмай келе жатқанына таңым бар.

Сондай жиналыстарда әңгіменің көркін қыздыратын марқұм Жұрсінбек ағам еді. Ірі сөйлеп, кесек айтатын сол ағамның ойы дана, тілі кәусар бұлақтай-тын. Ел аузындағы аңыздардан, хикаялардан сыр тарқатқанда шақшадай бастың ішіне мұнша ауыз әдебиеті, тарих оқиғалары қалай, қай жағына сыйып жатады, біз үшін бір таңғаларлық жұмбақ еді. Сонда бір сөзін екі рет қайталамайтын. Сөздің жігін жатқызып әдемі сөйлейтін. Мұндай жиі жиналған қауымға Алтын апамыз қабақ шыту білмейтін, әңгіме тыңдай келгендерге дастарханын жайып, қала берді өзінің күнделікті күйбең тіршілігімен айналысып жүре беретін жан еді. Мен ес білгелі ағамыздың атын атағанын естіп көрмеппін, ылғи да «Жұке» деп қана отыратын. Екеуінің берекесі мен сыйластығы қазақы отбасының үлгісіндей еді.

Жұрсінбек – менің нағашым, Уазифа шешемнің інісі. Руы – Бағаналы, Шәуешек, Сары Сарғалдақ, соның ішінде Төленді ұлдарынан. Әкесі Сейіл – Қазанғаптан туған Сабыр, Мамыр, Сейіл, Бұқарбай деген төрт ағайындының үшіншісі. Олар Ұлытаудың етегінде, Қызылтау деген жерді жайлады. Бала шағымда жердің майы сол жерде ме деп ойлайтынмын. Шөбі шүйгін, сұы мол, бір керемет ғажап жер еді.

Жұрсінбек ағам тағдыр тауқыметін көп көрді. Балалық шағы елдің берекетін қашырған төңкеріс жылдарында өтті. Жігіттік шаққа келгенде елде жаппай ашаршылық болды. Сол жылдары Қарсақбайда кенші болып жұмыс істеді. Одан кейін Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыс жылдары “Бәрі – майдан үшін, бәрі – жеңіс үшін!” деген ұранмен бел шешпей шахтада еңбек етті. Соғыс аяқталған соң, ел етек-жеңін түріп, ес жиып жатқанда оқу оқыды. Оқудан кейін бухгалтер болып үзак жыл қызмет жасады.

Жұрсекен – қарапайым қызмет жасаса да, үлкен зиялыштар катарында тұратын адам. Кеменгерлігіне, ақылдылығына ел

тәнті болды. Елдегі Қозыбай руына әбден сіңісп кеткен Көпей қожа, Әбілда қожалар, ұзак жыл бала оқытқан Қөшербай, Өмірбек сияқты сауатты қарттар Жүрсекеңнен жастары үлкен болса да ол кісіні қатты сыйлайтын, бастарына көтеріп құрметтейтін. Елді аузына қаратқан, тұған-туысқа тірек болған Жүрсінбек ағаның жақын көрші, ауыл-аймаққа берген көмегі мен жәрдемі өз алдына бір әңгіме. Өз басынан неше қындық өтсе де, соларды жеңе жүріп, тұған-туыстарына аяғынан тұрып кетуге көп жәрдем етті. Оның бәрін жазбаса да болар еді, әрине, бірақ қазақ «Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын» деді мей ме?

Ол өсіп-өнген Ұлытау – тарихқа, мәдениетке бай өлкे. Алаша хан, Жошы хандар орда тіккен, Домбауыл, Едіге, Ердендей елге тірек болған ерлер жатқан, жерүйықты іздеген Асан Қайғы өулие, көмекей өулие атанған Бұқар жыраудай шешендерге жолдас (жұбайы) болған аналарымыз жатқан жер. Кие қонған, құт дарыған жерде өскен перзенттер де тегіне тартпай қоймаса керек.

Арада қанша заман өтті?! Мен осы күндері сол қарияны сағынатынымды сезінem. Ол ойға түссе, жан сарайыма өзгеше көрініс еніп, көнілім елегізиді. Тірі шежіренің көзін көре жүріп, оның асыл қасиеттері мен дана ойларын көкірегіме неге сіңіре бермегем деп өкініп те алам. Жүртүміз «Ақылды қария – ағынды дария» деп бекер айтпаған екен.

Бұгінде сондай қарияларша қауқылдастып отыратын қатарым да жоқ, әңгіме-дүкен құратын уақытым да жоқ. Қарттар қатары сиреп барады. Өсілі, қартая білу де – үлкен өнер. Адам тек жасының үлкендігімен ғана емес, ісінің үлкендігімен, өнегесімен қарт. Ақша табу, мал құрау, дүние жинау, үй салу, көлік міну, бала-шаға көбейту, бедел жинау – бұлар осы дүниедегі тірліктің бір белестері. Бұларды көміл игеріп қартайған адамның бәрі қария атана бермейді. Ақыл, хикмет, дاناлық, мәдениет, руханият игеріп қартайғандар, міне, солар нағыз қариялар. «Ешқашан қарттық бізге сән бермейді, біз өзіміз қарттыққа

сән бермесек», – деп Қадыр ақын жырлағандай, қарттыққа сән беретін осылар.

Мен қандай да бір түйінді істе болмасын сөз, жән бідетін Жүрсінбек қарияның рухани көмегін көп көрдім. Елден жырақ кеткенде сол кісінің ақылы, сабырға шақырған тоқтау сөздері мені көп қындықтардан алып шықты десем артық айтқандық емес. Сол қарияның ақылы, демеуі болмаса, нендей қателіктерге бой ұрага едім? Мәскеуде тұрғанымда ол кісі маған хат жазып тұратын. Хаты елдің ыстық сәлемімен бірге ауылдың иісін, туыстың жылы лебізін, қазактың бір демін жеткізетін. Хаттағы жылы лебіз іштегі түйін бол қалған ашуды тарқатып, Мәскеудегі үй-жайымда қалдырып, елге оралуға себеп болған көп жәйттердің бірі болды.

Менің бұл жайларға аз-кем тоқталып, әңгіме етіп отырғаным мақтангершілік үшін емес. Кешеге дейін сақталып келген ақсақалдық салт-дәстүрдің жас ұрпақ тәрбиесіне жарап тұсын көрсету еді. Біз сом алтынның сынығындаи, бұрынғы өткен асылдар мен арыстардың тұяғындаи болған осы аталарымыздың соңын көріп, айтқан сөздерінің шет-жағасын естіп, қолдарынан құлақ жеп, сарқытын ішіп өстік. «Өсетін елдің қарты қазына болар, өспейтін елдің қарты қазымыр болар» демекші, қазыналы қарттардың ісін ұлғі еткім келді.

«Заманына сай – адамы» демекші, Батыста әкесі баласына жолdas, шешесі қызына дос-құрбы болу сәнге айналған. «Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, ұл атадан үйренбей сапар шекпес» деген ұғыммен өскен қазаққа бұл жат болса да, ел ішінде осындаи тұсінікпен өмір кешетіндер жетіп артылады. Әке ұлға сыншы болмаса, шешесі қызына тыю болмаса, қарттар жастарға ақылшы болмаса, ұрпақ кімнен ұлғі алып, кімнің тәлімін көреді? Заманды тұрмыс билеген бүгінгі күннің ұрпақтары қарттардың ақылына, демеуіне, батасына көп мұқтаж.

Жүрсінбек қарияны елге сыйлы еткен ағартушылық қызметі десем қателеспеймін. Ол кісі үйінде бала тәрбиелейтін. Жаз айларында нағашы елім деп үйінің төрінде жататынмын еркелеп. Бәріне бірдей еркеле бермейсің ғой, мен дегенде ол

кісінің көңілі бөлек еді. «Шарманның осы баласынан тубінде бірдеңе шығады», – деп Алтын апамызға сыртымнан мактау айтқанын естіп жүретінмін. Сол еркелеп жүріп естіген хикаядастандар, өситеттер әлі жадымда. Ол кісінің тәрбиесін көрген, сұхбатын естіген көптеген азаматтар кейін елімізге танымал, абырайлы азаматтар болып шықты. Ағартушы қарттың «үздік оқушылары» еліміздің әр түкпірінде турлі қызметтер атқарып жүр.


Жүрсінбек ағамыздың бұл дүниеден өткеніне жиырмадан артық жыл өтті. Артында қалдырған мұрасын ұлдарының қастерлеп, кітап етіп шығарғаны мені көп қуантты. Бұл – әке қадірін жете түсінгенің, үлгісін, өнегесін ұмытпай өскенінің белгісі. Әр бетіне, әр тарауына тұтас бір халықтың мұңы мен мұқтажын, қуанышы мен қайғысын, сан ғасырлық тағылымын сыйғызған осынау кітаптың енді оқырмандар арасында жылы қабылданатынына көміл сенімдімін. Аруағы ұлдарына разы болғай!

*Төрекелді Шарманов,
медицина гылымдарының докторы,
академик*



ӨЗ БАСЫМ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Жүрсінбек Сейіловтің
өз өлеңдері



*Ниетсіз, құлықсыз, құштарлықсыз,
қиналыссыз айтылған сөздің салмағы жоқ.*

Кожа Ахмет Исауи

*Қойдың қойдан несі артық?
Қол басындағай еті артық.
Ерден ердің несі артық?
Ойлап айтқан сөзі артық.*

Бабалар сөзі

*Ойлап сөйлейтін ер –
көзсіз батырдан көп артық.*

Кұтыш

Сөз – жақсыға дауа, жаманға дау.

Журсінбек Сейілов

ӨЗ БАСЫМ ТУРАЛЫ

Қояйын «бисмилләні» сөз басына,
Қоспайын өтірікті сөз қасына.
Әр уақытта «бисмилләмен» айтылған сөз
Адамның болар жетек әз басына.
Уақыттың сарқылғаны еске түсіп,
Бұл сөзді болды себеп қозғасыма.
Өмірді қалай етіп өткізіппін,
Азырақ тоқталайын өз басыма.
Ұлытау – ұлылықтың нағыз шыңы,
Хандардың орда тігіп, қадаған намыс туы.
Сол таудың етегінде туған екем
Наурыздың жұлдызында барыс жылы.
Сегіз жаста апарды әкем мені
Молдаларға күзеткен медресені.
Құраннан Садуақастай молда сурап,
Аят, сүре жаттатты ол да сынап.
Ашаршылық тұралатып елдің жайын,
Медреседегі оқуым қалды кейін.
Оқу деген арман болып мен жетпеген,
Есейдік ел ішінде еңбекпенен.
Қайрат-жігер берген соң Алла Тағалам,
Жастықпен Қарсақбайда тау қопарғам.

Бір күні шахтада забой болып,
Сол забойдан ауыр жаракат алғам.
Ақиқат жолын ешкім ұстамады,
Дін жолы қараланып, күстәланды.
Алсын деп Құраннан мағынаны,
Үйреттім аз балаға арабшаны.
Тер төгіп, бұл тірлікті кеше бердім,
Өмірде қыындықты неше көрдім.
Соғыста, соғыстан соң шахтада
Инженер боп елге еңбек еселедім.
Осындай қырық үш жыл жасап қызмет,
Халімше елді сыйлап, жасап құрмет.
Көрсеткен тарыққанда жәрдемімді
Қылмадым еш адамға аса міндет.
Откізіп көп ғұмырды осыменен,
Жалғасып уақыт-керуен көшіменен.
Қуаныш пен қайғысы қатар өрген,
Айырылып талай жолдас-досымменен.
Жастық шақ тұрмады деп дәйім баста,
Лайықсыз мұңайған қайғы жаста.
Бұл жайды жүруші едім бұрын шашпай,
Болмады лайығын енді ашпаса.
Қарт болдық енді, міне, қатардағы,
Қарттардың таяу қалды жатар уағы.
Шарт қылып өмір, шіркін, келген жоқ па,
Құндей-ақ жақындаған батардағы.
Алпыстан асқаннан соң тастап жұмыс,
Отырдым зейнеткер боп елде тыныш.
Көзімнің нұры азайып кеселменен,
Болмады жұмыс түгіл, жалғыз журіс.
Уақыт та асып жетпіс асуынан,
Үміт жоқ жастық қайта тасуынан.

Атына ие болдық қарттық деген,
Денениң қуат кетіп жасуынан.
Зорайды қадам сайын қауіп-қатер,
Ажалдың қан қақпанын басуынан.
Рахым етіп, Патша Құдай жарылқасын,
Есіркеп екі көздің жасын бұдан!

ӨМІРІНЕ БАҒА БЕРСІН ӘРКІМ ӨЗІ

Откіздім балалықты жастықпенен,
Бурадай күркіреумен мастьықпенен;
Пайда жоқ өзіме де, халыққа да,
Жасағандай өміріме қастықпенен.
Ес кіріп, ержеткен соң өкінесің,
Таstadtық балалықты, настықпенен.
Алланың керемет қой құдіреті,
Әркімнің несібесін ас қып берген.
Ұлғайып ер жасынан астым тұrmай,
Келеміз отарбадай жүйткіп, зулай.
Алдағы ажал-ордан қорқып, саспай,
Фапыл бол жүргенбіз бе ішкен мастай?
Жастықпен қош айтысып осы күнде,
Сондағы істерімді қосып мінге,
Талпынған талабына еткен істі
Айтамын көрген түстей көшіп тілге.
Әршіген өркөкірек арыстандай,
Қыранмен қияға өрлеп жарысқандай,
Әрлеген өр көнілім, кеттің қайда,
Жау көрінсе жағаласып алысқандай?
Сөйлесе дес бермейтін қызыл тілім,
Шешенмен топқа түсіп салысқандай.
Жастармен қыз-келіншек қош айтыстық,
Даналық, сабырлықпен қауышқандай.
Алдына жан салмайтын жүйрік көніл,
Болдың ба бұл уақытта шабысқандай?
Бұлдырап күңгірт тартты барлығы да,
Достарың бауырыңа кеп жабысқандай.
Өміріңнен, ойланып, ғибрат ал,
Балалық, жастық шакта қызық та бал.

Адамды ешқашан да ойлантпайды,
Енді ес жидым дегенде орта жаста ер.
Дүние-мал деп ойың сырғанактай,
Қара қазан, шүйке бас баланы ойлай.
Өмір қалай өтіп жатыр деп бір ойлантпай,
Токтатпай не артыңа бір қаратпай.
Картайғанда өкінтер адамды енді,
Талпынуға келтірмес шаманды енді.
Тындырган бар ісін бір екшелеп,
Өміріне баға берсін әркім өзі.

1974 жыл

ЖАСЫМНАН ҚҰМАР ЕДІМ НАҚЫЛ СӨЗГЕ

Жасымнан құмар едім нақыл сөзге,
Даналардың еліктедім иғі ісіне.
Сөйлеген жақсылардың аузын бағып,
Жақсы сөз жазып алдым жүрген жерде.
Ақ қағаздың бетіне қойдым тізіп,
Өлмейтүғын мұра деп арттағы елге.
Фибратты сөз болсын деп үрпакқа,
Үқсатып нақыл сөзді жидым хатқа,
Дін сөзі, тарих сөзі, өлең, айтыс,
Шежіре, дастан, әзіл сөз, жұмбақ та.
Жібердім бұл сөздерді Алматыға,
Болмас деп бекер үстап жатпағыма.
Олар да алғыс айтты сөзді көріп,
«Жазыңыз!» деп хат жіберді және өтініп.
Лайық па жазғаным ақымды алып,
Жақсы сөз ел аузынан жинап-теріп?
Бір биік жетпіс деген шығып белге,
Тырмысып көру ой бар шығуға өрге.
Елдегі жақсылармен бас қосысып,
Сайрандал сүрген өмір кетпей желге.
Жетпіс жаста жасаған көп жұмысты,
Жасады әрбір ағза әрбір істі.
Әр істі көрді байқап көз шырағым,
Әр сөзді естіп-білді бұл құлағым.
Көрген мен істегенді баян етіп,
Тілмаш бол түсіндірді тіл мен жағым.
Бір жерге барғым келсе көңіл соғып,
Жеткізетін аяғым, бұл – пырағым.
Естіген, көрген және білгенімді
Қағазға түсірген он саусағым.
Сүйсіндіріп бір нәрсені иә жеркентіп,

Жүректі – мұхаббаттың біл тұрағын.
 Патша боп осыларға әмір етіп,
 Сыйың ғой біріктірер ынтымағын.
 Бұлардың тұратұғын маман жайы,
 Басым ғой патша тұрар тақты пайы.
 Тірекі тіршіліктің осы ағзалар,
 Әмірді гүлдендірер азық майы.
 Отаны мемлекеттің, күллі таңың,
 Жан – олардың қорғайтын дос жұбайы.
 Күнәға итеретін тағы осылар,
 Тауғиқпен¹ тоқтатпаса бір Құдайым.
 Осылар тірілмейтін, өлетін де,
 Осылар жұтты көрге көметін де.
 Жақсылық, жамандыққа ие болып,
 Осылар азап-ракат көретін де.
 Болғанда сұрау-сауал мақшар² күні
 Осылар соған жауап беретін де.
 Осылар қинайтын да, сынайтын да,
 Тар жолда мұз тайғақ кешетін де.
 Бір күні ажал келіп алысқанда,
 Айырылып жаннан дене қалысқанда,
 Өсірген тәрбиелеп осы ағзалар,
 Былғанар топыраққа көрстанда.
 Бұл уақытта тозды шаршап барлығы да,
 Жетпіс жыл алмаған соң бір тынысты.
 Көрмекке отыр көніп ақырында,
 Тағдырды, махфуздағы³ жазмышты.
 Оқыған дін бауырлас осы сөзді,
 Жад қылсын дұғасына қосып бізді.
 Шарапаты тигей деп асыл сөздің,
 Рухына Жүрсінбектің һәм Сейілдің.

¹ Тауғиқ (араб.) – сөт, ыңғай

² Мақшар (араб.) – қияметте барлық адамдардың жиналатын орны

³ Махфуз (араб.) – Құран Кәрім түскен, адам тағдыры жазылған тылсым әлемдегі тақта

ТАЯУДА ҮЛКЕН ТОЙЫҢ БОЛҒАЛЫ ТҮР

Келтірер пайда бар ма өз басыңа
Есепте, бұл уақытта табыс қайда?
Жан мен тән аз уақытта ажырасып,
Тұсірер жер астына ғаріп басты.
Өмірге бұл жазғаным қоштасқандай.
Ажалға мойынсұнып достасқандай.
Таяуда үлкен тойың болғалы түр,
Қуанып дүшпандарың достасқандай.
Бұл тойың болмай тұрып дайындық ет,
Қуанып періштерер нұр шашқандай.
Сұраса: «Мән раббуқे?»¹ – деп Мұңқір-Нәңқур:²
«Раббым – Алла», – деп айтар еш жасқанбай.
Фазылдыңмен³ иманыма жәрдем бергін,
Күрмеліп, қиналғанда тілден қалмай.
Ағарды сақал-шашым аппақ қардай,
Төгілер көзден жасым күнәні ойлай.
Құдайым, мен бір ғаріп⁴ күнәсі көп,
Күні-түні дұға еткен «ғафу» айлай.
Шұбә мен қателікке мәйілім⁵ кетсе,
Көңілім басқа мағына рағыб⁶ етсе,
Ғафу етіп кешір мені, Жаббар Құдай!
Пенденен айып, нұқсан һөр не кетсе.

¹ Мән раббуқе (араб.) – Раббың кім?

² Мұңқір-Нәңқур – көрде адамнан сауал алғатын періштерер

³ Фазыл (араб.) – көмек, жәрдем

⁴ Ғаріп (араб.) – жарлы, мұқтаж

⁵ Мәйіл (араб.) – ықылас, шейіл

⁶ Рағыб (араб.) – талап ету, қалау, қызығу

**БОЛЖАУ
СӨЗ**

Білгеніңді сөйлеме, не сөйлегеніңді біл.

Халық даналығы

*Арыңың болсын өлең айнасындай,
Көрікті, көптің ортақ пайдасындай.
Жосылып жатсын артта жортқан жолы,
Арынды асқақ өзеннің арнасындай.*

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Түйірдей болса да, түйінді ойың болсын.

Мұзафар Әлімбаев

*Хатқа тускен хикметтен сарқылmas,
Умытылmas ілім қалады.*

Журсінбек Сейілов

Қожабай Тоқсанбайұлы
(1841-1918)

ҚОЖАБАЙ, БІР СӨЗ СӨЙЛЕ, ӨТТІ ЗАМАН...

Қожабай, бір сөз сөйле, өтті заман,
Тұрғанда есің бүтін, жаның аман.
Бұрынғы нұсқалы сөз, үлгілі орын,
Солардың бәрі қалды, адам жаман.
Бұрынғы топтан озған өрен жүйрік
Қан түсіп аяғына болды шабан.
Анық сөз, тура жолдың біреуі жок,
Айналам тарылыш тұр, қайда шамам?
Осыған обал болды деген жан жок,
Жақсыны жүртқа қорған қайдан табам?
Біреуде қойлық дауың бола қалса,
Тай басы болып шығар берер парап.
Жақсылар, осыларың лайық па,
Денеге ұрмай-соқпай салған жараң?
Осыны шарифттан сұрайсыз ба,
Мақшарда қалай болад алған парап?

БИСМИЛЛӘ, ӘУЕЛІ АЛЛА – СӨЗДІҢ БАСЫ...

Бисмиллә, әуелі Алла – сөздің басы,
Бисмиллә деген сөзім – діннің басы.
Сөйлеп қал өлмей тұрып, қызыл тілім,
Келмейді екі елуге ердің жасы.
Артында жеткіншегің жолға түссе,
Сынғандай мықшиярсың ердің қасы.
Алланың тағдырына табдыл болмас,
Пенденің ғибрат алар кәрі-жасы.
Ойласаң, өлмейтұғын жан болмайды,
Мұхаммед өтті Алланың жан жолдасы.
Я, Алла, қате кетсек, ғафу айла,
Ғаламның он сегіз мың падишасы.
Һар һалы затың ұлық падишасың,
Құнәсін пенделердің жарылқашы.
Жаз келіп биік жарға ұя салған
Біз – келген бұл жалғанның қарлығашы.

Әбубәкір Кердери Шоқанұлы
(1861-1905)

Бисмиллә деп сөйлесем,
 Тілге жәрдем бере гөр!
 Тіл жаратқан жәләлім,
 Жанға жәрдем бере гөр!
 Жан жаратқан жәләлім,
 Заманым қайғы бейбәкір,
 Тайғақ болды табаным.
 Патшадан жәрдем болмаса,
 Түзеуге жоқ-ты амалым.
 Сөйлей гөр, тіл мен көмейім,
 Бұлайша демей не дейін?
 Көрген алаш көз салсын,
 Көлденеңдеп желеійін.
 Заманның қандай сазынан
 Сыбағалап берейін.
 Заманым тұгіл, ел азды,
 Ел ішінде ер азды.
 Айқын-айқын көлдердің
 Балығы кетіп, сұы азды.
 Ойтаң-ойтаң жерлердің
 Оты кетіп, жер азды.
 Еділ, Жайық – екі су,
 Кент орнаған жер екен.
 Онан сыртқы Қобда, Елек
 Ел жайлауға кең екен.
 Қөдесі мақпал тұгіндей,
 Құмайтталған жер екен.
 Құрағы көктең гүлденген,
 Мақпалдай шөбі түрленген,

Өзен судың арасы
Миуалы жеміс гүл екен.
Су аяғы төмен жақ,
Онан сыртқы Ойыл, Жем
Ел орнаған су екен.
Қарағай, қайың, тал, терек,
Қалың орман, ну екен,
Таяқ кеспес ту екен.
Шөпті қалың өсірген
Тамылжыған қалың шық
Қара жердің буы екен.
Көлденең жатқан қара шың
Бұлдыраған тау екен.
Араларын ел қыстап,
Жұттан малы сау екен,
Жазы-қысы жайлыш екен.
Арқаның киік-құланы
Қара малмен бір екен.
Әулиесі қойдай күңіренген
Харазым деген жер екен.
Қыстыгүн нардың қомымен,
Жаздыгүн аттың жалымен
Азамат шығар қала екен.
Көзі көрген соларды
Ақсақалдар бар екен.
Алатау мен Түркістан
Тәмам судың өрі екен.
Су аяғы Аштархан,
Екі ортасы ел екен,
Қара қазақ көп екен.
Дүшпанды көріп ыскырған
Ер қазақтың пірі екен.
Қазақты тегіс басқарған
Әбілқайыр хан екен.

Ұрыға шыбық соқтырған,
 Халыққа тыным таптырған,
 Хандардың салған жолы екен.
 Арқаның алпыс саласын
 Қазағым тегіс орнаған.
 Ақсүйектен хан қойып,
 Ақсақалдан би қойып,
 Төресін ғаділ жолдаған.
 Жердің шегі Жайық деп,
 Жайықтан өтсөң айып деп,
 Қырға қарап дұшпандар
 Атының ізін салмаған.
 Баланы таза өсіріп,
 Құдайым сөйтіп ондаған.
 Мындан жылқы айдаған,
 Жұзден бие байлаған.
 Атаны бала құрметтеп,
 Ағаны іні сыйлаған.
 Сақтаған таза иманды,
 Зекетпен пәктеп жиганды,
 Қойын сойып құрметтеп,
 Рazy қылған мейманды.
 Заманның түбін барлаймын,
 Бұрынғының бірі жоқ,
 Жақсылардың күні жоқ,
 Соларды жоқтап зарлаймын.
 Айқын-айқын көлдердің
 Аяқтай суы қалмады.
 Ойтаң-ойтаң жерлердің
 Мал жайылар оты қалмады.
 Еділ, Жайық – екі су
 Ел конуға тар болды.
 Қарағай, қайың, тал, терек,
 Тамыр түбі таусылып,

Қамшы сапқа зар болды.
Көлденең жатқан қара шың
Құлай-құлай бор болды,
Мықтыға нашар зор болды.
Қар жаумайтын Хорезм
Тебінгіден қар болды.
Қараның ұлы хан болды,
Құлдан туған паң болды.
Сары азамат Сардарбек,
Сары сулар ас болды.
Қаулы қылған азамат
Бұрынғыдан пәс болды.
Аруақты ерлерім
Дұшпанменен дос болды.
Балдағы алтын құрыш болат
Балалар ойнар тас болды.
Халық ұстаған хандарым
Тағынан түсіп көлбеді.
Ақсақалдар жығылып,
Жас балалар тербелді.
Не жамандар түзеліп,
Жоғары қарай өрледі.
Ат басындај жүректі,
Маңғаз туған ерлерім
Қайғы басып терледі.
Мырзалық байдай төгілді,
Арқаның киік-құланы
Алды-алдына сөгілді.
Осылар еске түскенде
Бұзбасын неге көнілді?!

Ханымыз болды қарадан,
Жоққа көзін салмады.
Дәuletі біткен бар адам,
Біреуді біреу күндеді,

Татулық кетіп арадан.
 Ағадан кетіп ағалық,
 Ініден кетті інілік.
 Інісі болды терең жар,
 Жүрмеді аға сүрініп.
 Атаның салған ақ жолы
 Тоқтап қалды кідіріп.
 Заман деген – желмая,
 Қалмасақ, халқым, жақсы еді
 Желмаядан жығылып.
 Атаны билеп ұл кетті,
 Қожаны билеп құл кетті.
 Баласы келсе он беске
 Ата-анадан күн кетті.
 Білмеді бала құрметті.
 Ағайын-тума, қарындас,
 Бір-бірінен бұл кетті.
 Қыз ананы биледі,
 Анаға билік тимеді.
 Ата қосқан адамның
 Өз дегені болмаса
 Халалым деп сүймеді.
 Қыз үяттан айырылып,
 Көңілін шайтан сүйреді.
 Абырой кетті жігіттен,
 Айрылды әdep, биліктен.
 Әdep, ақыл – сары алтын,
 Алтынды таза сақтамай,
 Қалайы етіп шіріткен.
 Ерінің айтқан сөзіне
 Қатыны мойын бұрмады,
 Ерге қызмет қылмады.
 Жалынып күнін көрмесе,
 Қатты айтса қатын тұрмады.

Құранның сөзін тәрк етіп,
Өсекті баса тыңдады.
Қарттардан кетіп ауырлық,
Сопыдан кетіп сабырлық,
Тұман басты заманды,
Біз заманға не қылдық?
Заманның түбі қыл дейді,
Қыл үзілсе басында
Жалғыз сағат тұрмайды.
Аспанда Ай, Құн тұтылды,
Көріп пе едік мұндайды?
Ишарат қылып сөйлемдім,
Болған соң солай заманым.
Расын айтып шығардым
Дүниедегі шаманың.
Әбубекір хат жазып,
Сөздің етті тәмамын.

* * *

Молдалықтан не пайда,
Өзі танып жазбаса?!

Сонда жақсы болғаны
Дүнияға азбаса.

Фылым қайдан табылсын
Инемен құдық қазбаса?!

Ерді шайтан жеңгені
Біткен істі қозғаса.

Адамдықтан қалғаның,
Балалап уәден қоздаса.

Әулие-ғалым болғаны
Харамға мойын созбаса.

Ғалым қылып не етеміз,
Наданнан халі озбаса?!

Мұндай болған ғалымды

Хаһ ұлы деп айтамыз,
 Кемшілікке ренжіп
 Нәпсі ашуы қозбаса...
 Шешендіктен пайда жок,
 Артында сөзі қалмаса.
 Сопылықтан пайда жок,
 Пірі разы болмаса.
 Көп ақылдан пайда жок,
 Сабыры ізгі болмаса.
 Көп жаңбырдан пайда жок,
 Жалбырап шалқып, көк өсіп,
 Жадырап жазы болмаса.
 Көп ерліктен пайда жок,
 Ағайынды жау алғанда
 (оқылмады)
 Айтайын сөздің төтесін,
 Қылмаса жетесін
 Көпті көрсөң танырсың
 Жаманның көкесін.
 Жай сөйлемес үйінде
 (оқылмады)
 Ит жоламас жаманның
 Сөзінің бәрі кекесін.
 Ұшан дария теңізден
 Қайық мінсең өтесің.
 Жолдас болсаң жақсымен
 Мәртебеге жетесің.
 Жолдас болсаң жаманмен
 Әрбір жерде бармағынды
 Тістей-тістей өтерсің...

Ақтан Керейұлы
(1850-1912)

БОЛЖАУ СӨЗ


Бисмиллә рахман рахим –
Әуелі бастар сөз еді.
Асыл сөзді түсінер
Қазағым дархан ел еді.
Таусылмайтын көнілі
Ағайынға мол еді.
Сарқылмайтын байлығы
Жарқыраған көл еді.
Ағалары ініге
Үлгілі ұлы жол еді.
Ер азамат сөз бастап,
Қызыққа елім толы еді.
Үлкенге кіші бағынып,
Заңы елдің жөн еді.
Аталардың ақ жолы
Барлығына сән еді.
Аталардың ақ сөзі
Елімізге дәрі еді.
Жақсылар елді басқарып,
Жаманышылық әрі еді.
Бүгінгі елден ерлерім
Тірі еді және ірі еді.
Жаманышылық болса да
Алдағыны болжасам –
Қара бұлт төніп келеді.
Тыныш тұрган еліме
Ақырдың бұлты төнеді.

Төнген күні, ағайын,
 Жақсыны жаман жөнеді.
 Ақсақалдар – биік шың,
 Асқар тауға тең еді.
 Елестетер келер күн,
 Аласа, жаман төбені.
 Асылдың сөзі журмейді,
 Билігін елге жүргізер
 Адамның жаман, төмені.
 Асылдардан күн кетер,
 Қолында болмай дерегі.
 Жаманға жақсы бағынып,
 Қамауда жапа шегеді.
 Басшылары елімнің
 Басына елдің тебеді.
 Ел басқарған жақсылар
 Еліне бұрмас жүрегі.
 Саудамен сартқа айналар
 Елдің біраз бөлегі.
 Ақшасына сүйеніп,
 Қыран болып қарақұс
 Ағайынды бүреді.
 Жылан болып кесіртке
 Ысылдалап шағып жүреді.
 Төбет болып қаншықтар
 Еліне қарай үреді.
 Арыстан болып тұлкілер
 Көкжалға қарай келеді.
 Жабылар тауып бәйгеде,
 Арғымакқа арба жегеді.
 Ақылды, асыл азамат
 Жамандарға иіліп,

Маңдай терін төгеді,
Насырын жерге бүгеді.
Өнегелі ақсақал –
Азаяр елдің тірегі.
Ағайын-туыс, дос-жаран
Бірін-бірі өлтіріп,
Татулық шамы сөнеді.
Шайтаны бар шараптар
Елдің болар қорегі.
Агалардың елбасы
Нәжісі болар әлегі.
Жазылмас дертер көбейіп,
Шомылып ұрық себеді.
Ақ жолдағы молдалар
Елін талап сөгеді.
Бақсы-балгер көбейіп,
Еліне салар бәлені.
Бір-біріне азаяр
Адамдардың көмегі.
Ел алдына шықпайды
Болса да жігіт өнерлі.
Жомарттық кетіп байлардан,
Жетімге болмас берері.
Құл-құтандар би болып,
Арасын елдің бөледі.
Болжай алмай алысты,
Аяқ астын көреді.
Ішерге елім тарылып,
Қыын өмір сүреді.
Төрелік айтар билердің
Ақша болар керегі.
Өсірген қызың бен келінің

Ойламас ата-енени.
 Батасыз жастар қосылып,
 Оттары жанбай сөнеді.
 Тірі жетім көбейіп,
 Мейірсіз өсіп-өнеді.
 Керексіз болып туylар
 Дүнияның тәтті бөбегі.
 Ұят кетіп қызынан,
 Жалаңаштар денені.
 Жез тырнақты, жалбыр шаш
 Кейпіне жынның енеді.
 Ата-анасы ұл-қыздың
 Айтқанына көнеді.
 Той-мереке бастайтын
 Ер адамның жолына
 Әйелдер қағар шегені.
 Келіндер өзі жүргізер
 Топ бастайтын кемені.
 Намыстан ерлер айырылып,
 Бір келін топ бастаса –
 Бірі қалмай ереді.
 Әйел болып еркектер
 Өсекті жиып-тереді.
 Батыры елдің жауға емес,
 Еліне атар жебені.
 Осыларды болжаған
 Кенжедегі Ақтанмын –
 Аруақты аталар –
 Барлығынан өтетін
 Қазақты асыл деп еді.
 Сондықтан да, үрпағым,
 Түзелер деп қисайып,

Сендерге бабаң сенеді!
Жаратушы Алланың
Берері бізге көп еді.
Сынсаныз Аллаға
Сарқылмас әсте берері.



Шабынты шак, 1981 ж.




Сен түгән жер – ғажап жер!



Ұлытау – ұлт үясы



Сұлулар елі – Сарыарқа!



Қарта Улытаяу – кіндік төрі қазақтың!



Дала деген – қазақтардың елдігі!



Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, көп Кеңгір...



Ақ қайындар...



Жер бетінде не сұлу – аспан сұлу!



Кыс



Көктем келді!



Жазғы шалғын



Ұлымтау күзді



Табигаттың тылсымы



Жарықтық, жылқы жануарым-ай!



НАСИХАТ СӨЗ



*Біліп сөйле, сөзінде сөл, өң болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын.*

Жұсіп Баласагұн

Сөз түзелді, тыңдауши, сен де тузел!

Абай Құнанбайұлы

*Сөз қасиеті – көркемдігінде,
Ой қасиеті – шындығында.*

Фабит Мұсірепов

*Ел ішін керекті сөз түзетеді,
керексіз сөз күйзелтеді.*

Жұрсінбек Сейілов

Шал Құлыкеулы
(1748-1819)

ӨСИЕТ

Жігіттер, жаман істі өдет етпе,
Досыңды бірге жүрген басып өтпе.
Басыңа әлдекандай іс түскенде,
Дос түгіл, дүшпаның да қашар шетке.

Жігіттер, мал мен басым көп деменіз,
Киім көп, тамағыңыз тоқ деменіз.
Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған,
Біздерге діле-қаза жоқ деменіз.

Жігіттер, жалған дүние бізден қалар,
Бір күні ажал келіп жаныңды алар.
Жан шығып бұл өмірден кеткеннен соң
Мал-мұлкің, әйел-балаң – бәрі қалар.

Өлімнен құтылмайсың қашсан-дағы.
Атадан арыстан туып, ассанд-дағы.
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.

Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойына алсаң.
Қырық жыл ажалдан қашқан Қорқыт та өлген,
Тұбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң.

Кәрі өлсе соққан дауыл тынғандай-ақ,
Жас өлсе бәйтерегің сынғандай-ақ.
Жігіттер, жас күнінде тәубенде кел,
Бұл дүние көзінді ашып-жұмғандай-ақ!

Шәкәрім Құдайбердіңұлы
(1858-1931)

АШУ МЕН ҮНСАП

Білгенімді жазушы ем
Бекем буып белімді.
Мінін айтып қазушы ем
Түзетпек боп елімді.
Бұлдарлық ой менде жоқ
Бұған шыққан терімді.
Ұқтырарлық пенде жоқ
Қате басқан жерімді.
Күні-түні ойланып,
Жазудан да жалықтым.
Газет, кітап қолға алғып,
Оқудан да талықтым.
Ел тіліме көнбеді,
Жыладым да қамықтым.
Үмітсіздік дендеді,
Зорықтым да шалықтым.
Бағасы бір халқыма
Жабағы мен мамықтың.
Нанбайды, рас, антыма,
Кәдірі мол танықтың.
Айырмайды арасын
Бұлдыр менен анықтың.
Енді қайда барасың,
Түрі мынау халықтың?
Айла таппай адастым,
Қайғы арылтып мойныма.
Ақылымнан шатастым,
Жас төгілді қойныма.

Ойландым да сандалдым,
У жайылды бойыма.
Мұңдасуға қамданым
Қайратым мен Ойыма.
Үміт үзген қорқақ Ой,
Дірілдейді қалшылдаپ.
«Мүмкін емес, мұны қой», —
Деп жалынды жалпылдаپ.
Бір жағымнан Еріншек
Тағы келді салпылдаپ.
«Болмаймын, — деп, — келіншек», —
Ашу келді арсылдаپ.
«Елді сөк те жаманда, —
Деп ұрысты Ашуым, —
Жамандықтан аман ба,
Шыннан қалай қашуың?»
Қын болды баяндаپ,
Аяқты қалай басуым.
Сабыр келді аяндаپ:
«Жарамас, — деп, — сасуың.
Бәріне де хабар сал,
Рақым, ұят, ар қайда?
Қаруынды жиып ал,
Құр ашудан не пайда?
Қаратың мен Сақтығың
Көріне ме маңайда?
Өлше істің ақтығын,
Ынсан бар ма оңайда?»
Өңкей асау, мас халық,
Бәрін бойдан қашырған.
Көп наданнан жасқанып,
Сорлың елге бас үрған.

Рақым, ұят, арының
 Бетін топырақ жасырған.
 Қайраты қайтып кәрінің,
 Қайғысын сүйтіп асырған.
 Сабыр айтты: «Мына сөз
 Сабырымды қайнатты.
 Өңкей ақымак шелді көз,
 Ақты қайтіп жайратты?
 Мені ұстауға шыдай көр,
 Сүйтіп жұмса қайратты!
 ЪІнсабыңа хабар бер», –
 Деп ақылды сайратты.
 Қайратымнан қайтқанмын,
 Ол жуырда келсін бе?
 Келме деп те айтқанмын,
 Дедім: «Мені менсінбе!»
 Біреу шықты қабірден:
 «Баяғы сорлым сенсің бе?
 Айрылмасаң Сабырдан,
 Мен келмейді дейсің бе?
 Ұмыттың ба, ескі жар,
 Аяқбауым – Сабыр ғой!
 Сабырлы ер де менде бар,
 Ол екеуміз тамыр ғой.
 Қайраттанып шақырсан,
 Каруларың әзір ғой.
 «Бәрің кет!» – деп ақырсан,
 Өзіңде қазған қабір ғой.
 Ал ақылдас, бәрі бар,
 Дайын қылдым бәрін де:
 Сақтық, Ұят, Рақым, Ар,
 ЪІнсап деген кәрің де.

Біз тұрғанда арамның
Дәм бола ма нәрінде?
Қайғы емес қой наданның
Тығылғаны өр інге».
Жан кіргендей қозғалдым,
Тұла бойым шымырлап.
Жан-жағыма көз салдым,
Сейлейін деп қыбырлап.
Біреу келді жаныма,
Құлағыма сыбырлап.
Түртіп қалды саныма:
«Сөйлеме, – деп, – жыбырлап.
Және сөйлеп баrasың,
Жай отырсаң не етеді?
Өз мазанды аласың,
Жан тыныштық кетеді.
Ауыр қайғы, терең ой
Өкпеге зиян етеді.
Тілімді ал да, мұны қой,
Түбіңе осы жетеді».
Жалт қарасам бетіне –
Баяғы құрғыр Еріншек.
Көзім түсті етіне –
Бір уыздай келіншек.
Құры көзбен қарасам,
Қызығады ой тентек.
Ақылмен өлшеп санасам,
Қозады оған ескі кек:
«Әй, Еріншек, қаражұз,
Не қылмадың сен маған?
Енді менен күдер үз,
Жақында ма бері таман.
Сенің қылған ісің ғой

Харекетсіз көп надан.
 Рақымы жоқ жәдігөй,
 Койып едің кімді аман?
 Жас күнімде ерінтіп,
 Шала қалдым ғылымнан.
 Жау қолында керілтіп,
 Жеңілдірдің зұлымнан.
 Өмір – кесел, ұры, қар,
 Не табасың мұныңнан?
 Мені өлтірсе залымдар,
 Алушы ме едің құнымнан?
 Осы көрген көп бейнет,
 Бәрі сенен емес пе?
 Былшылдамай өрмен кет,
 Болмас іске егеспе.
 Әлдеқашан ант бердім
 Бал берсең де жемеске.
 Рахаттан да жалт бердім,
 Тыныштық бар демеске».
 Кетті Еріншек өкпелеп,
 Қайта келіп қонбасқа.
 Өкпеге тағы тепкілеп,
 Тарланды салдым болмасқа.
 Кеткенімен жұмыс жоқ,
 Қазақ ісі онбасқа.
 Мен сорлыда тыныс жоқ,
 Ақылдастым жолдасқа.
 Сөйлесті бәрі сыбырлап,
 Мен отырдым тыңдауға.
 Жүрегім түр жыбырлап,
 Дәл тапқанда ымдауға.
 Ойлағынын бәрі де
 Ортаға салды шыңдауға.

Қалжың емес, өрине,
Керек десті шыңдауға.
Кейбіреуі майда айтып,
Елжіретті, жылатты.
Қайсыбірі қайғы айтып,
Үміттің үйін құлатты.
Айтып-айтып келді де,
Бәрі Ынсанқа сынатты.
Ынсан өлшеп көрді де,
Былайша деп ұнатты:
«Ел саңырау, надан ғой,
Естіле ме құр айғай?
Емделмеген адам ғой,
Ем бола ма құр ойбай?
Құлағы мен көзің аш,
Оқу оқыт, ғылым жай.
Насихатты сөйтіп шаш,
Соны жүрсің біле алмай.
Газетке жаз, кітап жаз,
Бастыр, оқыт қазаққа.
Мактағанға болып мәз,
Қала берме мазаққа.
Сусыз егін не шықсын,
Суғар, шыда азапқа.
Дәмін алып ел ұқсын,
Сонда ұмтылар тамаққа».
Осы сөзді дұрыс деп
Жүрек сокты, құптады.
Түзу істі бұрыс деп,
Ол жасырып, тықпады.
Айқай салып бақырса,
Ойсыз құлақ ұқпады.
Қанша тұқым шашылса,

Жер жыртылмай шықпады.
 Жұқпайды екен айтқан сөз,
 Фылымы жоқ наданға.
 Кеудесінде болса көз,
 Жұғар мұндай адамға.
 Ондай адамнан қазактан
 Көп туса осы заманға,
 Босар еді-ау азаптан
 Қазақ шығып самалға.

МІНДЕУ МЕН КҮНДЕУ

Көп сөз айтқан бұрынғы білімділер,
 Пайдалансын, ұқсын деп кейінгілер.
 Сынға салып талғамай талапты жас,
 Соның бәрін қатесіз жөн деп білер.

Олай емес, ойласаң, талай мін бар,
 Бұрын шын, қаталы шын, анық шын бар.
 У берді ме сусын деп, су берді ме,
 «Көзің жұм да жұта бер» деген кім бар?

Кім айтса да сынамай қойма, жаным,
 Ақылыңа сынатып ойла, жаным.
 Пәленшекем айтқан сөз дұрыс қой деп,
 Жүректің таразысын жойма, жаным.

Тегіс тексер сөз көрсөң, сыр мен сынын,
 Түзетуге именбе, тапсаң мінін.
 Әдеп сақта жалғыз-ақ, қате айтты деп,
 Былшылдалты дей көрме, білсөң шынын.

Біле тұра кім айтар қате сөзін,
Білімдіге есептер әркім өзін.
Тұрған жері, әдеті, туған елі
Адастырар, айтқызыар байлаң көзін.

Мал ізден, мансап ізден, сауық-жынын,
Дүниенің көрмек үшін әрбір сыйын.
Адамзат алаңдықтан босамайды,
Сол себепті қатесіз сөйлеу қын.

Менің де көп жаралы жүрегім бар,
Надандықтан қираған сүйегім бар.
Құндеңей, шын міндесен, разымын,
«Қайта, жастар сөйтсін» деп тілегім бар.

Сынамасаң жақсының сөзін қорып,
Талабынды жоғалтар іштен сорып.
«Сандалған тұспе ізіме», – деген Абай,
Жүрсіндер осы сөзін қалай жорып?

«Талас, тап», – деп айтқан Абай өзі,
Танамыз ба жоқ қой деп бүгін көзі?
Айтқанымды сынама деген емес,
«Құндеңе де қарғама» деген сөзі.

Мейлің сөк, мейлің мақта – оған не бар,
Бізден тук жоқ, өзінің иманы жар.
Қатесін тап, құндеңе, жамандама,
Кейде жөн, кейде қате айтқан шығар.

Абай тұғіл, ақылды көп жан өткен,
Тұпсіз терең ғылымға көзі жеткен.
Мінін алып, міндіге мінсіз қосып,
Бұрынғыны жаңартып, жастар түзер.

Өңліге тағы өң беріп қырған қалай,
Түзетілмей шаң басып тұрған қалай?
Түзеймін деп қиратып күншілдікпен,
Дұрыс істі теріске бұрған қалай?

Осыны ұқсаң – ұғарсың көп сөзімді,
Алдасам, алмай-ақ қой еп сөзімді.
Әнгे салып алаңдаپ, ұқпай журме,
Әншейін бір өлең ғой деп сөзімді.

АНЫҚ ПЕН ТАНЫҚ

Ойлаңыз, ақыл-білім қайда болмақ,
Денеде қандай орын-жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын – иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек.

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.
Дәл солай қылайын деп ұнағанда,
Әділетті жүрегің бір қозғалмақ.

Бір билік сол жүректен шығарылмақ,
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ.
Ойынды дұрыс дей ме, теріс дей ме,
Сол арасын анықтап байқа бірақ.

Жарайды деп ұнаса, бас иземек,
Жек көрсе, жиіркеніп дірілдемек.
Жүргіңнің тілі жоқ, ымбалы сол,
Ұғып ал да, бола көр соған көмек.

Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек,
Нәпсі ұнаса болғаны, бәрі бітпек.
Тәуекел деп ат қойып ықтималға,
Байлауы жоқ нәрседен пайда күтпек.

Табамын деп талпынып ойна алмақ,
Өз әлінше о-дағы сынға салмақ.
Аз ойланса, қазақтың басы қатып,
Зиян істі пайда деп қойып қалмақ.

Ықтималдың есігі екі болмақ,
Ішіне пайда, зиян – бәрі толмақ.
Нысананы сығалап дәлдеп атпай,
Көзін жұмып оқ атқан қайтіп онбак?

Іс қылады таптым деп біздің қазақ,
Онан көрген пайдасы болады аз-ақ.
Аяғында ол ісі зиян шығып,
Көрінгенге күлкімен болар мазақ.

Арам оймен ар сатып үзіп-жұлмақ,
«Міне, пайда қылдым», – деп мақтан қылмақ.
Біреу білген айланы біреу біліп,
Өзі құрған дарына ол да асылмақ.

Шолақ ойлап, шолтаңдал, сырттансымақ,
Аса мықты жан шығып көзден тым-ақ.
Аударысып жүргенде ауып кетіп,
Абыройың ашылар, байқа, шырақ.

Шолақ ойдың аяғы осы болмақ,
Біраз күнге көнілдің хошы болмақ.
Арсыз, арам, асығыс, айлакестік –
Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.

«Құдай кешер алда», – деп күнө қылмақ,
Ар кетіріп ант ішіп, жан сатылмақ.
Не жалғанда, немесе ақиретте
Оңа алмастай өкпеден бір атылмақ.

Мәшінр Жұсіп Көпееев
(1858-1931)

КӨШПЕЛІ БОЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ШАРУАСЫ БАР

Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар,
Сарт, ноғай жан сақтайды саудасы бар.
Жезқұйрық жапалақпен жемтікtes бол,
Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар.

Арасы ағайынның алыс болды,
Таласып, дамылды жоқ жарыс болды.
Жетіліп партиямен дәрежесі,
Жақсыға жаман адам таныс болды.

Жыртылды байға ерумен кедей таңы,
Көшінен адастырып байдың шаңы.
Күпілдеп, үйде отырып күжілдейді
Жігіттің қоразданған кейбір паңы.

Жаз болса, ауылдастың ыңғай қонып,
«Қызық қой бұ жүрген, – деп, – мұндай болып».
Әкшесін жылтыратып көп кедейлер
Жүрсе де ат пен тоннан жүрдай болып;

Біреуді пана қылышп, сүйрегенсіп,
Мәз болып отырғанға саумал ішіп,
Мырзасы қасына ерген сол нашарың
Шығынын соған артар сырттан пішіп.

Басында бостандық жоқ, дамыл алмай,
Сапырылысып ертеңді-кеш жүрген талмай,
Тобындай қоңыр қаздың у-шу етіп,
Аттанар, көтерілер бірі қалмай.

Мұратқа бір жетеді тас салғанда,
Би, болыс, ауылнай боп басқарғанда.
Шығыны партияның суға аққандай,
Таласып, саннан кеміп тас қалғанда.

Жаландап аждаһадай ауылнайлар,
Беліне ақ киізден күйек байлар.
Сипырын бес тынның бес теңге деп,
Кедейлер хат білмеген соры қайнар.

Мойнына сары жезден қарғы салып,
Алдына неше түрлі дау-шар барып,
Жиылдып қарақұстай билер отыр
Жемтігін өлексенің қоршап алып.

Осылай арам тамақ жеген бәрі,
Сақтанбас обал ғой деп жеткен әлі.
Жалықпай айта берсем, толып жатыр,
Былайша заманада жүрттың халі.

ФИБРАТНАМА

Япырмай, кессем бе еken мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді?
Өткіздім қасірет пен қапалықта
Қызықты ойнап-кулер мезгілімді.

Болдым ғой өнерімді тауыскандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай.
Сұңқардай биік шынды мекен қылмай,
Шықылдал көзге түстім сауыскандай.

Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім,
Өттің бе зарлауменен, қайран күнім?!

Тұлқінің қызылдығы өзіне сор
Болғандай болдың маған, өнер-білім!

Айналдым бұлт болып биік тауға,
Іліндім болып шортан жібек ауға.
Тілі жок көп мылқаулар тиыш жатыр,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Бұл күнде алтын азып, жез болыпты,
Дүниеде жақсы-жаман сөз болыпты.
Гүл ізден Гүлстанда жүрген бұлбұл
Бір күні қаршығаға кез келіпті.

Сұрапты қаршығадан сонда бұлбұл:
«Жалғанда ынтызарым – бір қызыл гүл.
Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын,
Ақылың сенің менен емес қой мол.

Бектердің он қолында тұрағыңыз,
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.
Кекіліктің миы менен жүрегін жеп,
Табылған әрбір құстан мұрадыңыз.

Татисың қымбат баға, қадір пұлға,
Жүресің патшалармен шығып жолға.
Жазым боп, жазатайым түссен торға,
Тұсірмей әкететін қолдан-қолға.

Откіздім мен әрбір түнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен;
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,
Ұзын тун зығырданым қайнауменен.

Қызыл гүл мен үйықтамай ашылмайды,
Көзімшे аузы ашылып шашылмайды.
Оянсан үйықтап кетіп, ашылады,
Қасіретім бір көре алмай басылмайды».

Қаршыға келді сонда жақындастып,
Бұлбұлмен сөйлесуге жауаптасып:
«Құс ішінде сен ақымак, ақылың жоқ,
Бір гүлге пайдасы жоқ болған ғашық.

Аузыңды, ақылың болса, жабар едің,
Үндемей, сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ мен секілді мылқау болсан,
Бір күнде мың мұратты табар едің.

Ей, бұлбұл, ақылың жоқ неткен ерсің,
Аузыңды жаппағаннан опық жерсің!»
«Табарым мылқау болып мұрат болса,
Болмаған хасыл мұрат кете берсін.

Мұрныңды шошайтасың мактағанға,
Жүруші ең келемеж бол көк тағанға,
Қолында көрінгеннің болып тұтқын,
Мәз болып бүресің де сақтағанға.

Бермейді саған етті қаныменен,
Бір құстың тояттар саныменен.
Өзінді ертеден-кеш ашықтырар,
Құс көрінсе, алсын деп жаныменен.

Бір үрттам қан ішерсің бір құс алсан,
Сен ақымак, тамақ үшін болған сарсан.
Арбакеш сарттарға құл болғанша,
Онан да жақсы емес пе өле қалсан.

Жаратқан бір Құдайға жетер дәтім,
Зарлаған ұзак түндер мінәжатым,
Бітпесе бір мұратым, кетсін, барсын,
Фаламға дастан болған бұлбұл атым!»

Сәдүақас Шорманов
(1850-1927)

ХАЛЫҚҚА БІР УАҚТА БАС АТАНДЫҚ...

Халыққа бір уақта бас атандық.
Жиярға ат, қарны ашқа ас атандық.
Қажымас қайраттылар өткеннен соң,
Басшысыз, байлауы жоқ жас атандық.
Алтын сандық ұшырап деген сөздей,
Шұлғаулық екі қарыс мата атандық.
Ұйымшыл, ынтымақшыл ел атандық,
Шапса үстіне шыға алмас бел атандық.
Жұлде алған бәйге боздар жоғалған соң,
Мың салса бір баспайтын кер атандық.
Бір кезде Орта жүзге ту атандық,
Таусылмас басы бұлак су атандық.
Ақ көңіл ғазиз жандар өткеннен соң,
Жақсы-жаман, үлкен-кіші қу атандық.
Бір заманда теп-тегіс жақсы атандық,
Ойын-кулкі, мәжілісте бақсы атандық.
Бет-бетімен жол тауып осы күнде,
Далада хайуан малдай уахшы¹ атандық.
Закончик осы күнде заң атандық,
Тәкаппар мойын бұрмас паң атандық.
Шошынып көрген жанның зәресі ұшып,
Бұзықшы, жүрген жері лаң атандық.

* * *

Көкқұтан ұя салған қаз орнына,
Төбетті құрмет еттік тазы орнына.

¹Уахшы (араб.) – жабайы, тағы

Хасаттық, ғадауатпен көтерілді,
 Бұрынғы ойын-күлкі наз орнына.
 Жаманды қадірледік жақсы орнына,
 Тіленшілік көбейді бақсы орнына.
 Бір ауыз өсек сөзді алыш келсе,
 Алады жүз теңгелік ақша орнына.
 Қоянды тымақ қылдық түлкі орнына,
 Ашу, араз – бұрынғы күлкі орнына.
 Екі досты айырып шағыстырса,
 Тұрады дүниелік мулік орнына.
 Есекті көлік қылдық ат орнына,
 Ағайын алаш болды жат орнына.
 Өсекшілер көбейді бұл уақытта,
 Телеграмм, почталъон хат орнына.
 Аталас асыл, қымбат торғыныңды
 Өлшейді арзан баға мата орнына
 Гаунарыңды қадір білмеске қор қылғанша,
 Білетін зергер тауып, сат орнына.
 Мандайға ауыз бітті, көз орнына,
 Ширекті қылдық көз орнына.
 Сөз шықты қыңырайған шөлкем-шалыс,
 Қисықты түзейтүғын тез орнына.
 Қасқырды қойшы қылып қой бақтырдық,
 Келмейді түгел айтпай сөз орнына.
 Тәбешік пана болды бел орнына,
 Құйын-дауыл таңсық болды жел орнына.
 Қызғалдақтың орнына тікен шығып,
 «Кет» деген сөзің болды «кел» орнына.
 Қатқақ қара суығы жоғары өрлең,
 Жазғы бахар жайылды сел орнына.
 Иә, Раббым, бір өзіңнен жәрдем болыш,
 Бұрынғы барын түгел қыл орнына!

* * *

«Сіз білесіз», «білеміз біз» демейік,
Біреудің саф алтынын жез демейік.
Құдайдың бергеніне қанағат қып,
Сау басқа сақинаны іздемейік.
Желіктіріп жел берсе сөз демейік,
Біреудің жамандығын көздемейік.
Өлшеуге істің бәрін сала бермей,
Мөлшерлеп қадақтамай, кез демейік.
Арсыздықты өнер біліп мақтамалық,
Жаманды жақсы ғой деп ақтамалық.
Тауфикқа қайтатұғын уақыт жетті,
Бой тартып бұзықтықтан сақтаналық.
Қой енді, арамдықты жақтамалық,
Бас қосып түзулікке аттаналық.
Мәз болмай харамдық пен жолдастыққа,
Іс болса туралықпен шаттаналық.
Түзетіп бойымызды ақтанаңық,
Көңілге кінә пікір сақтамалық.
Бүйте берсек бір іске ілінерміз,
Бір қадам теріс қарай аттамалық.
Басшы боп бұзықтыққа бастамалық,
Басқа тауфик жастығын жастанаңық.
Сырдың шұбырындысы адастырар,
Сокпағын ата-баба тастамалық.
Құдайдан қорқып біз де сескенейік,
Faflatпен жүре бермей іске енейік.
Қойдай қоңыр, қояндай қорқақ болып,
Қасқырдай көрінгенді тістемейік.
Бір ауыз сөзге келмей керіспейік,
Бұзықтың мінін алып тегістейік.
Ағаның айтқан сөзін іні алмай,

Тайындай ырыссыздың тебіспейік.
Күпініп үйде отырып жұлынбалық,
Абыройдан сөйтіп жүріп сылышынбалық.
Құдайдың өзі берсе не айла бар,
Отына бір адамның жылышынбалық.
Бұзылып ашуланып буынбалық,
Тілімен өсекшінің суынбалық.

ҚЫПШАҚ АҚМОЛДАНЫҢ ФИБРАТНАМАСЫ

Кайтып енді келе алмаймын қалпыма,
Қалдырайын екі ауыз сөз артыма.
Үрзамын мен тұғырына көтеріп,
Қадірлекен, қастерлекен халқыма.

Көрсетпеймін Құдіретке қарсылық,
Жасағаным жамағатқа, туған-түсықа жақсылық.
Өшірмейтін ошағымның оттарын,
Бауырларым, балаларым баршылық.

Биді кім деп айтамыз?
Бұл сөзімді байқаңыз!
Би дегеннің мағынасы –
Айтқаны елге ұнаса,
Сонда би деп айтамыз.
Парықсыз тілде баян жоқ,
Маған десен, жігіттер,
Қызыл тілден май тамыз.
Би дегеннің мағынасы
Білікті деген секілді.
Момын мен залым қосылып,
Бірікті деген секілді.
Біліксізден би тұрса,
Халыққа салған бұл өзі
Бұлікті деген секілді.
Аш бөрі тиген қойдайын,
Алды-артына халайық
Үрікті деген секілді.
Бұл баянсыз жалғанда
Шама келсе аспалық.
Бақ – аумалы деген бар,

Аяқты қия баспалық.
 Мұсылман болсаң, Құдай бар.
 Қайырымды жерде шырай бар.
 Тәкаппар болып сөйлеме,
 Кең дүние болар тар.
 Дүниенің алтын тұтқасын,
 Бір өзім деме ұстаған.
 Бізден де бұрын талайлар
 Тұтқаны ұстап таптаған.
 Он сегіз мың ғаламда
 Атағы шыққан Ұлықпан,
 Алладан әмір келген соң,
 Дүниенің алтын тұтқасын
 Ұстауға қайта қоспаған.
 Туралап келген ажал
 Кімдердің жолын тоспаған?!

Балмагамбет Балқыбайұлы
(1891-1967)

ҚАРЫЗЫН АТА-АНАНЫҢ ОЙҒА САҚТАП

Қарызын ата-ананың ойға сақтап,
Істейік ықыласпен тәрбиесін.
Шапағат жас баланың айтып өттік,
Қысқаша қызметін баян еттік.

Раббым Алла жаратқан
Он сегіз мың ғаламды.
Топырақтан жаратқан
Асылымыз – адамды.

Адамнан тарап көп халық,
Дүниеге қойды қадамды.
Пайғамбарлар жіберіп,
Танытқан халал-арамды.

Көрсетпесе хак жолын,
Білер ме ек пайда, залалды?
Қамын ойлап үмметтің,
Тарығып тартқан малалды¹.

Сонан соңғы қамқорым –
Ата менен анамды
Етемін ырза қайткенде
Мейірбаным, панамды?
Тарқатпаққа іштен шер,
Қолыма алдым қаламды.

¹ Малал – қындық, ауыртпалық

Тоғыз ай, он күн көтеріп,
Машақатпен туған кім?
Шарананнан арылтып,
Аппак қылышп жуған кім?

Торғынға таза оратып,
Жұмсақпен белің буған кім?
Қондырмай шыбын бетіңе,
Желпеуішпен қуған кім?

Балағатқа батудан,
Бұрын өліп қалмадың.
Ержеткен соң ес біліп,
Қуудан дүние талмадың.

Шүбәһесіз нәрседен,
Аузыңа басқа салмадың.
Аждаһадай сүм нәпсі,
Көргеніңді жалмадың.

Құрметін ойлап ата-анаң,
Аузыңа, сірө, алмадың.
Тірі болса алдыңда,
Қызмет істеп тұрмадың.

Артыңа қарап қайырылып,
Анаңа мойын бүрмадың.
Көрсе сұрап алар деп,
Табысыңды үрладың.

Солардан қорғап мұлқінді,
Өзгерілдің, зырладың.

Тіліңмен сөгіп, қолыңмен,
Ұрыспадың, ұрмадың.

«Қойшы, әже!» деген сөзіңмен,
Аларған қарап көзіңмен,
Көктен келіп түскендей,
Өзің боп кеттің өзіңмен.

«Не қызмет бар, әже?» деп,
Алдына келіп құлмедің.
Айтқан сөзін мақұлдап,
Құлағыңа ілмедің.

Кім екенін қамқорың
Надандықпен білмедің.
Өлгенше қамын ойлайтын
Шың досыңды кім дедің?

Он жасыңа жеткенше
Доп, асықпен ойнадың.
Жиырмаға жеткенше
Той-тамаша тойладың.

Отыз жасқа жеткенше
Бұғалық тартып бойладың.
Қырыққа жасың жеткенше
Дүниенің қамын ойладың.

Елу жасқа жеткенше
Көп болса да тоймадың.
Махаббатын дүниенің
Алпысқа дейін қоймадың.

Корықпаған кісіне
Ықыласпен лақ соймадың.
Тәубе қылып Аллаға,
Нәпсінің көзін оймадың.

Жасындағы әдettің
Бірде бірін қоймадың.
Қоймақ түгіл зорладың,
Нашарларды қорладың.

Өшіккенді жығуға,
Кінө қазып орладың.
Қектен сұңқар тұтуға
Жерге тұзак торладың.

Ауысып кетсе аз нөрсен,
Қобызыңды сарнаттың.
Қарсы тұрып жауызға,
Қай нашарды қорғадың?

Тұғаныңда қуаныш,
Істеп еді тойыңды.
Есі қалмай мәз болған,
Көрген сайын бойыңды.

Отырғызғанда сұндетке
Тағы да тойын істеді.
Мінгізіп тайға қылған той,
Ойыңа қалай тұспеді?

Алып беріп келіншек,
Кірісті тағы тойыңа.

Бар жаарын жапсырған,
Лайық болса бойыңа.

Тәтті түссе қолына:
«Менің жаным, же!» – деген.
Сен тұрғанда басқаға
Есепсіз нәрсе бермеген.

Ақылың болса басыңда,
Түспейді қалай ойыңа?
Ата-ананы ұмытып,
Сорладың, мұмін, сорладың!

Талап қылғын, бауырлар,
Көп күнәні жоюға!
Бәрін қойып, мынаны айт,
Өз басыңда кінәні айт!

Кел, жігіттер, жігіттер,
Өкініп, бармақ тістейік!
Faflatpen өткен дүние
Үйқыда көрген тұс дейік!

Ата-ананы ренжітіп,
Отына тозақ түспейік.
Ендігі жерде қамданып,
Мынандай қызмет істейік!

Жылына келген екі айтта,
Сойғыз, тапсаң қойынды!
Нан бересің таппасаң,
Ықыласпен бөліп ойынды.

Бейсенбіде ұмытпа,
Тәңірім берсін тоюды.
Әдет қылма ұмытып,
Құр телміртіп қоюды.

Риза болмай ата-ана,
Жақсылық пенде көрмеген;
Баршасы түсіп ойыңа,
Жүректі қасірет кернеген.

Сын қойма, достар, сөзіме,
Арнап жазған өзіме.
Еске түсіп ата-анам,
Әлім жетіп көзіме.

Әр бейсенбі келгенде
Ата-ананы ойлайық!
Азды-көпті нәрседен
Қайыр қылмай қоймайық.

Болмайды деме бір малды
Алып ұрып соймасаң.
Жарамайды деуші кім,
Шіреп қарын тоймаса?

Құран оқып жұмада,
Екі айттың тойын тойласаң;
Рамазан шариф айында
Күндіз-тұні ойласаң.

Бұл қызметті істепес
Нәпсінің көзін жоймасаң.

Азар етпес сұхбат
Жәһілдікті¹ жоймасаң.

Ата-ана, не қылайын, қалдың кетіп,
Қарызыңдан құтыламын қалай етіп?
Сіздерге тұрмыз қызмет істей алмай,
Кетіпті, шіркін, өмір бекерге өтіп.

Көтерген мاشақатпен анам ғаріп,
Он күн, тоғыз айда туған барып.
Есепсіз еңбек етіп есі кетіп,
Қырық күнде жан санына кірген барып.

Мейірбан Алладан соң – ата-ана,
Әлінің келгенінше болған пана.
Жар қылып халайыққа қуанышын,
Істеткен бозбалаға шілдехана.

Істетіп қуанышпен тойларын да,
Жаратқан жылқы, сиыр, қойларын да.
Жұмсаған мал-мұлігін, күш-қуатын,
Қалмаңты еш қапалық ойларында,

Перзентін еш ата-ана қалмас бақпай,
Әлпештеп, үкі қосып тұмар тақпай.
Құрғатып, шомылдырып, күндіз-тұні
Сүт беріп ақ төсінен, кірпік қақпай.

Аударып ақ қағаздай күндіз-тұні,
Кір-кіршік денесінде болдырмаған.
Ұядан ұшыруға балапан ғып,
Жаз ыстыққа, қыс суыққа тоңдырмаған.

¹ Жәһілдік – надандық

Сүйеді бар махаббат жаныменен,
Тапқанда киіндірер сәніменен.
Куаныш, қорқынышқа қабат кіріп,
Әлдиін қосып айтар әніменен.

Жыласа бесігінде тұнде бала,
Емізер ғаріп ана тұра сала.
Сүтіне емшегінің уанбаса,
Жалынар: «Сактай гөр, – деп, – Хақ Тағала».

Шомылтып күнде неше жылы суға,
Отыrsa, қарап тағы қуануға.
Ойыны асық, қасық тағы басқа,
Жақсы деп сайман жияр уануға.

Қаз тұрса, қадам басса, есі қалмас,
Басқаны баласынан ойына алмас.
Жүргені, жүгіргені – бәрі қызық,
Баланың қызметіне шаршап, талмас.

Үйретер тілі шықса кәлиманы,
Жолдасы ақыреттік, бұл – иманы.
Той жасап сұннет жолын орындауға,
Бес жаста шақырар бір ғұламаны.

Шығын деп шыққан малын есеп етпес,
Барлығын есептесек есеп жетпес.
Біреуі шетке шығып шетінese,
Еш уақытта ұмытылып естен кетпес.

Алтыдан аяқ басса жетіге өтіп,
Алдағы жақсылықтан үміт етіп:

«Иа, Алла, ғалымдықты нәсіп қыл!» – деп,
Мектепке алып барап дедектетіп.

Жайылған халық аузына бұл – бір ұран,
Қырымға көз жіберер болса қыран.
«Артымда өзім өлсем балам қалып,
Отырса арман жок, – деп, – оқып Құран».

Осындай жақсылықтан үміт етіп,
Әр жайға көңіл шіркін тұrap кетіп.
Жас асып он сегізден жігіт болса,
Атаға қызмет етер өлде не етіп?..

Аман боп кәмелетке жетер ме еken,
Қызмет ықыласымен етер ме еken?
Еңбегін ата-ананың жастай етken,
Адалдық жолыменен өтер ме еken?

Міндеті ата-ананың кәрі-жасқа,
Кісі де жоқ демеңіз жастан басқа.
Сексенге жасы келіп селкілдесе,
Лайық ата-анасы ұмытпасқа.
Наданға айтылған сөз кетер босқа,
Жауынның сіңбеуіндей қара тасқа.

Кел, достар, күзетейік өзімізді,
Ашайық ғибратпенен көзімізді!
Алайық аят-хадис мағынасынан,
Назым мен еңбек етken сөзімізді.

Имамнан Әбу Лайс¹ бар рауаят,
«Мухталиф ар-риуаяда» жазыпты хат.
Төрт кітап жазса «әл-Һидая»² назым қылыш,
Бүйрығын әмір мағруф³ айлаған иад.

Елуі Шишке түскен сахифаның⁴,
Отызы Идристе болған оның.
Түсіпті жиырмасы Ибраһимге,
Халилі һәм расулы бір Алланың.
Әлден соң Құран түсті Мұстафаға,
Тау басында, үңгірінде әл-Һираның.⁵

Кәпірлер дінге енбекен тілін алмай,
Кіргізген уақытында көп қапаға.
Алланың бәрінде бар тапсырмасы,
Пенденің мейірбаны – ата-анасы.

Ата-ананың назары – Алла назары,
Ризасы ата-ананың – Ҳақ ырзасы.
Бәрінен сол кітаптың айлап нақыл,
Кейінгі нұсқаларға қылды ақыл.

¹ Әбу Лайс – Әбу Лайс Наср ибн Мухаммад ас-Самарқанди (h.j. 376/986-7 жж. дүниеден озған). Ислам әлемінде аты мәшһүр Орталық Азиядан шыққан дін ғалымы, Абу Ханифа шариф мектебінің ірі өкілі. Ол шариф, тәпсір, хадис, тарих, философия саласында бірнеше кітап жазған. Әбу Лайстың «Китаб ал-мабсүт», «Китаб аз-зийадат», «Мухталиф ар-риуайа», «Кутуб ат-тафсир», «Сифарат ал-фикх», «Китаб ру'ус ал-маса'ил» атты бірнеше еңбектері бар

² «Әл-Һидая» – діни кітаптың аты

³ Әмір мағруф – мұсылман парыздары

⁴ Сахифа – Алланың әмірі бар парапеттер. Дәуіт, Мұса, Иса, Мұхаммед пайғамбарларға кітап (Забур, Таурат, Інжіл, Құран) түссе, Ибраһим, Сұлеймен, Идрис, т.б. пайғамбарларға сахиfalар, яғни Алланың әмірі бар парапеттер түскен

⁵ Әл-Һира – алғашқы Құран аяты түскен Нұр тауындағы үңгірдің аты

Құрметте ата-анаңды ұлгіменен тірісінде,
Бар болса, бауырларым, басында ақыл!
«Құран шығар, құдайы бер ата-анаңа»
Дегенді жәһіл, надан көрмес мақұл.

Істейік қызметін ата-ананың,
Жүріпсіз надандықпен болып ғафыл.
Не қарыз, не парызын білмеуші көп,
Көжектей жаңа жүрген апыл-тапыл.

Мінеки, ей, достарым, қадір дана,
Бір Алла әрбір пендеге болсын пана.
«Әл-Әхқафтың» сүресінде мына аят:
«Уа уассайнәл инсәнә билуәлидәйни ихсана»¹.

Түсіпті құрметі үшін ата-ана,
Оқыңыз ағузыны тамам етіп,
«Қызмет ата-анаңа ет!» дегенін,
Мақсатқа ойыңа алған жет дегенін.

Таппасаң ата-ананың ризалығын,
Талапқа ақыреттің жетпегенің.
Тәңірінің орындамай тапсырмасы,
Болуға беті қара беттегенің.

Тіріде наразы болса ата-анасы,
Дүниеде жақсылықпен кетпегені.
Бағынбай аят, хадис әміріне,
Рахметтен жырақ болып шеттегені.

¹ «Уа уассайнәл инсәнә билуәлидәйни ихсана» – Құран аяты, мағынасы: «Адамға әке-шешесіне жақсылық етсін деп өситет еттік, бүйірдыйқ»

Риза қыл ата-анаңды аманында,
Дүниеден кетпей тұрған заманында.
Арналған жұмақ сарай балаға деп,
Ата-ана турадар деген табанында.

Айтқанын екі қылмай қызмет істе,
Тексерме жақсы менен жаманын да.
Ұжмақ жоқ риза болмай ата-анасы,
Фибадат қанша істесе амалын да.

Алладан ата-анаға берген асың –
Азығың ақыреттің, жан жолдасың.
Жұмақта әр дاناңы бір-бір сарай,
Мақшарда сандалғанмен жолығасың.
Болғанда анаң риза, Алла риза,
Жұмаққа қуанышпен кірер басың.

Бір жігіт расулдың¹ алдына кеп:
«Ата-анамыз, – арыз етті, – ұрсады, – деп».
Расул айтты: «Бір ауыз жауап қатпа,
Тұрса да күнде етіңнен пісіріп жеп.

Құлым деп сатса, болғын оған халал,
Ренжіп жұмысына болма налал.
Жұмсаса мал мен басың разы бол,
Әр түрлі жәбір көрсөң залал.

Күнәға сенің үшін батты басы,
Бір сенің амандығың мәддүғасы.
Ауырсан шыбын жанын құрбан қылған,
Көзінің тыйылмай ағып жасы.

¹ Расул – Мұхаммед пайғамбар

Малыңмен бірге айналғын құрбан болып,
Қайғырып, қасіретке көңіл толып.
Жазылсаң қуанышпен той жасаған,
Басына бақыт құсы тамам қонып.

Кесіп бер қоң етіңнен керек етсе,
Қайтарма, бір нәрсенді көңілі кетсе.
Махшар күн әркім болар бізбен бірге,
Риза қылышп ата-анасын ажал жетсе».

Сұрады тағы біреу сауал етіп:
«Ата-анам қолымда жоқ, кеткен өтіп.
Екенін бұл сияқты жаңа білдім,
Ақысынан құтыламын қалайша етіп?»

Пайғамбар бұлайша деп берді жауап:
«Қабірін зиярат қып ойла тауып.
Айтайын бір жұмысты, ұғынып ал,
Жөнінен көрсетейін түрлі сауап.

Күнінде әр бейсенбі тағам берсең,
Құраннан жоқтатыңыз ғалым көрсең.
Құран шығар, құдайы бер солар үшін,
Ғалымның адаспайсың соңынан ерсең.

Соңында әр намаздың етсең дұға,
Мұнымен тамам болмақ бұл мәддүға.
Ата-анаң қашықта болса-дағы,
Дұғанды қабылдамақ сонда тағы.

Дұғандан ата-анаңды тастап кетсең,
Мақсатқа жете алмайсың талап етсең.
Рухын ата-анаңың ырза қылмай,
Дүниеден ажал жетіп өтіп кетсең.

Кәлима тіліне ауыр өтеріңде,
Дүниеден сапар шегіп кетеріңде.
Жазылса дәптеріңе хақ болған деп,
Білмессің сасқаныңнан не етерінді».

Расулының Габдолла атты сахабасы,
Сіләмнің деп айтады-дур ол баласы.
Ауырып, нашар жатыр дегенді естіп,
Жиылды Мәдинаның көрі-жасы.

Қасына расулының отырды өзі,
Тоқтауға таяныпты сөйлер сөзі.
Жатыпты шаһадатқа тілі келмей,
Халықтың назар салып көрді көзі.

Ішінде Хақ расулы жиылған көп,
Неше айтты: «Кәлиманы айтыңыз», – деп.
Габдолла неше мәрте етті талап,
Ақыры айта алмайды шамасы кеп.

Біләлға расул Хұдда әмір етіп,
Әйелін алдырады сол жайға ертіп.
«Шақырады расул Алла» дегеннен соң,
Алдына дер уақытта келді жетіп.

«Жарқыным, жолдасың бұл бала жастан,
Сөйлер сөз, қалып отыр ішер астан.
Ғұмырында қайсы түрлі кәсіп еткен,
Баянда, бірде-бірін қалдырмaston.

Себебі кәлимаға тілі келмес,
Шын момын шаһадатты айтпай өлмес.

Жұбайы Алла қосқан болғандықтан,
Болдыңыз бәрімізден сіз мінездес».

Әдеппен ғаріп хатын сөйлейді сөз,
Мөлтілдеп ыстық жасқа толып тұр көз:
«Уақытында Хақ бұйырған орындайтын,
Істемей құлшылықтан бөтен міnez.

Істейтін ғибадатты шаршап, талмай,
Жолына жамандықтың аяқ салмай.
Намаздың жамағатын тәрк етпейтін,
Қайтпайтын барған нашар садақа алмай.

Жері жоқ мінезінде жақпайтұғын,
Маңайын әрбір нашар жақтайтұғын.
Ұнамсыз бір ғайбаты тал бойында –
Дұрыстап ата-анасын бақпайтұғын.

Ер еді жамандыққа жанамайтын,
Бергенін Құдай үшін санамайтын.
Анасын ренжітіп тастаушы еді,
Осы еді бір мінезі жарамайтын».

Көргенін ғаріп хатын айтып өтті,
Тыскары рұқсат алыш шығып кетті.
Бұл сөзді бастан-аяқ естіген соң:
«Келсін, – деп, – ата-анасы», – хабар етті.

Расулдың келді алдына ата-анасы,
Бастады расул Алла сөздің басын:
«Сіздерді ренжіткен себебінен,
Тоқталды ғибадат балаңыздың кәлимасы.

Жарқыным, ризалық қыл балаңызға,
Өсірдің қорғалатып панаңызда!
Есіріп туған күні есің қалмай,
Қуанып сыймағансыз қанаңызға.

Өсірдің еркелетіп жасыңыздан,
Тастамай қайда барсаң қасыңыздан.
Ата күші, ана сүті, тәнің, жаның...
Нәрсең жок аяп қалған асыңыздан.

Баршасын жиғаныңың еттің сарып,
Бала деп мекнат көрдің ашып-арып.
Еркелеп, еркінсіген күні кетіп,
Нашарлап, міне, осындай болды ғаріп.

Көрсең де зәбір-жапа ризалық қыл,
Тозаққа жандырмаңыз отқа салып!
Жүрсеніз дүниеде көңілің қалыш,
Сау болса берер едім кегінді алып.
Бұл – менің өтінішім, ризалық қыл,
Тозаққа күйдірменіз отқа салып!

Ашуды енді ойыңда қалдырмаңыз,
Шаршатып, балаңызды талдырмаңыз!
Алланың, расулдың құрметі үшін
Ибраһим қыл, отқа салып жандырмаңыз!» –

Дегенде ата-анасы ұшып тұрып,
Сөйледі мына сөзді құлдық ұрып:
«Жолыңа ата-ана жаным құрбан,
Шықпаймыз әміріңізден мойын бұрып!

Сіз едіңіз екі дүние базарымыз,
Аумаған жолыңыздан назарымыз!
Балаңа риза бол деп сұрау қойма,
Жоқ еді көрмей қалған азарымыз.

Колымен, тіліменен азар берген,
Аздырған әйелінің тіліне еріп.
Еске алмай қызметін ата-ананың,
Қатынын, баласымен тәуір көрген.

Суытты көңілімді тілімді алмай,
Сөзіме қапа қылды құлақ салмай.
Ішім суып, жүрекке мұз боп қатқан.
Махшардың майданына барам қалай?

Орынсыз азар беріп қылды қапа,
Көрсетті неше жайда зәбір-жапа.
Тілімді алмайды деп өкпелеме,
Атыңнан мен садақа, хақ Мұстафа!»

Мұны айтып ата-анасы қылды зарлық,
Жұмысы бар да шығар зарығарлық.
«Отын жиып, от қой!» – деп расул Алла
Көзбе-көз сахабаларға қылды жарлық.

Сахабалар отын жиды тұра сала,
Көрген жұрт тұрды бұған қайран қалып.
Ол жиган отынына от жіберіп,
Көтеріліп Фабдолланы жөнелді алып.

«Ауладан сыртқары аяқ баспаңыздар,
Асығып әрбір істе саспаңыздар.

Бұлардың көзбен көріп кегі бітсін,
Баласын отқа апарып тастасаңыздар!
Қуансын ата-анасы кегін алғып,
Жәндірып ата-анасы көз алдында,
Тарқатсын бар ашуын мейірі қанып».

Таянды тастауға отқа Габдолланы.
Көрген соң шыдай алмай қайнап қаны,
Жүгірді: «Ризамыз!» – деп ата-анасы,
Кеудеден шыға жаздал шыбын жаны.

Бұл іске тұра алмады сабыр қылып,
Жаратқан мейірбан ғып ата-ананы.
«Ризамыз, ризамыз» деп айтқан заман
Габдолла айта берді көлиманы.

Шаһадат көлимасын жария қылып,
Қоштасып ата-анамен шықты жаны.
Дүниеде ата-анаңыз пенде бар ма,
Надандық – қызметін ұмытқаны.
Шығарма жаныңыздан ата-ананы,
Хақ білген мұсылмандар бір Алланы!

Ер-әйел, ескерткенім көрі-жасқа,
Қалмайды өлім келмей әрбір басқа.
Уақыт бұл, ақыреттің қамын ойла,
Мәз болма киген киім, ішкен асқа!

Бейсенбі тамам болса батып күні,
Жұманың шарапаты кірер түні.
Оқылып ақшам намаз тамамдалса,
Істеуге кірісіңіз енді мұны.

Аллаға құлшылық қыл, айла тағат,
Бір күні жетер қуып тағдыр-сағат.
Мейірбан ата-анаңды есіңе алып,
Нәпілге кірісіңіз екі рекағат.

Жолынан бұл қызметтің қатардар бол,
Ұғынар насиҳатты зейіні мол.
Екі бас нәпіл намаз оқимын деп,
Қағарсың құлағынды көтеріп қол.

Әлден соң субханәкә ағузыны,
Оқитын намазыңа күндіз-тұні.
Арна, қыл құпиямен тамам болмак,
Жүрмесін жария болып шығып үні.

Үкыласпен еткен еңбек кетпегей бос,
Ұғынар зейін қойып тыңдаған дос.
Бір мәрте фатиханы оқыған соң,
Бес мәрте «Аятул күрсіні» оқы.

Жалығып жаңылмаңыз болып еден,
Дүниелік келтірме ойға әңгімеден.
«Аятул күрсіні» оқып тәмамдасаң,
Екі «Құл ағузыны»¹ оқы бес мәртеден.

Оқылар осы тәртіппен екінші бас,
Көзіңнен сорғаласын егіліп жас.
Ат-Тахият, салауатпен һәм дұға,
Сәлеммен тамам айла, дін қарындас.

¹ «Құл ағузыны» – Құранның «Фалақ» және «Нас» сүресі

Атаңа, анаңменен жаның ашып,
Хақынан құтылуға айлап ықылас.

Он бес жол «астағфир Алла»¹ деңіз,
Сияқты сауабы бар дария-теңіз.
Салауат расулға айтып он бес,
Мейірбан ата-ананың қамын жеңіз.

Сауабын бағыштаңыз ата-анаға,
Болған соң қол көтеріп батаңызға.
Тапсаңыз ата-ананың ризалығын,
Кафарат² болар әрбір қатаңызға.

Көрсөңіз бұл тәртіппен қызмет етіп,
Ата-анаң риза болмай кетсе де өтіп,
Жарылқар баршыңызды фазылы бірлән,
Жұмақтан орын берер мекен етіп.

Жазылған насхатқа сал көзінді,
Шарғыға муафиқ қыл әр сөзінді.
Жаратқан қабылдаса еңбегінді,
Жарылқар ата-ананды һәм өзінді.

Етіңнен ренжіме алса кесіп,
Жексе де қапа болма мұрның тесіп.
Берер Хақ бергенінді қазынасынан,
Малыңмен көгерерсің, басың өсіп.

Атаңа, анаңменен қызмет қылсан,
Жегізер ойында жоқ жерден нәсіп.
Жаратқан жәрдеміңе мәгер алса,
Болмай ма берекелі еткен кәсіп?

¹«Астағфир Алла» – дұра, магынасы: «Кешір, Алла»

² Кафарат – кешірім

«Үмметім ата-анасын риза қылған,
Жұмаққа кірер, – деген, – бірге ілесіп».

Ата-анаң ризалығын таптағанда,
Құрметін аяғыңмен таптағанда,
Басына бір қатыра¹ тамбай кетер,
Жер жүзін дариядай раҳмат қаптағанда.

Тапсырған Хақ расулы өлденеше,
Жұмақ жоқ болмаса ырза әке-шеше.
Дұға қыл, Құдай берсе солар үшін,
Күнінде жұманың яки кеште.

Құтетін, құрметтейтін, бағатын да,
Жаранып қызметпен жағатын да.
Ата-анаң мейірбаның болсын, бауыр,
Жұманың жиырма төрт сағатында.

Себебі тұрар келіп есігіңе,
Тұскеннен қамқор болған бесігіңе.
Өлсе рухы, тіріде қамыңды ойлар,
Кіргенше лақат атты тесігіңе.

Расулдың хадисінен көріп көзім,
Сөйледім риза болмай өзіме-өзім.
Қызмет ата-анама етпедім деп,
Мойындал кемдігіме айтқан сөзім.

Дайынмын қызметіне қалған жерде,
Жалқаулық қалдырылса бұл мінезім.
Не қылсам ықтиярым өзімде бар,
Ғанибет тіршілікте жүрген кезім.

¹ Қатыра (араб.) – тамшы, түйір

Қызмет қыл ата-анаңа Алладан соң,
 Бар болса басыңызда сана-сезім!
 Риза қыл ата-анаңды тірі болса,
 Жақсы емес көкірегінде кірі болса.

Құлағын бұл кеңеске салмай болмас,
 Ата-ана Алладан соң бірі болса.
 Айырылса тіріліктің дәuletінен,
 Алдымда тұрар дайын қорған тезім.

Егер де болса ата-анаң өліп кеткен,
 Жоғарғыдай қызмет істе баян еткен.
 Қайда қалдым деме, арман қылма,
 Мақсұтқа бұл қызметпен әркім жеткен.

Анаңыз риза болса атаменен,
 Кафарат айыбыңа, қатаменен.
 Дүниеде, ақыретте жүзің жарық,
 Деген «Ер көгерер батаменен».

Егер де ашуланса ата-ана,
 Ол қылғаныңа ашуланар Алла және.
 Боламыз махшар күні қандай халде,
 Болмаса Жаратқаным өзі пана?

Көрінді айдан анық надандығым,
 Жоқ екен ойлап тұрсам адамдығым.
 Қайыр қылсаң, мырзалық, соларға қыл,
 Таршылық жойылар һәм сараптығың.

САДАҚАҒА ҚЫСҚАША ТҮСІНІК

Құдайға құл, Мұхаммедке үммет болсаң,
Ықыласпен фарыз, уәжіп, істе сұннет.
Намаз, ораза, зекет, қажы болып
Жұмаққа кіремін деп қылғай міндеп.
Зекетсіз жиған мұлкің болмас халал,
Шарифат қатты айтады деп болма алаң.
Намаз, ораза, зекет, қажы қайырларың
Орнына пайда қылу болар залал.
Қажылар арып-ашып сапар етер,
Зиярат қызметін таңмен өтер.
Зекетсіз малдан еткен қайырларың
Бірінен пайда болмас, босқа кетер.
Келерсіз қажы деген атақ алыш,
Коржынға зәмзәм, құрма, тасбих салыш.
«Мекеге пәленшекең барды...» деген
Атақтан дүниедегі пайдаланыш.
Мал мен пұл қайыр қылсан нығмет, шәріп,
Жайылып әркімдерге кетсе тарап.
Әуелде зекет ада болмаған соң,
Нәжестән үлестіріп қылдың харап.
Шубәлі дүние жинап, зекет бермей,
Имамдар жазған пәтуә, тіліне ермей.
Қабірде жылан-шаян болып шығар,
Ойлама кетемін деп мұны көрмей.
Бір адам зекет бермей өмірі өтсе,
Мұлкінен һар тарапқа тарап кетер.
Айналар қалалдыққа әуел ақыр,
Есептен бүгін келіп зекет етсе.
Ойланса өткен күнін жадына алып,
Кеткенін естен шығып еске салыш.

Отеліп қаза болған намаз исбат,
 Кетпекші кеткен малы тазаланып.
 Жүріңіз зекет беріп, оқып намаз!
 Құр қойма сұраушыны пұлым аз деп.
 Қажы қыл, күшің жетсе Мекке барып,
 Оразаны уақытында тұтыңыздар!
 Бұл әмірін кей азамат істеп өтер,
 Дүниеден тәрк қылмай өтіп кетер.
 Көргізбей азап қабір, қысан сауал.
 Ұжмаққа кіргіз деп жол көрсетер.
 Оқып көр таяу тұрған дәлелдерін,
 Расулдың хадисімен баян етер.
 Еш кітап дүниеге демейді алдан,
 Пайда жоқ зекет бермей жиған малдан.
 Нан берсең бір жапырақ, жұтым сусын,
 Жинаған болсаң аууал (адал) малды халалдан.
 Жегенге, жегізгенге раҳмет жауар,
 Шұбәлі, ләzzәтлі артық жая-жалдан.
 Міне, осы парыздары баяндалған,
 Қашаннан мұсылманға аяндалған.
 Оразада пітір беру, құрбан шалу,
 Уәжіп бол бұрыннан нақ мирас қалған.
 Әркімді әр нәрсемен алдандырып,
 Ешкімге опа қылмай өттің, жалған.
 Жабырқап қапас үшін опасыздың,
 Аяғы болды мынау құр сандалған.
 Құтылып кісі хақысынан тәубе қылып,
 Сапардың қамын ойла ыңғайланып.
 Жаратқанға жалынайық күндіз-түні
 Мұны істер ер боп туып, ғибрат алған.
 Қайыр не, садақа не, сауап не деп,
 Берсін сауал сұраса жауап не деп?

Мағынасынан баршасының тексеріл біл,
Ойлама мұны бекер әңгіме деп.
Садақа жақсы дейміз қайыр деген,
Білмейміз сөз екенін бұл не деген.
Шығар деп жақсы жұмыс ойланамыз,
Бой салмай, босаң ұстап болдық еден.
Қайырымен садақадан сауап өніп,
Намаңа жазылады «зор зайыр» деген.
Сараңға соқыр қойشا ере берме,
Әр нәрсенің арасын айыр деген.
Жұмсасаң малдың күшін, тәннің күшін,
Деп істе Жаратқанның ырзасы үшін.
Ниетсіз еш ғибадат қабыл емес,
Пәнданың хақтан басқа білмейді ісін.
Жатады садақаға әр түрлі зат,
Жақсылық неше түрлі қайыр, қайрат.
Алланың хақың үшін бергеніце,
Әуелден жазылыпты «сауап» деген ат.
Әр нәрсе хабарлайын хабарлансаң,
Қайтейін үғына алмай ғафыл қалсан?!

Жатады садақаға барабар,
Кісіні жөн сұраған жолға салсан.
Сөйлеуге тілі келмес болса кісі,
Басқамен сөйлесетін болып ісі,
Анықтап ойға алғанын айтып берсөң,
Бұ-дағы садақаның бір белгісі.
Болса да үлкен, кіші, бала, әйел,
Жаныңдың істе ертерек тәрбиятын.
Айтсаныз тәсбих¹, таһлил² ықылас бірлән
Айтады «садақа» деп мұның атын.

¹ Тәсбих – «Субхан Алла» яғни, «Алла пәк» деп айту

² Таһлил – «Лә иләһә илла Алла» яғни, «Алладан басқа тәңір жок» деп айту

Басқаға кете ме деп көнілім ауып,
 Қала ма деп көнілім ауса күнө тауып,
 Некелі әйеліңе жақындассан,
 Бармақтан жаман ойға қылып қауіп,
 Санына садақаның бұз да жатар
 Кәделі садақамен болар қатар.
 Халқым көп естімеген мыңнан бірін,
 Әркімді-ақ тыңдағанда таңырқатар.
 Әйелдер қайырмасын ердің бетін,
 Әйел қолы биені идіретін.
 Бие мысал исінер шал нәрсеге,
 Болады кей еркектің көнілі шетін.
 Көнілі ауып піріңнің қалмасын деп,
 Бұлайша келді кезек ескертетін.
 Кітаптың тәржімасы мұның бәрі,
 Не қылсын күлкі сөзді біздей кәрі?
 Айырып кінө тауып араларын,
 Кітаптың айтқан сөзі – дертке дәрі.
 Қай жайда сөйлегендеге әйел заты,
 Аятпен хабар беріп айтады атын
 Әсия, Мариам, Хадишаның
 Тапсір менен баяндаған зат сипатын.
 Төртінші ол Фатима Расул қызы,
 Бұларға тең болмайды басқа қатын.
 Хадиша, Фатимамен бұл қасиетті
 Ерінің істеп тапты тәрбиятын.
 Шағым жоқ шарифатта деген хадис,
 Бұл сөзде нәрсе бар ма ойланбайтын?
 Өкініп өткен іске тәубе қылып,
 Нәпсіні болды уақыт тоқтататын.
 Жүгінсе екі кісі келіп өзі,
 Шын болсын, әділ болып сөйлер сөзі.

Әділдің білгенінше істеу керек,
Тұрғанда екеуінің көзбе-көзі.
Жүктеген біреу жатса көтере алмай,
Көлікке біреу жатса міне де алмай,
Болады садақадан көмектесу,
Пікірдің басқа түрін ойыңа алмай.
Мұләйім, майда болса сейлер сөзің,
Түспесін шубелі іске өсілі көзің.
Бұ-дағы садақадан табылады,
Сауаптан аяймысың өзің-өзің?
Барсаңыз ертелі-кеш жамағатқа,
Жаяу бар, күшің жетсе, мінбе атқа.
Топырак табаныңың астындағы
Жол бермес қорған болып залалдыққа.
Сенімді кітаптарда баяндады
Бұ-дағы жатады деп садақаға.
Халалдан әhlі әуләт ырзық жесе,
Қанағат бергеніне шүкір десе,
Мұсылман кісілерге кездескенде,
Майда тіл, жұмсақ жүзбен күлімдесе,
Сан жетпес есебінде есептесе,
Ғалымдар оқушыға сабак берсе,
Берерін Алла білер неше есе.
Халық үшін дүниесімен қаздырса арық.
Су ішсе мақұлықтар болып қарық,
Шығарса шөлден құдық бұл ниетпен
Су ішсін деп кімге керек қылмас парық?
Алланың ырзасы үшін мешіт салса,
Артында өлгенінде құран қалса,
Тақуа, иә, болса бала қалып,
Әрдайым дұға қылыш, ойына алса.
Айтсаңыз пайғамбардың салауатын,
Үмбәтің істеп өткен тәрбиатын.

Бұ-дағы садақадан саналады
 Сауабы намазыңызға жазылатын.
 Зәру боп айғыр, бура қошқар, теке,
 Қалмасын аты айтылмай бұқа жеке.
 Ұрғашы мал өкел серігі үшін,
 Жібер деп тілек етсе пәленшеке.
 Бермесең ауыртасың оның ішін,
 Бере бер, аямайық қуат-күшін.
 Санына садақаның қосылады
 Бергенің мұсылманның қажеті үшін.
 Құдыққа су алсын деп қойсан қауға,
 Түсінер түсіндірсөң дені сауға.
 Сауабы садақаға бұ да жатар,
 Көнбеніз берме деген нәпсі жауға.
 Расулдың хадисінде былай дейді,
 Тапсырып үш нәрсені айтып еді:
 Біреуі – қарыздарға көмектес деп.
 Мұбәрак лафсы бірлән қабар бер деп.
 Мінеки, тапсырманың екіншісі:
 Болса егер әйел алмақ қай бір кісі,
 Көмектес әлің келсе ықыласыңмен
 Кездессе қиын, одай өр түрлі іс.
 Тың жерге үшіншісі дақыл салса,
 Егінін жиып алып пайдаланса.
 Жүргенде орып байлап қырманға айдалап,
 Керек қой қаншалары жерде қалса,
 Құрт-құмырсқа, қарға-торғай, қаз бен тауық
 Теріп жеп, біріне шекіп қорек алса.
 Жатады садақаға мұның бәрі,
 Бұл істен хабардар болсын жас пен кәрі.
 Өнеді садақадан деді сауап,
 Айтпалық: қажет емес мұның бәрі.

Біреудің көлігіне жүгін салса,
Таныстал жүк егесі рақаттанса,
Санына садақаның бұ да кірер,
Ерлерге осы жетер ғибрат алса.
Дүниеде қайыр қылсаң дүние шашып,
Өзіндің өз жаныңда жаның ашып,
Қайырдың орнын тауып орындасаң,
Құтылар жұмақ сенен қайда қашып?
Сауап жи, әрбір заттың басын құрап!
Орынсыз дүние шашып қылма сырал!
Қажетті асылыңдан сен айырылып,
Біреуден өзің журме дүние сұрап.
Фалымдар мұны жазған өтті ертерек
Тілге қарап түсінуге білім керек.
Ниет қыл ырзалығын Жаратқанның,
Төркі ғой, түсінерсің болсаң зерек.
Болса егер адамда наразылық,
Ойлама болмайды деп мұндай қылық.
Бұ-дағы садақадан табылады
Істетсе бір-біріне ырзашылық.
Мұндай іс деп ойлама, қайдан шықты,
Досыңдан болар деген жауың мықты.
Ақырдың уағында таянғанда,
Іс болмас тиянақты, тыңғылықты.
Пайғамбар мұндай іске кез болғанда,
Орнатқан табыстырып татулықты.
Жау қылып жауықтырадар бүгінгі адам
Ол сенен боп кетті ғой қалай мықты?
Мұндайда өнер керек қай бір кісі,
Жігіттің деп ойлайды өнерлісі.
Алдаумен арыстанды жарға жықты,
Тұлқіден айнымайды қылған ісі.

Мына сөзден, ойласа, артығырак,
 Межеге соқпас па екен арты бірақ?
 Тұлқі мен арыстанды баяндайын,
 Құшім жетсе баяндаудан аянбайын.
 Қан түскен аяғына кәрі тарлан
 Демалып, сылти басып аяңдайын.
 Ішінен қырық мысал алынған деп,
 Мәнісін сұрақ қойса баяндайын.
 Арыстан іздеді ауқат қарны да ашып,
 Ақырып күшін жиды, тонырақ шашып.
 Шошынып арыстанның ауазынан
 Таляудан бара жатыр киік қашып.
 Киікті қуды арыстан тамақ үшін,
 Аралап тоғай, қамыс, өзен ішін.
 Керек боп жылы тоят батырыңа,
 Салыпты жүгірістің барлық күшін.
 Киіктің денесін тер кетті жуып,
 Арыстан келе жатыр қалмай қуып.
 Жер таппай паналатар шыбын жанды,
 Азды үміт тірлікten іші суып,
 Киіктің іші толды қайғы-зарға.
 Деп жылап өз тілімен Жаратқанға:
 «Бір себеп кездестір, – деп, – құтыларға.
 Қолына арыстанның мәгер түссем,
 Қөзімді ояды-ау, – деп, – қара қарға».
 Арыстан енді таянып келген шақта
 Қез болды түпсіз шыңырау терең жарға.
 Секіріп терең жардан атты киік,
 Секірді бар күшімен қатты киік.
 Ілекті ар жағына зорға барып,
 Құтылып, қуанышқа батты киік.
 Арыстан қауіп қылыш қалды тоқтап,
 Үстаппай киік болды көзге күйік.

Лаж жок тоқтамасқа арыстанға,
Ол сайдың тубі шыңырау, жары биік.
Сол шақта тұлқі келді арыстанға:
«Жете алмай қалдың-ау, – деп, – антурғанға.
Өмірде жаудан бетің қайтпап еді,
Өлген мен қарамаушы ең жығылғанға.
Киікті қоя беріп жардан қорқып,
Қалдың-ау таба болып дос-дүшпанға. –
Шамалы арыстанға басын иген, –
Бұл хабар тарайды-ау барлық жанға».
Бармағын тұлқі тістеп, басын шайқап,
Шапалактап өзін-өзі үрды санға.
Арыстан мынаны естіп ашуланды,
Жалтырап екі көзі оттай жанды.
Шегініп кейінірек шетке шығып,
Қарғуға терен жардан ыңғайланды.
Жете алмай ар жағына ауыр дене,
Тұбіне жардың құлап домаланды.
Үзіліп омыртқасы жаны шықты,
Мұрнынан бұрқ-бұрқ етіп қаны шықты.
Қулар көп басы жок, тұлқі іспетті,
Талайды алдал жүріп жарға жықты.
Ахуалын әр заманның тану керек,
Үрдажық қоя тұрып мықтылықты.
Қасына арыстанның тұлқі барып,
Жылады: «Сұлтаным, – деп, – болған ғаріп».
Қандары жылы сумен жуылсын деп,
Талтайып, танауына қойды сарып.
«Осындай нағыз соғым болмағаннан,
Қор болып жүдедім, – деп, – ашып-арып».
Басқа етін іші кепсе бұлдірер деп,
Алдымен жіберді шабын жарып.
Тұлқінің еткен ісі арыстанға,

Ұқсар деп айта алмаймын барлық жанға.
 Өлген соң танауына сарығаны,
 Өштікпен қуанғаны жығылғанға,
 Ауқатқа барлық етін жиып алған,
 Жата ма жылағаны қайғы үрғанға?
 Тұлкіге кей жігіттің мінезі ұқсас,
 Болмайтын адам сеніп антүрғанда.
 Қуанды киік пақыр аман өтіп,
 Тубіне арыстанның тұлкі жетіп,
 Жыл бойы етін жепті ауқат етіп.
 Малданып қиқар тілін қыздырманың,
 Жүрменіз қулығына еріп кетіп.
 Қауіпті ер басына күн туғанда,
 Бір даңнан жібереді жетелетіп.
 Тұлкінің арыстанға еткен қызметі деп,
 Кете берсе жүқа шаптан бір күн шетіп.
 Алдың – жар, жан-жағың – жау, артында – дау,
 Басарсың аяғынды жерге нетіп?
 Әр заманның ахуалын таныңыз деп,
 Еңбек еттік, азырақ тіл тербетіп.

АУЫЛДАС, ЖОЛДАС БОЛМАҢЫЗ...

Іштен туған қояншық
Жазылмайтын емменен.
Жүре келіп жын соқса,
Жазылар, бәлкім, демменен.
Тоқым салсаң тұлпар-ақ,
Семірсе мәстек жемменен.
Ауылдас, жолдас болмаңыз
Ақылсыз туған кемменен.
Басыңа мүшкіл іс түссе,
Азаматпен ақылдас.
Ашылады көңілің,
Жақсыменен қоссаң бас.
Танып алар данышпан
Жатса жерде гаунар тас.
Ақымақтан аулак қаш,
Даналарға жақындас!
Пейілі сараң наданның
Басынан тұман айырылmas.
Сақы, жомарт, саңлағым
Сарқылса да тарылmas.
Басына бақыт қонса да,
Ісіп-кеуіп жарылmas.

МЫРЗАҚҰЛДЫҢ ТЕРМЕСІ

Терме ғып сөзді жазайын,
 Тыңдал көрші, ағайын.
 Жетпіс бестен жас асып,
 Көрдің ғой заман талайын.
 Бар болса іште қылы сөз,
 Көрер болса екі көз,
 Қағазға жазып қарайын.
 Жақсы сөз жазсам қағазға,
 Кіргізер ме екен бір Алла
 Жұмақтың жақсы сарайын?!
 Рұқсат етсе бір Құдай,
 Иркілмей кіріп барайын.
 Кіргіз деп жұмақ ішіне
 Өзінен тілеп қалайын.
 Кешір деп өзің сұрайын,
 Құнәнің істеп талайын.
 Есіме түсіп қылған іс,
 Бәрі жалған болған іс.
 Кешірер ме екен бір Алла,
 Жалынып енді жылайын!
 Тауфика берсе бір Алла,
 Шаригат жолын қылайын.
 Ырзамын, Алла, өзіңе,
 Бергеніңе қанағат,
 Шүкірлік етіп тұрайын.
 Кел, Мырзакұл, қағаз жаз!
 Оң қолыңа қалам ал,
 Осы сөзге құлак салып,
 Тыңдал көрші, ағайын!
 Көрдің ғой заман талайын,
 Көрер болса екі көз.

Жақсы сөз жазсам қағазға,
Жұмактың жақсы сарайын.
Өтеді екен бірі қалмай,
Бұл жалғаннан барша халық.
Білгенімді мен айтайын,
Тыңда, нұсқа еске алып.
Әрбір адам өліп жатыр,
Жерге апарып көміп жатыр,
Көріп жүрміз мұны анық.
Біз де сондай болармыз,
Жер астына кіреміз,
Құтылармыз қайда барып?
Жақсы пенде жүреді екен
Қаруларын сайлап алып.
Іңыласпен намаз оқып,
Басқа сөлде байлап алып.
Өлген күні жатады екен
Мұнан артық жайға барып.
Жүре көрме, кел, ағайын,
Қияметтен ғапыл қалып.
Имандының өлген күні
Жатқан жері болар жарық.
Құр қалмайық жақсылықтан,
Сауап істеп басқа барып.
Имансызды қояды екен
Жанып тұрган отқа салып.
Өлген күні бұл анық,
Мен айтпаймын, кітап айтад,
Осылардың болуы анық.
Құлшылық қыл, кел, мұсылман,
Осы айтылған сөзге нанып.
Ораза тұт, намаз оқы,
Бір Құдайды есіне алып!

Жүре көрме осы уақытта
 Қияметтен ғапыл қалып.
 Мұсылмандық жазған сөзім,
 Осы уақытта еске алып.
 Ақымақ болып біздің халық,
 Намаз оқып, ораза тұтып,
 Қоймасын деп отқа салып.
 Кел, мұсылман жарандар,
 Бұл сөзді тыңдал қараңдар!
 Өлшеулі демің таусылса,
 Ғұмырды ажал тамамдар.
 Қайда кетті өлмесе,
 Бұрынғы жүрген адамдар?
 Ойлап қара осыны,
 Мұсылман пенде, санаң бар.
 Ойламайды еш нәрсе
 Ақылы жоқ надандар.
 Өлеміз анық бір күні,
 Өлмеске қандай шамаң бар?!
 Корықпайды Құдайдан
 Бағзы бір надандар.
 Айтқаныңды жек көріп,
 Өзіңді қайта жамандар.
 Тыңдаушыға айтамын,
 Тыңдамаса қайтемін?
 Мұнан басқа алдыда
 Болатұғын заман бар.
 Сол заманда болатын
 Неше түрлі жаман бар.
 Құлшылық қыл Құдайға
 Өлмей тұрып, жарандар!
 Дүнияға келген ғой
 Түрлі-түрлі адамдар.

Намаз не оразасы жок,
Өзінде жақсы ісі жок.
Айтқан сөзді ұқпайды,
Толып жатыр надандар.
Кел, мұсылман, тұр, халық!
Болатын қандай заман бар?
Кел, мұсылман халайық,
Бұл сөзге құлақ салайық!
Құлшылық істеп жалғанда,
Қияметке барайық.
Жұмақ пен дозақ бар деген,
Айтқанына нанайық.
Ақымак бол адаспай,
Иман ізден табайық.
Қабыл қылса Құдайым,
Бүйрықты ісін қылайық.
Құлшылық қыл Аллаға,
Мұсылманға лайық.
Сакта деп өзің дозактан,
Жалынып Хаққа жылайық.
Кел, мұсылман қазағым,
Осы бір сөзді жазамын.
Үқыласпен тындал көр,
Дін қарындас, шырағым!
Көрсетпе, Алла, пендене
Қияметтің азабын!
Жаратты бір Құдай
Көпірлер үшін дозағын.
Мұсылман үшін жаратқан
Сегіз пейіш жұмағын.
Кіргіз деп жұмақ ішіне,
Алладан тілеп турамын.
Осылай тілек тілендер,

Мұсылман пенде, шырағым!
Кел, мұсылман түйсқан,
Дініміз біздің ислам.
Шын мұсылман болады
Ислам жолын білген жан.
Екі дүниеде қор болмас
Ислам дінін тұтқан жан.
Қор болады мақшарда,
Ислам дінін тұтпаған.
Исламда бар бес парыз,
Мойнымызда бұл қарыз.
Қандай болар жалғанда,
Қарызынан құтылған.
Осы сөзді құп тыңдал,
Намаз оқы, мұсылман!

СЕНІМ

(Авторы беймәлім)

Раббым, ортағы жоқ патша өзің,
Әуелден бізге дәulet хаттап сөзің.
«Әләстү бирәббикум»¹ дегеннен-ак,
Бізді мұмин, муаххид² көрдің өзің.

Біз сенсіз не болмақшы рух едік,
Өзіңдің ирадаңмен «бәла»³ дедің.
Уахидат⁴ теңізінде ғарық,
Жолықтық қазынаңа айтса нелік.

Жараттың әhlі таухид⁵, сансыз шукір,
Пендең көп бізден басқа қылсаң пікір,
Және берген Пайғамбар өз хабибың,
Үйреніп содан сізді қылдық зікір.

Достыңа болдық үмбет һем сайлаған,
Жолыңа жаным пида тұра айдаған.
Өзің ахад,⁶ самадсың,⁷ мен құлыштыңын,
Қалбым болар мәсрур⁸ сені ойлаған.

Мұхаммед аты мұнда Ахмад сонда,
Ғажап хикмат құдіретің, хұдауанды!
Мекен, заман, жер мен көк, ғарыш, курсі,
Харакат, сана, жоқтан жаралғанда.

¹ «Әләстү бирәббикум» Құран аяты, мағынасы – Раббыларың емеспін бе?

² Муаххид (араб.) – Алланы Бір деп танушы момын

³ Өзіңдің ирадаңмен «бәла» дедің – Өзіңдің қалауыңмен «иә» дедің

⁴ Уахидат – Алланы Бір деп білу ілімін үқтыратын діни термин

⁵ Әhlі таухид – Алланы Бір деп білетін момындар қауымы

⁶ Ахад – Бір, Алланың 99 есіміндегі бірі

⁷ Самад – Мәңгі, Алланың есімі

⁸ Мәсрур (араб.) – қуанышты

Әр нәрсе ғауам сарып еттің хұда,
Өзінің зат пәгің бар басқа жұда.
Рухты жаратқан соң: «Мен кім?» – дедің,
«Ана ғабділ Yahhab»,¹ – деді, ғажап, бұ да.

Ғабдыға Yahhab² қылды сұрақ,
Рух жауап бермекке үмтүлды ұнап.
«Мен – ғабды, сен – Yahhab», – деп жауап берді,
Қуандық естіген соң біз де соны-ақ.

Ғабділік – мұлік-дұр мауласына³
Тағат қылмақ уәжіп-дұр құл басына.
Құлына тілегенін иба қылар,
Yahhab сол – жеткізбекші қазынасына.

Сура деп әмір қылды мұратыңды,
Білдір деді есіміңмен өз жадыңды.
«Уа ғалләмәкә мә лам такуну тағламу»⁴
Үйретті рухына сөйтіп дінді.

Болмады еш арада,
Пенделерге еш нәрсе жоқ мұбада.⁵
Рух пен Тәңір ісі жалғыз еді,
Бұл халуат⁶ майданында етті риза.

Бұл халде жүз миллион жылдай түрді,
Бір сүмға орын бер деп әмір қылды.
«Маспахұл ғаззат»⁷ деген бір жай жасап,
Кәйфияттан, ғабдияттан⁸ сабак берді.

¹ «Ана ғабділ Yahhab» – Мен Алланың құлымын

² Ғабдыға Yahhab – Құлға Алла (Yahhab – Беруші, сыйлаушы деген Алла есімі)

³ Ғабділік – мұлік-дұр мауласына – Құлшылық – Иесіне берілгендей

⁴ «Уа ғалләмәкә мә лам такуну тағламу» Күран аяты, мағынасы – Сендерге білмегендіңді үйреткен жоқ па

⁵ Мұбада (ар.т.) – басында

⁶ Халуат (ар.т.) – Иманның күштілігін сезінген хал

⁷ «Маспахұл ғаззат» – о дүниедегі ұлықтар мекені

⁸ Кәйфияттан, ғабдияттан – Құлшылықтан және оның қалай орындалатынан

Орнатты Мұхаммедтің нұрын және,
Хандәліға¹ рух кіріп етті жаңа.
Алла есімін екі мың жыл зікір етті,
Не деп бахсы² қылмақшы бұған дана?

Сол түрмен мың бір есімін қылды зікір.
Үмбетпіз сахибына³, сансыз шүкір.
«Қаһхар»⁴ деген атына жеткен кезде
Қауыптан қатты терлеп, етті пікір.

Ханделден нұр тамшылап шықты тысқа,
Қысылған терден зәһир⁵ болды нұсқа.
Әнбиалар рухы содан бітті,
Кітаптан көрінген біз байғұсқа.

Есіміне «Фаділ» деген жеткен кезде,
Мағынасы фазыл ғазым тағы да өзге
Мұхаммедтің рухы қылды пікір,
Фаділ, батин⁶ сырына, уакиф⁷ сөзге.

Мағынада рухымыз көрші нұрға
Ұшыратқан хамид биғад⁸ мұндай сырға.
Уахидат, ағғал сифат⁹ затқа инанбақ,
Фарыптық дәрежесі білген құлға.

Жадымда, жаны бірге үмметінің
Миллат пенен жолындамыз сұннетінің.

¹ Хандәліға – топырақтан жасалған деңеге

² Бахсы – жіберілуші

³ Сахибына – досына, яғни Пайғамбарына

⁴ «Қаһхар» – Қаһарлы, ашуы қатты, Алланың есімі

⁵ Зәһир – сыртқы

⁶ Батин – ішкі

⁷ Уакиф – туракты, уәделі

⁸ Хамид биғад – Алланы шексіз көп мақтаушы

⁹ Ағғал сифат – Алланың іс жасап тұрған сипаттары

«Лақад жа-әкүм расул мин әнфусикум»,¹
Қарашы тамашасын құдіретінің.

Алласыз маужид² болған нәрсе бар ма?
Бұл хикмет мағлұм шығар ағаларға.
Себепсіз ешбір нәрсе жаралмаған,
Мисыз бас, ойсыз құлақ ұға алар ма?

Адамзат, өзің айтшы, қайдан келген?
Сұрайын дей алмайсың пәлендерден.
«Инни жағилун фил арди халифатан»³
Жаралған соң әмірмен атаң жерден.

Берілген әр рухқа хандел басқа,
Рухы Мұхаммедтің тұрды баста.
Мұхаммед хандәлінің қасында мыз,
Білсін деп жаздым хабар құллі ан-наска.⁴

Мұхаммед рухынан болды бәрі,
Негізгі біздің нәби – сөздің нәрі.
Нұрынан қанша жақсы пайда болды,
Не жолмен қуанбаймыз үмметтері?

* * *

Біреулер тірісінде болар дурдей,
Соқтығар көрінгенге тыныш жүрмей.
Өз басын өзгелерден артық санап,
Жүреді нашарларды көзге ілмей.

¹ «Лақад жа-әкүм расул мин әнфусикум» Құран аяты – Сендерге өз іштеріңнен шыққан пайғамбар келген жоқ па?

² Маужид – жоқтан бар болған

³ «Инни жағилун фил арди халифатан» Құран аяты, мағынасы – Мен жерде өзімнің ізбасарымды (халиф, бұл жерде адамзатты меңзеп тұр) жасаймын

⁴ Ан-наска – адамдарға

Анадан тумағандай, я өлмestей,
Деп жүрер өзін-өзі етіп зілдей.
Осындақ асқақтаған артық жандар,
Өлгендеге кетсе екен көрге кірмей!

Жетіп кеп мылқау ажал «Жүр!» дегенде,
Тартынып қалса екен оған жүрмей.
Көрініп өлгендеге де артықтығы,
Көрде де жатса екен сасып, шірімей.

Ол-дағы арттан шығып көрге кірсе,
Несі артық, басқалармен болды бірдей.
Ол егер рас жақсы адам болса,
Жүре ме осыларды ойладап білмей?

Халық мақтар жақсы адамды өзі тауып,
Пайдалы болса егер ай мен күндей.
Кей надан өзін санар иғі жақсы,
Болады шаппай жүйрік, берік мінбей.

Кейбіреу сүйенеді бабасына,
Кейбіреу сүйенеді баласына.
Кейбіреу бір анадан көп бол өсіп,
Сүйінер соған сыймай қанасына.

Кейбіреу батылдығына сүйенеді,
Көбейген көңілі толып қанасына.
Кейбіреу басына аз бақыт қонса,
Шіреніп, сыймай тасар шарасына.

Кейбіреу бір мықтыға қолы жетсе,
Сүйенер соған берген парасына.
Сенген соң өзінде жоқ өзге күшке,
Орынсыз қолдар тиер жағасына.

Мақшарда сұрак-сауал болған күні
Қарамас оның ата-анасына.

Адамды ақылды деп сонда айтамыз,
Іс қылса лайықты шамасына.

Мықты емес, болар көміл ісіне мықты,
Сүрінсе, ісінен өтпей мінді мықты.
Құдайсыз басқа күшке сенген болса,
Болады десе болар жөнсіз мықты.
Бұлардың барлығы да болса осал,
Ол сөзден айтамыз кімді мықты?

Мықты сол – бір жылдай пана қылса,
Мықты сол – ақылы артық дана болса.
Мықты сол – хакім болып, әділ болып,
Халыққа қорғандығы қала болса.

Бай болса пақырларға көп қарасып,
Жетім менен жесірге пана болса.
Іс қылса шариғатпен ғалым мықты,
Аузында зікір, тасбик, сана болса.

Мықтысы бәрінен де – ел бірлігі,
Түсінер бұл сөзіме сана болса.
Осал сол – ел бірлігі ала болса,
Осал сол – ерге нақақ жала болса.
Осал сол – жоғарғы айтқан жақсы адамдар,
Таусылып ел ішінен ада болса.

Осал сол – ел хакімі залым болса,
Халықтан оқшау кетіп, дара болса.
Жақсылар елді ірітіп, біріктірмей,
Халыққа басшылығы ала болса.

Осал сол – ел тентегін түзетпесе,
Қолында түзелерлік шама болса.
Болса да сөз менікі, сын көптікі,
Сөзімді халық сынар шала болса.

* * *

Жүрмейді жылқы бірге қабанменен,
Көнбейді ынтымаққа жаман деген.
Біреудің көңілі тәмен, басы көкте,
Біреудің басы тәмен, көңілі көкте.
Биік пенен аласаны теңдеп болмас,
Мысалы дүниенің соған ұқсас.

Қауқанұлы Әбдіхалықтың аузынан көшірілді,
1963 жыл

ТОЛФАУ
СӨЗ

*Нарқын танымған сөз құлазиды,
Қатарынан айырылған шал құлазиды.*

Ақтайлақ би

*Тіл жүректің айтқанына көнсө –
жалған шықпайды.*

Абай Құнанбайұлы

Адамның ғазиз, шарифлігі сөзбен болады.

Мәшіур Жусіп Көпееев

Сөздің парқын танымаган, өз қадірін не танысын?

Жұрсінбек Сейілов

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЕЛГЕ АЙТҚАН СӨЛЕМІ

Талапты жастың бірі сен бір, балам,
Келіпсің дәмің айдал қара шайдан.
Қаңбақтай жел аударған ажырапсың,
Ел-жүрттан, туысқаннан кейін қалған.

Басынан ер жігіттің нелер кетпес,
Қажыма, қайратты бол, еш нәрсе етпес.
Бейнетің көрген түстей болар ұмыт,
Шығарсың азаттыққа ерте ме, кеш.

Басың жас, қызығың көп көрер алда,
Мұңайма бақытсызыбын деп бүгін таңда.
Ұлы той көппен көрген деген бар ғой,
Байқасаң, аман қалған адам бар ма?

Не білгір, не данышпан бәрі келген,
Жас та көп бұл арада кәріменен.
Танысып талай жүрттың жайын біліп,
Жолдас боп жүрсің, міне, бәріменен.

Осының үлкен олжа өзі саған,
Не көрді елде қалған басқа адам?

Өкінбей мұндағы өткен өміріңе,
Өрге жұз, өрнек алып осылардан.

Күн туар есен-аман елге қайтар,
Қызықтың бастан кешкен бәрін айтар.
Ысылыш тең құрбыңың алды болсан,
Көргендер көріскенде басын шайқар.

Ақыры сергелденің болмай теріс,
Өзіңе қайырлы бол мұнда келіс.
Ел-жұртты бізден бұрын көре қалсаң,
Сөлем айт алты арысқа бізден тегіс.

Айтарсың, Ақ теңіздің аралында,
Айдалған ағаларым қамауында.
Баяғы көксегені сенің бағың,
Жүрсе де бақташының қарауында.

Кеш жатып, ерте тұрып, жабығады,
Кеттік деп сенен алыс қамығады.
Сарыарқа, сайран еткен қайран мекен!
Ерте-кеш соны ойлап сағынады.

Үзғарлы Ақ теңіздің күні тұман,
Бар екен ағаларда үлкен шыдам.
Бел байлап тәуекелге жүріп жатыр,
Басқа сөз айтқаны жоқ дерсің бұдан!

МҰҚАН ШАЙЫРДЫҢ ТОЛҒАУЫ

Айтушы ақын жақсылар,
 Бұл сөзді тамам ойлады.
 Өлең қылды бір істі,
 Өнерін жүртқа жайғалы.
 Бұл адамды кім десең,
 Орта жүздің найманы.
 Білейін десең руын,
 Бір тайпа Шоштан аймағы.
 Балтекейұлы Мұқан деп,
 Халыққа ісім жайғаны.
 Ашықөл, Сарысу мекені,
 Жайлау қыста жайлады.
 Молда Мұқан шайыр сол,
 Бұл кеңесті шығарған.
 Естіген халық егіліп,
 Сөзімнен шығар құмардан.
 Шайырлықпен озып жүр,
 Найман деген ораннан.
 Сөзімді теріс демейді,
 Халықтың басы құралған.
 Үш жүзден сөз білген
 Ақындармен сыналған.
 Оздың найман халқынан,
 Асырдың сөзді бұл маңнан.
 Қиялап шауып қиядан,
 Сөз табады шығаннан.
 Осындай молда Мұқанды
 Макұрым қылма дұғаңнан!
 Эй, жақсылар, ойласаң,
 Бастан өткен бұл жалған.

Бұл жалғанда тұрақтап,
Мекен етіп кім қалған?
Дүниені қанша қусаң да,
Ақыры мұның бір арман.
Батырлар да қалмады,
Жаудан білек сыбанған.
Алыстан кеңес бұлжайтын,
Өтті бірнеше қыраннан.
Халыққа түскен саясы,
Көленкелі шынардан.
Пайғамбар мұрсал набилар,
Әулие, қанша қарилар.
Тағадат тұрып дүниядан,
Қалмайды өтпей бұлар да.
Ғұламалар өтті жалғаннан,
Мағына берген Құраннан.
Байлар да кетіп барады,
Дүниесіне қуанған.
Пақыр да кетіп барады,
Ауқатқа зар бол сұранған.
Өтпей дүние қалмайды,
Ей, жақсылар, бұған нан.
Шілдедегі жасыл гүл,
Күзді күні болғанда,
Көзінді салсаң пайымдал,
Қурай болып суалған.
Имендеп кемпір болып жур,
Не сұлулар бұралған.
Әкетпейсің арқалап,
Фәнида жиған бұл малдан.
Сақауат қылсаң әкеттің,
Ойласа қабыл бір Алла.
Ғибадат қылсаң құтылдың,

Өкініп қылған күнәңнан.
 Дүниядан шұдә болдым деп,
 Жақсылар, қылма мұны арман.
 Молда Мұқан ақының
 Өзін-өзі таңғалтты.
 Жалған деп осы дүниені,
 Барша жанға аңғартты.
 Етеміз талап уайым,
 Күтіп дүние алмақты.
 Шіркін, дүние баянсыз,
 Талайды шаңға аунатты.
 Тұрмайды баяндап
 Неше ерлер ардақты,
 Қаңбақтан жеңіл көтерді
 Мырзаны неше салмақты.
 Біреуді мықты малды ғып,
 Ішіп, жегізіп шайнатты.
 Біреуді мырза жаратып,
 Мінгізіп бедеу ойнатты.
 Біреуді бақыл жаратып,
 Тартқызып мехнат айдатты.
 Шарафат беріп біреуге,
 Өшпейтүғын шам жақты.
 Мұңлы қылып біреуді,
 Еш нәрсе бермей зарлатты.
 Осыны көріп алам деп,
 Ізденіп пенде зыр қақты.
 Адам қор болып сандалып,
 Отырып қалып саздатты.
 Ашына болып ерген соңынан
 Талайларды алдапты.
 Опасы жок сүм жалған
 Соңымыздан қалматты.

Доспын деген адамның
Бәрін де қоймай жалмапты.
Біз қалай соған сенеміз,
Бұрынғы өткен жақсының
Бірде-бірі қалмапты.
Ойлап тұрсақ, көз салып,
Біз де соның біріміз,
Ағайын-туған алыста,
Майда менен іріміз.
Өлшеулі өмір санаулы,
Деуге болмас тіріміз.
Алыстан дүние табам деп,
Өтті ғой, шіркін, күніміз.
Сырқатқа ауыр кез болып,
Шықпай тұр жалғыз үніміз.
Ауырсаң басың сүйейтін,
Қаста жоқ ағайынымыз.
Мінәжат қып жылаған,
Біз бір ғарып құлыңыз.
Мезгілсіз қаза тұратын
Көктемдегі гүліңіз.
Налып Хаққа жыласам,
Болар ма қабыл мұнымыз?
Ашықөл қыстап біздің ел,
Сарыарқаны жайлаған.
Аштып қымыз биені,
Шатырлатып байлаған.
Ақын үшін бір ойды
Ортаға тігіп жайлаған.
Бұлбұлы едім халқымның,
Ортасында сайраған.
Жүйрігі едім солардың,
Айдаса мұзға таймаған.

Сол жұртым еске тұскенде,
 Өрт болып ішім қайнаған.
 Табам деп дүние бұл жақтан,
 Тағдырыма бізді айдаған.
 Сырқатым жанға батады,
 Болмаса жәрдем Алладан.
 Жатырмыз бір сарт үйінде,
 Дос қып тауып қармаған.
 Жанашыр бір жан болмай тұр,
 Көзде жасым парлаған.
 Жаратқан, Жаппар Бар Құдай,
 Баршаға өзің панасын!
 Әшкере фәнә сырларды,
 Айтқызбай өзің білесің.
 Сайратып сөйлеп өтейін,
 Келгенше тілдің шамасы.
 Ізденіп біреу келгенмен,
 Кім аралатар Ташкенің,
 Он екі қақпа қаласын?
 Арманым, Алла, қалмас ед,
 Тіріде көзім бір көрсе,
 Бір Шоштанның баласын.
 Өсіп-өніп тұрған жер,
 Көре алмай кеттім қарасын.
 Сырқатқа ауыр кез болып,
 Таба алмай тұрмын шарасын.
 Молда Мұқан ақынын
 Арманда кетіп барады,
 Тұысқан, туған, қайран ел,
 Көре алмайтын ағайын.
 Қызыл тілді сөйлеткен
 Қаусырма жақ, иегін,

Қайнаған іште қапаның
Ағытайын тиегін.
Не қылсам ісім лайық,
Жаратқан қадір Иенің?
Ел-жұртымды көре алмай,
Қол алыш, сәлем бере алмай,
Молда Мұқан шайырың,
Қай жерде қалар сүйегің?
Қош, аман бол, ел-жұртым,
Үлкен-кіші бауырым!
Көтердім, Алла, қайтейін,
Жүгінің жеңіл, ауырын.
Мезгілсіз қаза ұрды ғой
Ел еккен қауының.
Аралап әр жер мен көрдім,
Қырғыздың Алатауының.
Жат елден тауып абырай,
Бектердің көрдім тәуірін.
Қырғыздың Шабдан қаласында
Үш күн, үш түн сөйледім.
Олардың көрдім жалықпай
Сөзіме құлақ салуын.
Арғымақ беріп астыма,
Жетегіме нар беріп,
Шабдан қылды құрметті.
Жақсыдан осындай салуым,
Көрдім мұндай құрметті.
Жақсыдан неше жол алыш,
Ізденіп дүние табам деп,
Алысқа кеттім жоғалыш.
Қырғыз, қазақ, өзбек пен
Көп жерді көрдім аралап.

Ж. Сейіловтің қолжазбалары

3/109-60

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
بابٌ بِكُلِّ كُوْنِ نَهَايَةِ الْأَدَمِ فِيهِ تَعْلِمُكَ اِيْدِنَلَادَ
مَقْنَدَهُ وَنَمَازِفَهُ كَاهْلَكَ لِيَقْ قِيلَفُو بِلَهُ عَلَادَ
اَوْ بِلَوْتَ بِهِ مَقْدَارَهُ نَصِيبَتْ دَوْرَ
لَهُ قَعَالِهُ قَمْ أَنْدَهُ غَبَرَ بِيْرَ وَدَ
بَارَ لَقاَهُ قَولَهُ قَعَالِهُ
(فَخَلَفَ مِنْ بَعْدِهِمْ خَلَفٌ أَضَاعُوا
الْحَشَلَوَةَ فَاتَّبَعُوا الشَّتَّلَوَاتِ
فَسَقَوْفَ يَلْقَوْنَ غَيَّاً) هَنَانِ سَهَّ
اَوْ تَنْدِينَ كَلْدِيَلَادَ وَقَائِمَ مَقَامَ
اَوْ لَدِيَلَادَ اَنَلَادَ نَذَكَ اَوْ تَنْدِينَ يَاوَدَ
خَلْقَ لَهُ بَدَّ عَلَمَيْهِ بَالَادَ مَغْلَتَ لِيَكَ
نَذَكَ فَهِيَ طَنَدِينَ ضَايِعَ قَلْدِيَلَادَ خَاَ
نَهَايَهُ تَهُ قَوِيدِيَلَادَ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
فِي صَاحِبِهِ ظَارِقُهُ
قاپیلار سو بلد سه سون بودانه عا پېب
کور نسە سەزىدە خطا فيلماغا پېب
بورئىتىخىزماتە ئاسولىم ئاماڭىدا
پەر ئالكەن سۈوعىسى بىلدىسى تاڭىغا جا پېب
قوزىغانىن الدەكتەنە ئىلەمەن جاققى
فۇسىلتات ئىڭلا ئانىغا اينتىما قىتى
قىلاشتە بېلەمبىدەن بىشلىكىيات
و تىغان ئاماڭاتلا رىصال ئۇلاققى
كۈچرەمەن ئاكى ئېرىكتەن دە دۇنىسانە
كەرەمە يېرىئەلىسىدە قاپېتب بىلەن دە ئىياڭى
خا با خىدىك ئەنگ ئەنارەنھىءى
بران ئىقەن مەكەنەن دە تىقى ما دىنالى
و لارىم دە تىبى كە تدى ئاصا بازلا رىن
ئاستادى كېيتىپ كېنە كفازلارىن
جىيلەپ چق پېعىمىي ئاماڭاتىبەن
دە فەن ئىشلەت ئەندا ئەندىك ئاماڭلارىمە

1960 ж.

جعفر زید / ۸
ادعیه شنید داعم ای
۵ سقا ای پسر ملک الیغا نه
باقی سلوف تو و تو الح

هندگہ نہ اتنا تھی جا قسم بولدا = جانشناچے جا پڑھ فرمائی
الغاف بارلئی جا قسم بولدا = ذمی حسنناچے توں فرمائی
توں عانہ بلا لائی جا سی جو لسانے توں دلکھ جس اور سئی فرمائی
اعایینناچے تا توں جو لسانے ملائیا بیٹھا جاؤ کہ لمد سے
ہو فتنہ بلدمہ یہ جاؤعا شابقانہ الگھارت بائے ساہ کہ لمد سے
مالی سو بگدن دل دلکھ دی = جاؤعا فری دان بدھ کی

1972 ж.

فالعام شنايماران اهان صاد و قوّعا

دايندالىب جاتىرىتى الداعى جا قىلىق تائىدۇھىتى
ەئىب جا قىسى ئالا بىلگ ئا بىلە بولىسى ئىلە كىنە سىب
كۆكە دى جانا انانىڭ و ئۇنىتى سىقا ندارىتى.
يىنة دە امانبىز و زمىن ئورگەن قالىبى شىا جۇرسىب
جاتىرىتى ال صاعان ئافسۇرىمە ئارىنە اشىامىت
سا باققا دايندالىب و قىرىپى بىرودە ۴۵۰ اقاشا
كەرىن دى چولىغا جىبىرە ۵۰ مىرى ساد و بول باقىتىك
اسلىرىن ۴۰ ئىلە كىنە سىب كۆكە دى ۱۸

1978 م.

قارىعم ساۋ جاقسى جۇرسىنى بىزدە ئىلە و سى فى
ال بىزدە امنبىز دى سىب جاتقات شىخارىنى شىاعىم
جاقسى بولغاننى كىسى اكە شە سەسىن و مىتى كە تەمە
كەنە سەن و پەدەت كە تەلمى قانشا و ۵۰ اقىتى بولدى
بىزگە بىرقات صالىتات جوقسىن سەبې ئە؟
ال قاتىصال. بىزگە سو سىن جاقدا يىلۇ قاندا جاقسى ما
شىاعىم مەندەت اكە تکەت دى سىكى قاعاعازىغا يە بول اياق
اسىن بولماسىن سو سىن لە ئىنى كىنە اقىتات كە لەكە و قاعاعازى
بەرىك بول ونداقايدا كوب كە بىندرە كۈرە من
دى و پىرىپەلەت جوق تۈپ قارادىپ ال قاشا كىدەلىك و قىشتى
كارىنە شەقىقىدا ئاجە ايتادى قايقاتدا ئەلەت جاز سادە پۇرى
دى دۈزىلەت و يلا.

Сая бор Салым-Мен хан маз.
Көкөнү Жүрсисинең мөшөөлүгүндөн анын
дүйнөсүн мөлөөлөнүштүк
10/Х-1983.

1983 م.

Дүрді Сәлесін ақ қарағаз архадан.
Шырағасын Шахшарда 16/хұ ңағызған жа-
тасындағы альбіт 23/хұ Құданбай етпөрмекшісін
Семен Константин барі хабар анықтаптағанда хана
Егерін. Экі шендердің олғы құланғын көверділін
Балхантың болған Гайбрел жо шілінен шалдаудың
да болғасын (Анисек) Балхантың болуында мі-
недүлес Экі - шендер. Фе біздең хабар
білдік болсаң анықтаптың отпороғас же
Салы Міннин Тұлебек - - - Балхан Алжыр
ақсанырғызы. Балханардың көбір альбіт
нанын хана шалдаудасы. 9/хұ 1986. үргінан
болғын дейсек әтстепердің ода = бұз үргінан
шын айғын анықтаптың ханағасынан үргінан
бонесеңдердің Аман-Жекен Құндағы болғасы
шілтінен. Караптың шын бір ңағызғандағы
Этпөрмекшін дәлел аудағы Аман Негіз-әкін
ңағызғандағы ауданынан. 15/хұ 1986. 500 жа-
нанынаның міндет-шырағасын харашынан
бірнеше?

Этпіненде ғаласынаның Созбек түрбен
тур оған дүрдес шатыра болынан екен
басқа не шалдаудасы. Салы бол
ақсанырғызын шалдаудың көкөн
турғасын болған Салы Атасы.

Зерт 1986 ж.


1986 ж.



*Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен!*



Сағынтың сен естен кетпей!



Эжібек ауылы




Қайран құдірет!



Даналар елі – Сарыарқа!



Беу-беу, шіркін, асауым!



О, Үлітау, қазақтың бас тауысын!



Киелі тау ел назарын телітті



Ата-бабам ту тіккен жер




Гүл мұнды



Шіркін, менің қандай даlam?!



Жезкиіктің мекені, Ұлытаудың етегі



Теректі – табигат феномені



Теректі таңбалары



Бабалар қонысы



О, кең дала, тамашасың, көркемсің!



Мәңгілік мекен

Неше мырза бек пенен,
 Айналдым дүние-мал алып.
 Нар жетелеп кейіннен,
 Көбінен атпен тоналдым.
 Жисам да қанша дүниені,
 Артпады, шіркін, құралып.
 Болмайды екен опасы
 Нәрсенің алған сұранып.
 Жылжыған кетер сынаптай,
 Жүрсөң де қанша пұл алып.
 Сырқатым ауыр бұл күнде,
 Денені тегіс тұр алып.
 Ақырын енді бұл істің
 Ақтаңда күтіп тұралық.
 Ел-жұртым қалды алыста,
 Оралып сені көрем бе?
 Үлкен аға, кішісі,
 Қол алып, сәлем берем бе?
 Бұрынғыдай аралап,
 Есік ашып енем бе?
 Денені тегіс дерт алды,
 Болам деп тәуір сенем бе?
 Көре алмай кетсем арманда,
 Осы жазған қағазым,
 Ел-жұртима тегіс сәлем де!
 Жаратқан Жаппар Құдайым,
 Сайысы түскен ғаламға,
 Бұл сөзімді кеуіл тапқанмен,
 Жазады қолым әрең де.
 Артымда қалып бұл сөзім,
 Жайылсын тарап әр елге.
 Ағайын, жегжат, бауырлар,
 Шын жаныма бататын,

Тұған-түйс алыста
Қоштасып жауап қататын.
Тәрбие еткен шыбын жан,
Мекенің қандай жататын?
Көрінесің, қызыл тіл,
Таңдайма қататын.
Лажым бар ма, иә, Алла!
Арыздастып қоштасып,
Ел-жүрттан тағам тататын?
Өшпестей көріп дүниені,
Пендерміз басты сататын.
Дүние сиқыр, алдаушы,
Басыңды алдап сататын.
Таусылды күнің, ал, Мұқан,
Тілінді пұлғып сататын.
Күн қайда бізге тәуір бол,
Елден тағам тататын?
Жылжыған жорға саусағым,
Тамырың тастай қататын.
Сүйретіп дағдыр жетелеп,
Ажал келді төтелеп.
От болып денем жанып тұр,
Дүниеге көнілім қалып тұр.
Қуат кетіп денеден,
Жазуға көзім талып тұр.
Ажал деген бұғалық
Мойныма және салып тұр.
Енді өлеңді тоқтаттым,
Тірліктен көнілім қалып тұр.
Бар денеден әл кетіп,
Ерікті менен алып тұр.
Қазалы жерге сүрініп,
Аяқты арқан шалып тұр.

Өлшеулі өмір азайып,
 Дүниеден көнгілім қалып тұр.
 Жазуға бермей ерікті,
 Қаламды қолдан қағып тұр.
 Опасыз дүнианың зардабы,
 Көнгілім танып тұр.
 Сарыарқа – сары белдерім,
 Ағайын-туыс елдерім,
 Өмірдің ақыр соңында,
 Көре алмай көзім қалып тұр!
 Молда Мұқан шайыр деп,
 Ақыры болсын қайыр деп,
 Дүғадан жоқта Мұқанды,
 Аузыңа, қалқам, алып тұр!

* * *

Азырақ сөйлейтін сөз, тіл де болса,
 Досың сол тарыққанда бірге болса.
 Алтынның қара тастан бағасы артық,
 Қаншама жатып жерде кір де болса.
 Кей адам баға тауып пұл ала алмас,
 Қолына ұстағаны дүр де болса.
 Әрқашан теріс те болса сенікі жөн,
 Бақ-дәulet қатарынан кімге қонса.

ҚОНЫСБАЙ АҚЫННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Қонысбай, қолыңа қалам ұста!
Болмаса есің жарым, ақылың қысқа.
Адамзаттан бермен қарай өлім мирас,
Бұл ажал тегіс жетер кәрі-жасқа.
Ақырда жатар орның бір лақат жай,
Күнбатыста боларсың, күншығыста.
Халыққа шаш ғибрат сөз табылса,
Кейінгі артыңызда қалсын нұсқа.
Өзімнен сөйлер сөзге кім озар деп,
Мензейсің көңілінді үшқан құсқа.
Абайлайтын сал көзінді, кеттің қайда?
Қаларсың тілге сенсең, бекер босқа.
Туыпты біреу жақсы, біреу жаман,
Жан тартар жақсы жігіт қарындастқа.
Жақсының бәз біреуі шабандап жүр,
Мал бітіп ішпей-жемейтүғын бір басқа.
Жігіт деп бутін туған соны айтамыз,
Қайырылса таршылықта жан жолдастқа.
Атадан алтау тусаң бір жалғыздық,
Көңілі әрқайсының басқа-басқа.
Бұл күнде тал жібектен кендір озып,
Теңелді тесік моншақ гауһар тасқа.
Үрзықты Тәңірім жазған әуелі бастан,
Алған дем, тататын дәм қалдырмaston.
Жазудан асырмаққа талап етіп,
Біз қудық бұл дүниені бала жастан.
Алланың жазғанынан аса алмадым,
Басымды қанша ұрсам тау мен тасқа.
Алмаққа бір жақсы жар еттім талап,
Мал беріп, айттырмаққа елден қалап.

Бай, патша, пақыр, міскін – бәрі ойлайды,
 Алсам деп өңшең батыр неше манат.
 Табылар жақсы қайдан бәрімізге,
 Көруге уақыт жоқ макбұр жайдан.
 Жақсы жар аламыз деп жұрт іздейді,
 Ойлайды табылады деп әлдекайдан.
 Ер жігіт мал берген соң болар ғашық,
 Жүреді көргенінше судай тасып.
 Жарқылдаپ найзағайдай жүрген шығар,
 Сағымдай бұлтпен бірге араласып.
 Мал беріп болғаннан соң барады өзі,
 Ешкімді көрген жоқ деп менен бұрын.
 Асылым оңашада қолға тисе,
 Қалдырмай сұрап едім ішкі сырын.
 Қүйеуден, қыз-келіншек келер саған,
 Арадап сен көрерсің бәрін тамам.
 Жарынан келген қыздың бәрі жақсы,
 Қайғылы көкірегің болар жаман.
 Сол жарың жақсы болмай, болса нашар,
 Сол жерде жақсы-жаман жігіт ашар.
 Қасыңда отырғызып жөнелгенде,
 Тоңқандап жеңгесімен бірге қашар.
 Жанасбай, оның сөзі саған бейім,
 Көңілің қапа болар танып кейін.
 Баяғы ойлағаның желге кетті,
 Келіп ең судай тасып соған дейін.
 Бұл жерде тұра тұрсын айтылған сөз,
 Нанбайды өтірік деп көрмесеңіз.
 Тақтайда жазған хаттан аса алмайсың,
 Жігіттер, құр терлемей күдерінді үз.
 Дүниеге ғашық болым көрмесем де,
 Шақырып тұрғызбайсың келмесем де.

Аяңдаپ, ақыр бір күн ажал жетер,
Толықсып мал мен басқа кернесең де.
Дүние – бір қызыл тұлкі бұландаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Тұбіне бұл дүниенің жетемін деп,
Бай-жарлы сонан мойнын бұра алмаған.
Сылдырлап жаңа түскен келіншектей,
Көрген жан ғашық болмай тұра алмаған.
Жұзінді бір көрсем деп сағынамын,
Құдадай жаңа түскен, сыр алмаған.
Кейбіреу дәulet бітсе толықсиды,
Жұмаққа кірген жандай сұралмаған.
Кейбіреу сүйемелдең мактанады,
Мойнында бес парызын өтей алмаған.
Дүние, баяның жоқ қызыл желсің,
Тағат қып ісінді адам тұра алмаған.
Қонысбай, жасынан-ақ болдың ақын,
Дүниеден өтпеймін деп қалмаған.
Байменен осы күнде көңілің біткен,
Жарлыда, жалғызбенен болмайды ақыл.
Бір күні қазаң жетсе, сен де өлерсің,
Артыңа қалдырып кет сөзден нақыл.
Махфузда бір Құдайым жазған болса,
Жолығар бәз біреуге жаман қатын.
Жақсының жаманменен жігін ашып,
Азырақ мысал айла, білсін халқым.
Қатыны Жиреншениң болған серік,
Кетесің ақылына майдай еріп.
Біреуі ажал, біреуі қайғы тартып,
Қыршын ер қаза тапқан зайыбынан,
Қатыннан ерлер өткен жапа көріп.
Ешкімнің хабары жоқ айыбынан.
У ішіп, шын ұғылының өледі деп,

Жебірейіл хабар берген қайыбынан.
 Мұны естіп, ренжиді хақ пайғамбар,
 Сұннетін ұстаған жан иман табар.
 Мойнынан қасының кесілер деп,
 Тағы да жебірейіл берген хабар.
 Әр халда сол ажалды Тәңірім берген,
 Шайтаның кімді аясын соңынан ерген.
 Қатынның өсерімен кетті қайда?
 Малғұн да ғалым еді көзben көрген.
 Мінезін қатындардың баяндайын,
 Әрдайым сөзге жетік болсам мерген.
 Конысбай, біразырақ айла дастан,
 Баян ет бұрынғы өткен дос пен қастан.
 Қорлардың жұмақтағы мысалындей,
 Ер азбас сүйгенімен көніл қосқан.
 Біреуге бұзық әйел душар болса,
 Қас етіп, өз басына болар дұшпан.
 Шулатып, ауыл-үймен ұрыс қылып,
 Айырар ағайынды бір туысқан.
 Алмайды пенде тілін өз басына,
 Қойышты Тәңірім жазып өуелі бастан.
 Біреуге жолығады адал емген,
 Арман жоқ соныменен дәурен сүрген.
 Айналып шынтағымен ертенді-кеш,
 Байының қызметіне жанын берген.
 Құдайым қара құлға душар қылса,
 Келсе де падишаны көзге ілмеген.
 Бұзықтың байы болса мырза-биден,
 Баһадүр болса палуан сауыт киген.
 Дүниеден қазаң жетіп өліп кетсөң,
 Жетпей-ақ уақытың байға тиген,
 Біреумен көніл сүйген ойнап-күлген,
 Қайғылы қатын болмас іші күйген.

Бұзықтан біреу барып қатын алған,
Қайғылы көкірегі, көңілде арман.
Үйге келсөң, бетіңнен иттей қауып,
Зәрлі жыландаі тілін салған.
Жігіттер, жаман қатын алма, жаным!
Жақсыны ал, бәрін бер де дүние-малың.
Құдайым, жаман қатын душар болса,
Қайнайды қапаменен іште жалын.
Болады төрт түрлі өйел, біреуі есек,
Итше арпылдаپ қабады сырттан келсөң.
Шошқадай қорс ететін бір өйел бар,
Біз соны алмас едік бұрын білсек.
Жақсының сөзі шырын, тілі балдай,
Қынайды қызметінді шын жандай.
Жалғанда ердің көңілін қалдырма деп,
Тұрады ширатылып мойнын бұрмай.
Армансыз дүниеден өтер едік,
Сондайға жолықтырса, Жаппар Құдай.
Біреуі үшеуінің душар болса,
Дүниеден өтерміз ғой жылай-жылай.
Сөз шығар үшеуінен неше алуан,
Көңілің бүтінделмес сонан қалған.
Оқ атып, қылыш шапқан жаудан бетер,
Өзіңмен керіседі болып палуан.
Өзіңмен керіседі беті қайтпай,
Сенен басқа дұшпан жоқ бөтен жоқтай.
Көзіңе көрінгенің сол болған соң,
Бишара, не қыласың бірге жатпай?
Ерім деп Тәңірім қосқан сыйламайды,
Тұрмайды сеніменен бала шаппай.
Қатыныңды естіп жан келмейді,
Басыңнан ұшырады берген бақты.

Тозакқа жаман жібереді,
 А, Құдай, сол пәлеңнен өзің сақта!
 Мал жиып, береке жоқ, тапқанменен,
 Итаяқ адал болмас жатқанменен.
 Қосаяқ, түлкі, қарсақ, тышқан басар
 Секілді жаман қатын қақпанменен.
 Арқандап қойғанменен ұры алмайды,
 Базарға ешкім алмас сатқанымен.
 Атаға, анаменен тіл тигізіп,
 Құнәні теңгереміз батпанменен.
 Тұндігі желге қарсы, іргесі ашық,
 Қалады дауыл тұрса, топырақ басып.
 Бақырып белдеуінде бұзау жатыр,
 Ұрысар ауыл-үймен, зарын шашып.
 Сен байғұс еркекпін деп, қой деп айтсаң,
 Кетеді бір сөзінен бір сөзі асып.
 Көзінше көшшіліктің арын төгер,
 Бишара қалмасын ба жүздей жасып?!

От салар ағайынның арасына,
 Ата-анаң қылмас ізет данасына.
 Қанышқтай бетке шапқан шабаланып,
 Кіргізбес ауыл-үйдің баласын да.
 Қыдырып ұрысады аймағымен,
 Теңгерер жақыныңды алысыңмен.
 Ағайын, құда-жегжат, құдағилар,
 Онбаған айырады танысыңды.
 Айтарсың кісі келсе, қазан ас деп,
 Берелік түрлі тағам, палау басып.
 Не сойып беріп едің деп көз алартар,
 Сөз айтар жаман қатын ұрыс бастап.
 Шай қайнат тым болмаса деп айтарсың,
 Сен байғұс қорыққаннан сөзін қоштап.

Оза алмас қалса қайрат тең келмейді,
Сол итті болар еді кетсең тастап.
Жақсы әйел кіріп келсең күлер жайнап,
Тұрады сенен бұрын шайы қайнап.
Дұшпанға бары-жоғын білдірмейді,
Береді бар тамағын өзі ыңғайлап.
Жалғанның рахатында отырасың,
Аққудай көлде айдын тұрған жайлап.
Шайпау тіл, жеңіл аяқ кез келтірсе,
Жалғаннан өткенің ғой сорың қайнап.
Жақсы әйел, кіріп келсең, күлімдейді,
Айттырмай көңілінді білдім дейді.
Болса да өзі жақсы, байы жаман,
Сұңқарға ғашық болған ілдірмейді.
Әлгі айтқанымдай жақсы болса,
Сіздермен тату болып кім журмейді?!

Жігіттің болса жары ерттеулі аттай,
Формасы келіп тұрса перизаттай.
Бота көз, оймақ ауыз, қылған қас,
Мысалы, болып тұрса жазған хаттай.
Әнеки, болса сондай ілтипатты,
Көрген жан тамаша етіп, тұрса қарап.
Шабактай көлге ойнаған жалт-жұлт етіп,
Мысалы, болып тұрса суда балық.
Қиялы бұл құрбыңың осылайша,
Жүре гөр, замандасым, есіне алып.

БИМЕНДЕ ҚАЖЫ СӘЛЕМІ

Өуелі жад етемін Тәңір атын,
 Фаріптың еткей қабыл мінәжатын.
 Жігіттер, құлақ салып тыңдасандар,
 Айтайын Бименденің хикаятын.
 Найманның алты болыс ағасы еді,
 Жақсының жұрт егесі данасы еді.
 Әрқашан жұмыс болып қысылғанда
 Халықтың ақылы мен данасы еді.
 Ер сасып, етек басып қысылғанда,
 Мысалы, алтын дарақ ағашы еді.
 Бабасы қамал бұзып ту үстаған,
 Айбарлы арыстанның баласы еді.
 Арғы атаң Төлек – Тулак, Сандыбай-ды,
 Аруағы он төртінде жерді жарды.
 Баласы Сандыбайдың Ерден – Дүзен,
 Бірінен-бірі басым аждана еді.
 Сандыбай он төртінде жауға аттанып,
 Нұртаймен қарақалпақ соғыс салды.
 Жекпе-жек екі батыр қарсыласып,
 Нұртайдың сол арада басын алды.
 Әр жерден ол жиылған елдің бәрі,
 Ұран ғып алып кетті Бағаналы.
 Осындай он төртінде қайрат қылған,
 Біледі бұл жұмысты жұрттың бәрі.
 Мәшһүр боп жұртқа шыққан ұран аты,
 Батырдың ең әуелгі кәрәмәті.
 Орта жұз баласына аты кетіп,
 Жайылған жер жұзіне шарапаты.
 Таstadtы мал мен жанды керек қылмай,
 Иманның нәзіл болып ғаламаты.

Опасыз бұл дүниені не қылам деп,
Білдірген халайыққа мағлұмattы.
Бұларға қой дейтуғын адам бар ма,
Тартқан соң діни ислам шарапаты.
Көңілінде мәддұнасы осы болыш,
Байтолла Мәдиненің зияраты.
Қатын мен балаларға салып берді,
Түзетіп отырсын деп ғимаратты.
Қазақтың – батыр ердің баласындау,
Мағлұм көпір, қазақ арасында-ай;
Баласы үқсан туған Ерден батыр,
Болған жоқ одан кейін құт қайратты.
Ол ердің бетіне жан қараған жоқ,
Сол күнде ноғай, орыс, қазақ пен сарт.
Тәңірдің бастан-аяқ нұры тиген,
Бұлардың неғып шықсын жаманаты?!

Көрелік біз де жазып болған ерді,
Тәңірімнің болса бізге ғияпаты.
Нақақтан кісі өлтірген адам болса,
Келуші еді Ақмоланың уәляяты.
Көп тиді мұсылманның баласына
Айбарлы Сары Ердениң шарапаты.
Баласы Бағаналы қадам басып,
Алланың тиғеннен соң мархабаты.
Артынан күшіктей-ақ еруші еді,
Неше әкім келсе де Атбасар қаласынан.
Жалған деп кім айтады осынымды,
Ешкімнің бұзылмадың парасына.
Қозғалмай дәulet құсы басыңыздан,
Отыз жыл болып өттің болысым-ай!
Әкім боп жүрт ұстадың қалап әрдә,
Халайық тізгін берді әр мезгілде.

Келбетің, парасатың бірдей болып,
 Қазақта тұа бермес сіздей пәнде.
 Кезекпен болысной болып жатыр,
 Көрші көп ақшалы адам әрбір жерде.
 Бастарын сотқа байлап түсіп жатыр,
 Жете алмай, сайлау түгіл, келер күзге.
 Сонша жыл әкім болып ілім бердің,
 Орысша және шын деген сөзге.
 Сол кезде естен шықпай бір Құдайы,
 Ұстадың бір қолыңа шаригатты.
 Демедің үйде-түзде, ақ жолына
 Сарп еттің қайыр менен садақаны.
 Ноғайдан қалипа мен мұсәпірлер
 Үйіңе қысы-жазы келіп жатты.
 Астына ат, жанына ақша салып,
 Рахат келген ғаріп көріп жатты.
 Намазын, оразасын қаза қылмай,
 Көп қылды изарат пен ғибадатты.
 Осындай ақыреттің қамын ойлад,
 Кім тегіс шаригатын орындаңты?!

Халқына қадірі кетпей, сын шығармай,
 Жеріне ғаділ-бақи рахат етті,
 Сонымен елу аса жасқа жетті,
 Зәһәрлі сез айтпады қарындақса.
 Жүрем деп үш жыл бұрын Байтуллаға,
 Көңілінде арманы жоқ одан басқа.
 Жұртыңың бәрін жинап, ырзаластың,
 Ағайын дос-дүшпан мен жамағатқа.
 Қолынан Жылқайдарға ісін беріп,
 Деп еді әділдікпен жұртыңды ұста.
 Бұлағы екі жардың бірі еді ғой,
 Бұрынғы жақсылардан көрген нұсқа.

Ағыбай бір қадірлі ағасы еді,
Киімнің жарасатын жағасы еді.
Бұлардан мен де қалмай барамын деп,
Жасы үлкен жер жағының панасы еді.
Қимастан Бимендемен бірге кетті,
Асықты жүремін деп көңілі тынбай.
Сыртынан дос-ағайын жүрді қимай.
Дүшпаны қимайды деп ғайбат етті,
Болғанша сапар уақыты сабыр қылмай.
Насихат айтты жұртын жып алыш:
– Тату бол бастан-аяқ сүтей үйиш.
Іншалла, Хақ Тағала қабыл көрсе,
Жүремін Қағбатуллаға сапарланыш.
Әлім – хақ, туған жанға қиямет шын,
Кетемін жұртым сені ырза қылып.
Осылай халайықпен амандасты,
Көзінен қан аралас ақты жасы.
Тілекті Тәңірім берсе келмеспін деп,
Бәрімен үлкен-кіші ырзаласты.
Бименде артық туған тамам жаннан,
Кемі жоқ қарап тұрсам патша-ханнан,
Дүниеге ондай адам келе бермес,
Суреті, зейін, көркі басқа адамнан.
Тарихын тамам қылып тауыса алман,
Баласы Бағаналы қапаланған.
Қажылар мұнан шығып Одесса барды,
Артында туған елі кейін қалды.
Жеті күн өр қалада мейман қыпты,
Атадан артық туған арыстанды.
Одессадан бұлар шықты ұзақ жолға,
Қарайды көзін салып оң мен солға.
Арада сол теңізден аман өтіп,
Бір күні жетіп келді Стамбулға.

Таңып Стамбулға жақын келді,
 Тапсырып бір Аллаға қалған елді.
 Хабарды естіген соң құрмет етіп,
 Алдынан араб, түрік қарсы шықты.
 Жібермей Халифаның бұйрығымен,
 Кезекпен неше күндей мейман қылты.
 Ішінен ақсұңқары үшқаннан соң,
 Баласы Бағаналы қайғы жүтты.
 Негылыш жұрты қылыш жіберді деп,
 Бұларды күндік жерге ертіп шықты.
 Сыйлады тамаша ғыл осыларды,
 Әрқашан асыл қимас асылдарды.
 Келер күн және мейман тағы қылыш,
 Өзінің Бимендені қасына алды.
 Сырласып екі сұлтан тұніменен,
 Көңілде мәддүғасын тәмамдады.
 Кәпірден дінге нұқсан бола ма деп,
 Кейінгі елдің жайын баяндады.
 Әркімнің діні, еркі өзінде деп,
 Баstryған жеті патша мөрін көрді.
 Баstryған жеті патша мөрін көріп,
 Шаттанып сол арада бек қуанды.
 Сұлтанға өзім өлмей жолықсам деп,
 Көңілінде баяғыдан осы барды.
 Мешітті сала алмадық рұқсат бермей,
 Үкімін Россия жүргізіп тұр,
 Жалғыз-ақ түбін берсін патша Құдай.
 Ізденіп бұл жұмысты екі-үш жылдай,
 Ахметтен ерік алыпты үзын бір ай.
 Құранның аятын ешкім басып, кеспес,
 Қалдырып деген сөзбен болысной.
 Есітті үшбу сөзді халайықтан,
 Көңілінен қасірет шығып оттай жанды.

Сұлтанға тағзым етіп тамам халқы,
Қасында толып жатыр мұфти, қажы,
Айбатты, саясатты адамдары,
Білетін әрбір істің өнерпазы.
Бұл жолы екіталай қайтуым деп,
Сұлтанға ынтаzarмен айтқан назы.
Қол жайып бір ауыздан бәрі шулап,
Сыйлық қып Бимендеге алтын тәжі.
Құрметін Халифаның көзбен көріп,
Шыққандай анықталып қыстың жазы.
Ал енді тоқтатайын сөзді бөліп,
Әр істі тұрғаннан соң көзбен көріп,
Татуыл-күміс деген көміл ишан,
Жығылды зияратқа соған келіп.
Ишанға алтын тәжді нәзір беріп,
Дүғадан шарапатын үміт етіп,
Жығылды қияметтік пірім деді.
Бас ұрып аяғына, қолын өпті,
Татуыл Хазіреттен фатиха алып,
Стамбул шәһәрінен шығып кетті.
Қазақта мұндай жан да бар екен деп,
Істеген жұмысынан тағзым етті.
Алла деп, мініп алып пароходқа,
Сыйынып ықыласымен Жаппар Хаққа,
Мәдине, Мекке шәріп ынтызары,
Сонан соң Қағбаға жетіп кепті,
Құрбанға көміл бір ай қалған шақта.
Сол жерге қажы біткен жиылды енді,
Ихрам бәрі тегіс киінді енді.
Қағбаны көргеніне шүкірлік қып,
Баршасы бір Аллаға сиынды енді.
Шырақшы дәлелменен айналдырып,
Кіргізді зияратқа бұларды енді.

Меккеде қажы болғанша бір ай жатты,
 Көрсетті әр түрлі жан махлұғатты.
 Бұлар да қажы үшін келген екен,
 Сөзіне айтқан оның тусінбепті.
 Сөйлепті Лә илаһа Алла, Мұхәммәд деп,
 Жаратқан осылай ғып адамзатты.
 Қажылар жатағына пәтер алды,
 Бұрынғы дүниелікті есіне алды.
 Әрқайсысы бір-бір малдан сатып алып,
 Тауына Фарафаның құрбан шалды.
 Себеппенен Мағфуз тауларына
 Зиярат, ғибадат қып қайтты бәрі.
 Я, Алла, тілегімді қабыл қыл деп,
 Қажылар Қағбаны жеті айналды.
 Кәзіресі һәм қолын қоса сүйіп,
 Көңілден мәддүғасы бір кеткендей,
 Қажылар енді елге қайтамыз деп,
 Тәспі, құрма, зәмзәм суын алды.
 Қажының бағзылары Байтуллада,
 Рахат қып жанын берді ол жалғанға.
 Тілеген мақсатына бұлар жетті,
 Иманын қабыл еткей деді Алла.
 Парызын тамам қылып болғаннан соң,
 Естілді қажы Әкбар, «Сұбхан Алла».
 Іздеген мәддүғасы хабыл болып,
 Жеткізді мұратына Кәрім Алла.
 Онан соң жүріп кетті Мәдинаға,
 Арада неше қабат таудан өтті.
 Түйеге – кебежеге мініп алып,
 Мәдине шәhәріне жүріп кетті.
 Көрінді Мәдиненің мұнарасы,
 Ізденіп келген осы мәддүғасы.

Қазақтан келгендерді көреміз деп,
Алдынан кәрі-жасы қарсы шықты,
Қариясы, қажы-мұфти қалмай шықты,
Және де қатым кәрдә ғұламасы.
Бименде Ерденұлы Ханзада деп,
Бұрыннан мағлұм екен зүрәзәсі.
Әдеппен қол қусырып сәлем беріп,
Көрісіп амандастып, жөн сұрасты.
Баршасы сол арада бір ауыздан
Зиярат қабыл болсын деп шуласты.
Есен-сау Мәдинені көрген соң,
Ақшаны садақа ғып судай шашты.
Рахметіңе, Раббым, жеткіздің деп,
Тәңірінің нұры тиіп, судай тасты.
Я, Алла, кәрім өткіл ішім нұрға,
Бағышта рахметіңмен біздей құлға.
Мұстафа, я Мұхаммед Хабиба хақ,
Мойнымды Байтұлладан кейін бұрма.
Етпесең бұл тілегім қадір Маула,
Рахым етпегенің ғаріп құлға.
Қайтадан елге тірі алып барып,
Күнәкар шерменде ғып, қасы қылма.
Әрқашан осы болды мәддүғасы,
Көзінен тыйылмады аққан жасы.
Шәһәрияр Сыдық, Омар, Оспан, Галы
Ежелден пайғамбардың жан жолдасы.
Бәріне зиярат қып Шәһәриярлардың,
Әуелден тәмам болған ықыласы.
Еткізді қатым құран Мұхаммедке,
Ғашық бол әрқашан да ықыласы.
Жад етіп Жаратқаннан журдім тілеп,
Қажының осы болды ықыласы.
Мекке мен Мәдинеге барғанынша,

Оқитын намаз болды ықтакасы.
 Арманы көңіліндегі осы болып,
 Көрсет деп пайғамбардың раузасы.
 Шәһитлік дәрежесін тапты бірден,
 Осы боп бір Алланың ердің қасы.
 Құрметпен Бимендені жамиғаттар,
 Жаннатлы Бахияның ерді қасы.
 Қызығын екі дүние бірдей көріп,
 Сол күнде елу үшке келді жасы.
 Жазылған Лаухул-Махфуз тақтасына,
 Адамның қайда қалмас ғазиз басы?
 Бәріңе басшы болған қажылардың
 Ішінде Бимендедей пәруәнәсі.
 Барлығы қажылардың кесел тапты,
 Зейінді ақыл-парасат түр данасы.
 Қәбісі қажылардың кесел тапты,
 Бұларға Тәңірім берді артық бақты.
 Раузасын пайғамбардың зиярат қып,
 Қәлімә тауфик қылып жалғыз Хакты,
 Аллаға енді алсаң ризамын деп,
 Тілінен тастамады мінәжатты.
 Тілегін Хақ Тағала қабыл қылды,
 Кісі еді парасатты һәм зияпatty.
 Өтерін дүниеден білгеннен соң,
 Бименде халайыққа жазды хатты.

Кейінгі халайыққа жазған сәлемі:

Сәлем де Ырсай қажы ағамызға,
 Білімді, ақылы кемел данамызға.
 Әуелі Хаққа, екінші ие қылып,
 Халайық қалды сіздің панаңызда.
 Ырсекен ақсақал ғой бір шамшырақ.

Жол көрген бәрімізден бұрынырак.
Баласы Бағаналы, азбассындар,
Тұрсандар Ырсекеңнен ақыл сұрап,
Сәлем де Тілеубай мен Жылқайдарға.
Алданба опасы жоқ дүние-малға.
Төлектің баласының басын қосып,
Ақыл айт дұрыстықпен қалғандарға.
Фаламды он сегіз мың билесен де,
Өлім хак, ақыреттің қамын ойла.
Сәлем де Махат, Жақып інімізге,
Біреуің рахымды бол біріңізге.
Баладай еркелеуші ең, інілерім,
Саламат, түгел тұрған күнімізде.
Мырзалар, енді қалды өздеріңе,
Бұрыннан бұл миасты білдіңіз бе?
Аға бар бәрімізден жасы ұлық,
Сыйлас жүр Қасқабайды тіріңізде.
Жасы үлкен, қызмет қыл үлкениңе,
Келтірме тәкаппарлық көніліңізге.
Атадан – жас, ақылдан бос қалып ед,
Сейіл мен Батыrbекке сал көзіңді.
Әркім-ақ атасынан жетім қалған,
Бұл мирас пендешілік бұрынғыдан.
Жетімдік көрмейсіндер, балаларым,
Алдыңда тірі тұрса ағаларың.
Артынан бес намаздың аят оқып,
Бағыштап тұрыңыздар күнде маған.
Шырағым, бұдан басқа не айтайын,
Тапсырдым бір Тәңірге, болсын панаң.
Бабаңың бағын беріп, аруақ қолдап,
Бәріңе жәрдем болсын Хақ Тағалам.
Кейінгі елге тірі барғандарың,
Айтыңдар халайыққа бізден сәлем!

МАЛДЫБАЙҰЛЫ ЖҰМАННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Эй, күшім, қайда кеттің арыстандай,
 Жау көрсөң жағаласып алысқандай?
 Талпынған жастық көңіл, қайда кеттің,
 Қиямен қияшта өрлең салысқандай?
 Сөйлесе мұдірмейтін тіл мен жағым,
 Шешенмен топтан озған жарысқандай.
 Нұр жүзім, ажар-көркім, қайда кеттің,
 Басқаға менен кетіп болысқандай?
 Жайнаған жастық дәуір, заманым-ай,
 Мен сені іздең қайдан табамын-ай?
 Бір соқпай қайта оралып кеткенің бе?
 Болмайды саған, сірә, амалым-ай!
 Түрі жоқ, кескіні жоқ сүйексің деген,
 Қалдым ғой бір тубекте қамалып-ай!
 Соғар деп жолың түссе бір айналып,
 Отырмын ақылдасып қамалып-ай.
 Сол жастық түсер ме екен қайтып қолға,
 Қызыл тіл – қартаймайтын бейне жорға.
 Бір кезде тіліп түсер қыран едім,
 Түскенді бөліп түрен бейне торға.
 Жайнаңдал, жан бауырдан шықса алға,
 Қарайсың мойның бұрып өзер зорға.
 Жиырма бес енді қайтып келмес саған,
 Жоқты іздең, тоқта, көңілім, өуре болған.
 Бір биік сексен деген шықтым белге,
 Отырмын еңбексүйгіш бақытты елде.
 Бұрынғы бастан өткен істерімді,
 Деген жоқ ешкім теріс өлі күнге.
 Бұрынғы атам қазақ айтып өткен,

«Өнердің ең үлкені – қызыл тіл» деген екен.
«Артында, өзің кетсөң,
Ұмтылmas тарихта сөзің қалса» деген екен.
Лепіріп шалқысаң да, көңілің тасып,
Елуде ер жасынан кеткен асып.
Сексеннің биік асқар асуының,
Дәл шығып тәбесінде түрмyn басып.
Қалды, шіркін, жастық бізден кейін,
Ер жасы – елу екен берген зейін.
Көрсетіп дүние қалың болар өсте,
Өзіне жақындастып елді бейім.
Білім, ұят қалды ол жас,
Менмендік, тәкаппарлық менен қашып.
Келсем де мұнша жасқа әлі күнге,
Жалқаулық қосқан емес менімен бас.
Жатасың көңіл сырын қалай ашпай,
Шықпайды егін жерге тұқым шашпай.
Зейінді, ақылды адам ұғып алар,
Қадірін білмегенге арам астай.
Бұл күнде сексен асып келді жасым,
Ағарып оңған шөптей сақал-шашым.
Өлшеулі өмір шамы сөнген күні,
Тусерсің жер астына, ғазиз басым.
Біраз күн дүние бірге жасап,
Жан, тәнімнен айырыларсың, жолдасым.
Еститін не түрлі сөзбен құлағым,
Әр істен ғибрат алып, ашқан бағым.
Дүниеден жақсы-жаман естіген сөз,
Мысалы, болып кетер ол бір сағым.
Қараңғы жер астына түскен күні,
Тірілік, жүрегімде қалmas дағың.
Ай-күнге ұшқан шамшырактай,

Екі көзім қаранғы, сен болмасаң басқан ізім.
 Айырып жақсы, жаман жол көрсеткен,
 Көрінсе бір жамандық, берген сезім.
 Асылдай отқа түскен жасаң тартып,
 Жататын жер астында болар кезің.
 Сезетін түрлі иіс ғазиз мұрын,
 Жақсы иіс, нұр миуа, сен тартқан сезім.
 Кіргесін жер астына ғаріп болып,
 Өзгеріп кетеді де әрбір борың.
 Ырзық, дәм, миуа берген көмек
 Етер ем сен болмасаң қалай қорек?
 Тізілген отыз тісім інжу мысал,
 Бір күні болмай кетер сенен дерек.
 Қадірсіз бала ұстаған ұсақ тастай,
 Жатарсың жер астында бөлек-бөлек.
 Шығарған түрлі қажет екі қолым,
 Тұтатын бірдей қылыш оң мен солын.
 Дүниеде неше түрлі керегімнің,
 Бет алсам қай жағына ашқан бағым.
 Бұл дүниеде мың ділдәлік он саусағым,
 Сеніменен неше түрлі мінген тағым.
 Қолыма қалам алсам жорғалаушы ең,
 Сенің де жанмен бірге үшар бағың.
 Іздеген мақсатына жүріп жеткен,
 Зиян көр, залым болса қашып кеткен.
 Денемнің бар қуаты – екі аяғым,
 Сен-дағы айырыларсың бұл құрметтен.
 Жан мен тән, айырыласың қан менен тән,
 Бір күні ажал келіп алғанда жан.
 Тән қош айтсың қалысқанда,
 Сүйегім төрт жүз қырық көніл болсын.
 Былғанып топыраққа көр астында,

Болады шіркін дүние сонда қарып.
Кім сонда қылар екен ашналық?
Тағдырдың күні бізге айтып келмес,
Тұралық болашақты мойынға алып.
Жан жарың, жиған малың, дүниеміз
Бізбенен кіре ме екен бірге барып?
Артыңа тастап кетер белгің осы,
Оқыса өркім танып, сөзің қалып.
О, шіркін, кезім қайда бала болған?!
Істер көп балалықта шала болған.
Он бес пен жиырма бестің арасында
Қырандай екі көзі дала болған.
Уа, шіркін, қайда кеттің сол бір отыз,
Біреуге іні, біреуге аға болған?
Алпыстың асуына шыққаннан соң,
Жаныңдан жастық шіркін ада болған.
Жетпіс пен сексенге жете қалсан,
Бір дәуірге кез болады бала болған.
Тоқсанда төңкерілген томардайсың,
Тамырсыз су аударған пара болған.
Тоқсаннан асып жүзге жеткен кезде,
Бір дәуір тағы келер бала болған.
Адамға жүзден артық өмір қайда?
Жан қалмас алды-артыңда пана болған.
Артыңда өзің кетсең қалатындей,
Сөзінді кірпіш қылып қала қолдан.
Жетіліп қиял құсы hәр тарапқа,
Ойда сөз аяқталмай шала болған.
Дүниеден азды-көпті біз де өтерміз,
Үш қабат нәсіп болып кәфін, бәз.
Бұл дүние ойлағанға тұс мысалды,
Алланың өз достысының ұммәтіміз.

«Аз сөзден – көп мағына» деген нақыл,
Жақсылар ,фаһым¹ етіп, ойлап қара.
Оқушы, тындаушылар, бір дұға қыл!
Сіздермен тілейтуғын бұл Мәддіқүл.

¹ Фаһым (араб.) – түсіну

АРҒЫН ЗІЛҚАРА БИДІН ӘЛМҰРЗА БИГЕ АЙТҚАН СӨЗІ

Мен жыламай қайтейін?
Әкем менен анам жоқ,
Қатар-құрбы және жоқ.
Көгорай шалғын жерімді,
Шалқып жатқан елімді
Аралайтын шамам жоқ.
Төрт аяғын тең басқан
Жорғаны мінер белім жоқ.
Мықтап ұстап айырылмай
Кәріліктен басқа мінім жоқ.
Тамырың тастай қататын,
Сүйретіп тағдыр жетелеп
Ажал келді төтелеп.
Сайраған қызыл тілім-ай,
Мекенің қандай жататын?
От болып денем жанып тұр,
Дүниеге көнілім қалып тұр.
Қуат кетіп денеден,
Жазуға көзім талып тұр.
Ажал деген бұғалық
Мойныма және салып тұр.
Енді өлеңді тоқтаттым,
Тірліктен көнілім қалып тұр.
Бар денеден әл кетіп,
Ерікті менен алыш тұр.
Қазалы жерге сүрініп,
Аяқты арқан шалып тұр.
Өлшеулі өмір азайып,
Тұған-туыс, дос-жаранды қия алмай,
Көнілім мұнайып қалып тұр.

ЕЛ АУЗЫНАН
ЖАЗЫП АЛЫНГАН
ҚИССА-ХИКАЯЛАР

Жазсан – тұрар, жазбағаның – жоғалар.

«Құтты біліктен»

*Шаригат – ағып жатқан бұлак,
Бұрынғының сөздері – жағалай біткен құрақ.*

Бабалар сөзі

*Мен келешек үрпағыма сенемін.
Олар бабалар сөзін қастерлейді, құрметтейді.*

Жүрсінбек Сейілов

ХАЗІРЕТ ФАЛІНІҢ ФАСЫ БОЛҒАН ХИКАЯСЫ

Айтайын бір Алла деп сөздің басын,
Пайғамбар көрді дүние көп жарасын.
Ақырда пайғамбарлық уахи келіп,
Көрсетті кәпірлерге мұғжизасын.
Расулге уахи келді қырық жаста,
Миғражға шығатуғын кешесінде.
Мұхаммед – дін ислам дін шырағы,
Фаламнан құрметі асқан халық ішінде.
Мұхаммед – дін ислам дін шырағы,
Макшарда әм саясы, әм пырағы.
Макка мен Мәдинаны пана қылыш,
Мұсылмандық дін үйретті баршаларға.
Түзетті әуел Сыдық ықыласты,
Ғұмардың әділдігі жүрттан асты...
Пенденің сыры мағлұм бір Құдайға,
Құрметін берді артық Мұстафаға.
Мұхаммед пайғамбардан рұқсат алған,
Бір күні Фалі шықты сахараға.
Мінді де дүлдүліне сапар барды,
Көңіліне бар қиялды Тәңірім салды.
Тұтқасын аспан-жердің қолымға алсан,
Көтеріп қояр ем деп ойына алды.

Ғалі өрт болғанда, кәпір жаудан,
Женбесе женілмейды ешбір жаудан.
Ыскырған бір үн шықты биік таудан,
Жақындан Ғалі айдар тауға жетті,
Бір ғажап кереметті Хақ көрсетті.
Сол таудың кенеріне жақын келіп,
Барлығын аудармаққа көнілі кетті.
Сол күні Тәңірім салды бір ышындық,
Аударды таудың бәрін қаһарланып.
Аударып тау мен тасты жоқ қылғанда,
Астынан бір ғажайып шықты сандық.
Сандықтың Ғалі айдар аузын ашты,
Ішінен жылан шықты екі басты.
Ыскырып, айбатланып шықты жылан,
Ғалінің мұны көріп қаһары тасты.
Камшымен Ғалі айдар жыланды үрді,
Осындай көріп шыққан ғажап сырды.
Ыскырып, айбатланып шықты жылан,
Өлмейді үрған сайын өсе берді.
Жыланды өлтіре алмай сол сияқты,
Жөнелді сабыр қылмай мініп атқа.
Ренжіп, қапаланып келе жатса,
Көреді екі ат мінген адамзатты.
Адамзат қашты атпен екі бірдей,
Ойланды құтылmas деп жерге кірмей.
Соңынан дұлдулменен қуып берді,
Қарасын, жетпек түгіл, қалды көрмей.
Ғалінің мұны көріп, іші күйді,
Ақылы бейхошы болып, есін жиды.
Ренжіп, қапаланып келе жатса,
Көреді бір әдемі тігулі үйді.
Атынан Ғалі түсіп, тұрды қарап тыста,
Көрсетті Тәңірім бұған өрбір нұсқа.

Сол үйдің жапсарынан қарап тұрса,
 Шаян мен іші толған құрт-құмырсқа.
 Сол күні Тәңірім салды мұндай күйге,
 Салды нелер күйді пендесіне.
 Сол жайдан және аттанып келе жатса,
 Кез болды қара лашық киіз үйге.
 Дұлдулден түсіп Фалі келді бұған,
 Ішіне нелер салар Хақ субхан.
 Дүниедегі ғажап, таңсық бір үй екен,
 Қазынасы толған түрлі тағам.
 Ойланды отырсам деп ішіне еніп,
 Тағы да ренжіді тысын көріп.
 Ішіне тысы лайық болмады деп,
 Дұлдулге мініп кетті, аз кідіріп.
 Фалінің жүзі ыстық, көңілі пәс,
 Көзіне ызаланып алды жас.
 Жайнаған бір гауһарға кез болады,
 Құбылған неше түрлі бір асыл тас.
 Сол тасты аттан түсіп қолына алды,
 Қызығып, көңілі кетіп, қайран қалды.
 Бұл тасты әкетсем деп тұрды-дағы,
 Орнына, қимаса да, қайта салды.
 Алдында бір ит жатыр жерді тырнап,
 Элі жоқ айналатын жанын қармап.
 Ішінде, өзі буаз, толған күшік,
 Үреді тумай жатып бәрі шулап.
 Фалінің мұны көріп, ақылы қашты,
 Тағы да бір себеппен қатты састы.
 Тұғінің әрбірінен оттар шығып,
 Бір бура сол арада қарсыласты.
 Алдынан бура қарсы шықты,
 Шыдамай айбатынан Фалі қашты.

Дұлдулге келіп ауыз салар болды,
Фалі мұны көріп қатты састы,
Жасынан Фалі қорлық көрмей өскен,
Кәпірдің неше алуан басын кескен.
Қорғануға жер таба алмай келе жатса,
Көреді бір шұқанақ Тәңірім тескен.
Дұлдулге келіп ауыз салған шақта,
Жүгіріп түсіп кетті шұқанаққа.
Шұқанақ түбі терең һәм қараңғы,
Көлденең тиді аяғы бір шыбыққа.
Фалінің жанын сонша қысқан,
Ғайыптан бура шығып болды дұшпан.
Шыбықтың екі басын кеміріп тұр,
Бірі ақ, бірі қара екі тышқан.
Бұрқылдаپ бура келіп шабынады,
Айбатынан Фалі қорқып шыдамады.
Шақылдаپ, бура кетті қырдан асып,
Ер Фалі ызаланып, қайғырады.
Фаламнан он сегіз мың Фалі шықты,
Қурескен палуанның бәрін жықты.
Аллаға Шері ғасы болды ғой деп,
Мұхаммед Фалім иман болып шықты,
Мұхаммед Фалім иман болды өзі.
Мойнында кітап Құран, аят сөзі,
Мінді де бір есекке жолын тосты.
Болғанда кеш мезгіл қайтар кезі,
Ер Фалі шалды көріп, берді сәлем.
«Амансың, – алып сәлем деді, – балам?
Жүрмісің ұрлық қылып осы арада?
Адамсың мезгілсіз не істеп журген?»
«Әй, ата үры емеспін, Фалі дүрмін,
Талапкер палуанның бірі дүрмін.
Мұсылман кәпір қырып, дінін ашқан,
Естісең, бір Алланың шері дүрмін».

«Мініпсің, жаным балам, бір ниетке,
 Жарайсың бұл түріңмен не қажетке?
 Болмайды сіз сияқты Фалі айдар,
 Біздей бейшараны өжуә етпе!
 Көрінді, жүзің сұрғылт, ұрымысты
 Дүнияда кәzzәблікпен жүремісің?
 Дүнияда залымдар мен ғасылар көп,
 Баян ет, сен солардың бірімісің?»
 «Неліктен менің сөзім болды қата?
 Пайғамбар ықыласпен берген бата.
 Батима – жарым, атам – хақ Мұстафа,
 Бұл сөзім рас болар, жан ата!»
 «Сен болсаң, атыңнан, Фалі жаным,
 Шын болса, пида болсын тәнім, жаным.
 Егерде Фалі екенің рас болса,
 Меніменен күресерге бар ма әлің?»
 Эй, ата, күресерге бар дүр әлім,
 Қашаннан менің сырым – халық қамалым.
 Боларсың мен жыққан соң пара-пара,
 Болады егер өлсең кімге обалың?»
 «Жыға бер, әлің келсе, Фалі балам,
 Өзіме, өзім өлсем, өз обалым.
 Егер де осы жерде жығып кетсең,
 Қылған іci Шері, Хақ Тағалам».
 Тұсті де, ұстаса қалды Фаліменен,
 Өзінің Фалі шері жаныменен.
 Белінен шалдың Фалі қатты ұстады,
 Қүшінің қолындағы барыменен.
 Тағы да мықтап ұстап, тартты Фалі,
 Алланың арсланы, тақуалы.
 Қаншама қайраттанып тартса-дағы,
 Индей қозғалтуға келмейді әлі.
 Еш адам шалдан бөлек кез болмайды,
 Зорланды сонша Фалі, қозғалмады.

Белінен шалдың Фалі қоя беріп,
Ұялғаннан енді артына сөз қылмады.
«Ей, балам, мұнша мені қылдың мазак,
Басыма көп машақат, салдың азап.
Көтеріп, қоржынымды бәктеріп жібер,
Кетейін өз жөніме, жолым ұзак».
Қоржынға қолын салды Фалі көтермекке,
Жыға алмай бір көріні қылады өкпе.
Қоржынды екі қолдап тартып еді,
Сол шақта көтере алмай қалды текке.
Фаліні шал қыстады болшы, бол деп,
Аянбай барлық күшпен көтерді кеп.
Орнынан қоржыны бірақ қозғалмады,
Тартса да Фалі айдар қанша күштеп.
«Ей, балам, Фалі екенсің, жана таныдық,
Бар болса, рас сөйле мұсылмандық.
Көтеріп қоржынымды бере алмадың,
Қалып па саған түсіп арыстандық?»
Фаліге шал солайша жауап берді,
Көтерді шынтағымен, көзі көрді.
«Әуре мені мұнша еттіңіз», – деп,
Жөніне шал бейшара жүре берді.
Фалі де аттанды есін танып,
Құдайым бір сағатта қылды ғаріп.
Дұлдулден Хазірет Фалі түсті-дағы,
Төсекке теріс қарап жатты талып.
Фатима айтты: «Ай, шерім, меһрбаным,
Сүйікті екі дүние қадірданым,
Көңілің не себеппен қапа болды?
Сіз үшін пида болсын шыбын жаным».
Сөз қатпай теріс қарап күрсінеді,
Батима апам келіп білсін деді.
Пайғамбар бір асқапқа әмір қылды,
Жатпасын, шерім мұнда келсін деді.

Екі елудің жасы толды дейді,
 Әр іске Тәңірім салған көнді дейді.
 Пайғамбар шақырган соң не тұру бар,
 Мешітке Ғалі айдар жүрді дейді.
 Мешітке Ғалі жүрді қадам басып,
 Тұрады көрген жаңмен амандастып.
 «Даладан оқиға болды пайда,
 Айт, балам, шерінді тарқат көңілінді ашып».
 Айтады Ғалі сырын барша бастан,
 Ешбірін беймағлұм қалдырмастан:
 «Мен бүгін қынышылық көрдім істі,
 Бір адам жаңа көрдім қайраты асқан.
 Ұжмақтан Ҳақ Тағала орын берсін,
 Ондай көргенім жоқ мұнан бұрын.
 Өзі иман ғұлама құп мұсылман,
 Ішкімге ұқсатпадым оның түрін».
 Былайша жауап берді Ғалі батыр,
 Ғалінің әрбір сөзі болды татыр.
 Жаратқан Құдай артық пайғамбар,
 Сөйлеуге енді тақсыр келе жатыр:
 «Насихат саған айтқан бұл бір сөзім,
 Естіп құлағым көрер көзім.
 Әуелде өскен жылан кешен
 Жанында ол Батима – менің қызыым,
 Ей, балам, насихатым бұл дүр сөзім.
 Сүйгелі адам жоқ артық сенен,
 Жөнге сал әйелінді ақылменен.
 Адамды ашындырар таяқ деген,
 Екінші, жете алмадың бір адамға,
 Фибрат болсын бұл сөз бар адамға.
 Жеткізбес өткен ғұмыр қусаң-дағы,
 Жаратқан адам макұлық жұмыла жанга».
 Сол сөздің бәрін айтты пайғамбары,
 Бұл сөзді құптады жас пен кәрі.

«Ақ үйдің іші толған жылан-шаян,
Билері ақырзаман зәлім болар...»
Бұл сөздің бәрін айтты пайғамбары,
Тыңдады ықыласпен жүрттың бәрі.
«Қараша үй іші толған қазына сол,
Бишара ақырзаманда рушылар.
Бір тасты атап тұрып қолыңа алдың,
Кызығып, қимасаң да, қайтып салдың.
Оны алсаң қуар едің дүниені,
Сол тасты болды жақсы алмағаның.
Ит көрсөң жер тырнаған өзі буаз,
Күшігі тумай жатып қылса ауаз.
Ұл сөйлер ата тұрып, аңла, балам,
Қыз сөйлер ана тұрып ұяты аз.
Тәкаппар болма, балам, өзіңе кел,
Бір сағат естен шығармай Құдайды біл.
Тұгінің өрбірінен оттар шыққан,
Құдайдың әмірі сол аз бір айыл.
Бурадан қашып қойға түстің,
Қой үстінде маканларды шықты үстін.
Бір ақ, екі қара тышқан,
Қылайын сөз мағынасын ғажап істің.
Мысалы шыбық түсті дүниенің
Ағы – күн, қарасы – түн, Ғали жаным.
Зілімлар мүминдерді жиып тауысар,
Қиямет болса қайым сүм заманың».
Пайғамбар баяндайды үшбу сырды:
«Көніліңе көштім деп артық кірді,
Манағы жығылмаған кәрі шалың,
Ой, балам, танымадың біз пақырды.
Сол шалды жыға көрсөң таныр ма едің?
Болады көз алдыңда көріскен шал.
Ол қоржын – тұтқасы аспан-жердің,
Тізеннен, көтере алмай, жерге кірдің.

Аллаға мұнан былай ғасы болма,
 Келмеген әлі сендей нешелердің».
 Біл, сөздің бәрін шешті пайғамбары,
 Сөздерін құптадыңдар жас пен кәрі.
 Аллаға өзім қарсы болым ғой деп
 Жығылды аяғына Хазірет Фалі.
 Пендеge Хақ Тағалам берсін жәрдем,
 Бейхабар күшің тасып болма өз адам.
 Құдайдың бергеніне шүкірлік қыл,
 Кетіпті тасыңқырап Шаһымардан.
 Алланың арсыланы Фазірет Фалі
 Дүниенің пар болған жоқ палуаны.
 Әркімдер артықпын деп тасымасқа
 Фибрат бізге нұсқа сөз қалғаны.
 Салауат оқыныздар пайғамбарға,
 Mehrban қамқор болған ұмматларға.
 Дүниеде кемдік көрді ұммәт үшін,
 Дінді ойлап білу дұрыс ақылы барда.
 Тоқтаттым бұл қиссаны жазып тамам,
 Дүға қыл, оқушылар, жазған маған.
 Пайғамбар шапағат етсін ұммәтім деп,
 Мұмінді жарылқасын Хақ Тағалам.
 Алланың аты үшін, пайғамбардың хаты үшін
 Жазамын өлгенімше келсе шамам.
 Алғысың бізге деген көпке болсын,
 Кісіні сөз тындаған үлкен аға.
 Оқытып бізді осындаі жетілдірген
 Алланың нұры жаусын ата-анаға.

ПАЙҒАМБАРДЫҢ СОҢҒЫ ТІЛЕГІ

Біләлға Расул айтты қылып пәрман:
– Хабар қып халықтың бәрін келтіріп сан.
Ақырғы өсиетім үшбу дүр, – деп,
Бұл күнде сан өсиет айта-дұрман.

Шаһарға бұлар жүріп хабар берді,
Есітіп барша жанның бәрі келді.
Мешітте отыргандар сағынғаннан,
Есікте тікесінен тұрар еді.

Мінбеге Расул құда шықты барып,
Алланың хамидін айтты ауызына (ағызына) алып.
Ақырды шаһит болып өлгендердің
Хақында дүға қылды қолын жайып.

Пайғамбар Асхапқа айтты:
– Тыңда бәрің,
Өтпекке жақын болды уақытым менің (маның).
Алланың әзелдегі пәрменімен
Кетемін ортаңыздан енді сенің (саның).

Өтер деп қайғырманыз ешбір мені (маңа).
Ілгергі пайғамбардың бәрі нама.
Дүниеде бірде-бірі қалған емес,
Жалғыз-ақ бақи қалар Құдауанда.

Онан (анден) соң Мұхажирға айтты Расул:
– Тыңдаңыз, сізлерге айттар өсиет бұл.
Бұларға менен кейін хәкім болсаң,
Аңсары өuletіне (ауладына) жақындық қыл!

Біздерге (бізларға) қызметі бар артық оның,
 Сарп еткен дін жолына дүние-малын.
 Келмestен орныңызды даяр етіп,
 Бағы бостан болыш берді манзылларын.

Бұлардан егер (агар) болса, күнә (кінә) хасыл,
 Faфу етіп, сізлер оны (аца) марқабат қыл.
 Көрмestен иман айтып, дінге кірген,
 Haқ жолда (салба) сал бағатынлар бола-дұрлар.

Онан соң Аңсарыға айтты және:
 – Бұл дінде қарындассыз сізлер маған (маңа).
 Менен соң залымдардан (залымлардан) хәкім болыш,
 Эр түрлі жәбір істі қылғай саңа.

Алланың тағдырына мойынсуыш,
 Залымына тұрыңыздар сабыр қылып.
 Ол көрген мехнатыңың қайыры үшін,
 Мақшарда шаттанарсыз (шатланарсыз) жәннат кіріп.

Эр істі қылмаңыздар (қылмаңызлар) сіз асығыс,
 Алла hәм асығыспен қылғай іс.
 Эр нәрсе асыл іспен және (бана) болса,
 Опасы иесіне (екісіне) болмағай еш (hәш).

Және айтты:
 – Ай, халайық, сөзімді анда (аңла),
 Эркімнің қысас қарызы болса менде.
 Дүниеден кетпей тұрып мағлұм етсін,
 Беремін өз қолымнан, болса өр (hәр) не!

Бұл күнде сұрағанға қысас малын,
 Зәредей ренжімейді көнілім менің.

Ол адам өзгелерден сүйікті (сүйіклі) дұр,
Дұшпандық (дұшпанлық) етпегені, бәлкім, оның.

Отырды жауап бермей бәрі һама,
Пайғамбар аз һар етіп айтты аңа:
– Бір мәртебе сұрағанмен айтпағайсыз,
Айтамын намаздан соң сізлерге және.

Бесіннің сол мезгілде уақыты кірді,
Орнынан намаз үшін Расул тұрды.
Махырабада асхапларға имам болып,
Намазын жамағатпен ада қылды.

Мінбеге (мінберге) және қайтып келділер баз,
Ілгергі айтқанын қылды ағаз.
Бір адам қол қусырып, тұра келіп,
Деп айтты:
– Ай, шаһанша, мақұрм араз.

Үш теңге хақым бар дұр сізде менің,
Білдірмек себебім сол: «Айтқыл!» – дедің.
Және де ол адамға Расул айтты:
– Ауысты қай турада қарызың сенің?

Ол айтты:
– Баар (барур) едіңіз жолмен кетіп,
Бір тақсыр (тақыр) нәзір сорды сауал етіп.
«Бар болса теңге бер!» – деп әмір еттіңіз,
Мен сізге үш теңгені бердім елтіп.

Ол теңге ұмытылып сонан бері,
Сұралмай бұл күнгеше жүрер еді.
Фазылға Расул-құда пәрмен етіп:
– Хақысын ол адамның бергіл! – деді.

Асхапқа Расул-құда айттылар баз:

– Бар болса, білдіріңіз қылып агаз.

– Жә, Расул, үш теңгеніз менде бар деп! – деп,
Бір адам тұра келіп берді өуез.

Фазылға ибн Фаббас – Расул айтты:

.....(оқылмады)

Құтқарып теңгені ал бұл адамына
.....(оқылмады).

Және айтты өуез қылып:

– Ай, жаранлар,
Әркімнің менде қысас, хақысы бар.
Алланың аты бірлан ант беремін,
Бұл күнде хабар беріп, қылсын аз һар.

«Айтқыл!» – деп үш мәртебе өуез берді,
Расулдан ешкім зиян көрмен еді.
Сол уақта Факаша атты (атлы) бір сахаба,
Алдына пайғамбардың тұрып келді.

Деп айтты қол қусырып:

– Ай, шаһариар,
Көңілімде айтатұғын бір мәдіғам бар.
Табоктің арасында жол үстінде,
Қамшымен түйенізді ұрдыңызлар.

Ол қамшы ұзындықтан (ұзынлықтан) онан өтіп,
Арқама сол заманда тиді жетіп.
Алланың атыменен ант берген соң,
Білдірдім қызметіңе аз һар етіп.

Бұл сөзден Расул-құда хабарланып,
Жылады (жығылады) көздеріне жасын алып:
– Жақсылыққа жаза көрсін Алла! – деді, –
Білдірдің бұл уақытта еске салып.

Біләлға пәрмен етті Шаһым Абырар:
– Үйінде Фатиманың ол қамшы бар!
Тез келтір, бұл дүниеде құтылайын,
Бұл қысас ақыретке кетпесін-лар.

Хазірет Біләл барып Фатимаға,
Білдірді уақиғанын бәрін һама.
– Факаша пайғамбарға қысас қылар,
Беріңіз, лазым болды қамшы маңа.

Фатима мұны естіп қылды фәриад,
Жылады Хасен, Хұсайын – екі шаһизат.
– Айт, – деді, – Факашаға, біздерді ұрсын,
Расулге тигізбесін зарра капат (таляқ).

Біләл мен шаһзадалар бірге журді,
Алдына пайғамбардың келіп тұрды.
Асхапқа, мұны көріп, қапалық келіп,
Өздерін тоқтата алмай (көп жылады) жылап тұрды.

Біләлдан Расул-құда қамшыны алып,
Берді-лар Факашаға:
– Қысас қыл! – деп.
Факаша ол қамшыны қолына алды,
Алдына пайғамбардың жақын барып.

Асхаттың баршасы һәм мұны көріп,
Көзінен жасын төгіп, қайғыланып.

Жылады үлкен-кіші бәрі һама,
Айтады Хасен, Хұсайын нала қылыш:

— Орнына бабамыздың біз жатамыз,
Қамшыны, қанша болса, бізге ұрыңыз!
Хасен менен Хұсайын – екі шағизат,
Бір қамшыға – он қамшы үр, еркіңіз!

Орнынан тұра келіп төрт шаһариар:
Фалы менен Әбубекір, Ғұсман, Ғұмар.
Деп айтты:
— Жә, Факаша, қысас қылма!
Берейік бұ хакынды саған біздер (бізлер)!

Пайғамбар оларға айтты:
Бәрекелді (бәрекалла),
Койындар, мәдіғасын қылсын һазна!
Мұғажир аңсарының баршасы һәм
Орнынан тұра келіп, айтты және.

Деп айтты:
— Жә, Факаша, арызымыз (ғарызымыз) – бұл,
Орнына пайғамбардың біздерді (бізларны) ұрғыл!
Бұл күні фағыр (шағыр) ғалым ренжімесін,
Ризамыз (ырзамыз) әр (hәр) не болса, біздерге қыл!

Факаша оларға айтты:
— Мақұл емес,
Бұл сөздер шариғатқа мақұл келмес!
Алланың дәргаһында: «Қысас ет!» – деп,
Біреуге біреу үшін хабар бермес.

Пайғамбар Ғакашаға қылып аз һар:
– Ал, – деді, – қысасынды мендегі бар!
Ғакаша Расулға айтты:
– Ұшал күні
Түйеде барұр едіңіз, ай, шаһариар!

Мен жаяу барып едім жақындастып (жақынласып),
Үйстүктан қойып едім арқамды ашып.
Мұбәрак бұл қамшыңыз ұзындықтан,
Жалаңаш баданыма болды нәсіп.

Пайғамбар оның сөзін қабыл қылды,
Мінбенің (мінбардың) төменіне кеп отырды.
Қамшысын Ғакаша һәм қолына алып,
Үстіне ол мінбенің шығып тұрды.

Асхаптың мұны көріп, бәрі жұмла,
Өтілді Ғакашаға қылып хамла.
Қазір ұрып өлтірмекке талап етті:
– Бір әдепсіз іс қылдың, – деп, – Хақ Расулға!

Пайғамбар оларға айтты:
– Бергіл һаман,
Достық, – деп, – білдіргені – үшбу заман!
Егер де бұл уақытта айтпағанда,
Ақырда болmas еді пайда маған!

Асхаптар (асхаплар) пайғамбардан мұны естіп,
Әрбірі өз орнына отырды өтіп.
Мұбәрак һам арқасын ашып тұрды,
Киімін ағызасынан халас етіп.

Аспанға нәубатының шықты нұры,
Отырған жамағаттар (жамағатлар) көрді мұны.
Кекіліктің жұмыртқасы суретінде
Едіплар (едилар) көрмектікке реңкі, түрі.

Үстінде жазылған хат екі қатар,
Бірінде таңа Алла уақта лашірің етер.
Екінші қатарына аян (ғаян) болып:
«Мұхаммед Расул Алла!» – жазылып дұр!

Құн мысал раушанлығы хадден асып,
Көрмекке тұрар еді көз қамасып.
Мысалы, ғарасаттың күндерінде
Тұрар-ды ол үлкен кісі зар жыласып.

Мінбeden Факаша һәм тастап өзін,
Мұбәрак арқасына тартты көзін.
– Ата-анам бідә болсын, жә, Расул! – деп,
Зар қылып айттар еді үшбу сөзін.

Деп айтты:
– Мұхаммед, қайырланым,
Фарызымды естіңіз, елеп айлап акрам.
Қысас бірлан үшбу істі қылып едім,
Көнілімде болған үшін болмады ғам.

Ойландым: «Осы түрлі бір іс қылсам.
Расуланың ағызасына жүзімді сұртсем.
Мұбәрак нәубатының тасылынан
Мақшарда жүздерім ақ болып тұрсам!»

Көніліме осы түрлі қиял етіп,
Нақақтан үшбу сөзді айттым келіп.

Болмаса жақсы мінезді асхапларың,
Баршасы үйренділер сізден көріп.

Пайғамбар марқабат қып Ғакашаға,

Деп айтты:

– Собу қажилит болса саң!

Бір құда жаһаннамның отларынан,

Ағызаңа харам етті бәрін тама.

Пайғамбар Асхапқа айтты:

– Құлақ салсаң,

Айтамын башарат қып, білгіл бәрін!

Әрбір жәннат ағылын көрем десе,

Жүзіне назар етсін Ғакашаның.

Асхап та пайғамбардан мұны естіп,

Нәубатпен Ғакашаны тауап етіп.

«Сағадат сақа болсын!» – деп айтылар,

Ол күні бұл дәулетке барша жетіп.

Ушбу сөзі: «Мұхамадия» кітабында,

Әні һәм мағұлым етіп айттым мұнда.

Расулдың кесел болған уақиғасын,

Сиярдан (піснардан) білдірейін, және тында.

Және айтты өуез қылып:

– Шани жаһан,

Әркімнің мінез пиғылы болса жаман.

Жақында дұға қылып, тіленейін,

Ушбу күн мағұлым қылып, айтсын маған.

Бір кісі тұра келіп айтты:

– Иа, пайғамбар,

Ұйқышы жалғаншылық өзімде бар!

Алланың дәргаһынан тіленіңіз,
Айтылған бөлекше (бұл екісі) болмасын-лар.

Пайғамбар қол көтерді дұға қылыш:
– Жалған сөз сөйлемесін көңіліне еніп.
Бұрынғы үйқысын һәм кем айыслағыл (сыйлағыл),
Көз көңілің қалауынша үйқы беріп.

Бір адам өуез етіп айтты және:
– Өзімде жамандықтың бәрі һама.
Жалғыншы, ұры, кәzzап, мұнафиқын,
Дұға қыл, жә, пайғамбар, бұл күн маңа!

Өуез қып ол адамға айтты Ғұмар:
– Өзінді мұнша неге алдадың жар?
Ғұмарға Расул айтты:
– Олай деме,
Макшардың кемшілігі жүз мұнша бар.

Пайғамбар қол көтеріп, қылды дұға:
– Салсын, – деп, – жақсылыққа пиғылын құда!
Дүниеден дін иманын аман етіп (елтіп),
Фазылыңмен нәсіп ет, – деп, – жәннат мұна!

ПАЙГАМБАРДЫҢ ӨСИЕТІ

Және бар үшбу жерде бір нақлият,
Әбулхайыс Самарқанд атты (атлы) бір дат.
«Ақырғы өсиеті бұл еді», – деп,
Өзінің кітабында аслады (айлады) жат.

Пайғамбар ақыр халда кеселденді,
Кеселі хадден артық қатысты ер-ді.
Махкүр ғып сөлдесімен (салласымен) басын орап,
Мешітке жексенбі күні Расул келді.

Мінберде қарап алып оларды баз,
Біләлға бұл сөзді айтты қылыш ағаз (уағаз):
– Ақырғы өсиетімді естисіндер,
Хабар қыл халайыққа, келсінлер тез!

Басында муазнаның Біләл тұрып,
Естілер халайыққа әуез қылыш:
– Ақырғы өсиетін айтадылар,
Ай, қауым, есітіңіз, жылдам жүріп!

Есітіп Мәдинаның адамдары,
Мешітке жүгірділер қалмай бірі.
Базардың дүкендері ашық қалды,
Бекітіп кетпеклікке келмей халі.

Пакизат жас қыздар һәм хабарланып,
Жүгіргі жүздерінен пернені (парданы) алып.
Расулдың өсиетін естімекке
Мешіттен орын алды ол һәм барып.

Адамдар хадден артық жылды көп,
 Есікте тұрар еді сыймай келіп.
 Қатарда тұрғандарға Расул айтты:
 – Кейінгі келгендерге орын бер! – деп.

Әуелгі сөйлегенде шаңи Расул,
 «Асейті жағен» – аятына аштылар тіл.
 Онан соң бір Алланың атын айттып,
 Өзі үшін салауат һәм айттылар біл!

Және айтты:
 – Фабдолла үғлы – мен – Мұхаммед,
 Мұталап һашым ерур маңа аждат.
 Араби һәм Құрайыш – меккелікпін,
 Менен соң пайғамбарлық болмас әр шат!

Ай, қауым, құлақ салып тыңдаңыздар,
 Өлімнен әуез нығыма болды хабар.
 Рабтыма (Раббыма) жолықпаққа мүштақ дүрмін,
 Көңілімде үмбет үшін өкінішім бар.

Артымда үмбетімнің қалды бәрі,
 Не болар ақырғаша оның (аның) халі?
 Иа, Алла, үмбетімді саламат қыл!
 Тапсырдым аманат қып саған, әні!

Ай, қауым, айта дүрмін мен өсиет,
 Көңілінде баршаңыз һәм тұтыңыз жат!
 Хазірің ғайыбыңа хабар бергіл,
 Естісін сәлемімді барша үмбет.

Алладан назыл болып қалам түсті,
 Білдірді халал, харам – әрбір істі.

Баршасын ықласыңмен істеніздер,
Аяттан тағылым алып әр жұмысты.

Һәм және нәпсі һуден сақтаныңыз,
Қашпаған азал мазылға ұшырайды тез.
Алла мен һәм жәннат та алыс болып,
Тозаққа ол хасиф ұшырайды тез.

Сіздерсіз айл сұннет, ол жамағат,
Істеніз (исланыз) шариғатқа астакамит.
Тозақта жанған оттан сақтаныңыз,
Жәннатта отырарсыз һәм дүрисат.

Және айтты:

– Бір Алладан қорқыңыз сіз.
Әмірінен: «Қылма!» – деген сақтаныңыз.
Дінің мен майشاқтағы аманатқа,
Киянат қылмаңыздар істе әр кез!

Алладан майшақ күні нада келген,
«Аруағың мұкімін мен!» – деп өуез берген.
Сіздерге ол айтқан сөз – аманат дұр,
Тұрыңыз сол уағдамен таңда жерден.

Құлдарды тапсырайын сізге және,
Киімсіз, аш сақтама барса һама.
Күш бірлан: «Істеніз!» – деп әмір етпеніз,
Қуаты келмей тұрған істі аңа (оған).

Және айтты:

– Неке құлданған қатындардың
Кем қылмай напақасын бергіл оның.
Маңыры насирасына зейіл (зайыл) болмай,
Ері өлсе, өзінде қыл ықтиярын.

Егер де қылмасаңыз сіздер мұны,
 Тәрік болса айтқанымның бірде-бірі
 Бір құда хакім болып, қысым етер,
 Уағда акірамін болармын мақшар күні.

Ай, қауым, жаһаннамнан қорқыңыздар,
 Аһылға иал, сізге табиғы (таспих) өuletің бар.
 Оларға шарифаттың хүкімін үйрет,
 Болмасын ақыр уақта дақылы тар.

Әр кісі (мұра) әмір иесі болса сізлерге, біл,
 Болса да арғы нәсілі хабыш-қабыл қыл!
 Хүкіміне қарсылық қып, қапы болма,
 Әміріне (сирина) әр не десе, тағат қыл!

Әр кісі тағат қып тұрса, әні,
 Күнәңда тағат қып тұрды маңа.
 Мен айтқан пәрменімді қылыш тұрған,
 Тағат қыл ғани дүр бір Аллаға.

Әр кісі қарап тұрған имамына,
 Сырына мойын сұнған қылса ән не?
 Күнәкар маған ғасы болғаны дүр
 Гасы дүр hәм Алланың дәргаңына!

Ай, қауым, өситет қып айта дүрмін,
 Аһыл (құл) байыт, өuletімді дос тұтқыл сен.
 Ғұлама ғалымдарды дос тұтыңыз,
 Дос тұтқыл әркім болса хари Құран.

Ашумен ғазаптанба оларға әр кез,
 Және де тағайын қылыш, айтпаңыз сөз.
 Істеген жұмысына қарайлама (макарайлама),
 Оларға дүшпандықпен болмаңыз кез.

Оларды қайсы пенде дос-ты тұтар,
Күйкі дос болғаны маған бұлар.
Дүниеде әркім мені дос-ты тұтса,
Алланың дәргаһына достық қылар.

Оларға дүшпан болса өрбір кісі,
Маған һәм дүшпандық дүр ол жұмысы.
Әлбетте, маған дүшпан болғандардың
Аллаға дүшпандық дүр қылған ісі.

Ай, қауым, бес намазды ойлаңыздар,
Ішінде неше түрлі тәртібі бар.
Баршасын орны бірлан ада қылып,
Һәм және таһаратты айлаңыздар.

Зекетті малыңыздан һәм алда қыл,
Аятпен назыл болған Құранда бұл.
Зекетсіз мал жинаған пенделердің
Оқыған намаздары болмас қабыл.

Намазды оқымаса қайсыбір жан,
Дінінде ол болғай нұқсан.
Руза, зекеті һәм қабыл болмас,
Сауап жоқ қызметінде ғиззат қылған.

Ай, қауым, білдірейін қылып ағаз,
Қуаты жеткеніңіз айлаңыз қаж.
Егер де күші жетуші (жеткуші) қажы қылмаса,
Құп алған діндеріне кетсінлер баз.

Құп алса, жаһут (жөйіт) дінін, қылып өтсін,
Болмаса насыранилық қабыл етсін.
Мәжуси акдыш фәриад дінін тұтып,
Отына жаһаннамның өзін елітсін.

Ол халыққа шапағатым болмас және,
 Қауызымнан су бермеймін өр кез ада (оған).
 Егер де ғұзыры болып бармағанның
 Күнәсін кешіре дұр уахи дана!

Ай, қауым, алдымызда ұлұт күн бар,
 Құранда хабар берген қылыш такырап.
 Қайтадан ағызамызға жан кіргізіп,
 Бір жерге баршамызды жия дұрлар.

Ол күні пайда берме аныл, ғаялың,
 Жинаған мехнат етіп дүние-малың.
 Құлшылық, ғибадаттан пайда болар,
 Егер де кәміл болса дін иманың.

Күнәдан пейлінізді сақтаңыздар,
 Шариғатқа хилап істі етпеніздер.
 Көз жылап, тауазиғда көңіл болсын,
 Аузыңмен ғибадатты айлап азы нар.

Шайтанмен ұрыссыңыз жаһат етіп,
 Физза қыл кәпірлермен қарсы тұрып.
 Ықыласпен иманыңды сақтаңыздар,
 Мешіт сал, намаз үшін, диуал ұрып.

Мүминсіз бір-біріңе, дін қарындас,
 Хақ жолын білмегенге айтыңыз баз.
 Күнәдан нәпсініздің бәрін тыиып,
 Зинаға болмаңыздар әсте (асла) жолдас.

Күншілдік қылмаңыздар істе әр кез,
 Һәм және ғайбат қылыш айтпаңыз сөз.
 Егер де күншілдік қып, сөз айтсаныз,
 Жоқ болып қасиетің кете дұрсіз.

Сауабын ғайбат еткен ол құл алар,
Орнына онан (анден) алып, күнә салар.
Файбат пен күншілдік қылған адам,
Ол күнде ахыр уақытта тозақ барар.

Ай, қауым, күшің жетсе, құлды азат қыл,
Фаріпке қайыр етіңіз дүние мен пұл.
Аш болып, мұқтаж болған күніңізде
Сіздерге пайда болар артықша бұл.

Һәм және бір-біріңе залал салмаңыз,
Әлбетте, хисап жайға бара дұрсіз.
Бір құда араңызға хұқім етер,
Үрза емес күнәһыңа сенің әр кез.

Әр кісі ғамыл санми қылса-лар бас,
Ол қылған жақсылығы өзіне қас.
Күнәһыңың зары һәм өзіне дур,
Ешкімге қадір құда залым қылmas.

Ол күннен қорқыңыздар сіздер және,
Өлген соң тірілесіз бәрің һама.
Дүниеде қай іс, түрлі кәсіп етсөң,
Жазасын анда берер Хақ Алла сана (саған).

Ай, қауым, хабарданып, хақиқат біл,
Жақында өте дұрсіз дүниеден бұл.
Нәпсінің неше түрлі пітнасынан
Сіздерді аман еткей хакім әкіл.

Асхабым, баршаңыз һәм қош қалыңыз,
Жақында біз сіздерден ажырасармыз.
Кейінгі үмбетімнің баршасына
Ізгілік сәлемімді айтыңыз сіз!

Онан (анден) соң өситетін қылды тамам,
 Жылады үлкен-кіші тұрған адам!
 Жиналған халайықтың баршасына
 Қайтпакқа рұқсат (ұлықсат) етіп шаһи ғалам.

Расул ھәм құжырасына қайтып келді,
 Кеселі хадден өтіп, қатты ауырды.
 Ғұмырының ақырында жамағаттан:
 – Он төрт уақыт қалды-лар! – деп нақыл қылды.

Әуелі қалған еді Хұфтан – намаз,
 Азанын хазірет Біләл айтты сылар баз.
 Құжыраның есігіне келіп тұрып:
 «Алла лауту, иа, Расул!» – деп қылды ағаз.

Шақырды: «Алла лауту!» – деп үш мәртебе,
 Жоқ еді пайғамбарда ешбір шама.
 – Орныма Әбубәкір тұрсын-лар! – деп,
 Файшадан хабар берді Расул аңа (оған).

Бұл сөзбен Файша келіп хабар берді,
 Расулдің хазіреті Біләл халін көрді.
 – Дағуата Мұхаммед алеғатеме! – деп,
 Басына қолын қойып жығылар ер-ді.

Дер еді:
 – Тумағанда атадан мен,
 Мұншама қайғы, ғамды көрмес едім!
 Болмаса пайғамбардан ілгеріде
 Жақсы еді мұны көрмей мен өлгенім!

Осындай бірнеше сөз аузына (ағызына) алыш,
 Жылады фәриад етіп, бек зарланып.

– Пайғамбар имамлыққа сізді елітті! – деп
Сыдыққа хазіреті Біләл айтты барып.

Өтпекке имамлыққа Сыдық келді,
Махырабада Расулдың орнын халқы көрді.
Пікіріне көніліне жетіп, тоқтата алмай,
Фәриад қып: «Мұхаммед!» – деп жығылар ер-ді.

Асхаптар мұны көріп, қылды нала,
Жылады: «Мұхаммед!» – деп барша һама.
Бұлардан Расул құда хабарланып,
Өзі һөм талап етті бармаққа аца (оған).

Фалі мен хазіреті Фаббас келді алып,
Пайғамбар имамлыққа өтті барып.
Асхапқа фатиқадан соң Расул айтты:
– Мен үшін жыламаңыз мұнша налып.

Сабыр етіп, әр нәрсеге разы болып,
Алланың кеше күндісіз тағатын қыл!
Тағдыр жетіп, жер қойнына кірмектігім
Құдіреттің қаламында жазылған бұл.

«Тағдырға болмайды, – деп, – нәпсіл әр кез!» –
Осындаі неше түрлі айтылар сөз.
Фаліге Фаббас бірлан қолын артып,
Пайғамбар құжырасына қайттылар тез.

Әлқисса, мұныменен ол тұн өтті,
Таң атып, дүйсенбінің күні жетті.
Бамдатта Әбубәкір имам болып,
Мешітке жамағат пен намаз етті.

Көрмекке қиял етті Расул барып,
 Фалі мен ибн Фаббас келді алып.
 Асхаптың жамағатпен тұрғандарын
 Қарады Расул құда назар салып.

Асхапқа пайғамбардың көңілі толды,
 Сыдық һәм келгендігін және білді.
 – Откелі имамдыққа келген дүр! – деп,
 Махырабадан кейін тұрып орын қойды.

Сыдыққа:
 – Қозғалма! – деп айтты Расул,
 Әр уақыт Хақтың әмірін осындай қыл!
 – Сұннетім менен кейін жоғалмас! – деп,
 Шаттанып, құжырасына қайтты-лар, біл.

Мұбәрак төсегіне Расул барып,
 Сол заман есін білмей, қалды талып.
 Аһыл ғайал әулеттері фәриад етті:
 «Дүниеден өте ме?!» – деп көңіліне алып.

Жылады үлкен-кісі – бәрі һама,
 Есіне аз заманда келді және.
 Пайғамбар Файшаға айтты:
 – Ғаниматтан
 Жеті алтын қойып едім, беріп саңа (саған).

Не қылдың, сол алтындар бүгін қайда?

Файша айтты:
 – Баршасы һәм үшбу жайда.
 Файшаға Расул айтты:
 – Алтындарды
 Шығарып ғаріптерге садақа айла!

Мұны айтып және Расул есінен танды,
Көпкеше биhoш (байғұс) болып, жатып қалды.
Есіне бір мезгілде және келіп:
– Алтынды не қылдың? – деп аузына алды.

Файша айтты:
– Бергемін жоқ қазір оны.
Пайғамбар пәрмен етті:
– Келтір, кәні!
Алланың дәргаңына барғанымда
Не дермін, нада қылса мұның бәрі?!

Фаліге алтындарды берді және:
– Фаріпке қайыр ет, – деп, – бәрін һама!
Дүниенің мал-мұлкінен көнілім тынып, –
Деп айтты, –
Енді рақат болды маңа (маған).

Онан соң Расул құда қойды сөзін,
Көпкеше биhoш болып жұмды көзін.
Расулдің миллаты фәриад етіп,
Жылады әрқайсысы білмей өзін.

Фатима жылап айтты:
– Атажаным,
Сүйенішім екі дүние, мейірбаным!
Әниім һәм, мұниім һәм, машайығым,
Не болар сізден кейін менің халім?!

Хасен мен Хұсайын – перзеттерің:
«Құтпада тұрғаным!» – деп аузыңа алдың.
«Атам!» – деп сізден кейін кімге баар,
Бұл екі жетім қалған жақір пендең?

Атыраптан іздең келсе үмбеттерің,
 Кім көрер сіздей болып оның халін?
 Бұл көзім сізден кейін кімді көрер,
 Жолында пида болып жаным менің?!

Бұл түрлі көп сөз айтып, жылап тұрды,
 Сол уақта пайғамбардың есі кірді.
 Мұбәрак көзін ашып:
 – Бері кел! – деп,
 Қасына Фатиманы дағуат қылды.

Жүргіне Фатиманың қолын салып,
 Пайғамбар дұға қылды аузына алыш:
 – Құдая, перзентіме сабыр бергіл,
 Артымнан жыламасын мұнша налып!

Онан соң Фатимаға айтты және:
 – Айтайын башаратлік, қызым, саңа (саған).
 Аһылға йал әuletімнің баршасынан
 Әуелі жолығарсың өзің маңа (маған).

Көзде – нұр, көңілімнің сен – бедері,
 Нәсілімнің бақи қалар сенен бәрі!
 Дүниеден үшбу күні сапар етер,
 Атаңың сөйлеспекке жоқ-ты халі.

Фатима мұны естіп, жылады зар:
 – Атам! – деп, бұлар ерді көп бикәрар.
 Фалы айтты Фатимаға:
 – Сабыр айла,
 Расул һәм қайғыланып, жатып дүрлар.

Фалыға Расул айтты:

– Қойғыл мұны,
Жыласын атасына үшбу күні.
Және де есін білмей, биңш болып,
Тоқталып сөйлей алмай жатты тілі.

Хасенге Фатима айтты:

– Тұр деймін мен,
Жылаңыз атаңызға барып сіз һәм!
Шаниға бір өсиет ықсан қылса,
Кейінгі бізге болар тайбылы һәм.

Алдына пайғамбардың Хасен келіп,

Жылады:

– Жан баба! – деп әуез беріп. –
Машайығым, мейірбаным (мұхірбаным) сізден кейін,
Кім мені алдына алар халім көріп?!

Фамкінің, қызметкерің, атам менің

Хадиспен: «Ағғи (асығы) Алла атын!» – дедің.

Сізден соң оның халі нешік болар,

Мейірбан ата-анадан жақын едің.

Бұл неше артта қалған азуажларың,

Кім көрер сізден кейін оның халін?!

Асхапқа сіздей болып тағылым беріп,

Енді кім Хақ әмірінің айтар бәрін?!

Хасеннің бұл сөздері жаннан өтіп,

Аhlі бәйт жығылар еді есі кетіп.

Мұхажыр ансарының баршасы һәм,

Есікте жығыла сұрап фәриад етіп.

Деп айтар:

– Миллаты шаңи Расул –
Сіздерге баршамыздың арызымыз – бұл!
Дидарын пайғамбардың бір көрейік,
Біздерді бір мәртебе ішкери қыл!

Сол уақта Расул және ашты көзін:

– Кірсін! – деп, ишаратпен айтты сөзін.
Асхаптың үлкен-кіші – баршасы – имам,
Мұбәрак пайғамбардың көрді жүзін.

Асхапқа Расул айтты:

– Сөзім тыңда,
Көп жылап, найарманлық (пәрмендік) Хаққа қылма!
Құранның ішіндегі бүйіріғын қыл,
Әмірінен бір Алланың мойын бұрма!

Баршаңыз – халайықтың ишанысыз,
Сіздердей кейін келер болмас әр кез.
Онан соң Расул құда биhoш болып,
Рахфибі (рахсибі) ағызасынан жұмдылар көз.

Асхаптың шығып кетті бәрі нاما,
Жыласып азуажлары келді және.

Файша айтты:

– Сізден кейін не қылармын?!

Рақым етіп, бір өсиет айтқыл маңа (маған).

Файшага Расул айтты:

– Сабыр айла,
Фәриад қылып жыламақтан жоқ дур пайдада!
Дүниеден сапар етіп, мен өткен соң,
Құжыраңнан шықпағайсың басқа жайға.

Осындай неше тұрлі өсиет айтып,
Көзінен жасын төгіп, жылады көп.
Расулдің қапалығын көргеннен соң,
Жылады, тұргандарға қапалық кеп.

Деп айтты Сәлім сонда:
– Айа, Расул,
Орныңыз қадірінен жәннатта дұр.
Ғаламның макұлықатының абзалысыз,
Боласыз не себептен мұнша мауіл?!

Сәлімге Расул құда қылды мағлұм:
– Хақиқат: жәннат дұр – орным менің.
Ахуалы ие не болар деп қайғырамын,
Күнәһар ғасы жафа үмбеттерім!

Фатима жылап айтты:
– Ай, атажан,
Өтесіз, мағлұм болды, бұл дүниеден!
Мақшарға халықтың бәрі жиылғанда,
Мен сізді қайдан іздең таба дұр-ман?

Пайғамбар жауап берді Фатимаға:
– Жәннаттан үшырарсың барып маңа (маған).
Ол жерден, нұр дидарым, кез болмасаң,
Хауыз кәусар кінарына барғыл және!

Үмбетке су беремін онда барып,
Адассаң ол жерден таппай қалып,
Күнәқар үмбетімді өткізгеймін,
Сиратқа қарағайсың назар салып.

Ол жерден жолықпасаң болып нәсіп,
Қарағыл таразыға жақындасып.
Сауабы жеңіл келген үмбетімнің
Тұрамын таразысын қолыммен басып.

Егер де ол жерден һәм болмасаң кез,
Жаннанам кінарсынан қарағыл тез.
Үмбетті отқа салмай, алармын! – деп,
Пайғамбар бинош болып, жұмдылар көз.

**ӨЛІП ТІРІЛГЕН
ШАХЫЗАДАНЫҢ ХИКАЯСЫ**

Бастайын бір хикая, сал құлақты,
Біріктір, тыңдаушылар, ынтымақты.
Дүние бәрімізден бір күн өтер,
Тастаған патшалар да алтын тақты.

Фаламның он сегіз мың саруары,
Исламның фонарының шамын жақты.
Арабтың Қурайышы қабыл рухынан
Көп қауым бірге болды, соны тапты.

Алладан пайғамбарлық келгеннен соң,
Әуелі жұмсақтықпен діп бастапты,
Мұхаммед Расул Алла заманында
Өзіне бірқатар ел, жұрт қарапты.

Халқына айдынды екен кереметті,
Келісті заманында бек сәулетті.
Заманға Алла мұндай ұшыратты,
Бек ғаділ патша болып ел билепті.

Патшаны, әділ болса, халқы сүймек,
Әділдің шарапаты көпке тимек.
Жалғаншы, ұры, залым жоғалыпты,
Жоғалмаса, біреуіне бірі күймек.

Секілді сонша ғаділ, жұрт бағынып,
Халықтан қойылмайды мін тағылып.
Жалғыз-ақ кемшілігі – кәпірлігі,
Кінәні онан басқа тапсын не ғып?!

Аты екен Наушеруан мұның өзі,
Мағлұм жүртқа бірдей айтқан сөзі.
Суретке діндері оның табынатын,
Жазалы онан басқа жок мінезі.

Патшасы жуыр манда бала көрмей,
Болатын бастан кемтар болды кезі.
Тұыпты бір жалғыз ұл патшадан,
Адамнан артық сулу бота көзді.

Баласы пері нұрлы Шаңызада,
Таза өскен жалғыз өгей тәрбиеде.
Оқуға жеті жаста берді мұны,
Бар ғылым он бес жаста болды ада.

Інжіл мен Таурат, Забур болды ада,
Жалғыз-ақ Қалам Шариф мұнан қаза.
Ол кезде дүниеге таралған жок,
Пайғамбар – Қалам Шариф Мәдинада.

Бұл бала бар ғылымды оқып білді,
Откізді оқуменен неше жылды.
Үйреніп өнер, ғылым, ақыл тауыш,
Талындай Райханның ол гүлденді.

Оқытып өнер-ғылым ардақ қылды,
Мұләйім табиғатын ел жактырды.
Шаңызада он алтыға шыққан жылы,
Бір ханнан, қуаныш қып, қыз айттырды.

Ханзада сұлу екен ханның қызы,
Неше күн той, тамаша ат шаптырды.
Ұзатып ол хан қызын салтанатпен,
Жүртіна қыз, күйеуді қол тапсырды.

Лайық қыз бен күйеу сайма-сайға,
Парапар екеуі де күн мен айға.
Жұртына қуанышпен келіп түсті,
Той қылыш қазына ашып оң мен солға.

Кіргізді қыз – күйеуін бір сарайға,
Шақырып, тойға келді жамағаты.
Осындай той мәжіліс басталғанда
Ішетін арақ-шарап екен шарты.

Мырзаның бұл тойына жұрт жиылып,
Арақты қара судай берді құйып.
Жиылған халайықтың бәрі де мас,
Айырылып ес-ақылдан жұрт құбылып.

Келіншек елден бұрын көзін ашты,
Ана жұрт халқын ойлад, іші күйіп.
Қараса Шаһызада қып-қызыл қан,
Тәнінен бөлек жатыр бас киылып.

Жығылды талып жерге жас келіншек,
Ала алмай есін жиып жұрт манда.
Тағдыры хан ұлының болған екен,
Үйіне бір түнеген жалғыз таңда.

Қаншама ойға кетті есін жиып:
«Бір дұшпан кеткен ғой, – деп, – басын қып.
Қайғының ең тоқтауы – сабыр қылмак,
Күтейін құдіретке мінәжат қып.

Қайғыға жас басымнан салған екен,
Тартсын деп мен бейшара тірі күйік.
Патшаның құзырына білгізейін,
Сұрайын жылдам сұрак сырын түйіп.

Шыдайын, орнын сақтап отырайын,
Сүре алман енді дәурен байға тиіп.
Қайғыдан ақырында мен де өлемін,
Қайтемін тірі қалып, бақытым күйіп?!

Күйінді, бауыздалған жарын көрді,
Шақыртып нөкерлерін, хабар берді.
Жақсыдан жаман хабар тез жетпей ме,
Хан білді, аймағында бәрі білді.

Бір тұнде өлтіріпті қайран ерді,
Патшасы талып түсіп, зар еңіреді.
Жиылып құзырына данышпандар,
Қаралы, талқан қылып тамам елді.

Таң болды хан да, ханша, бай мен қара,
Бір тұнде ессіз болды бүтін қала.
Аяды көзі көрген, іші ауырып,
Қалада өйел-еркек, қатын-бала.

Өлтірер көзі қып адам емес,
Ісіне Құдіреттің бар ма шара?!

Хан жиып уәзірлерін, ақылдасты:
– Жалғыз ұл көріп едім мен бейшара!

Жерім жоқ ренжіткен бұхараны,
Жүрекке кетпейтүғын салды жара.
Тауып бер, уәзірлерім, дүшпанымды,
Мен емес залым патша – жеген пара.

Сіздерге шынға бердім бұл ісімді,
Бітірді жалғыз бала тынышымды.
Үш күнге, уәзірлерім, рұқсат берем,
Суырам ашуланып қылышымды.

Табасың үш күнде ол бұзық сұмды,
Кім шайқап төккен менің ырысымды?!

Айырылып жалғыз ұлдан тірі қалып,
Дүниеде мен қайтемін тұрмысымды?!

Патша айтты халқына:
– Біз не болдық?!

Мен көрдім өз халқымнан жаман сұмдық.
Өткізіп елу жасты рақатпен,
Көріп ем өз басымнан жалғыз кіндік.

Дұшпанды, уәзірлерім, бергін тауып,
Сайланып, ешбіреуін амал қылып.
Жауымды таба алмасаң, сөзім тыңда,
Қыламын бұл туралы әділ бүйрық!

Көмдірмей жалғыз өлік сақтап қойды,
Ханзада, Шаһызада қызыл гүлді,
Көп жүрттың тойы ақыры аза болып,
Ұшырды бір-ақ тұнде жас бұлбұлды.

Дәрігерлер дәрі жағып салып қойды,
Патшаның қайғысына көп қысылды.
Ашулы хан аяmas дұшпан тапса,
Тарлықтан жар тапса, жүрт құтылды.

Жүрт қарап таба алмады арып-талып,
Бір хабар білінбеді ашық, жабық.
Үш күндей табуына рұқсат болған,
Әмірі одан қалса, басқа жарлық.

Шарласып шаһар ішін кетті қарап,
Қанша жүрт бір залымға болды харап.

Шаһардан ешбір белгі таба алмады,
Таба алмай, у болыпты ішкен арак.

Жұрт іздең таба алмады қанды қолды,
Халықтың запырандай іші солды.
Дана мен көңіл қойып илатпаса,
Дүшпанның табылуы қын болды.

Таба алмай үш күннен соң ханға келді,
Патшаның жүргегін ашу тілді:
– Уәзір, халқым, бәрің жүріп таба алмасаң,
Кел енді, жарлығымды тыңда! – деді. –

Уәдені, уәзірлерім, бердім саған:
«Тауып бер дүшпанимды!» – дедім саған.
Қыламын енді жарлық бәріңізге,
Құтылдым жүртқа берген уағыдадан.

Ашулы арыстандай түсі жаман,
Қалмас-ты бұл ызадан ешкім аман.
– Әрбір күн мойнына шыңжыр тағып,
Бересің бұл шаһардан он адамнан.

Бай демей, бақыр демей, жақсы демей,
Таңертең күн шықпастан басын алам!
Болмаса өлген адам күнәсін айт,
Бар шығар мойнымызда хақың тамам?!

Қалдырмай, табылмаса, мені де өлтір,
Әйтпесе бұл қасіретті немен жабам?!

Қай құлакпен естісең, сөзім – осы,
Таппасаң, уәзірлерім, сүйтіп табам!

Тұр екен менің қайғым жұртқа батпай,
Фаділдік қылып едім титтей сатпай!
Басыма қайғылы күн кез болғанда,
Тоқтамға қалай келдің, іздең, таппай?!

Ашулы жұрттан өкпем тарқамайды,
Әр күнде он адамның басын шаппай!
Жау да болса, қалайша көзі қиды?!

Ол емес залым туған жұртқа жақпай!

Мен үшін бөтен елден жау келген жоқ,
Көр қылдың мұнша неге кінә таппай?!

Дүшпаным енді менің шаһарда тұр,
Жоқ еді қартайғаным болып жатпай!

Сарғайдым ызаменен осы кездे
Нәр татпай, күнім шықпай, таым атпай!

Дүшпаным арасынан бір табылар,
Қылайын осылай іс, қарап жатпай.

Қашыпты жұрттың қаны, сырын түйіп,
Шаһардың әміршісі халқын жиып:
– Таңертең күн шықпастан бүйірмакпын,
Он кісі өлтіремін, басын қып!

Қанша жұрт бір залымнан қате тапты,
Халқынан бұл шаһардың балам өліп. –
Көрмеген бұрын мұндай ғаділ патша
Еткізді қатты жарлық ашу, күйік.

Бар екен патшаның бір уәзірі,
Мансапқа өзінен соң екен биік.
Аты екен уәзірінің – Алдиярхан,
Пайдасы қын іске жүрген тиіп.

Ақылды ата жолдас адам еді,
 Білетін айтпағының сырын түйіп,
 Қан төккен бір адамның жорасынан,
 Қор болған бұл шаһардың халқы күйіп.

Патшага Алдиярхан келді жүріп,
 Әдеппен қол қусырып сәлем беріп.
 Уәзірі қандай мақтап сөз сөйлейді.
 Тағым қып парасатпен тіке турып:

– Бір күнді маған берші ашу қылмай,
 Келейін жалғыз өзім кеңес құрып.
 Тағы да жолға шықтың, бір күнді бер,
 Обал жоқ бәрімізге тұрсақ біліп.

Осы жұрт бір залымға нақақ күйіп,
 Отына біз өртендік, біреу қылып! –
 Патшасы бұл сөзіне құлак салды,
 Тең өскен құрдасы ғой қатар жүріп.

Наушеруан сөзі:

Уәзірім, жан жолдасым, Алдиярхан,
 Сен едің ақыл айттар сенімді жан.
 Бірге өскен бала жастан бірге жасап,
 Өзіме серік болып, қылған пәрман (пәрмен).

Дүниеде қайғы өтер ме артық мұнан?!

Ақыл-ес қалмай отыр менде дәрмен.
 Табылған, ертең келіп, ақылдыңды айт,
 Байқайын кеңесінді мен ойлаған.

Бұрынғы бүтін миым жарты болған,
 Ақылмен қылыш алып қылды жарған.

Ашуда ешбір ақыл болмайды екен,
Сырына әrbіr істің оймен барған.

Илансан, бұл ақылды тұман шалған! –
Уәзірі ертең түске сөз байлаған.
Бұл күнгі он адамды азат етті,
Ашулы айдаһардың дәл аузынан.

Осындай шырын сөздің хас шамасы,
Бір күнде сондай болған тас қаласы.
Жазықсыз жалғыз түнде жаудан өлген
Патшаның жазығы жок жас баласы.

Бір ақыл Алдиярхан таба алмаса,
Бұл жүрттың сонда болар масқарасы.
Ақылмен қын іске дауа тапса,
Жақсының сонда артылар мәртебесі.

Жұрт қорықты жанынан күдер үзіп,
Жылайды жаны ашыған көзін сүзіп.
Ұйықтамай Алдиярхан ойға кіріп,
Иранның дариясына айдай жүзіп.

Патшаның ақылының қожасы еді,
Бекіткен жүрегіне оны сезіп.
Ақылдың томағасын тартып алып,
Дүниеден жер қалмады, болды кезіп.

Төрт бұрышын төңіректің түгел шарлап,
Отырды үйқы көрмей, бол таң атпас.
Табады бір ақылды түс болғанша,
Ойлы жүрек, мильты бас нені таппас?!

Уәзірі таң атқан соң келді ханға,
 Өр іске жүргегі мен сөзі қанша?!

Қайраулы хан жарлығы қанжармен тең,
 Жазықсыз он адамның басын алса!

Алдиярхан сөзі:

Уәзір айтты патшаның көріп жүзін:
 – Ғұмырың, бағың артық болсын өзің!
 Ұйықтамай таң атқанша бір ой таптым:
 Неше жыл акталсын деп татқан тұзым!

Бұл жолда күнәсі не бұхараның,
 Жеткізбей ақырына бұлар көзін?
 Ақыр өлдік, онан да соғысайық! –
 Ұнатпай жүрт ойланды бұл мінезін.

Бір ақыл, сізге сыйса ойлап едім,
 Сөзімнің сынатайын алтын-жезін.
 Бұл жүрттан әскер жиып, қолыма бер,
 Ертейін мен соңыма батыр, ерін.

Естимін:

«Бір пайғамбар туды!» – дейді,
 «Хақ Расул Мұхаммед атты», – дейді,
 Бір Алла рас-жалғаның өзі білер,
 «Арапта Қурайыштан туды!» – дейді.

Балаңды бауыздалған сандыққа сал,
 Тауратта болмақ еді бір пайғамбар.
 Барлығын кешіктірмей сонда жібер,
 Нәбиі ақырзаман, ол – саруар!

Ол болса, өлтіргенді тауып алар!
Басы – Мекке, аяғы – Мәдина шар (шашар).
Ішінде жалған шыққан біреу болса,
Көзіне кең дүниенің қылайын тар!

Алладан анық келген елші болса,
Сол табар мұнша бізге тартқызбай зар!
Бұл сөзім сізге қалай көрінеді,
Дос едім ықыласпен жанын қияр?

Өзіңе мұнша халық, жұрт қараған,
Аузыңнан әділ жарлық, сөз тараған.
Қанша өскер қару киген – қасыма бер,
Қағайын салтанатпен зұл барабан.

Шын болса, Хак пайғамбар дауа қылар,
Болмаса шығар жанжал сол арадан.
Мұныңыз дұрыс болар не жау болар,
Бұл істің бірі шықсын бұл арадан.

«Ө...ін қан жылатып қырды!» – деген,
Біз сонда құтыламыз зар жаладан.
Ақыл жоқ онан басқа, бармай болмас,
Қасыма өскерді қос бұл қаладан.

Әр күнде он адамнан қырған болсақ,
Ереді артымыздан жаман атақ.
Мұхаммед дертімізге дауа тапса,
Ермейді соныңыздан ондай шатақ!

Мұхаммед жалған шыққан біреу болса,
Қырайын Мәдинаны қырғын жасап.
Бұл сөзім сізге айтқан сыйымсыз ба,
Патшам, жарлығынды айт, атын атап.

Наушеруан жауабы:

Патшасы жауап берді уәзіріне:

– Көріп ем бар қызықты сізбен бірге.

Жарайды, айтқан сөзің сыйымды екен,

Кім риза болмайды мұндай сөзге?!

Әскерді қолыңда әкеп тапсырамын,

Көп ракмет табылған пікіріңізге!

Уәзірім, бұл ақылың дұрыс екен,

Жалғыз-ақ тілек берсін себепкерге!

Ашумен айттым жарлық бір ауыз сөз,

Қайтардым, ашуымды бердім сізге.

Айрылған бар ақылдан бір парамын,

Тұра ма күйзелген соң ақыл бізде?

Патшасы үкім қылған болды көріп (ғарыш),

Жарлықтан бұрын айтқан қайта танып.

Болған соң қайта бүйрек, ел жиналыш,

Хисабы жүз сегіз мың болды халық.

Жиналыш төрт тарапты шулап қорыш,

Әскерге, жер қозғалды, дүние толыш.

Сол қолға Алдиярхан басшы болды,

Сарғайып патша өзі үйде болыш.

Екі мың сегіз жүз батырлары,

Іріктең шығарғанда, болды саны.

Сандықты өлік салған түйеге артты,

Шірітпей дәрі жаққан ғазиз тәні.

Хан жарлығы заһарлы қылышпен тең,

Жоқталды осылайша өлік қаны.

Хан қалды амандастып шаһарында,
Жөнелді өскер қаптап жазираны.

Мұхаммед хак Мұстафа, саруар сонда,
Сыйынған әнбиеге ол артында.
Әлмесе падишаның ер перзенті,
Көп халық бармас еді іздең онда.

Табады үш ай жүріп Мәдинаны,
Сүйікті, әділетті бар сұлтаны.
Саламат: өлтірсе де, келтірсе де,
Қолында, не қылса да, барша жаны.

Патшаның жалғыз ұлын кім өлтірген,
Максаты – сурау үшін мәселені.
Мұхаммед хак Расулды сынау үшін
Әкелді Мәдинаға ол баланы.

Болғанда мәдиналық қандай қолға,
Бірер сөз келе жатыр түсіп дауға.
Ғажайып бек қабағат соғыс болар,
Шырмалар жүз балықты жібек ауға!

Жараспай аралары шықса дауға,
Кім алар өз жанына қылыш сауға?
Арабтың біреуіне көрінбестен,
Бұл өскер Үақыт деген шықты тауға.

Үақытында қол бекінді арасына,
Бірнеше сыйып тұрды панасына.
Бір тілді арабтардан алу үшін,
Көз салды тауда тұрып саласына.

Ағатын екі айырылып бір бұлақ бар,
Уақыт пен Мәдинаның арасында.
Бірі аңы, бірі тұщы ағады екен,
Алланың тең жаратқан панасында.

Құрайыш – Мекке халқы азық еккен,
Ағаштан: алма, құрма – жеміс еккен.
Адам жоқ онан басқа маңайында,
Біреу жүр арық ішінде, қолда кетпен.

Адам жүр анау жалғыз мөхнат еткен,
– Шақыр! – деп, төрт балуанға өмір еткен.
Дүрбімен Алдиярхан жер болжайды,
Шегелеп айтар сөзін қылған өктем:

– Алып кел, ұрмай-сокпай, ойбайлатпай,
Әкел! – деп жөн сұрауға, өмір еткен.
Төрт жігіт түрегеліп атқа мініп,
Екінді мезгілінде барып жеткен.

Сөзінде білімдінің болмас қате,
Төртеуі барып жетті екіндіде.
Барды да, көзін байлап, ұстап алды,
Бейшара ол мұсылман болды қапа.

Бірі – араб, төртеуі – басқа халық,
Білмейді сөйлесуді жауап қата.
Жөнелді, ұрмай-сокпай, ұстап алып,
Қылмайды бұл жалғызға жәбір-жапа.

Келеді бұл бесеуі қалың қолға,
Қарамай, қорқып жаны, оң мен солға.
Хисапсыз көп өскерге келіп кірді,
Байқады оралғанын енді торға.

Алдына зәресі ұшып басты қадам,
Жылы жүзді адам еді Алдияр хан.
Таяған мұны көріп, ұшып тұрып,
Арабтың өз тілінде берді сәлем!

Інжілден білуші еді Алдиярхан,
Ұлттың жетпіс екі тілін тамам.
Қош, қонақ, біз Алдияр, айып етпе,
Сейлеп бер, білгеніңше, жауап алам!

Боласың қандай халық, қай шаһардан?
Сөйлеңіз, атыңыз кім, болмай алаң.
Қастық жок, жазығым жок, саған қылар,
Апарып қайта салар жерге алған.

Салманның жауабы:

Мен бір хан ұлы едім дінге қарсы,
Атым – Салман, атақты жұрттың – парсы.
Мемлекет, ел мен жұрттан қатар бездім,
Жайымды менің келген сіз анғаршы!

Мұхаммед, тұр Мұстафа саруар ғалам,
Мен соның адамымын, құлак салшы!
Махшарда дұғасынан үміткер бол,
Расулға бұл күнде болдым жалшы!

Ашыпты мұсылманға ислам дінді,
Сөйлейді, бекер емес, ыңғай шынды.
Жұма ғой – күні ертең үлкен мейрам,
Жұмадан қалдырmasаң көнілім тынды.

Қауіп жок дүшпандардан өлем деген,
Жаһанның саруары таққа мінді.

Ертеңгі намазынан қалдырмаңыз,
Сұрай бер қазір менен сұрайтынды!

Жүрмендіз ертеңгі күн менен көріп,
Ие бар, болмаса да пендеде ерік.
Бұл арабтың халқында екі сөз жоқ,
Айтайын мен, ұғып ал, сөзім теріп.

Бұл халық сіздер үшін өкінбейді,
Біреумен болғаннан соң уағда серік.
Уағда қылғаннан соң сыр шашпаймыз,
Бір жан емес, біздің жұрт сөзге берік.

Мәдина дейтін шаһар анау тұрған,
Пайғамбар – Расул Алла дінін құрған.
Нәсілі – араб: Қурайыш, біреуі – Әшім,
Өзіне үмбет болар көңіл бұрған.

Аузына қалам Алла аят келіп,
Жұртқа шашар өзіне келген сырдан.
Мен өзім осылардың қызметшісі,
Мұнымен неше дінсіз мойын бұрған.

Сыртынан дұшпан болған талай патша,
Өзін көрсе, қылады жанын құрбан.
Араб халқы Мәдина шаһарлықпен,
Бәрі де Мұхаммедтің жолын құған.

Мен көрдім елден бұрын түсінізді,
Алланың уақыты мен дәм бүйірған.
Өзіңіз қай жұртсыз, қай патшалық,
Алыс жерден келгендейсіз бір қыырдан.

Алдиярхан сөзі:

Уәзір айтты:

– Ақылға сөзің үйлес,
Қалай кірсек, бұларды адам тимес.
Шын айттар, өтірік айтпай, адам болсан,
Өзіме ақылымды айт, қылмай егес.

Болмайды бізден қауіп елінізге,
Дұшпандық жоқ адамда бұрын күнде.
Кіретін қалаңызға ақылын айт,
Болмаған ешбір күнде бұрын бізде.

Баян қыл осы сөздің сонарынан,
Мен білсем сөзіңдің бажайынан.
Таң атпай шаһарыңа жеткізейін,
Жұманың қалдырмайын намазынан.

Салманның жауабы:

Берейін ақыл айтып сізге жақса,
Мұнара бір мешіт бар – қарап бақша.
Үйінде бала-шага жата алмайды,
Мешітте хазірет Біләл азан айтса!

...Тыңдайды құлақ салып әйел-еркек,
Мінбеде хақ пайғамбар уағыз айтса!

Мешіттің төрт жағында төрт асхап бар,
Аласың төрт есікті жөнін тапсан.
Басқада бір мешіттен жан қалмайды,
Намазда қозғалмайды қылыш шапсан!

Шын сөзге, уағда етсен, нанамыз да,
Өзің бар қырық кісінмен қаламызға.

Бөлініп қырық кісі төрт есікті ал,
Ішінде ханымыз да, қарамыз да.

Тыңдауға Құран сөзін жиыламыз,
Аяқ салып үлкен, ерек баламыз да.
Сөйтіп ал, құмар болсаң, біздің елді,
Бір мықты соғыс қылсаң даламызға!

Мешіттің төрт есігін алсаң қамап,
Шығармай бізді қырдың қолмен санап.
Бұл елдің бір палуаны мың кіслік,
Сіздерге онан басқа болмас себеп.

Шаһарда қару қылар жан қалмайды,
Мешітке қару алып, жан бармайды.
Сыртынан қашар жерін қамап алсаң,
Құр қолды сайманы бар құтқармайды.

Осылай келсөң, түсер қолыңызға,
Әйтеуір, бөгет тумай жолыңызға.
Сөйтіп ал, құмар болсаң, біздің елді,
Жау болсаң анық келген сорымызға!

Осылай уәзірмен сөз нағыз бітті,
Бұқара сырын солай қанғызыпты.
Астына жүйрік беріп, адам қосып,
Апарып шаһарына салғызыпты.

Ол Салман түс болмай-ақ шаһар барыш,
Жұмадан қалғызбай-ақ барғызыпты.
Бұ Салман – уағдаға берік адам,
Айтпаған еш адамға зор қызықты.

Олардай уағдашыл адам қайда,
Әрқашан сабырлықтан көрген пайда.
Кешегі серт бойынша шыдай берсе,
Тәуекел, не де болса, іс Құдайда.

Жұмаға тұс болғанда айтылды азан,
Тартылар уағдасыз тілден жазаң.
Шаһарға қырық балуан мен уәзір келді,
Қалада көрінбейді жалғыз адам.

Бәрі де бір мешітке жиылған жұрт,
Бүтін жұрт тұндегі айтқан уағдадан.
Әскермен жұз сегіз мың шыр айналып,
Таянып жақын тұрған жан-жағынан.

Мешіттің төр есігін, оны да алған,
Хабар жоқ келер сырттан жақсы-жаман.
Келгенін қалың әскер білсе-дағы,
Асхаптар қауіп етіп қорықпаған.

Шұбырып қылыштарын қайрап тұрған,
Біреудің рұқсатын күтіп тұрған.
Әскер тұр Мәдинаны шыр айналып,
Төрт есікте он-оннан ыңғайланған.

Дәрмен жоқ соғысуға құр қол қалып,
Басқанын тыстан дұшпан білді танып.
Пайғамбар имам болды уағыз айтып,
Тыңдады сахабалар мейірі қанып.
...Қорқа ма данышпандар жау келед деп,
Өлімнің хақ екенін білген танып.

Үмітке ата-анадай ол маңырбан (мейірбан),
 Жұмада мешіт тола жиылған жан.
 Сандықты көтергізіп екі адамға,
 Мешітке кіріп келді Алдиярхан.

Кірген соң қарай қалды адам қанша,
 Ойлады: «Бұл жұмыстан еңбек жанса!»
 Келген соң бұл мешітке Алдиярхан,
 Расулге сәлем берді мұсылманша.

Сәлемін Хақ Расул қабыл алды,
 Ол уәзір сырт айналып тұра қалды.
 Германның ингіліктің тіліменен
 Сәлем беріп, он қарап, көзін салды.

Расул де сәлем алды Герман тіліменен,
 Сәлемді берді тахир сыныменен.
 Расулге Алдиярхан сөз бастайды
 Арабтың бейне өзіндей ойыменен.

Алдиярхан:

– Пайғамбары ақырзаман сіз бе? – дейді, –
 Дұшпан деп, бізден үміт үзбе! – дейді. –
 Сұрасаң, үш айшылық жерден келдік,
 Бір қажет керек болып бізде! – дейді. –

Келгем жоқ бұл араға бекер текке,
 Тағы да дұшпандығым құрған кекке.
 Сұрайтын үш-төрт ауыз сұрағым бар:
 «Дуниеде өлі көп пе, тірі көп пе?!»

Пайғамбар:

Бір Алла баршамыздан жан алады,
Жан кетіп, топыракта тән қалады.
Ақырда пана болды, тіріде өліп,
Өлік боп баршасы да саналады.

Алланың шын өлімі – нәпсі тыйсақ,
Не пайда дүние қуып, малды жисақ?!
Өлген де өлген – ақырда тірі де өлген,
Қыламыз соның үшін жоққа хисап.

Алдияр әр нәрседен сұрақ қылған,
Шешімді сұрағына жауап алған.
Әйтеуір, қарап тұрған сөз болсын деп,
Мақсатқа келе жатыр көнілге алған.

Алдиярхан:

Иа, Расул, болып келсең, Хак пайғамбар,
Сен болсаң, өзің шырақ, үмбетке жар.
Алдыңа алып келген сандығымның
Ішінде, білесің бе, не нәрсе бар?

Пайғамбар:

Жетпейтін үш тауардың саласы бар,
Жолына дін исламның таласы бар.
Бір тұнде бір адамнан бауыздалған,
Бір жансыз падишаңың баласы бар.

Алдиярхан:

Екенсің халқың жақсы соңына ерген,
Құтылмас жақсылығы мұнан көрген.

Алланың есімін дос-ты Расул болсан,
Бір түнде бұл баланы кім келтірген?

Пайғамбар:

Айыпты бетке басу қандай қын,
Болмайды айтпай қою, тағы қын.
Бір түнде бауыздаған өз ағасы,
Сұрасаң, анау тұрған қара киім.

Патшаның ағасының баласы еді,
Ойында патшалыққа талас еді.
Мойнына анық тұспей неғып алсын,
Өзінің баласына балаушы еді.

Алдиярхан:

Біздің жұрт ісі оңалып қуана ма,
Бала үшін жиылған жұрт уана ма?
Айғақтың ең абзалы үшеу (у-шу) болмай,
Тағы да мұнан басқа куәң бар ма?!

Пайғамбар:

Сұраймын, құлағың сал, асыл тектер,
Жоқ шығар біздің жұрттан болған кектер.
Жасынан хан баласы асыраған,
Бар еді сарайында екі кептер.

Көгершін өлтіргенде көріп тұрған,
Шырылдан иесіне келіп тұрған.
Анығын, құс та болса, берер айтып,
Сұрайын көп алдында болған сырдан.

Баян қып мүшкіл істі жұртқа тараң,
Болады сыр ашылса шын керемет.
– Кел, кел! – деп, терезені ашып қойып,
Пайғамбар мағиманы қылды ишарат.

Кәпірлер кереметін көрді бағып,
Білмейді не айтарға белгі тағып.
Жебірейіл қазір сағат дайын қылды,
Есіктен кірді құстар қанат қағып.

Кәпірлер мұғжизаны көріп тұрды,
Сөзіне Мұстафанаң болып тұрды.
Калима шаһадат айтып ол екі құс
Расулдың мінберіне келіп қонды.

Расул айтты:

Көгершіндер, келдіндер ме?
Куәлік беретінді білдіндер ме?
Патша ұлын қандай адам бауыздады,
Баян қыл, көгершіндер, көрдіндер ме?

Көгершіндер:

Ай, Расул, біз қапада тұрып едік,
Көңілді Шаңызадаға бұрып едік.
Өз бауырын, ол рас, бауыздады,
Шара не, біз шырылдай көріп едік.

Қайтеміз, қайран біздің Шаңызадам,
Жасымыздан ырзалық беріп асыраған.
Айрылдық сүйтіп, таксыр, иемізден,
Пәрмен не, іс қылса жалғыз Хақтан?

Куәлік жұрт алдында алмақ үшін,
Келеді сөз шынына бармақ үшін.
Екі құс ел алдында куә болды,
Мойнына жазалының салмақ үшін.

Уәзір мен барша халық тұрды бағып,
Өтірік дей алмады бір мін тағып.

Расул:

– Жұмыс жетті! – дегеннен соң,
Жөнелді екі құс та қанат қағып.

Қара киімді сөзі:

Бұл кісі сиқыршы екен таңғажайып,
Ондайға кім сенеді, бәрі айып.

Біз мұның бір сөзіне нана алмаймыз,
Сөзімді, хан-уәзірім, қылма айып.

Осындай жұрт аздырған бола ма екен,
Жұрт бұған керемет деп нана ма екен?!

Сөзіне сиқыршының кім сенеді,
Үш айлық жерден құс жете ала ма екен?!

Иа, Расул, – деді, – шабам қылышпенен! –
Осындай өкім етті ұрыспенен.

Секілді қара жігіт үзік жанды,
Уәзірі әлгі адамға ашуланды:
Сен асықпай тұра тұр, ашыларсыз, –
Деген соң қорыққаннан тұрып қалды.

Алдиярхан:

Көрсетер жаза күйін пейілі тарға,
«Өзі түсер бір інге, – деген, – орға».

Мойнына жазашының анық түссін,
Пайғамбар, мұнан басқа куәң бар ма?!

Пайғамбар:

Уайлар хайыбынан болса зерек,
Үмбетім, ислам діні – бір бәйтерек.
Жалашының қылышы жанында тұр,
Сұрайық, қылыш куә болса керек.

Расул айтты:

Болмасын сөзде бұрыс,
Бәрін де сол күнгінің көрген қылыш.
Заты бар, тілсіз темір мақұлықты
Шақырам: «Куә бол, – деп, – айтып дұрыс!»

Қынаптан қылыш тұрып секіріпті,
Расулдың кереметі сендеріпті.
Естіртіп қылыш сөйлеп, куә болып,
Тік шаншылып шаһадат келтіріпті.

Сол жерде ес қалмады тұрғандарда,
Айтпай ма кереметін осындайда.
Қызырып, тік шаншылып, захарлатып,
Киратып кететіндей қылыш сонда.

Қылышқа өмір етті Хақ пайғамбар,
Кәпірді, рұқсат етсе, қыруға бар.
– Патша ұлын қандай адам бауыздады,
Беретін бізге қандай жауабың бар?!

Ол қылыш сөз сөйлепті ашып сырды,
Жамағат құлақ салып, мойын бұрды.

Қылыш сөзі:

Залымның қылған ісін жасырмайын,
 Ағасы, міне, мұны өзі өлтірді.
 Өлтірді туысқанын – үялмаған,
 Амал жоқ, мен – сайманы қолына алған.
 Құш – біреу, білек – біреу, кескен – өзім,
 Бұл бала меніменен бауыздалған.

Алдиярхан:

Мұғжиза бұрын көрген ол кітаптан,
 Інжіл, Таурат, Забурда мағдұм болған.
 Фаламда мұғжизасын заһар еткен,
 Мұхаммед – Хақ пайғамбар бар анық туған.

Райханның Алла сізге нұрын қүйған,
 Әр түрлі таң қылдыңыз ғайып сырдан.
 Лайықты дұрыс болар өз айтқаны,
 Естісек, тіріле алса, өлген жаннан!

Пайғамбар:

– Жазалыға қыл! – деп айтты,
 Біләл менен Салманға:
 – Тұр! – деп айтты. –
 Сандықты оңаша үйге алып барып,
 Жақсылап ол баланы жу! – деп айтты.

Адамдар әмір қылған барды сонда,
 Сандықты бала салған алды қолға.
 Тазалап пакзелеп алып келді,
 Көрсетті сандықты ашып барлық жанға.

Алдына пайғамбардың қойды сонда,
Пенденді онда, ұйқыда қысылғанда.
Орнына қиыстырып кескен басты,
Мұбарак түкірігін жақты сонда.

Ағасы осы кезде жаман састь,
Тығылды есі шығып, кейін қашты.
Мұбарак қолыменен сипағанда,
Тіріліп Шаһызада көзін ашты.

Бұл бала тұра сала калима айтты,
Жыласып туыстары араласты.
Расулға тәжім етіп жылағанда,
Балқытты қорғасындай қара тасты.

Хақ Расул баламенен жауаптасты:
– Қаныңды, кім өлтіріп, судай шашты?
Өлтірген басын кесіп өз ағасы
Калтырап ақ жүзінен қаны қашты.

Шаһызада:

Естіңіз – Расул Алла, ислам дінді,
Сейлейін, иншалла, сізге шынды.
Той қылым қатын алып, мәжіліс жасап,
Халайық сауық қылышп, көңілі тынды.

Мас болып, шарап ішіп, барша адамдар
Жығылды есін білмей, болып жынды.
Талықсып таңға жақын оянып ем,
Үстіме қанжарменен біреу мінді.

Қарасам, көзімді ашып, ағам екен,
Мойныма қанжар тиіп, сағым сынды.

Жан бердім даусым шықпай жаракаттан,
Отырмын жаңа көріп ай мен күнді.

Басқаны мен білмеймін ұқпағандай,
Лебізім дүниеге шықпағандай.
Жұмысымды ғаріп ағам бітіріпті,
Өлтіріп, зор дүшпанын мықтағандай.

Тұсімде сіз келдіңіз иман айтып,
Жатқандай әлі қаным үйықтағандай.
Білмедім: мені өлтірді қай пиғылмен,
Не болды нақақ қанды үрттағандай?!

Келтірер Алла әр істі орнына,
Мұны айтып жас төгілді қойынына.
Алдынан Хақ Расулдың тараған соң,
Тұрсын ба жарлық айтпай қоюына?!

Бұл сөзге жүрттың бәрі болды танық,
Ұмсынды пайғамбарға жақын барып.
Әуелі иман айтып Алдиярхан
Мұсылман болды уәзірге ерген халық.

Тірілткен, куә болды, жаны жоқтан,
Қанша әскер дінге кірген не мың сан.
Расулдың кереметі заһар болып,
Болыпты тұтас бір ел нақ мұсылман.

Данышпан Алдиярхан жүрегін айт,
Алланың тез көндірген себебін айт.
Уәзірлер пайғамбарға сөз бастады:
– Иа, Расул, біз жазалық, бүйрығынды айт!

Пайғамбар:

Сөз тыңда, ай, жамағат, жұмыла асхап,
Сөз айтты Жебірейіл маған хаслап.

Иланып мұғжизама тәубе қылдың,
Ер ішінен қас күншілік бәрін тастап.

Ол жігіт бір өулие болар өзі,
Бұл елге келген үшін мұнда бастап.
Жарыққа шығаруға себеп болды,
Халқының шырын сипат бақытын ашпак.

МЕККЕШІНІҢ ХИКАЯСЫ

Бисмиллаһир раҳман раҳимнан,
 Жарапалды раҳметімен жұмыла көп жан.
 Жаратты Мұхаммедті өз нұрынан,
 Және де ғаршы күрсі, лаухы, қалам.
 Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын,
 Еш нәрсе жаратқан жоқ онан бұрын.
 Әмірін хақ бұйырған тәрік етпесең,
 Тигізер ол пендеге жәннәт күллін.
 Хакімлер, білгенінше ғаділдік ет,
 Құдайға ғаділ адам болмайды шет.
 Құдайға құл, Мұхамметке үммет болсан,
 Қарама ажарына бай екен деп.
 Бар еді бір хикаят хабарымда,
 Кітаптан жадыма алдым қарадым да.
 Бір қажы Мекке барып келеді екен,
 Ескендер Зұлқарнайын заманында.
 Бишара келе жатыр тездеп басып,
 Құдайдың раҳметінен үміт етіп.
 Қасында бір пұл жоқ тамақ ішер,
 Откелсіз дарияға келді жетіп.
 Жолынан ғаріптіктің жабысады,
 Жанында пұлы жоқтан қамығады.
 Бар екен сол арада бір кемеші,
 Бұл қажы жайын айтып жалынады.
 Кемеші айтады: «Мен тұрамын бұл арада,
 Ей, ғаріп, бұл арада өтініш қылма.
 Адамды пұл бермеген өткізбеуші ем,
 Әуелде қасам¹ ішкен антым бар-ды».

¹ Қасам (араб.) – ант, серт

«Откізсан ракым қылыш жалғыз басым,
Фаріпке бір тұспеді ықыласың,
Пұлым жоқ пұл тұрады сізге берік,
Ей, жаным, пұл болмаса не аласың?»
«Кетуді өтіп бұл сөзді еп көресің,
Ақы бар дегенді жек көресің,
Бермегің пұлың болса жалғыз ділдә,
Болмаса қоң етіңнен ет бересің.
Саныңдан ет аламын жалғыз қадақ,
Жасымнан адам етін қылдым тамақ,
Ділдә бер, иә ет бер,
Біреуін екеуінің алшы қалап».
Откізбей бишараны қор қылады,
Алдынан дариядан тор қылады,
Бір қадақ ет беруден ол өлмеспін деп,
Бұл қажы берейін деп ой қылады.
Кемеші пышақ бірлән етімді алар,
Пұлым жоқ, ет бермесем не амалым бар?
Откізші, саламатлық отырайын,
Ақыңды тым болмаса өткізіп ал.
Дарияның енділігі бір күншілік,
Откен соң алмақ болып алды мініп.
Ақырын Алла білер не боларын,
Кемеде келе жатыр ойнап-куліп.
Дариядан өткізермін тағы келсен,
Иманың жолдас болсын егер өлсен.
Екеуі ризаласып сөз сөйлесіп,
Откізді дариядан аман-есен.
Дариядан қажы өтті аман-есен,
Кемеші бітіріп тұр тамам ісін.
Қажыға өткеннен соң, кемеші айтты:
«Ақымды алар едім берсең маған».

Пендені мұқтаж қылма құдіретім,
 Өтірік дей алмай тұр қажы шіркін.
 Қажының жаны шошып тұра қашты,
 Келгенде кесейін деп қадақ етін.
 Қажыға ет кестіру болды салмақ,
 Қын іс кемешіге қор қылмақ.
 «Осыдан қолға түссен, қырармын», – деп,
 Сыртқа қуа берді құрық жалғап.
 Жігітке жақсы болар бақ қонады,
 Міскінге Тәңірі оңдаса жақ болады.
 Бұл жаққа асып-сасып келе жатса,
 Нар құған бір жолаушы кез болады.
 Қажыға нар келеді тура қашып,
 Келеді ұстайды деп қажы сасып.
 Қажыға келіп қалды нар жақындаپ,
 Қайтар деп қашқан нарды момын болсан,
 Алыстан айқай салды хабар шашып.
 Жақсылық қылайын деп пиғыл кірді,
 Мүмінге шапағатшы емес міндеп.
 Жалтақтап олай-бұлай қашқан нарға,
 Асасын қолындағы лақтырады.
 Аса тиді барып нар көзіне,
 Жарапдар, тыңдасаңыз бұл сөзімді,
 Қашқан нар шыр айналып шөгіп қалды.
 Қажының көнді енді өзіне,
 Асамен соқыр қылды көзін атып,
 Жануар көзі шығып қалды жатып.
 Артынан нарға егесі жетіп келсе,
 Нар жатыр көзі шығып қанға батып.
 «Базардан алып қырық ділдәға,
 Басы кеміп пұлы кетті қу далаға.
 Аламын тым болмаса жарты құның,
 Қояйын тәуекел деп бір Аллаға».

Қосылды нар егесі кемешіге,
Пәлеге кіріптар болдың мұнша неге?
Пәлесін қылса ғажап емес,
Тәңірге тәуекел қылып қам жеме.
Сасқаннан қажы шықты биік тауға,
Жолықты Тәңірім қосып мұнша жауға.
Екеуі тұс-тусынан қамаласып,
Келеді қамаласып енді ұстауға.
Қарайды жол бар ма деп көзін ашып,
Жан үшін жалбарынып айтты сөзін.
Алдынан тау үңгірді көргеннен соң,
Тәңірге тәуекел ғып қарғиды өзі.
Үңгірге қажы түсті тіке барып,
Азырақ талып жатты естен танып.
Қараса есін жиып жан-жағына,
Бар жігіт жылап отыр ойбай салып.
Үңгірде жатады еken бір кәрі шал,
Баласы қызмет еткен жанында бар.
Атасын қызмет етіп күткен еken,
Перзентке қызмет қылу болмайды ар.
«Құдай-ай, кез келтірдің өр пәлеге
Құлдыңды өуре қылдың мұнша неге?
Бұл жерден басымды алып жоғалмасам,
Өлермін тұтқын болып тар жерде».
Ол жерден тағы қашты бір жолға түсіп,
Ұстар деп атасы үшін қылды қауіп.
Кемеші, нар егесі түскен еken,
Олар да біраз жатты есі ауып.
Жылайды шал баласы екеуіне,
Көзінің жасын сұртіп етегіне.
«Айырылдым осы арада бір адамнан,
Зәлімнің сенемін деп мекеріне».
Үшеуі сөйлеседі жөн сұрасып,

«Бір қашақ келе жатыр бізден қашып.
 Үңгірге тау басынан қарғып түсіп,
 Атаңды сол өлтірді қарнын басып».
 «Япымай, неткен адам мұнша сасқан,
 Сасқаннан атамның қарнын басқан.
 Құшсыз екеуіңіз бір адамды,
 Байғустың күнәсіна мұның қылған».
 «Сұрама оның жайын бұл арада,
 Айтамыз қолға түссе ұстағанда.
 Атаңың көз алдында қарнын жарды,
 Құныңды алмас па едің ұстағанда?
 Шыныңды айт, шалдан туған баламысың,
 Жарайды атаңызға қылған ісің.
 Атаңды көз алдында сол өлтірді,
 Сұраусыз құныңды алмай қаламысың?»
 «Болайын олай болса сізге жолдас,
 Бір Тәңір талап қылған жолымды аш.
 Бір сапар атам үшін қиналмасам,
 Атамың рухы да ырза болмас».
 Үшеуі жолға түсіп қуа берді,
 Алады тез жүгіріп қанша жерді.
 Ашулы әкесі өліп болған жігіт,
 Жақындал бишираға келді енді.
 Қажыңыз сиынады бір Құдайға,
 Берген жок қашқанда, да азар пайда.
 Бір шаһар мұнарланып көрінеді,
 Ұстапай, қажы ойлайды, жетпек қайда?
 Жетпекке қажы қысым қылды,
 Өлмесін ажал жетпей енді білді.
 Бір пайда шықпас жанға болар-ау деп,
 Тәңірге тәуекел деп келді енді.
 Келеді қажы қашып қанша жерден,
 Себеппен қаза жетіп бір шал өлген.

Түгел бұл шаһарда бір орда тұр,
Алтынмен шаңырағы күмбезделген.
Ордаға сасқанынан кіріп келді,
Қажыңыз әр бәлені көріп келді.
Бір адам тақ үстінде отыр екен,
Бұл қажы әдеппенен сәлем берді.
Сәлемін бишараның әлгі алды,
Қажының қашқандығын таниды енді.
Қысылған мұншама неткен жан деп,
Падиша назары ауып көзін салды.
«Адамзат, қашып жүрген болармысың?
Тәңірге қаһарына болмайды ісің.
Ордаға рұқсатсыз кіріп келген,
Қысылған осыншама неткен жансың?»
«Әу, тақсыр, не қыласың жөнін сұрап,
Өлтірдім жатқан шалды таудын құлап.
Екінші нардың көзі, үшінші етін кесіп,
Келемін сол себепті жанымды қинап.
Үш адам келе жатыр өлтіруге,
Саспасам қашар ма едім мұнша неге?
Болмаса, тақсыр ханым, сізден себеп,
Бетім жоқ үшеуіне былай деуге».
Тұрган жоқ бұл ісінен қажы танып,
Келіпті үшеуі де іле-шала.
Сөйлесіп падишамен отырғанда,
Ордаға олар кірді рұқсат салып.
Ордаға олар кіріп тағзым қылып,
Қажыны қуғыншылар: «Ия, тақсыр!» – деп,
Үшеуі қатар тұрып арыз қылды.
«Адамсыз үшеуіңіз қуғын қуған,
Сөзіме құлағың сал қатар тұрган.
Қуыпсыз үшеуіңіз бір адамды,
Байғұстың күнәсі не мұның қылған?»
Кемеші арыз айтты тілін bezep,

Тұрған жоқ айтпайын деп бойын тежеп.
 Падиша арызыңды айт дегеннен соң,
 Үшеуі арыз айтты кезек-кезек.
 Әуелі Кемеші айтты: «Тақсыр, ханым,
 Тұrap ең қаһар етсең шын жаным.
 Алмағым қоң етінен бір қадақ ет,
 Қой десең неге келер менің әлім?
 Кемені өуелде есіп беруші едім,
 Салғанда судың жүзін жарушы едім.
 Алмағым пұлы бардан жалғыз ділдө,
 Пұлсыздан бір қадақ ет алушы едім.
 Әуелде бермек болып уәделесті,
 Не шара қаһар етіп алсаңыз бас?
 Келгенде кесейін деп қадақ етті,
 Қолымнан, бермек тұгіл, жұлып қашты.
 Кемені салушы едім су жүзіне,
 Көрінбей кетуші едім ел көзіне.
 Бір қадақ еттім бермей қашып кетті,
 Тақсыр-ау, тыңдасаңыз бұл сөзімді.
 Жасымнан әр талапқа болдым пайым,
 Патша, тыңдасаңыз осы жайым.
 Қуып едім бұл қажыны осылайша,
 Болмаса бекер қуып не қылайын?»
 Екінші арыз айтты нар егесі,
 Падишаның түсі сүйқ қаһарлы қатты.
 «Базардан бір жақсы нар алып едім,
 Саудалап қырық ділдаға егесі сатты.
 Сол нарым қашып еді өз жеріне,
 Соңынан қуа бердім көздедім де.
 Жете алмай қашқан нарға келе жатсам,
 Қажыға қайтар дедім кез келдім де.
 Асамен сокыр қылды көзін атып,
 Жануар көзі шығып қалды жатып.

Алып бер өділдікпен жарты құнын,
Осымен сау күнінде алдым сатып».
Ушінші арыз айтты шал баласы,
Ашылсын дауыңыздың шекарасы.
«Падиша, мен жайымды білдірейін,
Азырақ рақым қылыш назар салышы!
Бар еді жүзге келген менің атам,
Иншалла, бұл сөзімде жоқтар қатам.
Михнатпен жая тартып бағушы едім,
Кәсіпке айналмаушы ем мұнан бөлек.
Атама отыр өдім тамақ беріп,
Қарғиды тау басынан қажы келіп.
Сол жерде қарғып түсіп қарнын жарды,
Себеппен қаза жетіп қалды өліп.
Соңынан қуа бердім мен де қалмай,
Пайдаға мұнан бөтен көзін салмай.
Өлтіріп көз алдымда қашып кетті,
Атамның қалайын ба құнын алмай?
Тақсыр-ау, осылайша менің ісім,
Кектесем жұлып алып келсе күшім,
Атамның қажы өлтірген құны түгіл,
Құыш жүр кемеші де бір ділдә үшін».
Білдірді бұл үшеуі арыз қалын,
Патша тыңдал отыр мұның бәрін.
Бұларға жақсы-жаман сөз айтқан жоқ,
Кім білсін падишаның не қыларын.
Падиша айтты: «Енді, қажы, сен сөйлеши,
Рас па үшеуінің мынау ісі?»
Патшаның ықпалында бір қиял тұр,
Тастамақ үшеуінің басын кесіп.
«Жол шеккен ғаріп едім ұзак жолға,
Осындей миқанатпен түстім торға».
Падиша рас па деп сұрағанда,
Жылайды шынын айтып сонда қажы.

«Тақсыр-ау, бәрі де рас осы айтқаны,
 Қолдамас өтірік айтсам Тәңірім мені.
 Не айтсаң ырзамын тақсыр, ханым,
 Қинаман өтірік айтып, патша, сені».
 Қажыға танбаған соң біраз болды,
 Қаһарынан патшаның кім құтылдырды?
 Жері жоқ бишараның қастан қылған,
 Тәңірінің бүйірған істі, өні, білді.
 Құн түгіл бір пұлы жоқ...
 Қажының мойнында тұрар кісі өлімі.
 Осындай жөнін сұрап болғаннан соң,
 Патша сөз айтады үшеуіне.
 «Сен едің тұтен құған қашып түсің,
 Кетпесін құр далаға сенің күшің.
 Айталық білгенімше әділдік сөз,
 Кемеші, әуелі бітсін сенің ісің.
 Қажы тұр бұл ісінен азар танбай,
 Адамға жақын бар ма шын жандай?!

Берем деп мұқтажында уағдаласты,
 Кешіріп неғып өтінесің танбай?
 Қағбаға тәубе қылған адам еді,
 Даға жан ұшырмай шығар ма еді?
 Рас деп бұның бәрі ырза болып тұр,
 Мойынға залым адам алар ма еді?
 Кемеші, пышақпенен етінді ал,
 Пұл жоқ деп бермесіне не қалы бар?
 Алыңыз бір кескенде бір қадақ ет,
 Кем қылыш артық қылыш алма егер.
 Қисайған тура жолдан сізге бола,
 Болармын Құдайға құл болса тура.
 Алыңыз бір кескенде бір қадақ ет,
 Қинама бишараны екі жола.
 Жүргіздің суға кеме кәсіп қылыш,
 Сауап бар әділдікті айтсақ біліп.

Тұрған жоқ қажы байғұс бермейін деп,
Алып қал ақыңызды ойнап-күліп.
Дүниеде көңілің болса кәсіппен жүр,
Кәсіппен тапқан малда болмайды күнә.
Бір жөнін екеуіңізге шамалаттым,
Кемеші, не қыларыңды енді өзің біл.
Далада шөгіп қалған бір түйесі,
Екінші нардың дауы ендігісі.
Бір жөнін сізге дағы жапсарлайық,
Бұл сөзге құлағыңды сал, нар егесі!
Базардан қырық ділдаға сатып алдың,
Соңынан қашқан нардың қуып бардың.
Жете алмай нарға келе жатып,
Қажыға мүмин болсаң айқай салдың.
Деген соң мүмин болсаң қажы сасқан,
Көрермен кетсе тәуір қайтармастан.
Былай жүр дегенге нар болсын ба?
Егесін, қажы түгіл, тастап қашқан.
Бөлін деп нарға абай асаны атты,
Жазым боп көзге тиіп қанға батты.
Ойласаң мұның бәрі Хақтың ісі,
Іше алмас қас қылды деп ешкім антты.
Шариғат үкімімен жөнін білдік,
Әмірге Хақ бұйырған мойын ұсындық.
Қажы, – деп патша сонда сөз сұрайды,
Асаңды қанша жерден лақтырдың?» – деп.
«Айталық, жер шамасы отыз саржан,
Иншалла, бола қалмас сөзім жалған.
Меккеге сауап іздең душар болдым,
Ауруға ем табылmas тілеп алған».
Қайтар деп қашқан нарды зарлады бек,
Дініме қайтармасам болады шек.
Жақсылық жамандықпен қауым деген,
Қайтармай пәле бар ма тұрғандай тек?

Бишара бұл сөзді айтып жылайды енді,
 Қажының жылағанын патша көрді.
 «Сен-дағы сондай жерден лақтыр», – деп,
 Асасын нар иесіне алыш берді.
 Бұл қажы сондай жерде барды тұрып,
 «Асаны сен лақтыр қолыңа алыш.
 Нарының қай көзі еді, сол көзіне ат,
 Тимесін бөтен жаққа жазым тауып.
 Жарайды адам көзі нар көзінен,
 Жарандар, тыңдасаңыз бұл сөзімді.
 Тигізбей бөтен жаққа анықтап ат,
 Ал енді қыын болар бұл өзіңе.
 Түрегел, қолында аса лақтырсан,
 Ескендір Зұлқарнайын мені білсен.
 Нарыңның қай көзі еді, сол көзіне ат,
 Оямын өз көзінді жазым қылсаң.
 Иншалла, бұл турада жақпас ісім,
 Тағы бір сізден басқа бөтен ісім.
 Осыдан басқа сөзді мен білмеймін,
 Өзің біл, нар егесі, ендігісін».
 Патша өзің біл деп жауап берді,
 Әркімге көрсетіп тұр тұра жолды.
 Бір жөнін сізге-дағы ескертейін,
 Ал енді шал құнына кезек келді.
 «Қысылып сан себеппен қажы келген,
 Жарылып қаза жетіп әкең өлген.
 Айтыңыз, жер шамасын еске алайық,
 Қарғыды тау басынан қанша жерден?»
 Тақсыр-ау, жақсы айтасыз ғаділдікпен,
 Сөзімнің айып етпе бұл арасын.
 Әкемді қажы өлтіреді деп,
 Шамалап кім жүріпті даудың басын?»
 «Ақыңыз үшеуінің бір адамда,
 Қажыдан ғаріп бар ма бұл жаһанда?

Төрт бұрышын дүниенің сайран қылдым,
Тау бар ма мен бармаған бұл арада?
Ол тауды мен білемін мұнарадай,
Бұл қажы қуылар ма еді жүргенде жай?
Қарғы да мұнарадан қажыны өлтір.
Бар шығар қажыңыз да бір адамдай,
Қарнын жар қарғып түсіп мұнарадан.
Құнын алмай қалған жаман бір адамнан,
Атаңыздай қарнын жарып өлтірмесен.
Пұлы жоқ, не аласың енді мұнан,
Тура тұс, жазым түспе, жүрегіне!
Қоймайын ақынды алмай тілеген,
Кеудесін, басын басып жазым түссен,
Жендеттің кестіремін біреуіне.
Дауыңызды үшеуінің қарағаным,
Айтыңдар мінім болса, жаңандарым!
Үшеуің оңашада ақылдастып,
Алыңдар көніліңнің қалағанын».
Патшаның түсі сұық, қанағары қатты,
Қажы да кете ме деп тура тартты.
Үшеуі оңашада ойласпакқа,
Ордадан есік ашып тысқа шықты.
Әуелі кемеші айтты: «Екі жолдас,
Мынауың қисық десек, кетті ғой бас.
Кескенде бір қадақ ет алсам жақсы,
Егер де артық алсам жолым болмас.
Құдайдан мен тіледім қойдым-дағы,
Жағының ақым кетті мойнындағы.
Өзімнен бекер қалдым орнымдағы».
Айтады нар егесі: «Мен де қойдым.
Атқанда тура көзге тисе жақсы,
Тимесе, тапқан пайдам, басымды жойды.
Беріп тұр нар көзіне адам көзін,
Қисық деп айта алмаймыз патша сөзін.

Атар ем асаменен тура қарап,
 Өлемін жазым тапсам менің өзім».
 Айтады шал баласы жолдасына,
 «Кетем бе бекер өліп болмашыға?
 Тағдырға Алла қосса не шара бар?
 Иманы ата болсын бишараға.
 Қарғы деп мұнарадан айтты тура,
 Бұл құным қарғып алған болар кере.
 Әуелде ажалына себеп шығар,
 Өлімге қайтып барам біле көре».
 Үшеуі ақылдасты
 Бірінің-бірі сөзін макұлдасты.
 Үшеуі патшадан рұқсат алып,
 Өз жөніне аяңдасты.
 Ескендір көкке көзін салған екен,
 Бұл дүние де опасы жоқ жалған екен.
 Төресін бергеніне тамашалап,
 Періштeler көктің жүзін алған екен.
 Біреуі әнбияның Зұлқарнайын,
 Қиссаға мағлұм етер оның жайын.
 Сөзімнің артық-кемі бола қалса,
 Кеш кейін фазылыңмен, бір Құдайым!
 Қолыма «бисмилла» деп алдыым қалам,
 Бименде – бұл қиссаны жазған адам.
 Жарандар, сөзіме менің риза бол,
 Аяғы осыменен болды тамам.

ҚАРҒАНЫҢ ӨЛЕҢІ

Ертегі естімеген елде көп-ті,
Кім айтар әңгімені елде жоқты?
Болады бірі залым, бірі момын,
Жаралған бірдей болып пендे жоқ-ты.
Біреудің ажалы – су, біреуі оттан,
Кейбіреу шаһид болар бір бастан.
Дүнияда кейбіреуге кең жай беріп,
Біреуді қапаста етіп зар жылатқан.
Сонымен заман озып бара берген,
Бірінің бірі орнын ала берген.
Тамаша талайлардың қылған ісі,
Аңыз боп ел аузында қала берген.
Ертеден шығармаған ел есінен,
Билердің билік айтқан төресінен.
Батырдың, бай-жарлының әңгімесін,
Қарттардың көп естіміз кеңесінен.
Атағы өр жігіттің өнер ісінде,
Өлімге кім араша өлерінде?
Айтыпты бір әңгіме Қарға дейді,
Халыққа сырын шешіп өлерінде.
Қарт Мұрат бұғіп алып бір тізесін,
Маржандай тіzlіп кеп сөз түзесін.
Бір топты тамсандырып айтып өтті,
Баяғы Қарғаның ол әңгімесін:
– Қарғаның бәйбішесі қасында отыр,
Мәпелеп сусын беріп, басында отыр.
Ақсақал, игі жақсы жұрт жиылып,
Қарғаның көнілін сұрап осында отыр.
Бәйбіше айдын көлдің аясында,
Көз тартар алтын тонның жағасында.

Халықты қадірімен сыйлайды екен,
 Орнықты 30 бие сабасындей.
 Ұлықтан үлкен келсе сыйлайды екен,
 Кісінің көрінуші еді анасындей.
 Алдына бәрі келіп еркелейді,
 Өзінің махаббатты баласындей.
 Қарға мен Құлсін аты қатар шықты,
 Өз құрбы қатарынан озып шықты.
 Құлсін да ақыл дана жұртқа игі,
 Сыйласу махабаты болды мықты.
 Көтерді төсегінен Қарға басын,
 Бір шолып қарап алды айналасын.
 Халыққа өсиет айта келіп,
 Сөйледі көзіне алыш ыстық жасын.
 – Ей, жұртым, пенде бар ма өлмейтұғын?
 Алланың аманатын бермейтұғын?
 Жан болып дүниеге келгеннен соң,
 Жан бар ма көрешегін көрмейтұғын?
 Көп еді қайсаrlықтан еткен ісім,
 Бұл күнде сырқаулықтан кетті күшім.
 Аяғын шалыс басқан ғафыл пенде,
 Мақшарда еттім демек ненің үшін?
 Армансыз өткен жаным жалғанымнан,
 Бақ қандай, құтым аумай албарымнан.
 Сендім деген дүшпанға тап болушы еді,
 Қолымды созып салған қармағымнан.
 Бермеді жаста Тәңірім нәсібіме,
 Кедергі тұсау салды нәсібіме.
 Пенде пенде болмай өтемін деп,
 Байлардың жалданғам жоқ есігіне.
 Жоқтықтан жүдеушілік көрдім,
 15-ке жетімдікпен жетті жасым.
 Халықтың қазынасынан не пайда бар?

Бірдеме бейнет етпей пайдасын.
Қолыма 16-да құрық алдым,
Жоқтықтан жұрт малына құрық салдым.
Ел кезіп ебелектеп түнде жүріп,
Жексұрын малшыларға ұры атандым.
Атаным соныменен ұры Қарға.
Қайратпен қара таппай ұрынарға.
Саңдар құрығымнан сескенген соң.
Деген жоқ жаман атақ мұны Қарға
Мен кеттім бір заманда елден жырак,
Құла тұз, құз бен шынды етіп тұрақ.
Біреудікін біреуге бітістіріп,
Соқтықпай момындарға жүрдім бірақ.
Қараөткел, Қызылжар мен Ор тауынан,
Орал мен Еділ-Жайық, Сырдариядан.
Келемін топтан айдал күн-тұн қатып,
Алғандай қалың малды бір құдамнан.
Тұн қатып түсім қашып ел актадым,
Орман тау, сай-салаға қонақтадым.
Кісіге көніл еткенін беріп кеттім,
Біреуін өз басыма жаратпадым.
Қуғыншы бір болмайды – бар құмарым,
Талайды тезге салып нағыллатым.
Болса да қандай алып асқан палуан,
Қос қолдап бір ұрганнан шығармадым.
Менгеріп ала алмаушы ед ешбір аттан,
Қылған жоқ жолға бөгеу салып қақпан.
Талайлар қараңғыда қарсы келіп,
Боп жүрді бір ұрганда қаза тапқан.
Осындаі көп жүрістің біреуінде,
Жерім бар өлмей қалған бір ұяттан.
Кетейін жан барында сіздерге айтып,
Кейінгі кеңес қылар біздің шақтан.

Бір жылы Ұлытаудан жылқы тартып,
 Келемін тыным алмай күн-түн қатып.
 Үстінен қалың ауыл шығып қаппын,
 Қарасам күн ағарған таңдар атып.
 Жақындаш күн шығуға таңда,
 Көрінді анау-мынау жақын манда.
 Болған соң қалатындей көзге түсіп,
 Мен келдім паналауға бір күн тамға.
 Күн шығып сәске болды бықсып қайнап,
 Қойшылар өрістеді қойын айдал.
 Жағалай өрлең қонған қалың ауыл,
 Шаңдатты жылқы қуып бие байлаң.
 Бір кезде ақ киімді ақбоз атты,
 Ақсақал мұрынды, ұзын жақты,
 Боз атты қамшыменен сипай салып,
 Аяңдал маған қарай келе жатты.
 Жақындаш келіп қалды тамға таман,
 Қашуға келмей қалды менің шамам.
 Белгілі «ұры арты – қуыс» деген,
 Қысылып мен барамын онан жаман.
 Сыртынан ол моланың бір қарады,
 Жан-жаққа мойнын бұрып қарамады.
 Қаңтарып ақбоз атқа шідер салып,
 Қабірді жаяу жүріп аралады.
 Отырып бір молага шарт жүгініп,
 Тұрып кеп аяқ жаққа тағы отырып,
 Оқиды қирағатпен «Табаракты»,
 Көп уақыт отырып алдым біліп.
 Отырмын осы тамға келеді-ау деп,
 Тығызып жатқан мені көреді-ау деп.
 Қалың ел хабарланып ұстап алса,
 Сазайымды ұмытпай береді-ау деп.

Отырып әрбір түрлі ойға қалдым,
Бір ақыл тапқаным көп қуандым.
Еңбектеп молалардың арасымен,
Бір көрге үңірейген кіріп алдым.
Бұрында аталар құлық тапқан едім,
Молаларға қорқытпаққа жатқан едім.
Соны істеп тыр жалаңаш көрге кірдім,
Ысқырып көрдің ішін ызындааттым.
Аузымды ырбаңдатып тісімді қайрап,
Көтеріп көрден басым жылмаңдаттым.
Қабірдің оң жағынан тұрып барып,
Оқып жүр бұрынғыдай кәләм шәріп*.
Көрсін деп күніреніп көтерілсем,
Қарайды сескенбестен көзін салып.
Үш рет құран оқып өлгі батыр,
Қауіпсіз еш нәрседен болмай ғафіл,
Қағынып етек-женін түре келді,
Аяңдал маған қарай келе жатыр.
Қысылдым өнерімді енді сарқып,
Құтылам бұл құсалдан енді қайтып?
Еңкейіп, тесікке кеп қолын сұғып,
Шап беріп, сирағымнан алды тартып.
Бойымен тартып алған кетті үйріп,
Саусағы сирағыма кетті кіріп.
Адырып бір қолымен айналдырып,
Қамшымен шыпылдатып қойды ұрып.
«Шайтан лағнатпысың, малғұн?» – дейді,
«Тәңірден қайтіп қарғыс алдың?» – дейді.
«Бауыздап, сен малғұнды жок етейін,
Жіберем жаһаннамға қазір», – дейді.
Үйіріп әрі-бері қамшылады,
Қамшыдан қайтіп жан шығады?

Сол кезде көкала болдым,
 Қан жуып қабірге тамшылады.
 «Батыр-ай, – дедім, – сауға, адам едім,
 Іс қылған бос құлықтан надан едім.
 Іс білмей ақымақтықтан түстім торға,
 Мал үрлап елге қарай барған едім.
 Адаммын, малғұн емес, атым – Қарға,
 Құдайым кездестірді сіздей зорға.
 Шыбындай бір жанымды сауғаға бер,
 Жылқымның жетектегі бәрін ал да!»
 Сол кезде тастап жіберді мені жерге,
 Адаммын дегеніме сенгеніне.
 Білген соң анық адам екенімді,
 Ал сонда мынау қарттың сөйлегені:
 «Ә, шіркін, солай ма екен, – деді, – балам,
 Егер де көрген болсаң басыңды аlam.
 Екінші мұндай істі жасамаңыз,
 Өзіңнен зорлар шықса келмес шаман.
 Не талап, сен де бір ер екенсің,
 Әркімнен айлаң асқан қу екенсің.
 Құлықпен қолға тускен күнелтпек боп,
 Қусынған бір жаңалық неме екенсің.
 Кетемін бір сапарға арың төкпей,
 Жастықтың кім журмейді қосын жекпей?
 Әр істі өте аңғарып өлшеп істе,
 Арасы әр адамның жер мен көктей.
 Дедің бе қорыққаныңнан жалынайын,
 Қөрдің ғой қарт бабаңың мәні-жайын?
 Еңбектеп алғаныңдай шығындағып,
 Сен иттің жылқыңды алғып не қылайын?
 Қөрдім деп мен айтпаймын, өзің біл», – деп,
 Шал сонда атқа мініп болды журмек.

Батырдан қол қусырып жөн сұрадым,
«Көрдім деп қалар екем, баба, кім?» – деп.
«Пайда бермес ұсак айла,
Фибрат бұл ісіңнен алдың пайда.
Сұрасаң менің атым – Төлек Жәуке,
Мерт болдың арыстандай шайқағанда».
Мұны айтып өз жайына кете берді,
Ешкімге білдірген жоқ бұл хабарды.
Ұяттан өлмейді екен ғафыл пенде,
Қайтейін, әттеген-ай, ұрдым санды.
Бір ісім осы менің айтпай кеткен,
Бұған да өжептөуір заман өткен.
Тағы да бір ісім бар Күлсім жайлы,
Айтылмай жүрегімде жатқан көптен.
Арқада ардагерім арқыраған,
Ақырсам айдай әлем қалтыраған.
Жасым бар сол уақытта отыз бесте,
Өзімнен кетпейтін артып адам.
Үйсіннің бір баласы Сердәлі еді,
Қашаннан қара аруақ біргелі еді.
Ішінде қалың ағаш паналадым,
Ауылдан жылқы алуға шыққан желдеп.
Ағаштың біраз жаттым арасында,
Тасалап жас қарағай панасында.
Аттанып шөлдеген соң елге келдім,
Аяңдаң намаздығер шамасында.
Көрнекті бір-ақ орда шетке таман,
Баруға тұра соған бұрдым қадам.
Осы үйден сусын ішіп шығайын деп,
Атымды сыртқа байладап ұрдым қадам.
Есіктен сәлем беріп кірдім барыш,
Бір кемпір қарсы шықты құман алыш.

Қайырылмай өте шықты әлгі кемпір,
 Келіп ед есендескім тұра қалып.
 Оң жақта бір қыз отыр белі қылдай,
 Ақ тамақ, ақ білегі тартқан сымдай.
 Аққудың көгілдірі секілденіп,
 Жан-жакқа көзін салып мойнын бүрмай.
 Көргенде бұл сұлуды болдым дертті.
 Жүрегім төмен тартып, бойым кетті.
 Түймесін қадап жатыр мақпал шапан,
 Сұп-сүйрік саусақтары инеге епті.
 Мен қалдым қызды көріп тамашаға,
 Жат қызға жат жолаушы жанаса ма?
 Біреуі босағада, бірі төрде,
 «Құдаша, амансыз ба? – дедім қарап. –
 Жолаушы жоқ жоғалтқан мен бір талап.
 Күн ыстық шөлдеген соң келіп едім,
 Келіп ем ішнейін деп сусын шалап».
 Бұл сөзге елең етіп қыз бақпады,
 Ол сырына назар салып сөз қатпады.
 Өзінің ісіменен бола берді,
 Назар салып қарау түгіл, тіл қатпады.
 Орнымнан сол уақытта тұрдым үшып,
 Шараға қымыз құйдым пісіп-пісіп.
 Қыз сонда маған қарап езу тартты,
 Жатқанда тегешімнен қымыз ішіп.
 Есіктен бір жігіт кеп ыржаң етіп,
 Ол қызға көзін қысып тыржаң етіп,
 Түймесін қадап жатқан шапанды алып,
 Киді де үйден шығып қалды кетіп.
 Сонымен атқа мініп мен де кеттім,
 Ағаштың арасымен журіп кеттім.
 Кешкілік жылқы өрісін біліп алып,
 Баяғы өзім тұрған жерге келдім.

Күн батып, ымырт болып көз байланды,
Қараңғы айсыз жарық түнге айналды.
Пысқырып қалың жылқы өрістеді,
Ағашқа бетін қойып ыңғайланды.
Жылқышы өрістетіп кетті қайтып,
Әндептіп жортақ айлап өлең айтып.
Үстімнен қалың жылқы өтіп жатыр,
Қараймын бір тасадан мен де жатып.
Ел жатып ұйықтаған кез жүрттың бәрі,
Күзетсіз, иесіз қалды жүрттың малы.
Ызыңдаپ құлағыма естіледі,
Біреудің баяулатып салған әні.
Тыңдадым сылдырымды білдірместен,
Бір қара келе жатыр мұдірместен.
Бір жігіт, қосарында бір аты бар,
Қасымнан өте шықты кідірместен.
Жақыңдаپ мен де келдім оған таяу,
Ағашқа кіргеннен соң жүрді баяу.
Екі атты бір тасаға мықтап байлап,
Жүгіріп елге кетті жігіт жаяу.
Ауылға көзім көрді кетті жігіт,
Келмейді, кетті біраз уақыт өтіп.
Аттары бір ағашта байлаулы тұр,
Келер деп мен де ойладым әлде нетіп.
Ел жатып ұйықтаған кез, бәрі тыныш,
Тыңдасам білінбейді ешбір дыбыс.
Көк төбет анда-санда бір маңқ етіп,
Қара мал түн ортасы тартқан күйіс.
Аяңдаپ арттарына келдім жақын,
Қарадым назар салып көрдім атын.
Ат-тұрман, алтын жабдық әшекейлі,
Жігіттің тамаша еттім салтанатын.

Ойладым бұ да мендей ұры ма деп,
 Ел кезген қарақшының бірі ме деп.
 Болмаса бір сүйгені мұндың болып,
 Қыз алыш қаша жүрген сері ме деп?
 Қөрмедім өмірімде мұндай малды,
 Салпы ерін, салық түсті, серке санды.
 Оқтаудай бауыры тіпті жарап қалған,
 Қыл сағақ, қамыс құлақ, майды жалды.
 Бірі – көк, бірі – күрең көрінеді,
 Су – сұлық байлаулы түр қылмай елең.
 Шошынып құлақ тігіп осқырады,
 Қасына жетіп келген тағы менен.
 Ойладым, осы маған жарамай ма,
 Екеуін он жылқыға баламай ма?
 Екеуін алыш кетіп елге барсам,
 Біріне бір қыз беріп қарамай ма?
 Қөргем жоқ өмірімде мұндай құлын,
 Болмаған дүнияда мұндай бұрын.
 Біреуі бір жесірлік малдар екен,
 Бара ма күйіп кетіп берген пұлым?
 Дедім де аттарды кеп алдым шешіп,
 Жетекке тартынған жоқ, берді есіп.
 Екі атты бір тасаға мықтап байлас,
 Болар деп тағы күттім арты нешік.
 Бір-екеу жүгіреді ентігісіп,
 Жалтактап көрінгенен үрей ұшып.
 Құлгенде дауыстары сыңғырлайды,
 Бірі алда, бірі артта жүр жүгіріп.
 Шегініп кейінірек түрді қалып,
 Бір қыз бен бір жігіт ерлі-зайып,
 Манағы қойған атын таба алмай жүр,
 Жым-жылас орынан болған ғайып.

Таңғалды сонда жігіт тұра қалып,
Тыңдады жан-жағына құлақ салып.
Шайтан, жын, пері ме деп алып кеткен,
Байлаған осы ара деп жерім анық.
Кызға айтады осы арада отыр күтіп,
Жүгірді өкшелері тық-тық етіп.
Деді де жолға түсіп кетті жігіт,
Кыз қалды сол арада үні бітіп.
Мен-дағы түрмyn тыныш салып құлақ,
Сырлары магұлым болды мұның бірак.
Ойландым қыздан бір сөз сұрайын деп,
Кыз қалған оңашада құдайым деп.
Тағы да бір қиялдың сонына ердім,
Бұйырса қызды да олжа алайын деп.
Үстіне көк дөненнің мініп алдым,
Шылбырын қос белбеудің іліп алдым.
Манағы жігіт кеткен даңғыл жолмен,
«Қайдасың, жур», – деп жетіп бардым.
Кыз сонда арам қатқыр мұнша зарығып,
Жаяулап қалғаныма түрмyn ар қып.
Көтеріп қолбақшасын маған беріп,
Үстіне қыз күреңнің мінді қарғып.
Көргенде қызды бойым кетті балқып,
Бұрылып жолға түсіп кеттім шалқып.
Кыз сорлы қараңғыда байқаған жоқ,
Құйқылтып біз барамыз жолмен тартып.
Құдайым бір сұлуды берді қолға,
Қарғаға болған емес мұндай олжа.
Кыз мінген күрең, көзім салсам,
Шалмайтын бір көк айыл шалқақ жорға.
Тас жүгін алтын алқа алқылдаған,
Қолында алтын қамшы жарқылдаған.

Қамшылап қос құлағын аршындайды,
 Қара жер дүбіріне солқылдаған.
 Келеді қыз қасқая кире тартып,
 Созылып пысқырады жерді тартып.
 Ойқастап бір безерден ағынданып,
 Құлімдеп қыз келеді орай тартып.
 Қек домбай жоқтады ербен-ербен,
 Мысықтай секіреді жарлау жерден.
 Тоқтамай тұні бойы кеттік тартып,
 Бір жан жоқ тұні бойы бізді көрген.
 Кім біледі ішіндегі қыздың дертін,
 Қыз атқа ие болды емін-еркін.
 Басыма мынау құрғыр тұрмады-ау деп,
 Қолға алып қыз ұсынды кәмшат бөркін.
 Атымның басын бұрып шегіншектеп,
 Артыма қолым создым ибеліктеп.
 Қойныма қыздың бөркін тығып алыш,
 Қозғай тұс атыңызды, келіншек, дёп,
 Келемін ауыздықтан сүйей шауып,
 Кейде бір сөйлескім келіп көнілім ауыш.
 Қыз күрең домаланып келе жатыр,
 Ақ көбік омырауын кеткен жауып.
 Қоңыр жел, таң салқын, самал соғып,
 Жымындал жұлдыздар да құлімдеп.
 Сыбанып ақ білегін, оқа жеңін,
 Соғады таңның желі жұқа бетін.
 Еліктей шыңдан қашқан елең-алаң,
 Кез еді ашып түскен қоңыр дөңнен.
 Бір кезде таң түрілді құлан иек,
 Қорініп көзге сұлу оқа жеңі.
 Оқ бойы қыз алдында окшау тартып,
 Ағызып ауыздыққа келем сүйеп.

Көк боз ат қосардағы ойнай басып,
Құлпырып күмбездері көңіл ашып.
Тәңірдің бергеніне шүкірлік қыл,
Келемін шаттық кіріп судай тасып.
Күндік жер болу қанша кеттік жүріп,
Тұнімен тоқтамадық бір кідіріп.
«Сұлуым, танимысың жарыңды?» – деп,
Артыма аттың басын алдым бұрып.
Қыз сонда ауырганын білді бір-ак,
Жас тамды көздерінен мөлдір бұлақ.
«Япирмай, не жазығым бар еді?» – деп,
Қыз сонда аттан түсіп қалды құлап.
Көз жасы омырауын кетті көл ғып,
Жығылды ғафылықтың ойын елтіп.
Секіріп түсе қалып қыз қасына,
Отырмын орамалмен бетін желпіп.
Шаң жүтқан ақша бетін, қалам қасын,
Отырдым сипап қыздың маңдай шашын.
Түймесін ағытқанда демін алып,
Уң деп қыз көтерді сонда басын.
Еңкейіп тізесіне басын салып,
Көзіне қара нәркес жасын алып.
«Бар еді айыргандай не жазығым? –
Қарғаға зарын айтып қатты налып. –
Менің жоқ, сірә, саған табынғаным,
Жаратып, жақсы көріп жағынғаным.
Айырып сүйгенімнен зар жылатқан,
Мұншама қор еткенің не қылғаның?
Сен мені мал дедің ба үрлайтұғын?
Бұл дәурен қол-ау не тұрмайтұғын.
Қанішер, қара жүрек зәлімінің,
Жақсылық жанға рақым қылмайтұғын.

Ер болсан елден сұлу таппадың ба?
 Қыздарға қылығынмен жақпадың ба?
 Кім едің елге сыймай шығып жүрген,
 Барыңды маған бола сактадың ба?»
 Отырды осыны айтып жасын алып,
 Дидарын таң атқанын көрдім анық.
 Кешегі месін берген кербез сұлу,
 Қарасам көз тоқтатып назар салып.
 Болмады мұны көріп менде төзім,
 Бар еді ашуланшақ бір мінезім.
 Қыз сөзі шымбайыма батып кетті,
 Сен, сонда қызға қарап айтқан сөзім:
 «Сен шіркін, шыныңды айтшы, сен маған деп,
 Сөзің жок рай берген маған кел деп.
 Ауылыңа кеше күндіз барып едім,
 Жолаушы жок іздеген жан едім деп.
 Әдеп қайырмадың жауап жолдал,
 Шапанын тамырыңың еттің ермек.
 Көсілген аяғыңды бір жинамадың,
 Жөн бе еді жат кісіге жауап бермек?
 Жігітке өз-өзінен мас болған соң,
 Басқаға жібімейін тас болғаның.
 Айламды сол жаманнан асырмакқа,
 Менің сол сеніменен қас болғаным.
 Жақсы қыз жақсы сөзben жауап берер,
 Сипаттай сияпаттымен түзу келер.
 Басыңа заманақыр түскен күні,
 Сен болдың ардақты қыз сөзге шебер.
 Қу сайқал, тастайын басыңды алыш,
 Көрейін жүрегінді сенің жарыш.
 Бойыңда өз мінінді өзің білмей,
 Сөйлейсің өр нәрсенің басын шалыш.

Мен-дағы өз елімнің Қарғасы едім,
Ерлердің иіліп сүйген жолдасы едім.
Құдайым мені саған кез келтірді,
Болмаса ат сауырына салмас едім.
Қанағат ет, таңба, қыз, амалыма,
Мен сенің қызықпаймын ажарыңа.
Алдыңған аңқаулықпен бір ақымак,
Атқа мін, апарайын жаманыңа.
Жүруші ем жұрт дұылдал жапан кезіп,
Тұрмауыш ем ерегіссем жаным төзіп.
Қыздардың опасыздық мінезінен,
Жүруші ем барлығынан бірдей безіп.
Басымның қуанамын аманына,
Қорықпай кіруші едім кісі қамалына.
Мен, сірә, құмар емес едім саған,
Атқа мен апарайын жаманыңа.
Шыныңды айт, махаббаттың оты жанса,
Сөндіріп мен қалмайын обалыңа.
Болмаса сөзінді қой, ер өзіме,
Тап қылған Тәңірім шығар талабыма».
Сонда қыз баяндайды мән-жайды:
«Жаратқан қызды сорлы бір Құдайым.
Қарғажан, айтқан сөзің батып кетті,
Тыңдаңыз, мен жайымды баяндайын.
Әкеттің мені айлаң асып,
Амал не, Тәңірім саған қылса нәсіп?
Мен-дағы торға тұскен ғаріп едім,
Ол жігіт жарым емес болған ғашық.
Үйсіннің бір атасы – Тарак,
Оларға дәulet берген Тәңірім қалап.
Бар екен Қожакелді деген байы,
Бықсыған дәuletі мол, өзі сараң.

Елі тегіс бай Қожакең дейтін оны,
 Жүретін Көшен жайлап ылғи соны.
 Үстінен ала жаздай тұспейді екен,
 Көк шалбар, тері тымақ, сенсең тоны.
 Жамбасы бір жатпаған жерге тиіп,
 Бір малын жұмсамайды көзі қыыш.
 Қорек қып өлген малының өлекесін,
 Жемеген бір семізін ерні тиіп.
 Бар екен соның саңырау бір баласы,
 Бұл күнде 26-ға келген жасы.
 Қәсібі қауға тартып қой бағады,
 Өсірген осылай ғып ата-анасы.
 Дауысты айқайлаған естір зорға,
 Ас-тойда мінеді екен жайдак нарға.
 Ет салып, тойдан олжа алатұғын,
 Белінде жүреді екен шекпен дорба.
 Үстіне ескі-құскы киеді екен,
 «Уа, шіркін, Қожакеңнің мырзасы!» – деп,
 Көрінген мазақ қылып күледі екен.
 Әкемнің өз көзінің тірісінде,
 Жақтырмай елдің жақсы бірісінде,
 Айттырған Қожекене құда түсіп,
 Әкемнің жұрт күйінді бұл ісіне.
 Тағы да бір бай бар еді, аты Ботпай,
 Бар екен жалғыз ұлы жанған оттай.
 Ешкімге құда тұспей жүрген шақта,
 Әкеме келуші еді ат құрғатпай.
 Айтқанын оның қабыл көрмеп еді,
 Қызым жас, күте тұр деп бермеп еді.
 Өкпелеп, тең көрмедің бойында деп,
 Өлгенде әке Мекке деп,
 Былғайды бұл жаманат бүкіл елді,
 Болар ма дәурен сүріп жүргенді.

Қасында бір-бір жігіт атқосшы бар,
Бір күні саңырау күйеу бұрыс келді.
Шешеміз қонақасы сойды қойын,
Елеулі есік аттар айтты тойын.
Женделер жиыл дейді маза бермей,
Жүріп кет, болады деп қазір ойын.
Отауға күйеуге деп төсек салды,
Қасына жас күйеу деп мені апарды.
Он шақты қасымдағы бос қыздар
Менімен қошеметке бірге барды.
Сыбырлап күйеуменен сырласуға,
Болмайды көңілдегі сырды ашуға.
Отырдым амал таппай белді буып,
Болар ма қайраттанбай құр жатуға?
Дастарқан үйге жайды тамақ жайлап,
Бұрқырап самаурын келді қайнап.
Алдына жеміс қойып, төкті нанды,
Отырды жиылған жұрт андағайлап.
Ет келіп кешкілікті тартты табақ,
Ұнатпай жолдастарын түйіп қабақ.
Сыпрып барлық етті бір-ақ соғып,
Карайды сүйек мұжіп алақ-жұлак.
Егер де кісі болса сынағандай,
Болар ең жылағандай аяғында.
Өгізше сөйлегенде мөңірейді,
Үрдажық, сөзі таудан құлағандай.
Жалындым бір женгеме қайтамын деп,
Шешеме мұны барып айтамын деп.
Жыладым мен шешеме әжекелеп,
Қойдың деп бір құзғынға жемге беріп.
Жанында оның дәурен сүргенімше,
Армансыз қара жерге кіргенім деп.

Шешеміз мұны естіп білді жайын,
 Көңілінде бір мен екені бар уайым.
 «Жатағой төсегіде ренжімей,
 Көрерсің күнің туса, қалқатайым».
 Сонан соң күйеулерге берді хабар:
 «Бұл жолы қалыңдығың емес даяр.
 Тағы да бұдан кейін жасырын кеп,
 Сүйіспүсініңмен тарқат құмар.
 Қайтесің әзірінше ренжіме,
 Қазақтың қадағасы солай болар.
 Емес қой жете алмайтын ауылың алыс,
 Келерсің бергеннен соң өзім хабар».
 Сонан соң күйеу кетті кінәламай,
 Етіне бір бағланның қарны тоймай.
 Дариға, күнім қашан туады деп,
 Жүр едім арып-ашып тыным алмай.
 Күн бармай малға сатпай ұзатар қыз,
 Ұзатса бармаймыз деп айта алмаймыз.
 Басқа бір қыз ұзатар ойын болып,
 Шақырып сол ойынға біз де бардық.
 Бас қосқан қыз-бозбала мәжіліс қып,
 Жастарға бір дәреже мейірбандық.
 Ортада біреу отыр тойды бастап,
 Қосады домбыраға әнді тастап.
 Аяғын «Кұлсін-ай» деп қайырады,
 Салмағын сөздерінің маған тастап.
 «Ауылым көшті таудың аңғарына,
 Сөз айтам саналының заңғарына.
 Құланның құба жонда қодығындай,
 Кез болдың Қожакенің маңғазына.
 Япырмай, Құлсін, сенің күнің құрысын,
 Меніреу болдың душар саңырауға.

Зарланып жарық көрмей өлгеніңше,
Құдайдан иман сұра жалбарына».
Жұрт шулап қошеметтеп дейді бәле,
Кет дейді сөйлеп берсе онан әрі.
Кез болып осы жігіт айтқан әні,
Таңғалды маған қарап жүрттың бәрі.
Мұны естіп мен үйіме қайтып келдім.
Жігіттің арам сырын айтып келдім.
Шешемнің алдына келіп басымды қойдым,
Дедім: «Мен жан күзеліс тартып келдім».
Айта алмай онан әрі бітті халім,
Шешемнің жүрегіне түсті жалын.
Ән салған сол жігітті сұрастырса,
Баяғы Ботпайұлы аты – Фалым.
Шақыртты бір жігітке тұн ішінде,
Шешемнің ырза болдым бұл ісіне.
Тасалап тұн ішінде алып келді,
Домбыра етігінің жүр ішінде.
«Шырағым, шақырды деп қылма айып,
Шешеннің тілі ортақ деген көпке.
Кінә жоқ парламаған жасқауында,
Ән салып ұнтарым айтқан бетке.
Баланың қапасына әкесі ортақ,
Ойласаң ойға салып қызды сөкпе.
Әкесі өліп кетті ертеректе,
Амал не, лажым жоқ құдіретке.
Өлеңді бастан-аяқ қайта айтып бер,
Құр бекер жараландырып айтпа көпке», –
Дегенде домбырасын Фалым алып,
Жіберді шырқыратып әнге салып.
Жұмбактап бір-екі ауыз сөздер айтты,
Басқаға түсініксіз, біздерге анық.

«Жүргім менің-дағы сарыуайым,
Біреудің біреу білмес қал-жайын.
Жан ашып Гұлсінге арнап айтқаны рас,
Егер де басқа болса не қылайын?
Ойласаң, сен ақ сұңқар тұскен торға,
Түстің де меңреуге болдың олжа.
Бұғаудан босанарлық лаж таппай,
Жем болдың жапалақ пен құзғындарға», –
Деді де домбырасын сүйей салып,
Еш адам білмей қалды бұл хабарды.
Фалымға қымыз қойып шешем сорлы,
Азырақ бір күрсініп ойға қалды.

«Шырағым, өкінгенмен болмас пайда,
Қол созған талай ерлер осындайда.
Қапаста тұтқын болған ақ сұңқарды
Бұғаудан босататын ерлер қайда?
Бұл бейбак қалып еді жастай жетім,
Тартып жүр қасіретінің зор бейнетін.
Әшейін аяқ асты қылмап еді,
Баяғы әкесінің өсиетін.
Қайтесін надандықпен айтқан сөзін,
Бола ма мұны естіп менде тыным.
Қайратың жетсе сен ал бұл қызыымды,
Ақтарсың ақ сүтімді келсе кезің.
Күндіз-түн қайғырады көзін ілмей,
Жас жаны жазылар ма дәурен сүрмей?
Бұл қызға қайын да жау, төркін де жау,
Оқиға істерді қалсын білмей.

Ботпай жүр өкпелеумен үйге кірмей,
Ақыры Тәңірі осылай жазған шығар,
Кетіп ед марқұм маған ерік бермей».
Орнынан сонда Фалым түрегелді,
«Кешір» деп бата тілеп жылай берді.

«Өмірің ұзак болсын, бақытты бол!» –
Деп анам қолын жайып бата берді.
Сөз болды сонан бері әжептеуір,
Әрине, анам сөзі жүзге аспак.
Түймесін шапанының қадап бер деп,
Кетіп ед дәл сол күні маған тастап.
Қай күнде қыз күйеуі жаман болсын,
Сездірмес өзің көрген маған ұқсан.
Сол-ақ еді бұл жігітпен кездескенім,
Алып қашып аттанғанша сөйлеспедім.
Сертім жоқ аузыымнан берген менің,
Анамның мақұл сөзін тыңдал едім.
Катені сізге еткен мойныма алам,
Құдірет жазса осылай бар ма шарам?
Қолына қарақшының түстім барып,
Ақпын деп енді қалай сендіре алам?
Бұрыннан мағлұм емес сізге сырым,
Солған жок, Тәңірге аян, қызыл гүлім.
Нақақтан күйдірменіз кінәсізді,
Көп жортқан жігіт білер қыздың жайын.
Басыма ауыр бейнет салмасын деп,
Құтылмас бір бәлеге қалмайын деп.
Болады қайда барса «Шық!» бүйрығы,
«Ат сөуірі» деген атақ алмасын деп».
Мұны айтып орнына түрегелді,
«Мінеки, алыңыз», – деп қолын берді.
Ақ жүзін аймаладым армансыз деп,
Аққудай мекендеген айдын көлді.
Сүйіндім мен ішімнен сол арада,
Баяғы қыздың сөзі тура келді.
«Кездестірген шығар Алла талабыма,
Жеткізсін Қарға сенің талабыңа.

Екі елді жауластырып кеттің бірак,
 Аnamның қалдым бірак обалына.
 Арман жоқ енді қалған мен сұлуда,
 Tapсырдым жан анамды жанабына».
 Сонаң соң атқа мініп жүріп кеттік,
 Арада бір ай жарым сапар еттік.
 Арқаны жайлап жатқан қалың жамбас,
 Aуылына шаңқай түсте барып жеттік.
 Күн қызып, соларда аспан қайнап,
 Өзенде отырған ел жаздай жайлап.
 Шаңқыған шаңқай түсте шағаладай,
 Көрінді ақбоз үйлер су жағалап.
 Айтпаған өз жайымнан бір сыр ашып,
 Қанша ойнап жүрсем-дағы сырласып.
 Менде жоқ маңыраған жалғыз лак,
 Жоқ және паналайтын жыртық лашық.
 Бар еді Қалشا дейтін бір құрдасым,
 Ол менен аямайтын мал мен басын.
 Жан еді өте жомарт ер көнілді,
 Түсуге кетті менің ықыласым.
 Қызға айттым: «Бұл қараша үйге түсіп,
 Демалып аттанайық бір шай ішіп.
 Барамыз кешке қарай баар жерге,
 Барады аспан қайнап, тағыда ысып».
 Қыз айтады: «Aуылыңыз болса қашық,
 Барамыз дәм бүйірса болса нәсіп.
 Өзімнің сүйіп алған жарым дерсің,
 Айтпаңыз басқа жайдан бір сыр ашып».
 Біз түстік ізден келіп замандасқа,
 Шын достық ол да айтты жоғалмасқа.
 Ойын-шын жүгіре шығып Қалша батыр,
 Көрісіп берді бізben амандастып.

«Қарғажан, құтты болсын алғаныңыз,
Осы еді біздің-дағы арманымыз.
Алдыңда көп әлеумет күтіп отыр,
Енді бір жасауға қамданыңыз».
Шешініп біз отырдық үйге жайлап,
Жиылып келіп қалды ауыл-аймақ.
Бұқарбай, Сейілдерге хабарлауға,
Бір атқа Қалша мініп кетті айдал.
Бірі келіп, біреуі қайтып жатыр,
Алғаның құтты болсын айтып жатыр.
Япымай, мұндай сұлу көрмедік деп,
Кейбіреуі кейін ішегін тартып жатыр.
Шашуға бала-шаға тойып жатыр,
Самаурын қайта қайнап келіп жатыр.
Қалшекең бір бағланды алыш ұрып,
Ши төсеп, домалатып соыйып жатыр.
Бесінде Қалша үйінен атқа міндік,
Сейілдің ауылына бетті бұрдық.
Келді Қалша бастап айтпай сырын,
Ауылдың бір бүйірінен тура жүрдік.
Оңаша оқшау қонған бір ауылды,
Қалшеке келе жатыр бір жамбастап.
Күмбезді бір ақ отауды тіккен сайлап,
Желілеп жағалауға бие байлап.
Қыз, қатын шағаладай қыр басында,
Келеді алдымыздан андағайлап.
Барамыз ақ отауды иеленіп,
Шылбырын көк домбайдың белдеуге іліп.
Ақ отау кестеленген тұндіктері,
Күмістеп күмбез қаққан шегеленіп.
Сым темір дауыл жықпас босағадай,
Ұстаған қалы кілем үй жағалап.
Бірінен көрпе-жастық мамық тысталап,

Болып қалды келін түсіп той тамаша.
 Ойынға бұйымдарын даяр еткен,
 Жыршылар жырлап жатыр бетін аша.
 Жиылып ойын-сауық қызып жатыр,
 Біреу – ат, біреу – шапан беріп жатыр,
 Тартулар ағайыннан келіп жатыр.
 Ән салып, ақбоз үйден айқай салып,
 Қыздыр деп ойыныңды, Қалша батыр.
 Бір жүзік, орамалмен алмаған жоқ,
 Ішінен күлкісін тыйып жылаған жоқ.
 Бұл дәulet бұған қайдан пайда болды,
 Жиынға, тойға келген жат адам көп.
 Қарға да қасіретсіз қуанады,
 Мәнісі бұл жұмысын бұлай болған.
 Көз жасын Қалша жуып жылай берген,
 Қасында бір сұлу бар Қарға келді,
 Ат соғып шаршағаннан зорға келді.
 «Бұқарбай, Сейіл, сенің салтанатың,
 Қолыңа бір аксұңқар олжа келді.
 Қызы еken Ұлы жүздің, аты Құлсін,
 Жалғанда өлмей тірі Құлсін тұрсын.
 Дүниеде мұндай сұлу бола ма еken?
 Қарғаның арманы жоқ дәурен сүрген.
 Қешегі Ләйлі – Мәжнұн, Баяндайын,
 Сұхабаты Бадығұл мен Жамалдайын.
 Қыз қорқытқа пар келмейді,
 Тегі жоқ тірі жүрген адамдайын.
 Ағайын, бекер емес мұным анық,
 Қөргенде болар емес көзің қаныш.
 Егер де осы айтқаным жалған болса,
 Мойныма өлтіріңдер шылбыр салып.
 Қарғаның паналайтын панасы жоқ,
 Бұл ердің бұлқынарлық шамасы жоқ.

Біреудің панасымен паналама,
Тұрақ енді басқа шарасы жоқ.
Арқалап қайсымыз апарамыз,
Қалмай ма артымызда дүние бок?
Ойласаң күллісін қадыр берген,
Өзінің алып келген бүйімы жоқ.
Атағы бәрімізден Қарғаның зор,
Жаужүрек ашуланса ол жалын сұық».
Қалшекең айтар сөзге қандай епті,
Отырған тамсандырды мына көпті.
Кор болған кедейліктен сабаз айдал,
Солқылдан Қалша жылап жасын төкті.
Бұл сөздің пайымына Сейіл жеткен,
Сұрады мені естіп осы көптен.
«Осындай қайсысың ерлік істедің деп,
Қарғадай бірің бар ма ерлік еткен?
Бұл Қарға қыз әкелді елім бар деп,
Деп тұрған алтын арқа жерім бар деп.
Ол қызға сөзге бай бол айтқан шығар,
Бұхарбай, Сейіл сықылды ағам бар деп.
Қарғаның бізден басқа досы бар ма?
Жарайды аруактар қысылғанда.
Ел кезген ерлікпенен ер едім деп,
Елеулі ердің бірімін деп.
Ол қызға сөзге бай бол айтқан шығар,
Қыз таппай қырда жүрген сері едім деп.
Жиылған қази құрдас, үлкен аға,
Қарғаның ерлігіне етсен баға.
Қыз дүшпан кетсе өуел бастан,
Қатынға қыламыз ба мұны таба?».
Мұны айтып Сейіл сөзін көпке салған,
Бәрі де Сейіл сөзін қабыл алған.

Жұз жылқы, жұз елу қой өзі беріп,
 Қазына он бес нарға жүгін таңған.
 Сейілдің жомарттығын ел көрген,
 Бәрі де сөзге ерген.
 Кіргізіп жас келінді оң жағына,
 Отауынан үлкеннің тағы берген.
 Мал басы бір-бірі асты мыңнан,
 Қарғаның жұлдызы туды енді оңынан,
 Сиыры қырықтан, асады қойы мыңнан.
 Білмейді бұл хабарды сұлу Құлсін,
 Ешбір жан айтпаған соң қайдан білсін.
 Құлсінді қалай алып келгенін де,
 Әлеумет әлі күнгі білмей жүрсін.
 Артық сөйлеп, семіз шық, Қарғашым, деп,
 Сорлы анам көрмеді-ау деп Құлсін жүрсін.
 Бұл Құлсін сүйтіп алған Құлсін еді,
 Пана жоқ менен басқа бұл жерде енді.
 Үш жылдай өтіп еді арасында,
 Бір күні Құлсін қатты күрсінеді.
 Бұрынғы қалыбынан айырылып жүр,
 Қабағын ашпай қатты қайғырып жүр.
 Салбырап, тұншыққандай демі бітіп,
 Қайғыға тұла бойы албыртып жүр.
 Сұрадым: «Саған не болды?» – деп,
 «Көз жасың неге бүйтіп ағылды?» – деп.
 «Сарғайып қалыбыңнан тартты жүдеу», –
 Сұрадым: «Тауың кімнен шағылды?» – деп.
 «Орынсыз сөзін біреу тигізді ме,
 Бейкүнә өсек тағып күйдірді ме?
 Болмаса сүйген жарың еске түсіп,
 Даусы жүрегінді күйдірді ме?»
 Сөйледі сонда тұрып мына Құлсін:
 «Жарамды жаның басқа қайдан білсін?»

Ойлаймын сорға біткен сорлы анамды,
Сен текке мені алғанға мәз бол жүрсің.
Қарт анам ақылы ауып кеткен шығар,
Барымта, жанжал менен әркім талап.
Бас қамын әркім ойлап еткен шығар,
Атамның ен дәулеті біткен шығар?
Жолынан қорықпасаң қауіп қылыш,
Барыш кел, сорлы анамды шарт қылдырып.
Есінде, сірә, сенің бар ма, батыр,
Кеткенің барлық елді шабыстырып?»
Мұны естіп атқа мініп жүріп кеттім,
Біріне сездірместен қалың көптің.
Ай жүріп, екі арада сапар шегіп,
Ауылдана қайнымның келіп жеттім.
Ауылдың қайнимның танып біліп,
Үйіне сәлем беріп бардым кіріп.
Әдеппен қол қусырып кішілікпен,
Иба қылыш босағада мен отырдым.
«Шырағым, жоғары шық, – дейді кемпір, –
Қарағым, – босағада неге отырдың?»
Кемпір айтты: «Берігірек келші, балам,
Жібермес кінәсізді Хақ Тағалам.
Кұлсім жоғалар күні көрдім сені,
Енді айтшы, Күлісім қайда кетті?
Айырылып жалғызынан болдым дертті,
Қақбас ит қатынымды тауып бер деп,
Салып жүр қарақшылар зор булікті.
Бұлінді әуелі жүзде барлық халық,
Нақақтан қарақшылар жала жауыш.
Ботпайға қызынды үрлап қашырдың деп,
Ол жатыр біздің елді барымталап.
Сергелі тартпак болды қалың малын,
Айыпты қыз өлтірген болып зәлім.

Қалың салыш адам құнын қоса сұрап,
 Екі рет тартпақ болды күйеу Фалым.
 Сол күні сен осы үйге келіп па едің?
 Жүзінді шала-шарпы көріп едім.
 Кетті-ау деп сол жігітпен мәнің қызыым,
 Өзімше солай ойлап ойлап жүруші едім.
 Қарағым, жөнінді айтшы, неткен жансың?
 Талабыңды Тәңір сенің жарылқасын!»
 Анама тағзым еттім мойын бұрып,
 Сөйледім қарсы алдында тіке тұрып:
 «Анажан, бұл күнәмді ғафу ет! – деп. –
 Өзінен рұқсат алып кішілікпен,
 Ырзалық сұраймын деп сізге жеттім.
 Махфузда Тәңірім жазса, адал ниетім,
 Өлген жок, Құлсін тірі осы күнде,
 Құлсіндімен өзіме неке тақтым.
 Келгенде сонша жерден мақсатым сол,
 Жүрейін құлшылық қып есігінде.
 Өзім Алшын Бұхарбай батырлардан,
 Мың жылдық дүғай сәлем құдаңыздан.
 Зор жүздің баласына билік айтқан,
 Сейілдің інісі едім мен де жаман.
 Ғафулық құзырынан сұрай берген,
 Гайыбынан Қарға балаң сұрай келген».
 Қөзінің омырауына жасын төгіп,
 Сонда анам саулы інгендей жылай берген.
 Құшактаң кең көңілді ықыласпен,
 Өшейді зарлы дауыс мол жыласын.
 «Құлыным, Қарға жаным, қолқа өзегім,
 Шаршапсың, демінді алшы, көп жүріспен.
 Құлсіннің анық теңі Қарға екен,
 Арызын Тәңірім қабыл қылған екен.

Өлсем де арманым жоқ бір Құдайға,
Кұлсінім өз теңіне барған екен.
Алланың бүйрығына шараң бар ма?
Кұлсінмен ғұмыр берсін Қарғаларға!
Тұнімен кеңес қылды өткен-кеткен,
Тұн қысқа шамаланды таң атарға.
Кемпірге арқа сүйеп алған Қарға,
Сескеніп қауіп қылмай қамаларға.
Бұл үйден тамақ ішіп жүріп кеттім,
Кешікпей ізден барды жанжалдарға.
Жақындаған келіп сұық сәлем бердім,
Бәрі де таңырқады мені көріп.
Қырмызы қызыл шапан, белде жібек,
Басымда мақпал түсті сусар бөрік.
Алыстан жүріп келген атым жараву,
Көріндім өлеуметке сиқым бөлек.
Бардым да тұра қалып амандастым,
Жан-ау деп жүрген басқа мұнда келіп.
Сұрады би мен байлар ат-жәнімді,
Жүрсің деп неге босқа, қайда елің?
Сұраған сұлтан, төре, билеріне
Жауабым сонда мынау берген менің:
«Бір аққу үшқан екен айдын көлден,
Дәмелі бір қаршыға соңына ерген.
Қаршыға қалбалактап адасқанда,
Аққуға тап келіпті бір сүр мерген.
Бір атып топшысынан түсіріпти,
Өлтірмей, соймай етін пісіріпти.
Аққудай алып, барып жарагаған,
Ойнатып сонан бері талай заман,
Көңілінде бақшада ойнап болмас алаң.
Хабарын иесіне айта келдім,
Құсыңды өзің ал деп тұрғанда аман.

Сұрасаң елім Алшын, атым – Қарға,
 Бұхарбай, Сейіл батыр ағамдар да.
 Солардың бүйрекімен мұнда келдім,
 Қынға жұмсаған соң шарам бар ма?
 Жіберді бұзылғанды жөндеп кел деп,
 Жарасын жаражының емдеп кел деп.
 Егер де жөнделмесе ерік беріп,
 Артына өлексесін тенден деп кел деп».
 Сөйледім жұрттың бәрін таңғалдырып,
 Ардақты ағаларымның атын сатып.
 Көбісі бұл сөзіме түсіне алмай,
 Сөйлейді әр нәрсенің басын шатып.
 «Өсиет, нені айтады?» – деп барлық халық,
 Қамалап тұра қалды ортаға алып.
 «Басынан не шатасың сен жаман?» – деп,
 Ұмтылды көпшілігі ашуланып.
 Сөйлейді бір жігіт маңызданып,
 Халыққа: «Тұра тұр!» – деп айқай салып.
 Атына қамшы басып омыраулап,
 Ортаға келді жігіт топты жарып.
 «Ақымақ, ол жынды емес, сендер жынды».
 Қауымы айтты шулап: «Ол не қылды?»
 «Түйіні осы даудың осы шығар,
 Сонан соң мейлің кімнен алсан құнды.
 Аққу ғой көлден үшқан Құлсін екен,
 Адасқан қаршығасымен сұм екен.
 Тап келген бір сұр мерген өзі болар,
 Ерлік пен айласы асқан бір қу екен».
 Жұрт тұрды мына сөзге аң-таң қалып,
 Қаумалап тұра қалды ортаға алып.
 Жоқ қылып қарақшыны кетейін деп,
 Жіберді қамшыменен бірер салып.

Тұрғам жоқ мен де олардан онша сасып,
Бола ма көп екен деп тұра қашып?
Қамшымен бір-бір салып жібергенде,
Жығылды үш-төртеуі омақасып.
Токтатты манағы ер арашалап,
Көп халық келіп қалды тамашалап.
Баяғы қыз үрлатқан Фалым екен,
Білерге жақын келді жанасалап.
«Ел-жұртым, қыздың білдік ел-мекенін,
Сен зорға бекер келдім сенбегенің.
Білгін, осы даудың мен айтайын,
Тұрындар әділдігім көр де менің.
Біліп тұр Қарға бұдан қайтарынды,
Біліп айт, айтар болсаң айтарынды.
Қайсысың алам дедің қайтарам деп,
Айтып тұрушу жыл мінген байталынды.
Біз үшін қарақшылар қайғырмасын,
Бұрынғыabyroyынан айырылмасын.
Жарайды, бәрің келдің, замандасым,
Айтпаймын аламын деп сүйген басын.
Мен-дағы білдіремін күйгенімді,
Токтатшы қарақшылар Сіргелерді.
Бұл Қарға біздің елге күйеу болсын,
Жарымен бұрынғыдай ойнап-құлсін.
Құлсіннің көкірегінде зар болмасын,
Айырма құдай қосқан жан жолдасын.
Бұғаудан босатылған көгілдірдің
Көз жасы тағы жылап көл болмасын.
Ер-тоқым, екі атымның көзін берсін,
Әлеумет, әділдігім көзі көрсін.
Әуелде ақ батаны бұзған едім,
Сондықтан қалың малын менен алсын.

Қайырылып айтқаным мәз болсын,
 Қарақшы көп сөйлемей еліне кетсін.
 Болмаса, Кіші жүзге шығарып бер,
 Сонан соң мейлің тіріл, мейлің өлсін.
 Араңа Үйсін өлеумет қосылмайды,
 Қарақшы өулие екен Ғалым дерсің.
 Шідерті, Сіргелі мен Қарақшылар,
 Қарақшы жалғыз қалып немді қылар?
 Даушылар, жақсы сөзге енді келем,
 Тыңдасандар сіздер менің әділ төрем.
 Қарғаның батырлығы болды мәлім,
 Қатардан артық екен мырза Ғалым.
 Сүйгенін бір-біріне қысқандай,
 Қызық қой, бұл билікке тынбағаным.
 Құлсінің менің балам теңдесің,
 Әуелде ұрынарлық адап келін болмас.
 Бір ғана атақ еді естен кетпес,
 Ғалымның мен алмайын жалғыз тайын,
 Бір жылғы малдан туған төлім де емес».
 Орнына жұрт шу етіп түрегелді,
 «Мінеки, билік ак деп бәрі келді.
 Жезделеп Ұлы жүздің жігіттері,
 Қемпірге той жаса деп үйге келді.
 Анамыз куанышты етті тойды,
 Қөтерді тойға келіп қырық қойды.
 Қекпарды күндіз көрсөң, тұнде өлең,
 Ауылда бір жетідей ойын болды.
 Ғалымды өкіл ата еттім қайын,
 Бұл-дағы құрметіме тұрды дайын.
 Екі атты алмаймын деп Ғалым сонда,
 Құлсінге сол мінгізген болсын тайым.
 Руы Құлсін қыздың еді Тере,
 Өлеумет арғы атасы ханмен бөле.

Ішіне Ұлы жүздің сіңіп кеткен,
Деп кеткен Сіргеліміз бері келген.
Аты екен атамыздың аты Мақымұт,
Білмеймін арғы атасын мен де жете.
Болышты анамыздан жалғыз құрсақ,
Сол, міне, Құлсін екен жалғыз ерек.
Құлсінді мен сыйладым жолдасым деп,
Дұшпанға сырғы таба болмасын деп.
Бұл сырды әлеуметке айтпай келдім,
Ат арты деген атақ алмасын деп.
Сонан соң Қарға атанып жүре бердім,
Ішімде айтпай жүрген сырым осы.
Арман жоқ, сол сырымды ашып бердім...
Айтып бұл әңгімесін мұны Қарға,
Қарғаның мұнан басқа міні бар ма?
Осыны айтып болып көзін жұмып,
Кетіп еді жер астына тәні Қарға.

ЗЕНГІ БАБАНЫҢ АТАСЫ

Һарун Рашид падиша болып тұрғанда жақын достарын бір мәжіліске шақырады, соған парсы үлтynан Зенгі бабаның түпкі атасы – Салман өулие барады. Отырған қонақ үйдің іші мен сырты бірдей өнерімен һәм дүниемен жақсы артылғанына таңданысады. Салман төрге барып отырғаннан кейін жанжағына қарай береді. Сонда шақырып отырған Һарун Рашид айтады: «Салман бұл үйдің ішіндегі дүниеге ме әлде, үйдегі бар кемістікке қарады ма?» – дейді. Сонда Салман Һарун Рашидке айтады: «Бұл дүниеде бұдан артық ешбір үй һәм үйдегі тұрған дүниедей еш дүние көрген жоқын. Падиша, сол үшін қараң отырмын, һәм ойлаң отырмын, егер падиша өлсе осы жиган дүниесін өзімен бірге ала жетер ме екен? О дүниеге қандай дайындығы бар екен?» – дегенде, падиша Һарун Рашид Салманға: «Осы дүниені жинап қызығына батып, о дүниеден еш хабарым жоқ болды деп айтқан екен», – дейді. «Е, падишам, бұл дүниеде еш адам тұрмайды ғой, өлмей тұрып тәубаға қайт!» – дейді. Падиша: «Ей, Салман, сенің сөзің маған бір ой салды, маған бір үлгі боларлық нақыл айт!» – дейді. Сонда Салман мынаны айтқан екен:

– Осындай ойын-сауықпен жүргеніңде бір дерт жабысып ауру болса, ол дерт шөлдететін болса, шөлге шыдамай өлім қолына келіп тұрғанда, біреу келіп «Шөл қандырады, мұз береjін» деп, осы мұлкінің дәл жартысын сұраса бересің бе?

– Өліп бара жатсам, әрине, берем.

– Енді мұзды сатып жеп шөлден құтылдың, бірақ тағы бір дертке үшырадың. Бұл дерт енді ішінді кептіріп, ішің жарылуға тақанып, науқасың жаныңа қатты батып, емші іздетіп, емшіге кезігесің. Емші «Бұл дертіңді мен жазам, мынау тұрған дүниенді тегіс бер» десе?

– Жаныма батса, әрине, берем.

— Ақырында дертке шыдамай, қалған дүниенде беріп дерттен жазылады екенсің, ақыры дүние босқа қалды екен, дүние ақырында босқа қалатын болған соң, тағадатқа кіріспі, ақырет қамын істе! Өр мүмін, өрбір адамзат ақыретті ойласын, босқа жүрмесін! Өлім – жақын. Қапылыста қалмаңдар, достарым! Ешбір адам дүниеден өтпей қалmas, ақыры өткен адамдарды еске алады екенсіндер, енді өз өмірлерінді де еске алындар...

АСАН ҚАЙФЫ МЕН ӘЗ ЖӘНІБЕК

Қазақ тарихында аты өшпестей болып сақталған төрт Жәнібек бар. Бірі – 14 (XIV)ғасырда өмірсүрген, қазақ жұртының (хандығының) қалыптасуына еңбек сіздірген Жәнібек хан. Ол қазақ хандығын құраудағы ұлан-асыр еңбегі үшін Әз Жәнібек хан деп ардакталды. Ал, кейінгі Жәнібек – Қерейден шыққан батыр. Жоңғарға қарсы күрестің қаһарманы. Олардан кейінгі екі Жәнібектің бірі Әблілқайырдың тұсында өмір сүрген және оның барлық ісін қолдаған, өмір бойы онымен бірге болған. Қазақ жұртын билеген орыс отаршылдарына наразы болып, Петербурға өлденеше рет шағым айтқан өрі елшілік қызметін атқарған батыр. Нұралы ханның күйеу баласы.

Жәнібек хан: «Екі рет той жасадым, оған келмедің, мына тойға да он сан ноғайлыны жинағанда сенің келгің келмейтіні қалай?» – депті Асан Қайғыға. Сонда Асан Қайғы айтады: «Қара Ертіс бойына әскер қоюға үлкен қорған салдырың, халқынды азапқа салдың. Қарадан әйел алыш, хандық салтжорадан айырылдың. Құландынға қу ілдірдің. Құладын құстың құлы еді, ақку құстың төресі еді. Хажы-Тарханда мешіт салдырың, салдырганда орыспен шарт жасасып алдың. Қундердің күні болғанда, Хажы-Тарханды, Еділдің бойындығы жерінді, суынды түгел орыс алады. Соны да сезбegenің бе?» – депті.

Асан Қайғының:

Ей, Жәнібек хан!
Мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің!
Жайылып жатқан халқың бар,
Оны шолып көрмейсің.
Қымыз ішіп, қызырып
Мастанып қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа жан жоқтай,
Еліріп неге сөйлейсің?
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметтің жатыр ішіп-жеп,
Артыңды алар орыс көп,
Мұны неге білмейсің?
Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан.
Болатыңды бокқа суарып,
Ел бастайтын ер тумас,
Айырылар ата мұрадан,
Мұны неге білмейсің?
Құладын құстың құлы еді,
Тышқан жеп жұні түледі.
Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Андып жүрген көп дұшпан,
Елге жау бол келеді.
Құладын құды өлтірсе,
Өз басыңда келеді.
Орыс сені өлтіріп,
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?
Арасынан қытай мен орыстың
Қорған салып, тыныш жатырсың.
Сен өзің, Жәнібек хан,
Елден асқан батырсың.
Тіл алсаң,
Тапқан жерге ел көшір!
Мұны неге білмейсің?
Бұл арадан көшпесең,
Айтқан сөзге көнбесең,
Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын-баланды.

Осыны көрдім түсімде,
Біл десе де білмейсің.
Ей, Жәнібек ойласаң,
Киңілі-киңілі заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің?
Қош-аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің! –

деген сөзі өлі де ел аузында айтылады.

Күндердің бір күні Еділ бойына кілең бөшке тиеген кеме келеді. «Бұл не зат?» – деп сұраушыларға қалталы қара Иван: «Үй салатын құрал-жабдық және түрлі-түрлі ағаштың түқымы. Ханның ақ сарайының айналасына ағаш егіп беремін», – дейді. Сонан шебер жүгін түсіріп, орналастырып болғаннан кейін Әз Жәнібек ханды шақырады. Ел келгесін, қара Иван: «Барлық бөшке бұзылсын!» – деп мылтық атыш бүйрық береді. Осы кезде бөшкелердің қакпағы ашылыш, әр бөшкеден бес қаруы сай екі солдаттан шыға келеді.

Солдаттарды қаһарлы қара Иван сапқа тұрғызып, Әз Жәнібек ханға: «Бұл орыс әскері! Хажы-Тарханды өз қолыңмен бересің бе? Жоқ, зорыммен бересің бе?» – дейді. Әз Жәнібек хан сасып, үш күнге мұрсат сұрапты. Содан ол орыс патшасына хабар беріп, қаһарлы Иванның зорлығын айтады. Патша комиссия жібереді. Қаһарлы қара Иван: «Осы сарайдың босағасында жерленген адам бар. Сол адам мұсылман болса, бұл салынған сарай Әз Жәнібектікі болсын. Егер орыс болыш шықса, менікі», – дейді. Комиссия осы сөзге тоқтап, босағаны қазғанда, мойнында таққан кресі бар орыстың басы шығады. Әз Жәнібек хан уәжге жығылып, Еділ бойындағы барлық жерден, алты басты ақ мешіт, ақ сарайдан айырылады. Сөйтіп, Асан Қайғының айтқаны келіп, Хажы-Тарханды

орыс патшасы алыш, Әз Жәнібек ханды орыс өлтіріпті. Оны көрген Асан Қайғы құсаланып, желмаясына мініп, қара қобызын бөктеріп, жер бетін шарлап, шұбырған халыққа жайлы қоныс, тұракты орын іздейді. Елдің ертеңін ойлад, еңсесін көтеруді мұрат етеді. Елдің мұн-шерін қобызына қосып, күй тартады. Содан бастап Асанның атына «Қайғы» қосылып, «Асан Қайғы» атанып кетеді.

ЖАЛБЫЗДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ ТУРАЛЫ ЕЛ АҢЫЗЫ

Бір кісінің кеудесі түйіліп ауырады екен. Жасамаған емі қалмапты. Бірақ одалмапты. Сөйтіп жүріп әлі бітіпті, өлер алдында баласына: «Мен жан тапсырғаннан кейін кеudemді жарып қара. Мені өмір бойы азапқа салған дерттің не екенін біліп ал», – деп өсиет айтыпты. Әкесі дүниеден өткеннен соң, оның өсиеті бойынша баласы кеудесін жарып көріпті. Науқастың кеудесінен жұдырықтай дәп-дәңгелек қатты бір нәрсе шығыпты. Мұны бала қалтасына салып жүріп сақтапты. Бір күні әлгі жігіт бір бұлақтың басына келіп, белбеуін шешеді де, бұлақтың басына қою өскен жалбыздың үстіне тастай салады. Әкесінің ішінен шыққан қатты зат белбеудің ішіне ораулы екен. Өзі нанын суға малып жейді. Қарны тойған соң, орнынан турегеледі де, белбеуін қолына алады. Әлгі қатты түйіршегі көрінбейді. Ол сол жерді ине іздегендей тінтіп шығады. Сөйтсе әлгі қатқан түйір түскен жердегі жалбыздың беті қарауыта майланаپ қалыпты. Сонда түйіршектің еріп кеткенін біліпті. Жігіт үйіне келген соң болған оқиғаны ауылдастарына айтады. Қеудесі түйнеп ауыратындар енді жалбызды қайнатып ішеді. Біраз уақыт өткеннен соң көбісінің кеудесі ашылады да, одалып кетеді. Адам жалбыздың дәрілік қасиетін осылайша біліпті.

БАЙДЫРАҚ ПЕН КУЛАЙЫМ ҚЫЗДЫҢ АЙТЫСЫ

Байдырақтың сөзі:

Ау, жар-жар басы биссимилла,
Үш мың теңге жар-жар-ау!
Ақку ұшып, қаз қонар,
Аққан сенге жар-жар-ау!

Жар-жар айту бұрыннан ата жолы,
Жақсы қылып айтады білген оны.
Ұзататын қыздарға лайық етіп
Айту керек, жігіттер білсін соны!

Бисмилламен басталар-ау жар-жар басы,
Бисмилласыз келмейді-ау сөздің басы.
Тұып-өскен еліңнен кеткеннен соң,
Бекебайға тамшылар көздің жасы.

Бөтен елге қимайтын қарындасым,
Сен де кетіп барасың осы...

Қыздың сөзі:

Өзен қатты тасыса құм болады,
Пәле құған адамдар сұм болады.
Жөнін біліп сөйлесу дұрыс шығар,
Аты-жөніңіз ағажан, кім болады?

Байдырақтың сөзі:

Өзім атым – Байдырак, Өтеу – елім,
Білеуті деп аталар туған жерім.
Күләйімді ұзатты дегенді естіп,
Жар-жар айтуға тойыңа келген едім, жар-жар-ау!

Қыздың сөзі:

Жақсы аға, келіпсің алыс жерден,
Жігіт жаман болмайды жақсыға ерген, жар-жар-ау!
Жақсы сөзді қосып-ау жар-жарыңа,
Жігітсіз ғой аралап көпті көрген.

Байдырақтың сөзі:

Аман-есен жүрмін, Құләйім қыз,
Сөзі сынық қалың, Құләйім қыз.
Бір сөзім бар көнілімде түйткілденген,
Ашып айтсаң сөзімді сұрайын, қыз.
Әкең де бай, баратын жерің де бай,
Не себепті жүдеулеу шырайың, қыз?

Қыздың сөзі:

Рас, аға, бұл сөзің көріп жүрмін,
Көрген сайын көнілімді бөліп жүрмін.
Тұыш-өскен адамның елі қыын,
Сол себепті жүдеулеу болып жүрмін, жар-жар-ау!

Байдырақтың сөзі:

Жан таңғалар, Құләйім, сәулетіңе,
Сан жетпейді әкеніңің дәuletіне.
Бұл еліңнен ол елің кейін емес,
Жақсы адамның барыпсыз өuletіне.

Қыздың сөзі:

Рас, әруақ қой аты шыққан,
Қанағынан сескеніп жаулар бұққан.
Сол әруаққа өзімді лайық көрмей,
Үяламын соны ойлап сыртқы жүрттан.

(*Қыз бұл арада «сол әруаққа лайықсынбай үяламын» деп өзін емес, күйеуін айттып тұр*).

Байдырақтың сөзі:

Олай болса обалың ана-атаға,
«Ақ бата» деп қалып жүр көп қатаға.
Назасына біреудің қалған жоқ па,
Ер назасы бір соқпай жай жата ма?

(*Байдырақ бұл жерде Құләйімнің бұрынғы айырылғанын ескертіп, сол ердің назасынан шыгар деп отыр. Бірақ қыз бұған дәлел таба алмай, басқа сөзге көшеді*).

Қыздың сөзі:

Көріп тұрмыз, Байеке, бұрымынды,
Қатарыңдан кем емес орынынды.
Әділ жүрек, ер көңіл жігіт болсан,
Өлеңмен көтерші көңілімді.

Байдырақтың сөзі:

Біліп тұрмын, Құләйім, сырдың бәрін,
Қоссын Алла бар қылыш жастың бәрін.
Көңілің жарым адамдай қалай айттың,
Не себепті, шырағым, көңілің жарым?

(*Қыздың жағы бұған жауап қайыра алмай, күбірлесіп жатқанда Байекеннің арқасы қозып кетіп, даурығып атып тұрып, домбырасын жогары көтеріп, «Ай-хой» деп қатты айқайлап, термелеп ала жөнеледі*).

Байдырақтың сөзі:

Қарындасым Құләйім,
Жар-жар айттым тойыңа.

Кетеді деген жоқ еді,
Сені, қалқам, ойымда.
Теңің болса жолдасың,
Көңілді өтер тойында.
Жаман болса жолдасың,
Өмірің өтер уайымда.
Қадірлі қыздың бірі едің,
Еш міні жоқ бойында.
Нашар екен жолдасың,
Дейді әркім таз басы.
Басы қисық көрінеді,
Тигендей зиян мойнына.

(Күйеуінің бейнесін Саржанга тигізгелі, күйеуінен бездіргелі жорта айтып отыр).

Басының тазын қасып,
Аузының лебін сасытып,
Топас көңілін тасытып,
Жатады-ау кіріп қойныңа.
Қыздан сорлы бар ма екен,
Теңін тауып бармаған?
Ұлдан сорлы бар ма екен,
Сүйгенін тауып алмаған?
Әділетсіз ақ бата,
Мұндайды қосып еріксіз,
Талай жастар қор болып,
Көзінің жасы парлаған.
Күнә дейді молдалар,
Ата-ана айтқан жеріне,
Жаман да болса бармаған.
Шын шарифат бұл екен,
Еріксіз айдар құл екен.

Ақшаға сатып шарғыны,
Кейбір молда алдаған.
Әділет таңы атар ма,
Осындайлардың көз жасы
Қабыл болып зарлаған?
Құлағын салып тыңдай бер,
Сөзім бар тағы арнаған!
Қарындастым Құләйім,
Жүргін, қалқам, денің сау.
Бұл елден кетіп бөтенге,
Жетермісің, япым-ау?
Топ қыздардың ішінде
Секілді бір асқар тау.
Сатылып малға еріксіз,
Жаманға барып көріксіз.
Үктиярсыз барасың,
Ортаға алыш тамам жау.
Жауларыңды айтайын,
Жаманға сатқан әкең жау.
Қызына жаны ашымай,
Сатсаң сат деген шешең жау.
Тұысқанын аямай,
Малыңды жеген ағаң жау.
Қүйеуің теңің екен деп,
Алдаған сені женген жау.
Женгетай болған жаманға,
Үйіңдегі келін жау.
Жемесе де малыңды,
Көріп жүріп жарыңды,
Құтты болсын құдаң деп,
Алдаған сені елің жау.
Бұл өсектің бәріне,
Жалғыз менің басым сау.

Ант ішінен атқандай,
 Алтын бесік жез болып,
 Бір жаманға кез болып,
 Ел аузына сөз болып,
 Көнілің ауру, денің сау.
 Сұңқарға серік қарға бол,
 Тұғырға келіп байланды
 Шешілмейтін мықты бау.
 Қиямет-қайым болғанда,
 Әділдікпен сурағанда,
 Не жауап берер ата-анаң,
 Бола қалса осы дау?
 Жолдасыңды көріп ем,
 Көрінеді шабандық.
 Мактауға лайық жері жок,
 Лайық түр жамандар.
 Жаман ерді жақсы етіп,
 Күнің туды амалдар.
 Қайран қалқам, қор болдың,
 Теңің емес жаманға...

Осы сөздерге келгенде Құләйім енді тыңдай алмай теріс қарап, жылап, өлең айтпай, отырып қалады. Ұзататын қыздың агалары ашуланып, айқайлап: «Елді бұлдіргелі журген немесің бе?!» – деп ақырып Байдыраққа ұмтылады. Араға адамдар түсіп: «Байқа, бұл да жалғыз басты жігіт емес. Қөп елі бар, сенен өшін алмай қоймайды. Мұның айтқаны шындық, шындықты айттың деп жәберлесең, барлығымыз да осыған болысамыз», – деп жанжалды тоқтатады.

Сөйтіп, Саржан елінің бозбалалары Байдырақты ауылына ертіп келіп, екі-үш күн жатқызып, тағы бір тойда екеуін айтыстырады. Екеуі өуелі қара өлеңмен айтысып артынан жұмбаққа ауысады. Байдырақ жұмбақта қызды үялтып

тоқтатам деп, өуелі бοқауыз сияқты жұмбақтар айтып, артынан дәлдеп бοқауыздың өзін жұмбақ етіп айтисады да, қыз шын берілген сияқты сыпайы сөзбен шешіп отырады. Бұдан да болмаған соң, Байдырақ ақырында тек ғалымдарғана шеше алатын бір ғылыми хикаяны жұмбақ етіп, қызды тоқтатып женіп алады. Екеуі айтисарда өуелі қыз бұрын бастап, Байдырақтан мынандай сұрақ сұрайды.

Қыздың сұрағы:

Байеке-ау, сөз сұрайын енді сенен,
Үміт қып отырсың ғой өзің менен.
Мынаған үміт қылсаң жауап берші,
Данышпан қарт шығарсың ойы терең.
Ақылы шамалы адам шеше алмайды,
Бұл сөзім жан аса алмас биік белен.
Әйелге сонша құмар елдің бәрі,
Жаман бол, жақсы болсын жас пен көрі.
Талай ер жанын қып өліп кетті,
Әйел боп күндіз-түні қайғы-зары.
Ішінде жанған өрттің тұрса-дағы,
Айналып паруанадай ынтық зары.
Құмарлық әйелде жок,
Сонда шыдамды ғой әйел ары?
Осының қанағатын шешіп берсең,
Боласың қарт та болсаң қыздың жары.

(Байдырақ сауатты адам екен, қыздың бұл сөзіне кітап тілімен жауап береді).

Байдырақтың жауабы:

Байекен біраз ойлап сөздің жайын,
– Шырағым, – деді қызға, – жауап дайын.

Ер де ме шыдамсыздық, әйелде ме,
 Шыдашы, бір азырақ сөз қылайын.
 Талабың басқа нәрсе болып жүріп,
 Молдадан сұрамапсың тарих жайын.
 Жаралып жалғыз өзі Адам ата,
 Құдайдан тілек тілеп, етті бата:
 «Маған бір серік керек өз жынысымнан,
 Еріктім және жалғыз өзім.
 Ол маған болсын деді сағынышты,
 Көнетін не айтсам да бағынышты.
 Біріміз-бірімізді аз көрмесек,
 Болайық екеуміз де сағынышты».
 Осындай тілек тілеп жатпасын ба,
 Тілегі қабыл болып Хақ қасында.
 Көз жұмып біраз жатып, көзін ашса,
 Бір сұлу әйел отыр нақ қасында.
 Көрген соң бірін-бірі болды ғашық,
 Бірінен құмарлығы бірі асып.
 Ойланды сабыр етіп хазірет Адам,
 Халал ма, харам ба деп осы нәсіп.
 Намазы асығыс бол шыдамады,
 Құмарын тарқатпаққа мауқын басып.
 Ұмтылмақ болып еді Хая ана
 Ұялып беттен шықты иман нұры.
 Екеуің бір-біріңе халалсың деп,
 Сұлулықта мағұлым болды Хақтың ісі.
 Жәбрәйіл бұл хабарды әкелгенде,
 Білмеді көрмеген соң Хая оны.

Жәбрәйіл құтпа оқып неке қиып,
 Жүктілік болды мирас өні сонан.
 Мұнан соң сол күні ұмтылды бек қуанып,
 Анамыз бұрыннан тұр құмарланып.

Әуелі Адам ата ұмтылған соң,
Ерлерге болды мирас сонан қалып.
Ұмтылмақ болып еді Хауа ана,
Иманы мен жібермеді үяты, сана.
Әйелдің үяты көп, ақылы аз,
Деп айттар бұл себептен кітап және.
Болғанмен қанша құмар хазірет Адам,
Болғанша ұмтылмады Хақтан кәләм.
Егер де адам сабыр етпегенде,
Болар ма ед ақырға шейін әйел харам?
Қыздарға шыдамсыздық тағы жана,
Өсірер оны ерке қып ата-ана.
Ұрынып жастайынан бозбалаға,
Болады кейбіреуі шын масқара.
Осындай айыбынды байқамастан,
Жабасың шыдамсыз деп ерге жала.
Болмаса әйел құмар неге болады,
Үйінде отырмай ма қызың шыдай?
Біреуге ойын тастап кетер еріп,
Мені ал, боламын деп саған жұбай.
Еркектің сабырлығы арқасында,
Жеткізді халалдыққа мені Құдай.
Жауабы сұрағыңың, міне, осылай,
Көнілің қанағат тауып болды ма жай?
Жұмбакты шеше алмасаң, мен айтайын,
Тыңдашы керек болса өзіңе бай.

Байдырақтың жұмбағы:

Бір шаһар жер жүзіне аты мәлім,
Дүнияға тегіс жайған қанаттарын.
Шаһардың үйымы мен халқының
Білуге шамасы жоқ ешкім санын.

Тып-тыныш қаласы сондай бейбіт,
 Мұнда жоқ дау мен жанжал, ұры, залым.
 Сөйлесіп бір-бірімен тіл қатысып,
 Бірінің сұрамайды бірі халын.
 Және де ешбіреуі кәсіп қылмай,
 Жатады Хақтан тілеп ырзықтарын.
 Мезгілі қала ішінде бір жыл жату,
 Шығарар сыртқа сүрік біткендерін.
 Кішкене дарбазасыз тар есіктен,
 Кіргізіп, шығарады халықтың бәрін.
 Бұл шаһар қай жерде тұратын қала?
 Түсіндір халайыққа, білсен, жаным!

Саржанның шешуі:

Байеке, бұл жұмбақты таптың ба ойдан?
 Талабың – күшті талап маған қойған.
 Шаһарың – күллі ананың құрсағы ғой,
 Дүниенің барлығына қанат жайған.
 Іштегі жас сәбілер – шаһар халқы,
 Бұлардың санын адам білсін қайдан?
 Сөйлесіп олар жаңа кәсіп қылмас,
 Үрзығын жатар тілеп бір Құдайдан.
 Дау, жанжал, ұрлықпенен жұмысы жоқ,
 Алған соң жалғыз орын жеке жайдан.
 Ананың құрсағында бір жыл жатып,
 Сонан соң шығар сыртқа етіп сайран.
 Тар есік дарбазасыз – шыққан жерің,
 Байеке-ау, шығардың ба мұны ойдан?

Саржанның жұмбағы:

Байеке-ау, жұмбақ па еді іздегенің?
 Шеше алсаң айтайын мен жүздегенін.
 Айырылып ат-шапаннан қалып журме,
 Қырыққа қиын соғып қыз дегенің.

Бір мақұлық күндіз болар халыққа дос,
Тұн болса ол достығы қалады бос.
Таң атқанша дүшпандық жұмыс істеп,
Таңертең тағы келіп болады дос.

Байдырактың шешуі:

Саржан, ауыр сөз айтасың қалай тауып?
Қалам ба сөзден тоқтап сенен сасып?
Қырықты маған қырқа қылсан-дағы,
Барасың біздікіне сол қырқаны асып.
Шешуі жұмбағыңың – ұры залым,
Халыққа күндіз дос боп жүрер малым.
Айналып тұн болғанда дүшпандыққа,
Халықтың таң атқанша үрлар малын:

Байдырактың жұмбағы:

Бар екен ғаламның бір ғұламасы,
Оның отыз баласы бар, бір анасы.
Баласы отыз болып бөлінсе де,
Бәрінің мақсаты бір расы.
Сөзі рас, іci дұрыс бәрінің,
Сондықтан бәрі бірдей дәрежесі.

Саржанның шешуі:

Ғұлама дегеніңіз – кәләм Алла,
Анасы суре фатиқа – Әлхамдилла.

Отыз деп бала етіп ұқсатқаны,
Бөлінген отыз пара бар-дүр мұнда.
Фатиханы күллі кітап анасы деп,
Ат қойған ұлы кітап дейді молла.

Саржанның жұмбағы:

Бір қауым тұнде батыр, күндіз кедей,
Мал бітер есептен тыс ішпей-жемей.
Қолында күндіз-тұні тұрмаган соң,
Не дейміз бұл байлықты кедей демей?

Байдырақтың шешуі:

Жұлдыз ғой бұл айтылған бай, кедейің,
Байлық бол шығармайды ер мерейін.
Ішіп-жеп, киіп, мініп жүрмеген соң,
Мерейсіз байлық демей, мен не дейін?

Байдырақтың жұмбағы:

Қаламмен тебіреніп жазылды хат,
Жігітке кемдік жұмыс болады дат.
Азырақ андасаң қыз сөз көрсетіп,
Бір жұмбак айтуыма етші рұқсат.
Мұғаллақ¹ жерде де емес, көкте де емес,
Жаралған құдіретпенен бәрі бір зат.
Ол заттың бойында бар қасиеті,
Қылады кім таянса көңілі шат.
Назары бір мақұлыққа кетсе түсіп,
Еш нәрсе ол мақұлыққа емес қажет.
Байлаусыз һәм тіреусіз тұрганменен,
Сонда да құлап кетіп болмас апат.
Кетеді бағзы уақытта төмен құлап,
Сонда да көтерілер сау-саламат.
Барғанда ақыретке жоқ пайдасы,
Дүнияда шапқанменен көп дәреже.

¹ Мұғаллақ (араб.) – асулы, ілуулі

Саржаның шешуі:

Бұл айтқан жұмбағыңыз – Һәмі құсы,
Мағұлымсыз оның бізге етер ісі.
Көрмейді ол басқа құстай жер мен суды
Өмірі аспанда жазы-қысы.
Кей уақытта қырық аршындай жерге келіп,
Түседі сонда жерге көлеңкесі.
Адамға сол көлеңке түсіп мәгар,
Не патша, не бай болар о шал кісі.
Жүргенде өте әріде жұмыртқалап,
Жұмыртқа кетер түсіп төмен қарап.
Жерге кеп түскенінше балапан бол,
Қайтадан ұшып кетер көкке қарап.
Бірінде дін кітабының осындай деп,
Молдалар жазған екен етіп ғажап.

Кыздың жұмбағы:

Іші дос бір қауымның, сырттары қас,
Сөздерін естіген шыдап тұрмас.
Қашама жаман сөздер айтқанменен,
Тату бол күнде жүрер болып жолдас.

Байдырақтың шешуі:

Іші дос болса қауым, сырттары қас,
Құрдастың жаны тату, сөздері қас.
Көместей бірін-бірі сөккенменен,
Кек қылмай тағы да ойнар балаша жас.

Байдырақтың жұмбағы:

Жемісті бір дарақта бар көп шымшық,
Жемісті жер шымшықтар күнде шымшып.

Жемістен жей алмаған жалқау шымшық,
Корқады қожайыннан жаман ыршып.
Қожайын жемісті көп тексергенде,
Айтады жеген бала сөйлеп шық-шық.

Қыздың шешуі:

Дегенің жеміс дарап – оқу, ғылым,
Шымшықтар – жас балалар алған білім.
Баланың қандай білім алғандығын,
Молдалар күнде байқар таппай тыным.
Жемісті жеген бала ғалым болып,
Өткізер жарық қылып айсыз түнін.
Жемісін жей алмаған кеше бала,
Өткізер қараңғы ғып жарық күнін.
Сұраған молдалардан жаман қорқыш,
Білгені жоқ болған соң байлар тілін.

Қыздың жұмбағы:

Халық сүйер бір нәрсені Хақтан тілеп,
Берсе егер бұл тілегін шат боп күлед.
Осындай тілеп алыш тұрса-дағы,
Келгенде жеркенеді жақпай жүдеп.

Байдырақтың шешуі:

Жаңбыр ғой бұл тілеген, халық тілегі,
Жаңбырдың тіршілікке дұр керегі.
Құдайдан тілеп мұны алса-дағы,
Жауғанда жиіркеніп жек көреді.

Байдырақтың жұмбағы:

Бір дәрі аңылдығы удан бетер,
Ішкенде кейбіреудің есі кетер.

Кейбіреу ашырқанбай ішіп салған,
Шипа бол кеселінің бәрі кетер.
Үқыласпен көңіл қойып шешсе бәрін,
Шипа бол бәріне де пайда етер.

Қыздың шешуі:

Бұл дәрі – шындық сөз ойлағанда,
Пайдасыз ықылас қоймағанда.
Шындық сөз – біреуге бал,
Біреуге – у, түсінікті ойлағанға.
Тиеді кейбіреуге заһардай бол,
Зұлымдық қиянатын қоймағанға.
Біреуге балдан тәтті көрінеді,
Ұқсайды қанша ішсе де тоймағанға.

Қыздың жұмбағы:

Жандыдан шығар жансыз сүлік болып,
Жансыздан шығар жанды тірі болып.
Осындай таңғажайып нәрселерді,
Айтамын өз көзіммен көргендей бол.

Байдырактың шешуі:

Жандыдан туса жансыз, жансыздан жан,
Мұныңыз жұмыртқа ғой шыққан құстан.
Су бол түсіп, артынан уыз болып,
Онан сурет құс болар, жан бітіп тән.

Байдырактың жұмбағы:

Тарыдай бір нәрсенің үлкендігі,
Халыққа мағұлым мұның бұл кемдігі.
Қаншама көзге кіші көрінгенмен,
Сыятын бүкіл ғалам бар кендігі.

Қыздың шешуі:

Кішкене бұл жұмбағың таратайын,
Сонда бүкіл ғалам сыяр жайын.
Көзіңің қарашығы бұл айтқаның,
Сыйғызар жер менен көк, күн менен түн.

Қыздың жұмбағы:

Мен көрдім бір макұлық асқан шебер,
Көңілі бір нәрсеге кетсе егер.
Алдына барып қарсы тұра қалса,
Суретін көз жұмғанша салып берер.

Байдырақтың шешуі:

Жақсының сөзі сынық, майда болар,
Жаманның ар-ұяты қайда болар?
Айтпай дәл орнымнан көрсетейін,
Алдыңа келіп тұрган айна болар.

Байдырақтың жұмбағы:

Бір жұмыс күллі ғаламға тегіс мәлім,
Құмар болып барлық макұлық салар жанын.
Үстаздан, ия білгеннен тағылым алмай,
Қатесіз үйренеді барлығы әнін.

Қыздың шешуі:

Жаралған ер-ұрғашы екі жыныс,
Жыныстық қатынас қой мағұлым бұл іс.
Барлық жан өзі біліп өсіп жатыр,
Бір макұлық білмей ақсал қалмас жұмыс.

Кыздың жұмбағы:

Бірді таптым, екі таптым жаңа,
Үшті іздең көп кездім ауыл, қала.
Бұл үшті ақырында Шамнан тауып,
Торықтым таппай, тұңқілдім біржолата.

Байдырактың шешуі:

Фарыптың харіптері айтқаның бұл,
Харіптің асты-устінде ноқаттар тұр.
Кейінде бір, кейінде екі, кейінде үш,
Ноқат¹ жок үштен артық, хақиқат, біл.

¹ Ноқат дел араб тіліндегі тануиндерді (*дамма, фатха, кесра*) меңзеп тұр



БАТАЛАР



*Жаңбырмен жер көгереді,
Батамен ел көгереді.*

Баталы Құл арымас

Халық нақылдары

БІРІНШІ ТІЛЕК ТІЛЕЙІҚ

Бірінші тілек тілейік,
Бір Аллаһтан жазбасқа.
Екінші тілек тілейік,
Дұшпанның тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілейік,
Үш жерінен будырып,
Қаранды жерге салмасқа.
Төртінші тілек тілейік,
Төрде отырған қария
Төресін қисық бұрмасқа.
Бесінші тілек тілейік,
Намазды қаза қылмасқа.
Алтыншы тілек тілейік,
Алпысқа келген ата-анаң
Ала дорба қолға алыш,
Ел қыдырып қалмасқа.
Жетінші тілек тілейік,
Жеткіншектен айырылып,
Жер таянып қалмасқа.
Сегізінші тілек тілейік,
Серке саннан айырылып,
Сергелден жолға бармасқа.

Тоғызының тілек тілейік,
Тобасынан жаңылып,
Бір Құдайға жазбасқа.
Онының тілек тілейік,
Өткен іске өкініп,
Ой, бауырымдаң қалмасқа.
Алланың досты Мұхамбет,
Үмбеттіңе шапағат ет!
Айналайын Құдірет,
Осы батамды қабыл ет!
Қадірлес жай білетін інім сіз,
Опасыз мынау дүния бастан өтер.
Тапсырған шарифатыңды орындағым,
Ағаңда бар өнер сол қолдан келер.

Ахметұлы Нұрмагамбет жазған,
1967 жыл

КӨПШІЛККЕ АРНАЛҒАН БАТАЛАР

* * *

Жарылқа, Алла, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет!
Ізет, абырой, бақ, дәulet,
Қызыр қарап, бақ қонып,
Не тілесең,
Соның бәрін қабыл ет!
Әумин!

* * *

Әulet түсірлі болсын,
Үрпақ ғұмырлы болсын.
Үлдарымыз ұғымды болсын,
Қыздарымыз жұғымды болсын.
Жастар талапты болсын,
Қарттар санатты болсын.
Еңбек тынымды болсын,
Жеміс шырынды болсын.
Тундерің тыныш болсын,
Үйлеріңде ырыс қонсын.
Балаларың қуаныш әкелсін,
Немерелерің жұбаныш әкелсін.
Орындарың төр болсын,
Дастарханың мол болсын.
Қатарларың көп болсын,
Уайым-қайғыларың жоқ болсын.
Елімізде бірлік болсын,
Жарасты тірлік болсын!

* * *

Әумин десен, міне, бата,
Қолдасын Қыдыр ата.
Қыдырың қияласын,
Періште үяласын.
Ел шеті жаусыз болсын,
Ел іші даусыз болсын.
Өрісің мықты болсын,
Қонысың құтты болсын.
Артқаның түйе болсын,
Сауғаның бие болсын.
Көргенің көген болсын,
Айтқаның өлең болсын.
Кигенің құлпы болсын,
Мінгенің жылқы болсын.
Үркесің тасып тұрсын,
Абыройың асып тұрсын!

* * *

Ақылың ассын,
Үңқыласың тассын.
Ұлың үбірлі болсын,
Қызың шүбірлі болсын.
Жақының көп болсын.
Дүшпаның жоқ болсын.
Жақсы келсін қасыңа,
Нұр жаусын басыңа,
Көшің көлікті болсын,
Қонысың тұлікті болсын!
Әумин!

* * *

Жаңбырсыз жаздан сақта,
 Жапа шеккен аздан сақта.
 Қасиетсіз кектен сақта,
 Кегін құған көптен сақта.
 Бұлттың аласынан сақта,
 Жаудың жаласынан сақта.
 Елдің бәлесінен сақта.
 Дос болып, қас болғаннан сақта,
 Күле кіріп құңғренгеннен сақта.
 Береке, дуа асынан кетпесін,
 Бақыт, дәulet басынан кетпесін,
 Қыдыр қасынан кетпесін,
 Жортқанда жолың болсын!
 Жолдасың Қыдыр болсын!
 Әумин!

* * *

Файбат сөзден сақта,
 Мезгілсіз өлімнен сақта,
 Қеудемсоқ келіннен сақта.
 Татымсыз тұздан сақта,
 Арсыз қыздан сақта.
 Қайырымсыз зордан сақта,
 Жаңбырсыз жаздан сақта.
 Ғұмыр берсең, жайлы бер,
 Дәulet берсең қайырлы бер.
 Әйелді сүйікті ғып бер,
 Қыз берсең қылышты ғып бер.
 Келіннің келістісін бер,
 Ат берсең желістісін бер.
 Тірімізге талап бер,
 Өлімізге жұмак бер.

Осы тілегімді бөлмей-жармай,
Үйіп-төгіп бір-ақ бер!
Әумин!

* * *

Сөзің аталы болсын,
Досың опалы болсын.
Ісің сапалы болсын,
Ердің қатары толсын!

* * *

Азамат туы ар болар,
Әділдік соған нәр болар.
Жадыңда тұтсаң осыны –
Жақсылық саған жар болар.
Досыңа құшак жайғанның
Қасының жолы тар болар.
Тілектен қазына жиғанның
Ошағы, орны бар болар.
Ошакта отың маздасын,
Орныңдан ор қазбасын.
Әумин!

* * *

Атаниң наласынан сақтасын,
Баланың шаласынан сақтасын.
Ағайынның аласынан сақтасын,
Жамандардың жаласынан сақтасын.
Әумин!

* * *

Бір Алла панасын берсін,
Панасын берсе, баласын берсін.

Баласын берсе, данасын берсін,
 Оны қимаса, қарасын берсін.
 Бір Құдай бар қылсын,
 Малы жоқты бай қылсын,
 Төрт түлігін сай қылсын,
 Оңын – күн, солын – ай қылсын.
 Файып ерен қырық шілтен
 Екі дүниеде шапағат етсін,
 Осы тілегім Аллаға жетсін!
 Әумин!

* * *

Бір Құдайым ондасын!
 Оң жолына бастасын!
 Үйінді түрлі апаттан,
 Құса-қайғыдан сақтасын,
 Үміт артқан ұл-қызың
 Ел сенімін ақтасын!
 Талмайтын талап берсін,
 Самғайтын қанат берсін,
 Баянды бақыт берсін,
 Ұзак ғұмыр, түрлаулы тақыт берсін!
 Әумин!

ТҮРЛІ ЖИЫН-ТОЙЛАРДА
АЙТЫЛАТЫН БАТАЛАР

Жастардың ұзак болсын өмір жасы,
Бірге өссін біте қайнап мал мен басы!
Қашанда тілден, көзден аман сақтап,
Қасында журсе екен бір панаңы!

* * *

Баталы құл арымас,
Көп бата, сауап алғанның
Бағы кеміп сарқылмас.

* * *

Қайырлы дәulet берсін,
Халыққа татулы өмір берсін.
Өлгенге иман берсін,
Тіріге ырзық берсін,
Жастарға ғұмыр берсін.
Халқымызға бірлік берсін,
Деп тілейік тілекті,
Бір Алла қабыл етсін!

* * *

Талмайтын талаң берсін,
Самғайтын қанат берсін.
Баянды бақыт, кетпес дәulet,
Кеңпейіл ниет, ұзак ғұмыр берсін!

* * *

Әуелі Құдай сақтасын,
Періштелер қолдасын!

Мың бір атты пәледен сақтасын.
 Жұз бір атты қатерден сақтасын,
 Тілдінің тілінен, көздінің көзінен,
 Пәле-жаланың бәрінен
 Бір Алла өзі сақтасын!
 Әумин!

* * *

Жанға жайлы заман болсын,
 Бала-шаға аман болсын.
 Мұхамедтің ұмметтері
 Алла алдында адал болсын.
 Дәуренің сәнді болсын,
 Өмірің мәнді болсын.
 Таңың азанды болсын,
 Үйің қазанды болсын.
 Дастанханнан дәм кетпесін,
 Ұрпак ұлыс аман болыш,
 Өміріңнен мән кетпесін!
 Әумин!

* * *

Дәуренің сәнді болсын,
 Фұмырың мәнді болсын!
 Таңың азанды болсын,
 Үйің қазанды болсын!
 Шаңырағыңа құт қүйілсын,
 Дастанханыңа жүрт жиылсын!

* * *

Ақылың ассын,
 Ықыласың тасысын!

Жақының көп болсын,
Дұшпаның жоқ болсын!
Жақсы келсін қасына,
Алланың нұры жаусын басына!

* * *

Адал болсаң судай бол,
Су кірді кетіреді.
Мықты болсаң жердей бол,
Жер жаһанды көтереді.
Аллаға жағам десең, азанды бол,
Ағайынға жағам десең, қазанды бол.
Судай таза бол, жердей берік бол,
Өмірің ұзак, сөзің халқыңа қуат болсын,
Алла сені қолдасын!
Әумин, Аллау әкбәр!

* * *

Қуаныш қайырлы болсын,
Жастар абыройлы болсын.
Уайымдары жоқ болсын,
Көңілдері тоқ болсын.
Адал еңбек арқасында
Табыстары көп болсын.
Алақандары ашық, өмірге машық болсын!
Әумин!

* * *

Қабыл болсын ниетің,
Құдайдың құлы бол сүйетің.
Пайғамбарға ұммәт бол,
Екі дүниеде шағағаты тиетін.

Қалаулысы бол халқыңын,
 Құрметтеп бас иетін.
 Азаматы бол үлтыңын,
 Ар-намысына тиетін.
 Иа, Жаратқан құдірет,
 Тілегімізді қабыл ет,
 Мұратымызды асыл ет,
 Иманымызды көміл ет.
 Қунәмізді кешіріп,
 Жәннәттан орын нәсіп ет.
 Екі дүние апатынан сақтап,
 Тарттыра көрме қасірет!

* * *

Ойында Маңғыстаудың Шақпақ-Ата,
 Берейін, қолыңды жай, саған бата.
 Қарағым, менің батам қабыл болса –
 Жылына қысыракты жүзден мата.
 Ауылдың қонған жері жүлгелі сай,
 Астыма мінген атым кер-торы тай.
 Шырағым, менің батам қабыл болса –
 Боларсың жыл айналмай мыңғырған бай.
 Ақ отау әкең берген тозбасын-ай,
 Желінде үш жүз інген боздасын-ай.
 Бағуы жылқы малдың қын болар,
 Жылқының тоғыз жүзден озбасын-ай.
 Қосағың сүйіп алған дау дауласын,
 Балаңың ең үлкені жау жауласын.
 Сырың көптігінен келмей қалып,
 Үлдарың ерте тұрып «Қау-қауласын»...

Өмір Қарағлы ақынның батасы

САПАР БАТАСЫ

* * *

Көштерің көлікті болсын,
Жолдарың көрікті болсын.
Қоныстарың құтты болсын,
Босағасы мықты болсын.
Шаңыраққа айырылмас бақ қонсын,
Рақымды Алла жолдарында жар болсын!
Әумин!

* * *

Жолыңды Алла қолдасын,
Жаманшылық болмасын.
Уәде мен сертте тұратын,
Сенімді болсын жолдасың.
Сәтті болып істерің,
Жақсы болсын жолдарың.
Жомарт болып төсегің,
Жұғымды болсын ішкенің.
Үрзығың сыртта да нәсіп бол,
Оралуың тез болсын.
Қасқа жолдың бойында
Қыдыр бабам кез болсын.
Өзің жайлы жат елде
Жылды-жылды сөз болсын.
Бақ қосылып басыңа,
Дақ тұспей ар мен бағыңа,
Сау-саламат өзіңмен
Кездестірсін тағы да.
Әумин!

* * *

Бес қаруың сайлы болсын,
Жортқан жолың жайлы болсын.
Күнің шығып, жарқырап,
Тұнің тыныш, айлы болсын.
Ішкенің зәмзәм сұы боп,
Ұртың толы майлы болсын.
Бір Алла өзі жебесін,
Аруақтар демесін.
Файып ерен қырық шілтен
Тигізсін дәйім себесін.
Нұх пайғамбар алдыңнан,
Теңізде тоссын кемесін.
Алты күнде алты айлық,
Арымай-талмай жол алғын.
Аман-есен оралғын,
Қазіргідей қол алғын.
Әумин!

ДАСТАРХАН БАСЫНДА БЕРІЛЕТІН БАТАЛАР

Иә, Тәңірі, құдірет
Мал-бастарын аман ет.
Басына бер бақыт,
Асына бер берекет.
Өмір жасын үзак ет,
Михнаттан аман ет,
Ұрпактарын асыл ет,
Дүниедегі жақсылықты
Осы үйге нәсіп ет!

* * *

Бата бердім, бақ тіледім
Ақ дастарқан басына.
Я, Құдайым, шын тіледім,
Келсін деп менің қасыма!
Көңілің көлдей болып,
Көргенің түстей болып,
Қыдыр қонсын басыңа!
Әумин!

* * *

Дастарқаныңдан дәм кетпесін,
Көңіліңнен сән кетпесін.
Ұрпак, ұлыс аман болып,
Өміріңнен мән кетпесін.
Әумин!

ДІНИ БАТАЛАР

Құдая құлымын дегейсің,
 Мұхаммед үмбетімін дегейсің.
 Шадияр досым дегейсің,
 Имам ағзамның қауымында қыл.
 Шайтанның сөрінен сақта,
 Патшаның кәрінен сақта,
 Намаздың қазасынан сақта.
 Пайғамбардың туында қыл,
 Аузы кәусардың суында қыл.
 Иман байлығын бер,
 Деннің саулығын бер.
 Әумин!

* * *

Бисмилләһир рахманир рахим,
 Уа, Жаратқан ием, Құдірет,
 Тілегімізді қабыл ет,
 Мұратымызды асыл,
 Иманымызды көміл ет!

* * *

Бір Алла қайырлы бақыт берсін,
 Халыққа татулы өмір берсін.
 Откенге иман берсін,
 Тірігे береке берсін.
 Жастарға ғұмыр, халқымызға бірлік берсін.
 Әумин!

* * *

Дұғамыз қабыл, тілегіміз дұрыс болсын,
 Бақ қарап, қыдыр дарып, ырыс қонсын.

Алладан рахмет, Пайғамбардан шапағат болып,
Марқұмның жатқан жайы
Жарқырап нұрға толсын
Жұмақтан мәңгі бақи орын берсін!

* * *

Иә, Алла, Жасаған,
Жамандыққа жазбасын,
Жақсылыққа бастасын.
Мал иесі Мұхаммед,
Жан иесі Хазірет,
Не тілегін өзір ет,
Еткен ниетін қабыл ет!
Әумин!

* * *

Әуелі Алла ондасын,
Пайғамбар болсын жолдасың.
Откендерді ойласаң,
Аруақтар қолдасын.
Ризығың, дәuletің қолыңдан кетпесін,
Иманың желге кетпесін.
Қайырлы ғып дәulet берсін,
Әмірлі ғып перзент берсін.
Анам деп есіне алған жанды
Екі жалғанда қорғаушы бол,
Пайғамбар қасына алсын!
Әумин!

**ҚОЛЖАЗБАДАҒЫ
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР**

Мақал – сөздің мәйегі.

Халық нақылы

Мақал – сенің ақылшың.

Жүрсінбек Сейілов

Имандылығыңның нышаны – сабырлылық, кеңпейілділік.

* * *

Кімде-кім білім жолына түссе, ол Аллаға жақын болады.

* * *

Құдай жолын ұстаған жолда қалмас.

* * *

Жақсы – арына құл, жаман – малына құл.

* * *

Малыңа сүйенбе, арыңа сүйен.

* * *

Жарлы болсаң да, арлы бол.

* * *

Жігіттің құны – жүз жылқы,
Ары – мың жылқы.

* * *

Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы.

* * *

Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!

* * *

Барыңа қарап шүкір ет, жоғыңа қарап сабыр ет.

* * *

Бидайдың тіктігі – дәнінің жоқтығы,
Жігіттің тікірейгені – ақылының жоқтығы.

* * *

Ұрыс ырысты қашырап, ынтымақ халықты асырап.

* * *

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

* * *

Бірлігі жоқ ел азады, бірлігі күшті ел озады.

* * *

Жіп жінішке жерінен үзіледі.

* * *

Аузы жаман ел былғайды, аяғы жаман төр былғайды.

* * *

Базар – бай, алушы – кедей.

* * *

Әдепсіз үйге кірме, әкімсіз елде тұрма.

* * *

Көптен қашқан көмусіз қалар.

* * *

Бақа – көлінде патша, балық – суында патша, жігіт – елінде патша.

* * *

Шетте жүрсөң тарығарсың, өз елінді сағынарсың.

* * *

Ер жарымен жақсы.

* * *

Үйірлі құлан ақсағын білдірмес.

* * *

Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында.

* * *

Жарлылық ұят емес, байлық мұрат емес.

* * *

Қазы мен қарта жедім, аузымда жок,
Мақпал мен парша кидім, иінімде жок.

* * *

Қарыз қатынас бұзады.

* * *

Тіленишіге жел қарсы.

* * *

Адам асыққанмен, Алла асықпайды.

* * *

Асыққан – шайтанның ісі.

* * *

Сабыр – Алланың бір есімі.

* * *

Сабыр – күн түсірмейтін сая,
Асығыс – аунатып кететін мая.

* * *

Сабыр түбі сары алтын,
Сарғайған жетер мұратқа,
Асыққан қалар үятқа.

* * *

Тура тілді тыя алмадым, туғаныма сыя алмадым.

* * *

Білімдінің сөзі – жібектей, білімсіздің сөзі – білектей.

Білім – жұғыс, ақыл – ауыс.

* * *

Денсаулық пен сабырлық –
Ең үлкен сын, бауырым.
Ал бірақ та барша жұрт
Біле ме оның қадірін?!

* * *

Көнілі елден биік тәкаппардың
Басы төмен шаншылар.
Батыр болып өр көнілімен,
Көтеріп өзін-өзі мықтысынған
Ағайыннан айырылар.
Жөн білмеген жігіттің,
Көлденең іс кез келіп,
Басынан бақыты таяр.

* * *

Күшіне сенбе, ісіне сен.

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЙТЫЛАТЫН
МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР

Мал бакқанға бітеді.

* * *

Малды тапқанға бақтыр, отынды алғанға жақтыр.

* * *

Мал жисаң өрісін тап, ас жисаң ыдысын тап.

* * *

Малды қыста – құмға, жазда – шымға айда.

* * *

Өрісінен ауған мал оңбас.

* * *

Қой өрісі – қорадан.

* * *

Малдың аузы оттамайды, аяғы оттайды.

* * *

Құн батса қойға соқпақ табылады.

* * *

Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір.

* * *

Малды бақсаң қойды бақ, май кетпейді шарадан.

* * *

Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық.

* * *

Тоңға жатқан мал оңбас, тобырға түскен жан оңбас.

* * *

Қой шелді болмай – төлді болмайды.

* * *

Жерің отты болса, малың сүтті болады.

* * *

Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын.

* * *

Қойды соққан оңбасын.

* * *

Сұтсіз қой маңырауық.

* * *

Қой сүті – қорғасын.

* * *

Қой еті – қоян еті.

* * *

Еттің бәрі қозы емес, иттің бәрі тазы емес.

* * *

Құрттаған қой құдық басында.

* * *

Құтты қонақ келсе – қой егіз табады,
Құтсыз қонақ келсе – қойға қасқыр шабады.

* * *

Ала қойды бөле қырыққан жүнгө жарымас.

* * *

Саулықтың жасы үлкен, қошқардың басы үлкен.

* * *

Айшық мүйіз ақ серке қойды бастар.

* * *

Ешкілі қой өреген.

* * *

Ешкі бастаған қой егінге түседі.

* * *

Есің кетсе, ешкі жи, ешкі жи да есің жи.

* * *

Ешкімнің іші толған лак еді, саусам – сүті бұлак еді, қапқап құрты бар еді, қарын-қарын майы бар еді, сойсам – терісі бұтыма қап еді, мүйізі – пышағыма сап еді, қатыным қандай көретін еді – айыр емес, нардай көретін еді.

* * *

Өрісіне қарай мал өсер, өзеніне қарай тал өсер.

* * *

Түйе – байлық, қой – мырзалық, жылқы – сәндік.

* * *

Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы.

* * *

Ат көрмеген ат көрсе,
Шаба-шаба, өлтірер.
Тон кимеген тон кисе,
Қаға-қаға бітірер.

* * *

Сырын білмеген аттың сыртынан журме.

* * *

Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес.

* * *

Ай мінбей атыңды мақтама.

* * *

Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас.

* * *

Ат жаманы таймен ойнар.

* * *

Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды.

* * *

Айғырды неден салсан, атты содан мінерсің.

* * *

Жақсы ат алдынан емес, артынан сүрінеді.

* * *

Сүріншек жылқы жол таппас, еріншек жігіт мал таппас.

* * *

Ат сүрінбей жер танымас.

* * *

Жығылсаң жылқы жалын төсейді, сиыр мүйізін төсейді.

* * *

Бәйгеден ат келмейді, бап келеді.

* * *

Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі.

* * *

Көбен мініс көтермес.

* * *

Құлын тайға жеткізер,
Тай құнанға жеткізер,
Құнан атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.

* * *

Бір биенің екі емшегі,
Бірі кетсе сүті жоқ.
Бір түйенің екі өркеші,
Бірі кетсе күші жоқ.

* * *

Бір бие саба болмас.

* * *

Шідерлі ат – өз атың, тусаулы ат – бос атың.

* * *

Байтал мінсен құлын жоқ,
Саумал ішсен қымыз жоқ.

* * *

Арғымақ атқа – тай төлеу.

* * *

Ат болар тай саяққа үйір, адам болар бала қонаққа үйір.

* * *

Ат тұяғын тай басар.

* * *

Таңбасыз тай, енсіз қой болмайды

* * *

Тай тулап үйірінен кетпес.

* * *

Тұлпар болар құлын мүшесінен белгілі.

* * *

Сауын саусаң бие сау,
Бозқырау түспей суалмас.
Түйткіл тартсаң түйе сау,
Ауру, бәле, жын алмас.

* * *

Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде ер тұра алмас.
Екі үзенгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.
Бәрі бірдей сай болса,
Шайтан тұгіл, жын алмас.

* * *

Жылқының мінсен – үсті жел,
Ішсен – қымызы бал.
Жесен – еті бал.

* * *

Тай атқа жеткізеді,
Ат пыраққа жеткізеді,
Пырақ мұратқа жеткізеді.

* * *

Атыңа батса алтын ер,
Атып үр да отқа жак.

* * *

Арқасына ер батқан ат аяңшыл.

* * *

Күйгелек ат арық.

* * *

Арық атқа қамшы ауыр.

* * *

Кісінеген айғырдың үйірін көр.

* * *

Жортар аттың тоғы игі.

* * *

Күнде мінген ат – тулак,
Аптада мінген ат – қунак.

* * *

Бір теңге бие болмайды,
Екі теңге түйе болмайды.
Өзінікін азынған
Кісінікін көпсінген
Өз малына ие болмайды.

* * *

Сары қымыз сүйегіңе сіңсе,
Сан аруды кеседі.

* * *

Көтерем деп түйеден безбе,
Салтанатың емес пе?
Тебеген деп биеден безбе,
Қос қанатың емес пе?

* * *

Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытар.

* * *

Үйқымен үйір болсаң, үйқы бағарсың.
Үйқымен араз болсаң, жылқы бағарсың.

* * *

Түйелі қойшы – тұрған қойшы, тәбесінен ұрған қойшы.
Аттылы қойшы – ашуы қатты қойшы.

* * *

Сиырлы бай – сары май.

* * *

Сиырлының үйі – айран, сиырсыздың үйі – сырдан.

* * *

Сиыр алсаң танып ал, танымасаң тарғыл ал.

* * *

Құдай сүзеген сиырға мүйіз бермейді.

* * *

Сиыр мүйізді өгіздің күші болмайды,
Өгіз мүйізді сиырдың сүті болмайды.

* * *

Сиырдың сүті желінінде емес, тілінде.

* * *

Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді.

* * *

Сиыр су ішсе – бұзау мұз жалайды.

* * *

Соқыр сиыр соқпақшыл.

* * *

Ойнактап жаман сиыр жылқы болмас.

* * *

Ортақ өгізден оңаша бұзауды артық.

* * *

Өгіз өлгенше өседі.

* * *

Диқан болсаң өгізің болсын.

* * *

Өгізге «өк» дегізген өлім.

* * *

Өгіз өлген жерінде өкіреді.

* * *

Қоңсы ақысын түйе қайтарады.

* * *

Түйелі ел – қырға, түйесіз ел – Сырға.

* * *

Нар маяның шұбаты – нардай ердің қуаты.

* * *

Нары бардың – малы бар.

* * *

Нар баласын қарпып сүйеді.

* * *

Алты айлық жолға арымас
Атан деген көлік бар.

* * *

Кетпенім сай, шотым сай,
Қазсам суға жетермін.
Атаным сай, атым сай,
Көшсем нуға жетермін.

* * *

Түйе сүті түгел май,
Қамырынан кертіп іш!
Бие суті, пай-пай,
Сары қымызын шертіп іш!

* * *

Түйе жисаң, нардан жи,
Жүк қалдырмас жолында.

* * *

Ауырды нар көтереді,
Өлімді ер көтереді.

* * *

Түйе ботасымен жаасты,
Тамақ батасымен жаасты.

* * *

Бағы тайған адамды
Түйе үстінде ит қабар.

* * *

Кішіпейілдікті түйеден үйрен.

* * *

Түйенің ұлкені көпірде таяқ жейді.

* * *

Жуас түйе жұндеуге жақсы.

* * *

Алпыс күн атан болғанша, бір күн бура болғанға не жетсін?!

* * *

Төрт тұліктің төресін – түйе дейді.

* * *

Түйенің жантак жемесе тілі қышиды.

* * *

Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан.
Төрт аяғын тең басқан –
Түйе деген жануар.

* * *

Бесті бураның күні күркірейді.

* * *

Алыстан шабынған бураның күші тез қайтады.

* * *

Соңғы түйенің жүгі ауыр.

* * *

Нар маяның жұні – жібек, сүті – бал.

* * *

Екі көзі танадай,
Екі өркеші баладай
Түйе деген жарықтық.

* * *

Түйесі жок ауылға
Тайлак атан көрінер.

* * *

Бота қотыр болса енесін былғайды,
Енесі келесін былғайды.

* * *

Жаман түйе ойнактаса жұт болады.

ЖУРСИНБЕК СЕЙІЛҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕҢ ҮЗІНДІ

Балалық шағымды һәм өмірімді мен – Жұрсінбек Сейілұлы қалай етіп өткізіппін, өз басыма азырақ тоқталайын.

Мен – Жұрсінбек Сейілұлы 1915 жылы ескіше жыл санаудың барыс жылы, март айының бас кезінде қазіргі Ұлытау ауданы Қызыл Тау участкесі Лесхоз сарайының жанында туған екем. Ата-анамның айтуды бойынша, жасым 8-ден асып 9-ға қарай басқанымда әкем молдаға апарып берді. Қолыма күміс ақша беріп: «Шырағым, молданың қолын алып, сөлем бергенде молдаға күмістей жүзің ашық болсын деп бер!» – деді. Өзі егіз лағы бар қасқа ешкіні жетектеп алыш жүрді.

Молда Сәдуақас Сегізбайұлынікіне бардық. Әкем молдаға: «Мынау ешкіні сізге алыш келдім, тұғырға байлау үшін, енбегінді өзіңізben келісіп төлеймін, баланың еті сіздікі, сүйегі менікі», – деп берді. Молда: «Қабылдалап алдық, үйден көп тәрбие бер, бала ойнап кетпесін», – деді.

Молда оқу-жазумен бастамады, Құраннан жатқа сабак берді. Құран аятын жатқа оқып жүрдік. Көп бала болған соңба, жердің шалғайлары ма, біраз оқып мардымды еш нәрсе ала алмады.

Баласы көп мектеп ұстаған Иманжан Жылқайдарұлы деген молда бар-тын. Енді бұған қатысып оқыдым.

Әкем атпен таңертең апарып тастайды, кешке алыш қайтады. Құн сұық, боран болса да атына мінгестіріп алыш жүрді. Мұғалім сабакты жазуменен үйретті, ескі араб әрпімен. Бұл да өте қын болды. Бұл әріптің атын *нәһу гылымы* (грамматика) деп атады. Бұдан кейін 1927 жылы төте жазу шықты, бұл да арабша, бірақ асты-усті жоқ, оңай болды, бұл алфавитті Ахмет Байтурсынулы жазды. Ол 1930 жылға шейін пайдаланылып келді. Бұл уақытта сауатты болдым, бірақ ақыл-ойым толмады, өз бетіммен сөз құрап, хат танығаным болмаса, өз ойымды екінші адамға түсіндире алмайтынмын. Артынша латын әрпі шықты, «халық жаулары» қазақ тілін сонымен оқытамыз деді. Ол әріппен 1937 жылға дейін оқытылып келді.

Енді орыс әрпіне көштік (32 әріп), жазу-оқу тегіс орыс әрпіне көшті. Ондағы мақсат қазақ халқын орыс дініне, орыс салт-санасына жақыннату еді. Біздің Қазақстандағы жақсы жігіттер қазақтың салт-санасын жоймады, қандай қараңғы болып тұрса да өзін-өзі қадірлеп үстады. Қандай жоқшылық болып тұрса да, Құдайға нәзір (уәде) бергендей, нашарларға жәрдем берді, одан закым-жапа көрсе де, арманы оларға жақсылық істеу болды.

1932 жылы «Ақтабан шұбырынды» болды. Оны болдырушы Голощекин – Қазақстан Партия Комитетінің бас секретары еді.

Ол өзі үлтшыл болып, 1928 жылдан бастап қазақтың жерін, сүйн алу үшін өр түрлі тәсіл жасады. Соғыспен алу өте қынға түсетін болды да, орысқа бағынған, өзі көшпелі, бастары бірік-пеген, тек малмен күнін көрген қазақтың қолындағы малын алса өзінен-өзі өлетінін біліп, Орталық Партия Комитеті «же-ке бай», «құлақ», «өлді шекпен» деп ауқаттыларды сотқа тартып, мал-мұліктерін кедейге берді. Кедейлер қолдарына мал тиген соң, сойып жеді, қалған малды таратты, баға алмай малды өлтірді. Ақыры жұт басталды, шығынға ұшырады. Жеке меншіктегі 3-4 қарасын, үкіметке ет керек деп, оны да тартып алды. Олар елден тартып алған малды бақпай, қыс жұтымен өлтірді. Серіктік жасаймыз деп қолда қалған бір бас қараны да алды. Серіктік болмай, тағы жұт болып, мал өлді. Малсыз қазақ аштан қырылды. 1932 жылы менің туысқандарым аштықтан өлді. Мені әкем ФЗУ-ға берді, мен ФЗУ-да Байқоңырда шахтыда саншік (стахановшы) болып жұмыс істедім. Шанамен 100 метр жерден көмір тасыдым. Еңбектеп көмір әкеле жатқанымда забойдың төбесі құлап, менің шанамды басып қалды, сонда шанаға байлаған кендір арқан сан етімді жұлдып кетті. Осы күнге дейін санымда белгісі тұр.

Шахтыға жұмысқа жарамай қалдым, бірақ жұмыс үстінде болған деп, күн көру үшін күніне 100 грамм нан береді. Ол тамақ болмай, жәрдем помыштан (помощь) бидай сұрап барғанымда жәрдем беруші складқа қағаз жазып беріп, былай деді: «Қазанқапұлы Сейілдің семьясына сандырама қатарында 5 кг бидай бер». Осы қағаз қолымда, үйде. ФЗУ-дың нан карточкасы

екеуі осы күні естелік болып, папкалардың ішінде сактаулы тұр. Қанша көргенімнің бәрін жазу мүмкін емес, ерекше болған оқиға есіме түсіп, қағаз бетіне түсірдім.

Жезқазған жерінің беті жеміс, қойнауы құс, қоян, т.б. аңға бай, сүйінда балығы мол шұрайлы өнір. Бір сиыр орта есеппен 30 литрден сүт береді, түйе далада сауусыз жатады, жылқы, қой тағы сондай. Осы байлықтың арқасында, егін салмай, жаздай ойын, қыста тойын қылыш, халық бейқам жүрді. Мал басы Қазақстанға сыймай, Ресейден жер сұрады. Үкімет бұл жөнінде Қазақстан байлығы – мал өсіру ісін дамыту жайында газет-журналдар («Наука и жизнь») шығарды. Өнірдегі дәрілік қасиеті бар шөптерден үкімет 1970-1978 жылдары дәрі-дәрмек жасады. Ел арасында қолдағы емдік, дәрігерлік кітап құралдарды (1929 жылға дейін) жинап отқа жағып, жерге көміп құртты. Ескіше хат таныған молдаларды, зиялы адамдарды ескі салт-сана болмасын деп соттатты. Енді біздің қазақ халқы не орыс емес, не қазақ емес жағдайға келді. Ескінің керекті білімін ала алмадық. Көптеген білім даға кетті. Өкінішті...

10.11.1988 жыл

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Халық ауыз әдебиеті – еліміздің өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, әдет-ғұрпы мен бай дәстүрін, дуниетанымын, салтсанасын, қылыштырын бейнелейтін мұра. Оның ел өмірін, жер тарихын зерттеушілерге беретін мәліметі, білімі үшан-теңіз. Осындай көп қырлы, сан салалы фольклорымызды терең таныған М. Әуезов: «Замана толқыны тарих теңізінде жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл – бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, Мысыр пирамидалары, Қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрден жасалған кереметтер, өткен дәурен адамдарының жай-күйін әңгіме етіп шертетін сурет пен музика. Бірақ сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойы барша үрпакқа паш еткен ескірмес, өлмес, өшпес өлең-жыр», – деп ой түйеді.

Өлең-жырдың, хикая-дастандардың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген, оны хатқа түсіріп сақтай білген, кейінгіге қаз қалпында жеткізуі мұрат еткен азаматтар ел арасында аз болған жоқ. Халық ауыз әдебиетінде үлкен жанашыры болған, халық мұрасын жинап, хатқа түсіру ісін тиянақты жүргізген Шоқан Үәлиханов, Мәшін Жұсіп Қөпееев, Әубекір Диваев, Әлкей Марғұлан, т.б. ғалым, ақын, жазушы есімдері ел ішінде аңыздай болып айтылып жүр. Ал есімі тасада қалған немесе жергілікті өңірлерде, белгілі бір орталарда ғана танылған әдебиет жанашырлары қаншама десенші! Олардың жанқиярлық еңбегі көп жағдайларда жеткілікті деңгейде бағаланбай қалып жатады. Кейінгі жылдары қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы барысында рухани мұралар көп томдық кітаптарға жинақталды. Ал ол ел арасындағы мұра жинаушылардың ерен еңбегі арқасында нәтижелі болды десек, ешкім қарсы дау айтпаса керек.

Еліміздің күрделі тарихи кезеңдерін көркемдік дәрежеде бейнелейтін жыраулық поэзия – ықылым замандар бойы жасаған қазақ сөз өнерінің, тума әдеби қазынасының үлкен

бір саласы, күнды мұрасы. Сол төлтума әдебиетіміз тарихында Асан Қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ.), Шәлгез Тіленшіұлы (XV ғ. екінші жартысы – XVI ғ. бірінші жартысы), Доспамбет жырау (XVI ғ.), Жиембет жырау (XVII ғ.), Ақтамберді Сарыұлы (XVIII ғ.), Үмбетей Тілеуұлы (XVIII ғ.), Бұқар жырау Қалқаманұлы, Қөтеш ақын, Шал Құлекеұлы (XVIII ғ.) мұрасының маңызы зор. Ал олардың жырлары үмтүлуға шақ қалған тұста ел аузында сақталғанын хатқа түсіріп, өшпес мұраеткен Шоқан, Мәшіур Жұсіп еңбегін айтпай өтүге болмайды. «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың сөз маржаны, мысалы, Мәшіур Жұсіптің орасан еңбегі арқасында хатқа түсіп бізге жетті. Мәшіурдегі Бұқар жырау сөзін тұтас хатқа түсірген бұрын-соңды ешкім болмады. Академик М. Қаратаев та XX ғасырдың бас кезіндегі ақындардың творчествосын саралай келіп: «М. Қөпеевтің қазақ әдебиетінде әрі ақын, әрі жинаушы ретінде алатын орны ерекше», – деп бағалайды. Ал Сыпыра жырау туралы айтқанда, ең алдымен, білікті ғалым Әлкей Марғұлан еңбектерін негізге аламыз. Ол кісі: «XV-XVIII ғасырлардағы көптеген қазақ ақындарының көшбасшысы және ногай-қазақ эпостарын («Ногайлы жыры») бірден-бір жасаушы кісі», – деп дала эпостарын жасаудағы Сыпыра жыраудың ролін өте жоғары бағалады. Ал Хакім Абай өлеңдері Мұрсейіт Бікеұлының жазбалары арқасында ғана түгелденді. Ақын Абай шығармаларын шығару, қайта бастыру, зерттеу ісінде басшылыққа алынған бірден-бір дереккөз осы «Мұрсейіт жазбалары» атанған М. Бікеұлының қолжазбалары болды.

Алаш қайраткерлері ұлтымыздың рухани мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде маңызды істер атқарғаны белгілі. Олардың бұл саладағы аса нәтижелі жұмыстары – осы халық үшін маңызды мәселенің бастауында тұрғандығы. Айталық, Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиеті үлгілерін, Мағжан Жұмабаев Базар жырау, Ақан сері мұраларын, Мұхамеджан Тынышбаев қазақ тарихына қатысты деректерді жинап, зерттегені, баспаларға жариялағаны бүгінгі күндері көпшіліктің игілігіне айналып отыр. Алаш зиялыш-

лары үлттың саяси бостандығы мен азаттығы жолында күрсө жүріп, халықтың рухани болмысын түгендеуді де қатар алған жүрді. Мәдени-рухани дүние өркендеу, даму жолының алғышарты екенін үлт-азаттық қозғалыс өкілдері өте жақсы түсінген. Алайда олардың алған білімдері филологиямен, тарихпен немесе өнертанушы сияқты мамандықтармен байланысты болмаған. Мысалы, Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, сонау 1905 жылдан бастап Алаш қозғалысының басықасында жүрген Халел Досмұхамедұлы Әскери-медицинадық академияны алтын медальмен бітірген. Мамандығы – дәрігер. Соған қарамастан ол қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін құнды бірқатар еңбектер тындырыды. Х. Досмұхамедұлының осындай маңызды еңбектерінің бірі – қазақ әдебиеті тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі – Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығымен байланысты. Ол 1924 жылды Ташкент қаласында «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен жинақ шығарды. Бұл жинаққа өзі алғы сөз жазды, ақын шығармаларында кездесетін тарихи атауларға, ру аттарына, топонимикалық атауларға, көне сөздерге түсініктер берді. Мұрат ақынның өлеңдері, толғаулары, дастандары осы Халел Досмұхамедұлы шығарған жинақтың арқасында бүгінге толық жетіп отыр. Бұл рухани аз олжа емес. Қазақ поэзиясынан өзінің лайықты орнын алатын Мұраттың «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Қарасай – Қази», «Шәлкез жыраудың айтқаны» сияқты әйгілі шығармалардың біздің заманымызға жетуіне зор үлес қосты. Ол «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк», «Самарқан шаһарындағы «Тіллә-қари» және «Ширдар» медреселерін салдыруши Жалаңтөс батырдың шежіресі», «Бұхарадағы Көгілташ медресесінің салынуы туралы әпсана», «Қазақ-қырғыз комиссиясынан», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы» сияқты күні бүгінге дейін деректік мәнін жоймаған еңбектер жазды. Кейінгі зерттеушілер, қазақ әдебиеті үлгілерін жинақ етіп құрастырушылар Халел Досмұхамедұлының осы еңбектерін кең пайдаланды.

Х. Досмұхамедұлы бұл еңбектерді 1923-1928 жылдары ара-
лығында жазған. Оны көрсетіп отырғанымыз, Алаш зиялыш-
ларының мәдениет, әдебиет, тіл, тарих, ғылым салаларындағы
еңбектерінің басым көпшілігі дәл осы кезеңде жазылған. Себебі
кеңестік үкімет нығайғаннан кейін Алаш жетекшілері ел би-
лігінен шектетілді. Олар қалайда болсын ұлт мұддесі үшін
қызмет етуді үлкен борыш санап, ендігі жерде ғылым, ағарту
салаларына атсалысты. Осындай жағдайдан барып Халел Дос-
мұхамедұлы табиғаттану, Міржақып Дулатов математика,
Мағжан Жұмабаев педагогика, Телжан Шонанұлы әдістеме,
Жұсінбек Аймауытов психология, Қошке Кеменгерұлы жер
шаруашылығы, Мұхамеджан Тынышпаев тарих оқулықтарын
жазды.

«Ел іші – алтын қазына». Осыны ескере келіп, халық мұ-
расын жинаушы, қадымша хат таныған, көне сөздің білгірі,
есімі Жезқазған, Ұлытау өнірінде кең танылған Жұрсінбек
Сейілұлының қолжазбасын, ондағы жиған-терген дүниесін
қолға алдық. Қолжазба үлкен бір қазынаның кені болар деген
үміт те болды. Әуелде қолжазба дәптерлердегі материалдар
өзімізге бұрыннан таныс, көптен білетін нәрселер сияқты кө-
рінді. Алайда оқи келе, зерделей келе не бір тың ойларға,
халықтың ұмытыла бастаған танымдарына, сөз маржандарына
кезіктік. Жұрсінбек Сейілұлы әдебиетші, яки тарихшы болмаса
да тарих, этнография, әдебиет саласында деректік маңызы
зор дүниелерді жинапты. Қолжазбалар ішіндегі мол мұраның
бірқатарын таңдал алып, жеке бір кітап етіп шығаруды, жүрт
игілігіне ұсынуды жөн көрдік.

Жұрсінбек Сейілұлы үрпақтарының қолында 48 жеке қол-
жазба дәптер сакталыпты. Жоғалғанының, қолды болғанының
есебі беймәлім. Қолжазба дәптерлердің ішіндегі ең көнесі Ұлы
Отан соғысынан кейін, ел есін енді жия бастаған 1947 жылы
басталыпты. Соңғы дәптері Жүрсекенің бұ дуниден бақылышқа
озған 1988 жылы жазылған. Осылайша Жұрсінбек Сейілұлы
қырық жылдан астам үздіксіз ел аузынан, көне кітаптардан,
өзгелердің қолжазбаларынан дастандар мен өлең-жырларды,

шешендік сөздерді, айтыстарды, баталарды, мақал-мәтелдерді терген.

Жұрсінбек Сейілұлы Ұлытауда 1915 жылы дүниеге келген. Сауатын ауыл молдаларынан ашқан. Жүрсекенің ірі оқу орнындарында оқуына сол кездегі ашаршылық, Ұлы Отан соғысы мұrsat бермеген. Кеңес үкіметі орнап, медреселер таратылғаннан кейін, молдалар ескінің көзі деп жер айдалғаннан кейін Ж. Сейілұлы өздігінен ізденіп, ел арасында танылған молда, ақын, ғалымдармен сұхбаттас болып, көкжиегін кеңейтеді, Арқа ақындарымен тығыз қарым-қатынаста болады. Ақындарың шығармаларын көнеден бүгінге жеткен руханиятыныздың алтын желісі деп бағаласа керек, солардың діни өлеңдеріне құмартып, мұрасын тереді.

Жұрсінбек Сейілұлының халық ауыз әдебиетін жинақтап, өзіндік бір арнаға түсіп қалыптасуына жол ашқан – Сармолда. Жұрсінбек Сармолдамен тығыз араласып, шығармашылық қарым-қатынаста болады.

Сармолда Кеңес тұсында дін сақтаудың, ұлт имандылығын қалыптастырудың бір жолы осы деп санаса керек, өзінің жазған шығармаларын, өзге де діни өлеңдерді шәкірттеріне көшіртіп, көбейттіріп, жұрт арасына таратып отырған. Оны Жезқазған қаласының бұрынғы әкімі Қанат Балмағанбетовтің қолындағы Сармолда қолжазбаларының арасындағы бір дәптерде аты-жөні жазылмаған біреудің: «Таксыр молдеке, асығыстықпен дұрыс болмағаны үшін ғафу қыларсыз, әр түрлі шаруа кездесіп, жазу көнілдегідей болмады. Әйелге де жеккөрінішті болдым», – деген жазуы қуаттай түседі. Шәкірттері Сармолда о дүниеге озғаннан кейін де сол істі өздеріне парыз санап, бірі тапқан дүниесін екінші біреуге беріп, өзара қолжазба алмасып отырған. Жұрсінбек қарияның естеліктерінен осыны көреміз. Бір естелігінде: «Кожабай – ірі ақын. Қолжазбасы Төлен қажының мұрагер баласында сақталған екен. Содан 14.04.1958 жылы қарт, ескі үлгілі сөз жинаушы Сақан Қырғызыұлы және Байшағыр әулетінен көп жасаған Жұмамәдиұлы аударған екен. Сақан қарт 83 жасында өзінің кәрі болып бойындағы

дарындық сөзін шығара алмай, өзіне арнап жазған шығармасын аударған екен. Қазір жасы 85 те, туған жылы мешін екен, осы жылы 7.06.1980. Кемпірі былтыр 1979 жылдың қайтқан. Үйінде ескі назым сөздерді оқып отыр екен, сонда: «Шырағым, мына сөзді сен де аударып ал», – деді, содан мен көшіріп алдым. Көп сөз қалды. Сақан қарт – Сарғалдақ, оның ішінде Төртқара руынан...» – деп жазады.

Ғылымда белгілі бір мәдениет өкілінің шығармашылық өсүінен ықпал ететін үрдістер және сол тұлғаның кемеліне келгеннен кейін өз айналасына, кейінгі буынға әсері деген мәселелер мектеп үғымын тудырады. Жалпы ақын, жазушы немесе ғалым болсын, өз ортасында өсіп, содан сузындалып қана қоймай, біте қайнасып, сол қауымның өкілі ретінде ғұмыр кешеді ғой. Демек, Жүрсекең өз ортасында ықпалды Сармолда мектебінен отеді.

Жүрсінбек қолжазба дәптерлерінің барлығы дерлік араб қарпімен, сурме жазуымен анық, тиянақты жазылған. Қазулардың оқылуы соншалықты қын болған жоқ, тек дәптерлердің ретін табу, бір дәптерде жазылған дастан, хикая, өлеңдер жалғасын келесі дәптерден табу бірқатар қындық туғызды. Арабшадан кириллицаға түсіру кезінде бірнеше өлеңдер, толғаулар, дастандар жалғасы табылмағандықтан жинаққа енбей қалып жатты. Мысалы, «Чаһар сауал» (Төрт сауал) деген кітаптан көшірген: «Рұмшаһарында бір патшада Задабареді. Ұлы, қызы жоқ еді. Қағбаға барып жүз түйе құрбандық шалып, Алла Тағаладан жатып тіледі, бір қыз берсе деп. Алла Тағала тілегін қабыл қылыш, күдердің бір күні бір қыз берді, оның атын Малике қойды. Ол қыз сұлу һәм артық дана болды. Шаһар ішінде мұндай ақылы артық қыз болмады. Әлден соң атасы бір ғалымды шақырып мектепке берді. Ғылым үйретті, жиырма жасқа жетті...» – деп басталатын «Малике данышпан сауалы» атты қызықты хикая жалғасы табылмай (оның артында тағы осындай үш хикая болса керек), амалсыз кіргізе алмадық. «Чар сауал», кітап атауы айтып түрғандай, парсы тілінде, кейін татар тілінде шыққан, ал ондағы хикаяны Жүрсінбек қазақ тіліне аударған. Сол сияқты

*Аргы бір атам – Магзаман,
Фұмыр берген – бақ заман.
Құлышылық етіп Құдайга,
Ар-адалдық жолында,
Жақсылықтан жазбаган.
Ал, әділдік жолында,
Өліп те кете жаздаған.
Өмірдің оң мен солында,
Дүшпанына да ор қазбаган.
Құдайы қолдан әрқашан,
Қындыққа азып, тозбаган.
Қарапайым қай жерде де, қашан да,
Тастамапты аяғын оң мен солға, алшаңға.
Ұлылығы, даналығы соншалық,
Алға шығып, ешкімдерден озбаган.
Қанағат қылып барлы-жоққа бәріне,
Пенде болып дүниеге қызбаган.
Өз дініне махабаты соншалық,
Мұсылмандық шартын ешибір бұзбаган.
Сондықтан деседі халық:
«Күйметі шоққа, жанбалты отқа маздаган».
Аңыздай қылып айтады халық,
Ел аузында сөз қалган.
Ертегі емес, аңыз да емес, бұл – шындық,
Тарихқа, бірақ, қалайда соны жазбаган?.. –*

деп басталатын «Ер Мағзым» қиссасы да енбей қалды. Дәл осын-
дай жағдайда болған «Қожа Мансұр» қиссасын, табандылық
сияқты тәрбиелік мәні зорадамның асыл қасиеттері сөз болғанын
ескеріп, толық аяқталмаса да, жартысы баяндалғандықтан, оны
жинаққа енгіздік. Әбубекір Кердери, Мұқан шайыр, Қожабай
ақын, Садуақас Шорманұлы, Балмағанбет Балқыбайұлы және
т.б. өлеңдерінің біразы да осындай себептермен кірмей қалды.

Айта кету керек, жинаққа қолжазба дәптердегі дүниенің
бәрін бірдей енгізу мақсат етілген жоқ. Мысалы, қолжазбадағы

Алаш зияллыларының өлеңдері, Мәшіүр Жұсіп, Шәкәрім поэмаларының басым көшшілігі баспасөз беттерінде бірнеше мәрте жарияланды, жинақ болып шықты. Оларды қайталаудың аса қажеттілігі болмағандықтан, қолжазбадан барынша тың, жарық көрмеген, жарық көрсе де аз танылған өлең-жырларды, айтыстарды, қисса-дастандарды, хикаяларды ғана таңдал алдық.

Таңдал алған дүниелерді оқырман қауымға тиянақтап, ретімен ұсыну мақсатында бөлімдерге бөліп ұсындық.

Жұрсінбек Сейілұлының жиган-терген дүниесінде дін тақырыбындағы шығармалар басым. Соған қарағанда, мұра жинаушықолжеткеннің бәрін бірдей қармай бермей, тәрбиелік мәні бар тақырыптарды, жанына жақын рухани дүниелерді таңдал алыш тергеніге үқсайды. Оны: «Малдыбайдың ұлы Жұман шығарған. Алла жарылқасын, өлең сөзді баршамыздың кеуілімізге қонған соң, хатқа салып тамам ғып бейсенбі күні (20.04.1958 жыл) болдым», – деп жазған естелігінен де байқаймыз. Әкесі Сейіл Жұрсінбекті ерте діни сауатын ашу үшін сегіз жасында молда қолына бергенін ескерсек, оның діни сарындағы шығармаларға қызығушылығы зор болғаны заңды.

Дін тақырыбы Жұрсекең өмір сүрген тұста жабулы тақырып әрі қауіпті болғанын қаперімізге алсақ, ол шығармаларды табудың өзі үлкен қажырды, іздемпаздықты, құштарлықты және батылдықты да талап еткенін сезінуге болады.

Қазақ жыраулары мен ақындары елдік, ерлік, өмір, дін, заман хақында толғанған. Толғауларында әсем саз, әсіре сыршылдықты ғана күйттеп кетпей, ойшыл һәм нақты-бейнелі поэзия үлгілерін қалыптастыруды. Олар дін тақырыбын қозғағанда бағзы «Құтты білік», «Диунаи хикмет» дәстүрімен өмірдің өтпелілігін жырлап, «қамшының сабынданай қысқа» өмірді барынша адамшылықпен, жақсылықпен өткізууді, иманды, инабатты болуды дәріптеген. Қазақ тілінде жырланған діни шығармалардағы ерекшелік «дүниенің жаратылуы», «адамның қасиеті», «қайғы мен қуаныш», «өлім мен өмір», «жазмыш пен тағдыр», «өткен күн мен болашақ» т.т. жақсы және

жаман деген бағалауыш параметрде суреттеледі. Жұрсінбек жинаған өлеңдер мазмұнында басты мұрат адамның өзін-өзі тану жолындағы ізденистері мен рухани жетілу жолдары болып тұрғаны байқалады. Бұл таным Мұхаммед пайғамбардың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын!): «Адам өуелі өз ішінде өзгермесе, Алла оның еш нәрсесін өзгертпейді» деген хадис ілімімен сабактасып жатыр.

*Бұрынғы өткен жақсының
Бірде-бірі қалматты.
Ойлап түрсак, көз салып,
Біз де соның біріміз.
Агайын-туган алыста,
Майды менен іріміз.
Өлшеулі өмір санаулы,
Деуге болмас тіріміз.
Алыстан дүние табам деп,
Өтті гой, шіркін, күніміз, —*

деп Мұқан Балтекейұлы өміріне өкініш айту арқылы өзгелерді ойландыруға итермелесе;

*Кел, жігіттер, жігіттер,
Өкініп, бармақ тістейік!
Faflatpen өткен дүние,
Үйқыда көрген тұс дейік!
Ата-ананы ренжітіп,
Отына тозақ тұспейік.
Ендігі жерде қамданып,
Мынандай қызмет істейік, —*

деп Балмағанбет Балқыбайұлы жақсы істер жасауға үндейді.

Дәл осылай:

*Адамды ақылды деп сонда айтамыз,
Іс қылса лайықты шамасына.*

*Мықты емес, болар кәміл ісіне мықты,
Сүрінсе, ісінен өтпей мінді мықты, –*

деп жетілуге үндейді.

Бұл танымда, тағылымда бір ғана тілдің, бір ғана дәуірдің немесе бір ғана автордың тілдік құбылысы жатқан жоқ, тулас халықтың мәдениеті, өркениетті ойы, философиялық дүниетанымы жатыр. Ал сондай шығармаларды тудырған жыраулар мен ақындарды өрі мәдени, өрі тарихи-қоғамдық, өрі рухани-танымдық түлға деп бағаласақ лайықты. Олардың діни сарындағы шығармаларында тәлім-тәрбиелік мәнімен қатар, осындағы ғылыми-зерттеу нысаны боларлық мазмұндық-концептуалдық танымдар да бар. Жұрсінбек қолжазбасында материалдар осынысымен қызықтырды. Сол дүниелерді жинаққа қаз-қалпында енгізуге жұмыстандық.

Қазақ даласында кең таралған дін тақырыбындағы рухани мұраларды зерттеп, зерделеп, оларға бүгінгі күн түрғысынан қайта қарастыру – аса маңызды іс. Өйткені кеңестік идеологияның салтанат құрған кезінде дін «жалған, қиялға құрылған догма» ретінде адамзат санасынан аластатылды. Нәтижесі діни таным арқылы қалыптасқан адами болмысымыздың, атадан балаға мирас болып келе жатқан имандылық, кіслік қағидаларының күнделікті өмірімізден мұлде шығарылып тастауына, ұмыт болуына әкеп соқтырды.

Айталық, қазақтың ұлттық болмысында түйе малының қандай орны бар екенін жалпы ұлттық мәдениеттен хабары бар кез келген адам біледі. Түйе – бүгінгі қазақ ұғымында өрі көлік, өрі сусын, өрі тамақ, өрі киім, қасиетті төрт түліктің бірі. Түйенің шұбаты өкпе ауруларына, шудасы буын ауруларына, жүнінен тоқылған белдік құяң ауруларына ем. Бір ішкенде 60-100 литрге дейін су ішіп, айлап шөлге төтеп бере алатынын шыдамды жануар. Ал түйе туралы бұрынғы қазақтың діни танымын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Түйе – пайғамбарды Мединадан Меккеге апарған қасиетті көлігі. Түйе аруақты адамдардың киесі ретінде де мифтік түсінікке ие. Сондай-ақ, түйенің қасиеттілігі –

о дүниедегі (өлілер әлеміндегі) дауыстарды ести алатын жануар. Сондықтан қайтыс болған адамның мүрдесін бейіттің басына міндетті түрде түйеге артып апаралынын, мүрде артылған түйенің құлағын тас қылып байлап тастайтынын екінің біре біле бермейтіні анық. Ол салтты көрген, естігеннің өзінде де себебін білмеуі мүмкін. Ал төрт тұлік малдың иелері – Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Ойсылқара туралы қазақ ұғымы бүгінгі үрпак жадынан мұлдем шайылып кетті. Ол діни-мифтік танымдар, қиял-ғажайып ойдың көрнісі емес еді, керінше әр нәрсенің қадірін білдіру, құнын бағалату, парқын сездіру сияқты үрпак бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыратын тәлім-тірбиенің көзі еді. Осындай дүние Жұрсінбек қолжазбасынан мол кездесті.

Жұрсінбек Сейілұлы қолжазбаларында төрт тұлікке қатысты қазақ мақал-мәтелдерді жинақтағанын айттық. Мақал-мәтел адам тұрмысындағы алуан түрлі уақығаларды, қарым-қатынастарды тұжырымды тілмен түсіндіретін, айтылmas ойды ажарлы әрі көркем тілмен беретін, дүниетанымын, тәлімін түсіндіретін, ұстанымын ұғындыратын оқу құралы, халықтың өзі жасап алған заңы іспетті емес пе? Жұрсекең соны жете түсінгенге ұқсайды. Мақал-мәтелдер арқылы ондағы астарлы мағынада айтылған халықтың ортақ ойын, қалыптасқан дүниетанымын жеткізуді мақсұт еткендей көрінді. Сондықтан қолжазбадағы бар мақал-мәтелдерді сұрыпташ жатпай, тұтас беруді үйғардық.

Дәл осындай күйде жинаққа қолжазбалардағы бatalарды да енгіздік. Жұрсінбек қария бatalарға терең мән беріп, кездескен жерінде жазып алып отырған. Кей бatalардың айтушысы, оның қай жерде айтқаны, кімге айтқаны сияқты мәліметтері де берілген. Әр қолжазбада шашыраңқы жазылған бatalарды тақырыбына қарай бөліп топтастырудық.

Ж. Сейілұлы материалдарындағы айтыстардан жинаққа бір ғана айтыс енді. Байдырақ ақынның Күләйім атты қызбен айтысқанын таңдал алдық. Бұл айтыс бұрын-сонды еш жерде жарияланбаған. Ұзатылғалы жатқан Күлсім атты қыздың беташарын айтуда келген Байдырақ ақын қызбен айтысады.

Кыз бен жігіт арасындағы айтыста байқағанымыз, екеуі қалжындаса отырып, адамдардың арасындағы теріс тірлік-әрекетті, қоғамдағы келенсіз жайтарды, ел ішіндегі айтылмай жүрген, көнілдеріне жақпай жүрген ауыр жағдайды сынап тастайды. Байдырақ пен қыздың арасындағы жұмабақ айтыс ақынға шеберлікпен қатар, қыруар білім керектігін байқатады. Айтыста байырғы қазактың ұмыт болған кейбір аңызынан сыр шертіледі.

Жұрсінбек Сейілұлы жинаған мұраның құндылығы жөнінде сөз етіп қозғаған дүниеміз теніз тамшысындағы мол мұра хакында айтылған бастама ғана. Ал мол мұраны жинауга жұмсаған Жұрсінбек Сейілұлының жанқиярлық еңбегі, изгі ниеті, мақсаты мен арманы, таудай талабы оқырман қауымның талқысы мен әділ таразысына қалдырылды.

КОЛЖАЗБА МУРАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзак уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған баар жол халық даналығының негізінде жатыр»,¹ – деп, мемлекеттіліктің тұғыры – халықтың рухани дүниесі екенін баса көрсетеді.

Қазақ халқының рухани дүниесі дамуына өзіндік әсерін тигізгендердің бірі – діни тағылым. Соның ішінде ислам дінінің тағылымы. Исламның қазақ жеріне келіп, орнығуы өз кезеңінде бірнеше маңызды кезеңдерді қамтыды. Бірнеше жұмылдықтарға созылған бұл үрдіс XV ғасырда қазақ қоғамы өзін (сұнни бағытындағы, ханафия мазхабындағы) мұсылман деп танығанша жалғасты. Одан кейін де қазақ даласында исламның орнығуы үзілген жоқ болатын.

Мұсылман қоғамына жаңадан енген халықтар осы дінге өздерінің діни-этикалық түсініктерін, әдетін, салт-дәстүрін, мәдениетін ала келді. Мұсылман әлемінің түкпір-түкпірінде мұсылмандану үрдісі біркелкі болмады, осының салдарынан әрбір тарихи-мәдени аумақтарда ислам өзіне тән ерекшеліктерімен айқындалады. Исламның жергілікті халықтардың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына сіңісуі жергілікті діни орталардың қалыптасуы мен жергілікті ғұламалардың шығуымен тікелей байланысты болды.²

Қазақстан жеріне исламның таралу тарихын, қоғамдық, әлеуметтік, саяси өміріндегі әсер ету тұстарын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

¹ Назарбаев Н. Тарихтың шенберлері және ұлттық зерде/ /Жүлдyz. 1999. №3., 5-б.

² Прозоров С.М. Предисловие // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь / Под редакцией С.М. Прозорова. Т. I. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2006. – С. 10.

1. Қазақ хандығына дейінгі кезең (712-1460);
2. Қазақ хандығы заманы (1460-1731);
3. Ресей қол астына кіргеннен кейінгі заман (1731-1991).

Бірінші кезеңге тоқталып өтер болсақ, бұл кезде Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалаларда өмір сүрген ханафи мазхабы ғұламаларының рөлі мен еңбектері ерекше. Сайрам (Исфиджаб), Арсубаникент, Фараб, Отырар, Зарнуз, Иқан, Султан, Узганд, Арқуқ, Сығанақ, Барчинлиқкент, Джанд және т.б. қалалардан шыққан ғұламалар мұсылмандық құқық (фіқх) тарихында өшпес мұра қалдырды.

Мысалы, ханафи фақиҳы, теолог, ақын әрі каллиграф Амир-Катиб ал-Итқанидің еңбектері әлі күнге зерттеушісін таптай отыр. Сонымен қатар, Хусам ад-дин ал-Барчинканди, Хусам ад-дин ас-Сигнақи, Ахмад ибн Махмуд ал-Джанди, Абу Хамид Ну ман ибн Ибраһим аз-Зарнуджи, Сайид Джалал ал-Итқани ал-Утари, Бадр ад-дин ибн Зирак ас-Сулхани, Мухаммад ибн Ахмад ибн Мухаммад ал-Арқуқи, Ала ад-дин Ахмад ибн Мухаммад ас-Сайрами және т.б. көрнекті ғұламалардың мұралары да ғылыми айналымға тереңдей енбеген. Ол еңбектер сол заманда өлкедегі қоғамдық-саяси, діни-рухани жағдайды қалпына келтіруде қосатын зор үлесі бар, оның үстінен тол сол уақытта әр түрлі діни ағымдардың, оның ішінде йасавија тариқаты да бар, қалыптасуы жүріп жатты.

Ислам ғылымының өркендер дамуына Алтын Орда аумағында Фийас ад-дин Мұхаммад Өзбек хан (1312-1341), Жәнібек хан (1341-1357), Тоқтамыс хан (1376-1395) тұстарында қызмет еткен ғұлама ғалымдардың еңбектері негіз болды, сол уақытта теология, философия, логика, шарифат, араб филологиясы сияқты дәстүрлі мұсылмандық ғылымдар өркендер дамыды. Бұл үрдіс өз кезегінде йасавија тариқаты іліміне әсерін тигізбей қоймады, дәл осы уақытта йасавија ілімін дәстүрге сәйкестендіретін Қожа Исхақ ибн Исмаил-ата ат-Туркистани ал-Қадиқуртидің (XIV ғасырдың соңғы ширегі) «Хадиқат ал-арифин», Хусам ад-дин ас-Сығнақидің «Манақиб-и Қожа

Ахмад Йасави» сияқты шығармаларының дуниеге келуіне тұрткі болды.

Бірте-бірте ханафийа мазхабы өңірдегі басым ағымға айналады да, ислам ғылымының жергілікті дәстүріне сай келетін діни білім беру (мектеп, медресе) жүйесі қалыптасты.

Қазақ хандығы тұсында жергілікті жерлерде діндарлар қауымының беделі күшейді. «Баб», «ата», «шейх», «кожа», «абдал», «аулад», «әулие», «сұпы», т.с.с. аталған дін қайраткерлерін халық Мұхаммед пайғамбардың тікелей үрпақтары деп білді. Олардың шежіресін Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы – Әли ибн Әбу Талип пен сахабасы Абу Бакрден бастап таратты. Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима мен Әлиден тарағандар – саййидтар, олар ішінде немерелері Хасан мен Ҳүсейіннен тарағандар: хасани және ҳүсейни, т.с.с.

Дін басылары ретінде танылған олар сан ғасырлар бойы халықтың шексіз құрметіне бөленіп отырды. Қазақтар қожаларды сұлтандармен қатар құрметтеді, пайғамбардың үрпағы, шарифат зандарын қатаң ұстанатын рухани тұлғалар ретінде сыйлады, қадір тұтты.

Қазақ хандығы заманында діни ғұламалар әлеуметтік өмірдің ортасында белсенді рөл атқарған, олар хан маңайында болып – женесші, сұлтандар тәрбиешісі қызметін атқарған, тіпті саяси-дипломатиялық қызметке араласып, саудагерлердің басымы діни ортадан шыққан.

Ол туралы мәлімет көбіне мұрағаттық құжаттар, дипломатиялық хат алмасу мен ауызша тарих айту дәстүрінде көрініс тапқан. Олардың қызметін кезінде Құнанбай Өскенбайұлы «Тіріміздің билігі – төреде, өліміздің билігі – қожада»¹ деп бағалаған-ды.

Қазақ хандығы тұсындағы қожалардың рөлі – әлі де зерттеуді қажет етіп отырған тақырыптардың бірі. Қожалардың қазақ жерінде таралып орналасуы, олардың этнографиясы мен

³ Көпейұлы Мәшіур Жүсіп. Қазақ шежіресі. Әзірлеген Сәрсенбі Дәуітұлы. – Алматы, 1993. – 10-б.

шежіресі, антропологиясы, тарихы толық зерттелген жок.¹ Соңғы жылдары профессор Девин ДиУис, профессор С.Н. Абашин, доктор Брюс Привратски сияқты шетелдік ғалымдар да қазақ мұсылман қоғамындағы қожалардың жергілікті діни жол көрсетушілер ретіндегі қызметін зерттеп келеді.² Десек те, қазақ арасында дін жайған ғұламалар қызметінің көптеген қырлары әлі де ашылмай жатыр, атап айтсақ, олардың діни білім беру жүйесіндегі рөлі, олардың исламның қай бағытын үстанғаны, діни оқу құралдарының мазмұны және т.т. нақтылану керек.

Соңғы жылдары белгілі бір салалардағы дін өкілдерінің рөлі, ықпалы жайлы батыл ойлар мен тиянақты тұжырымдар айтылып жатыр. Қазақ жыраулық дәстүрін жан-жақты зерттеп жүрген ғалым Б. Нұрдаuletова: «...Қазақ топырағында қалыптасқан тұтас жыраулық дәстүр мен жыраулық үрдістің түп бастауы болған нөфайлы жыраулары фольклорлық поэ-

¹ Кейінгі кезде қазақ қожалар қауымы тарихын зерттеген біршама жұмыстар жарық көрді, олар: М. Алпысбес, С. Саттаров т.б. Қожа шежірелері де жарыққа көптең шығып жатыр. Осы мақала авторлары Ә.К. Муминов А.Ш. Нурманова мен С.О. Саттаровтың қатысуымен М.О. Әузов әулетінің тарихын, Бахшайыш қожалар тарихын жазып, баспаға әзірлеп жатыр.

² DeWeese D. Islamisation and Native Religion in the Golden Horde. Baba Tükles and the Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. Pennsylvania, 1994; *его же.* The Descendants of Sayyid Ata and the Rank of Naqib in Central Asia // Journal of the American Oriental Society, 115 (1995), pp. 612-634; *его же.* The Politics of Sacred Lineages in 19th Century Central Asia: Descent Groups Linked to Khwaja Ahmad Yasawi in Shrine Documents and Genealogical Charters // International Journal of Middle East Studies. № 31/4 (1999), pp. 507-530; *его же.* Sacred History for a Central Asian Town: Saints, Shrines and Legends of Origin in Histories of Sayram, 18th-19th Centuries // Figures mythiques des mondes musulmans (Révue des mondes musulmans et de la Méditerranée, 89-90). Paris, 2000, pp. 245-295; Абашин С.Н. Потомки святых в современной Средней Азии // Этнографическое обозрение. Москва. № 4 (2001), сс. 62-83; Privratsky B. Muslim Turkistan. Kazak Religion and Collective Memory. Richmond, Surrey: Curzon, 2001; *его же.* 'Turkistan Belongs to the Qojas': Local Knowledge of a Muslim Tradition // Devout Societies vs. Impious States? Transmitting Islamic Learning in Russia, Central Asia and China, through the Twentieth Century: Proceedings of an International Colloquium held in the Carré des Sciences, French Ministry of Research, Paris, November 12-13, 2001 / ed. Stéphane A. Dudoignon. Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004 (Islamkundliche Untersuchungen, Band 258), pp. 161-212; Ибадуллаева З.Ә. Қазақ халқының құрамындағы қожалар (тарихи-этнографиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты..., диссертацияның авторефераты. Алматы: Тарих және этнология институты, 2001.

зиямен тамырлас екені белгілі, сондықтан кейбір ыңғайда аталған көркем сөз зергерлерінің поэтикалық құрылымындағы когнитивтік құбылыстар салыстырмалы турде талдауды қажет етеді. Осы жыраулық болмыс тудырған когнитивтік-концептуалдық поэтика бір ғана әдеби мектеп өкілдерімен тоқтап, сарқылып қалған жоқ. Ол кейінгі жазба поэзияда жаңаша үрдіспен астасып жалғасын тапты (Абай, Шәкәрім, Мәшінур Жұсіп, Балмағанбет Балқыбайұлы поэзиясындағы «шынайы адам» концепциясы – осының айғағы).

Сондай-ақ, жыраулар поэтикасының концептуалдық құрылымындағы «шынайы адам концептісі», «дүниенің жаратылуындағы «Алла – жалғыз» концепциясы», оның философиялық онтогенезі түркілік руханиятта сопылық ілімнің негізін қалаған Иасауи поэтикасымен астарласып жатыр», – деп түйіндейді.

Осылайша өр кезеңдердегі исламның таралу тарихы, ерекшелігі, жолы қарастырылды. Сол кезеңдерден мәлімет берген деректердің бірқатары зерттеліп аударылып, ғалымдардың қызу талқысына түсті. Соңғы Ресей қоластына кіргеннен кейінгі заман жеткілікті зерттелмей, кенжелеп келеді.

Қазіргі күні еліміздің түкпір-түкпірінен XIX, тіпті XX ғасырда өмір сүріп ислам таратып, діни сауат беруші қайраткерлердің қолжазбалары көптең табылып отыр. Солардың бірі ретінде Мәшінур Жұсіп Қөпейұлы мен Садуақас Фылманидың еңбегі мен шығармашылығын ерекше атап өту қажет. Мәшінур Жұсіп Қөпейұлы ғұламалығымен әулие дәрежесіне көтерілген, мазары осы күні зиярат орнына айналған тарихи тұлғалардың бірі ретінде танымал. Бұл ғұлама кісінің еңбектері қазіргі күні терең зерттеліп, ұрпақтарының жан-жақты зерттеуімен ғылыми айналымға еніп жатыр.¹

Ал, Садуақас Фылмани – 1890 жылы Солтүстік Қазақстанда Ерейментау өңірінде дүниеге келіп, 1972 жылы қайтыс болған діндар адам.² Ол халық «Ақтамақ қалпе» атап кеткен сопы

¹ Мәшінур Жұсіп Қөпей ұлы. Шығармалары, 13 томдық. Павлодар.

² Садуақас Фылманидың өuletтік жеке қоры. Алматы қ.

Ахмет Османұлынан (1918 жылы қайтыс болған) сауат ашып, Петропавлда Дамулла Абд ал-Азиз ибн Мустафа медресесінде оқыған. 1953 жылы қажылық міндептін атқарған. 1953-1972 жылдары Қазақстанның қазиы болған. Садуақас Фылмани 30-дан астам діни шығарма жазған. Қазіргі күні оның әuletтік қорында ахлақ, фикх, Құран тәpsірі және т.б. тақырыптарға арналған 32 шығармасының қолжазбасы сақталып отыр. Сонымен қатар Құран аяттарын, араб, татар тілдерінен діни еңбектерді қазақ тіліне аударған, арабша-қазақша көлемді сөздік құрастырған.

Садуақас Фылманидың ерекше құнды еңбегі – «Заманамыздағы ғұламалардың ғұмыр-тариҳы» аталатын шығармасы. Бұл еңбекті 1967 жылдың маусым айында Алматыда жазып бастап, өмірінің соңына дейін толықтырулар енгізіп отырған. Барлығы 528 параптан тұрады, арасында толықтыруларға арналған таза беттер қалдырылған. Аталған еңбекте 46 қазақ ғұламаларының ғұмыр тариҳы суреттелген, кейбір тұлғалардың фотосуреттері де жапсырылған. Олар Петропавл, Қоқшетау, Семей, Ақмола, Қарағанды, Жезқазған өнірінің ғұламалары мен хазіреттері, осы қалалардағы медреселер, олардың оқу бағдарламалары, діни айтыстар туралы да мәліметтер кездеседі. Ғұламалардың өміrbаянымен қатар ислам діні жөніндегі ұстанған туғырлары да айтылып отырады, мысалы жәдидтерді сынауы, патша үкіметінің шоқындыру саясатына наразылық көзқарастары, діни әдебиетті тарату мәселелері жөніндегі ойлары да тыс қалмаған. Қазіргі күні бұл ескерткішті зерттең, баспаға дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Садуақас Фылманидың бұл шығармасы дәстүрлі қазақ мұсылман қоғамының жетекші қайраткерлері мен «теориялық ислам» өкілдерін зерттеуде орасан зор маңызы бар еңбек деп бағаланып отыр. Бұл – өз кезегінде қазақ жеріндегі ислам тарихын зерттеудің жаңа беттерін ашуға мүмкіндік беретін дерек көзі.

Осындай еңбектердің қатары күннен күнге көбейіп, әулеттік қорларда осы күнге дейін жасырын жатқан, зерттеу нысанынан тыс қалып жатқан мұсылмандық мұралар енді-

енди ғалымдардың қолдарына түсіп жатыр. Отандық ғылымда зерттеу шеңберінен тыс қалып отырған мәселе жергілікті жерлердегі діни ғұламалар шығармалары, ортасы, өмір тарихы еді. Айта қету керек, қоғамдық ғылымдарда жергілікті дерек көздерді – сенімді, және сенімділігі тәмен деп екіге бөлініп, сенімділігі тәмен дерек көздер қатарына діни әдебиет, шежіре, ауызша тарих айту дәстүрі – аныздар, тарихи аныздар, жырлар, өлеңдер жатқызылған еді.

Бұгінде бұл көзқарасты түбегейлі демесек те, кейінгі табыған жаңа деректер мәліметтері салдарынан айтарлықтай өзгерді. Қазақстанның әр өнірінде өзіндік кішігірім діни орталардың болғаны, сол ортаны қалыптастырыған діндар адамдардың басым көпшілігінің өз қолжазба еңбектері болғаны, жергілікті халық дәстүріне, салтына, ғұрпына лайықтап шариғат саласында қалам тартқаны белгілі болып отыр. Мысалы Ұлытау, Жезді өнірінде Сармолда атанған Балмағанбет Балқыбайұлы шығармаларында «Өлікке істейтін қызмет баяны», «Өлікті көтеру әдебі», «Малдың басын үйіту тәртібі», «Ауру мал өлейін деп жатса, бауыздау тәртібі», «Рұқсат етілген тойлар», «Қабір басындағы тәртіп», т.т. тақырыптарда арнайы тоқтап назым жазады. Бұл назымдардың арасынан Сармолданың өзіндік иджтиһад жасап, фатуа айтқан тұстары байқалады. Шариғат заңдарын өлең сөзбен өріп, салт-дәстүрмен сабактастырады.

«Ауру мал өлейін деп жатса, бауыздау тәртібі» атты назымында Сармолда:

*Егер де көзін жұмса, аузын жауып,
«Алал» деп жемек керек қылмай қауіп.
Және де жүнін тігіп, жиса аяғын,
Ойлама «макіруһ» деп көңіліңе алып.*

*Болмаса тірі маши ақса қаны,
Ойлаңыз шыққан жоқ деп оның жаны.
Сақалын жуып ақса, алға шашып,
Тексерген алал деп тап, мәддүганды.*

*Егер де аиса аузын, ашып көзін,
Жаны ашып, аяу керек әркім өзін.
Іш түсіп, жұні жатып, созса аяғын,
Бұл малды алал деген қойсын сөзін,*

деп шарифат заңын баяндайды. Ауру малдың етіне халал, харам деген үкім бауыздалуымен ғана емес, жан шығаруына қарай берілетінін айтады.¹ Бұл – шарифат кітаптарында кездестіре бермейтін, фикх ғылымы үшін өз алдынабар зерттеу нысаны болатын мәселе. Енді бір «Малдың басын үйіту тәртібі» назымында қи, тезек, жапа сияқты нәжіс сіңген отынға малдың басын үйіту «макруғ» деген үкім береді. Осы сияқты халық түрмисіндағы, тіршілігіндегі, дәстүріндегі істерге айтылған шарғи үкімдер Кеңес тұсындағы ислам дініне, сол тұстағы мұсылмандық сабактастығына жаңа бір көзқарасты қалыптастырады. Кеңес заманында діни сауаттылық сабактастығы үзіліп қалды деген ғылымда ғана емес, жалпы жұртта қалыптасқан түсінікке енді байыппен қарау екенін ұқтырады.

Халқы қадірлеп «Сармолда» атап кеткен Б. Балқыбайұлы үйінде дәріс алған шәкірттерінің бірқатары әлі де тірі. Сармолда шығармаларының басым бөлігі сол шәкірттерінің колжазбаларымен жеткен. Сол 574 бет қолжазбалары негізінде шығармалары баспа беттерінде үзік-үзік назымдары бірнеше мәрте жарық көрді².

Сармолда шығармалары Жұрсінбек Сейілұлының қолжазбасында да мол жинақталған. Сонымен бірге молда ретінде де танылған Мұқан шайырдың (1873 жылы дүниеге келген), өзге де дін тақырыбын қозғаған Арқа ақындары мен батыс жыраулары шығармалары да кездеседі. Жекелеген қолжазба

¹ Б. Балқыбайұлы. Хадис-назым: өситетнамалар, рубаяттар, аудармалар. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. Т- I. – 230-231-бб.

² Сармолда шығармаларын көшірген шәкіртері: Шынтөре Абайділданов, Жұмаділдә Жақыпов, Қасым Есетов, Жүкей Наурызбаев, Слат Үсқақов, Жұрсінбек Сейілов, Тортаев Шахыман, Құсайын, Мұскен Айdosов және т.б. Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институтының ізденушісі Тимур Жұманның Жезқазған, Ұлытау аймағындағы экспедициясы есебінен.

Жүрсінбек СЕЙЛОВ

дәптерлерде (№5-7,12,14-16,22) намаздар тәртібі, таджуид зандылықтары, шарифат, ақаид мәселелері, мал, адам ауруларына қарсы емдік дұғалар жазылған.

Жүрсінбек қолжазбалары өуелі жергілікті діндар ақындардың шығармалары мол қамтылуымен құнды. Бұл шығармалар аталған өңірде өзіндік ілімі қалыптасқан діни ортаның болғанынан, әлі де сабактастығы жалғасып келе жатқанынан хабар береді. Оның үстіне Жүрсінбек қолжазбасында діни өлеңдердің қай уақытта жазылғаны, кімнен көшіргені, қалай алғаны, авторының аты-жөні, руы, қашан, қайда дүниеге келгені, озғаны сияқты құнды деректік мәліметтер мол. Қенестік кезеңде дін тәрбиесін жүргізген оқымыстылардың қызметін, ортасын, ілімін, ұстанымдарын зерттеушілер үшін өз кезегінде таптырmas құнды дерек болары сөзсіз. Бұндай қолжазбалардың кітап болыш жариялануы Қазақстандағы дәстүрлі мұсылмандық ұстанымдарды жаңғыртуға септігін тигізері сөзсіз.

*Ә.К. Муминов,
тарих ғылымдарының докторы;
А.Ш. Нұрманова,
тарих ғылымдарының кандидаты*

ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

«Өз басым туралы» толғауын Жүрсінбек Сейілұлы 1974 жылы жазған. Қолжазба дәптерде толғаудың басына «Өз басым туралы» деп жазылыпты, біз де атауын солай қалдыруды жөн көрдік. Толғауға ішінара редакция жасалды, дегенмен өз қолтаңбасы сақталуына қатты мән берілді.

«Жасымнан құмар едім нақыл сөзге» өлеңі нақты қай жылы жазылғаны қолжазбада көрсетілмеген. Дегенмен бұл да 1974 жылы жазылды деп шамалауға болады. Өйткені толғау мен өлең арасын ажырататындағы нақты бір белгі байқай алмадық. Алғашқыда атамыш өлең «Өз басым туралы» толғауның жалғасы ма деген ой қалыптастырыды. Алайда тақырыптық жағы әр түрлі болғаннан соң, өлеңге бастапқы сөзімен ат беріп, жеке бөліп көрсеттік.

«Таяуда үлкен тойың болғалы тұр» шамамен 1980 жылдары жазылған. Өлең редакцияланбай қаз қалпында берілді. Қолжазбада өлеңнің аты көрсетілмегендіктен, атты өлең сөзінен алынды.

Шәкәрім ақынның «Ашу мен ынсан», «Міндеу мен күндеу», «Анық пен танық» өлеңдері 1885-1890 жылдары жазылған. Бұл өлеңдер Семей қаласында «Ярдем» баспасынан 1912 жылы жарық көрген «Қалқаман – Мамыр» поэмасының соңында көшірілген. З бума, шартты №3\2ЖС

Сәдуақас Шорманов (1850-1927) – XX ғасырдың басында елді ауызбірлікке, татулыққа шакырған қайраткер ақындардың бірі. Әскери баспаларда қазақтардың әлеуметтік тұмысы жайында мақалалар жариялады, оларды Петербург университетінің профессоры, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші П. Мелиоранскийге жіберген. Қазақ халқының әдеби, тарихи мұраларын жинап, оны Петербургте бастырған. Сәдуақас

Мұсаұлы – қазақ халқының мұң-мұқтажын айтып генерал-губернаторға, газеттерге хат жазған адам. Ол өз замаманында зиялды қауымның жоқтаушысы болған, қазақ азаматтарына араша түсіп, талайына қол ұшын берген. Мәдиді түрмеден босатып алуға жәрдемдескен осы Сәдуақас еді деген дерек те бар.

С. Шормановтың өлеңдерін 1909 жылды Уфа қаласында «Шарқ» баспаханасында жарық көрген «Насихат қазақия» атты кітаптан көшіріп алған.

«Ақмолда ақынның ғибратнамасы». Қазақ әдебиетінде екі Ақмолда бар. Бірі шығыста, Семей өңірінде өмір сүрген, бірі батыста, Қостанай жақта болған. Жүрсінбек Сейілұлының қолжазбасында «Қыпшак Ақмолданың ғибратнамасы» деп көрсетіпті. Ол Ақмолда – халықтың жуан ортасынан шыққан Кудері, Сейтахмет, Нұржан, т.б. Арқа ақындарымен аты қатар аталатын белгілі ақын. Ақмолда – қазақтың белгілі ағартушысы Ы. Алтынсариннің тәлім-тәрбиесін алған, өз заманындағы әлеуметтік, қоғамдық жайды шебер суреткерлікпен жырлаған, адамгершілік биік құндылықтарды насхаттаған ақын. Қыпшак Ақмолданың ғибратнамасын 1976 жылды жеке қолжазбалардан жазып алған.

Балмағамбет Балқыбайұлы (Сармолда) – шарифат шарттарын, дін қағидаларын ғылыми және әдеби тілде сөйлете білген діндар ғұлама ақын. Ол 1891 жылды Ұлытауда дуниеге келіп, 1967 жылды дүниеден озған. Ел арасында жастай (он сегіз жасында) Сармолда атанған ақынның діни сарындағы өлеңдері, насхатнама-жырлары мен назымдары – қазақ мәдениетін, соның ішінде сөз өнерін дамытуға өзіндік зор орны бар асыл мұра. Сезге жүйрік, ойға терең, сезімге бай Сармолданың өлеңдері халықтың діни-турмыстық, салт-дәстүрлік сабағы іспеттес.

Қолжазбада Б. Балқыбайұлының өлеңдері мол жинақталған. Екі дәптер тек ақынның өлеңдерінен тұрады. Қолжабадағы ақын өлеңдері «Хадис-назым» деген атпен «Алаш» баспасынан 2000 жылды шыққан екі томдық жинақтағы өлеңдерімен салыстырылады.

тырылды. Жекелеген жолдар мен сөздердің орны ауысқаны болмаса, айтарлықтай айырмашылық көрінбеді. Ақын өлеңдерінің академиялық жинағы шығар болса, «Жүрсінбек қолжазбасы» да құнды дереккөз болары сөзсіз.

Мырзакұл – Жүрсінбек Сейілұлы қолжазбасында: «Қыпшық руынан, оның ішінде Қаз Қыпшак руынан шыққан үлкен ақын, һәм ғалым адам» деп көрсетілген. Одан басқа біз де ақын жайлы қанықты мағлұмат жинастыра алмадық.

Мұқан Балтекейұлы – молда, әрі ақын болған адам. Ол 1873 жылы Ұлытау өндірінде дүниеге келіп 1916 жылы Өзбекстанда дүние салған. Мұқан Балтекейұлы – қазақтың ауыз әдебиетіне нұсқалы сөз, парасатты ақыл-ой қалдырған ақындардың бірі. Найман тайпасының Бағаналы руынан, Ер Шоштан аталағынан шыққан белгілі айтыс ақыны. Мұқан он жасынан ауыл молдасынан оқып, Түркістан, Шорнақ қаласындағы медреселерден білім алған. Шығыс әдебиетін көп оқып, сол үлгіде өлеңдер, толғаулар жазған. 1908-1915 жылдары Қаңды Жұсіп, Кете Жұсіп, Накып Қожа, Нұралы ақындармен болған үлкен айтыстары халық ауыз әдебиетінен белгілі. «Халқыма», «Досыма», «Қалқама», «Ойланындар», «Парасатсыздарға» және тағы басқа көптеген жырлары ел аузында жүр. Молда Мұқанның Қырық деген кісінің үлдары батырлықтарымен, жақсы қасиеттерімен аттары шыққан Есенбек пен Есенғабылға арнап шығарған толғауы тарихтан мол мағлұматтар беретін деректі шығарма қатарынан саналады.

Жүрсінбек Сейілұлы Мұқанның толғауын сырты қоңыр қолжазба дәптеріне 27.12.1984 жылы көшіріп жазыпты. Шайырдың толғауының басына «Мұқан ақынның өлер уақытында Ташкент қаласында ауырып жатып айтқан назымы еді» деп түсіндірме беріptі.

Мұқан ақынның жекелеген өлеңдері «Сыр бойы», «Өскен өндір», т.б. Қызылорда облысының жергілікті баспасөз беттерінде, Сәбит Мұқанов, Мұқамеджан Қаратасев

«Жазушы» баспасынан шығарған 2 томдық айтыстар жинағында жарық көргені болмаса, толықтай жарық көрген жоқ. Ақынның толық жинағы шығар болса, Жүрсінбек Сейілұлының қолжазбасы құнды деректердің бірі болары даусыз.

«Нақыл сөз» авторы, қашан жазылғаны қолжазбада көрсетілмеген. Біз де нақтылай алмадық. Өлең сырты көк қалың қолжазба дәптерге Әбдіхалық Қауқанұлының аузынан көшіріліп жазылышты.

«Конысбай ақынның толғауы» жайлы қолжазбада еш мағлұмат берілмеген. Біз де еш нәрсе алып-қоспадық. Ақынның толғауы 05.12.1972 жылы бастаған қолжазба дәптерінде жазылған.

Хикая, жыр-дастандар

«Меккеші хикаясы» сырты қара қолжазба дәптеріне 1982 жылы көшірілген. Кімнен, қайдан көшірілгені көрсетілмеген. «Меккеші хикаясы» алғаш «Бабалар сөзінде» жарияланды. Соған қарағанда Ж. Сейілұлы де «Меккеші хикаясын» ел арасында кең тараған көшірмелерінің бірінен көшірген болса керек.

«Қарғаның өлеңі» – дастан. «Құлсін – Қарға» деп ататын нұскалары да бар. Жүрсінбек Сейілұлы бұл жырды жеке қолжазбадан 1985 жылы көшіріп алған. Ел аузындағы азыз-әңгіме негізіндегі дастан 1938 жылы «Құлсін – Қарға» деген атпен жеке кітап болып шыққан. Одан бергіде дастан баспа беттерінде жарияланбаған.

«Зеңгі бабаның атасы» туралы хикая «Китаб ғажайып әл-махлукат» атты Қазанда 1874 жылы шыққан кітаптан көшірілген. Ол жайлы Жүрсінбек Сейілұлы: «Түрлі ға-

жайып кітабының екінші бөлігінен көшірдім. Кітап иесі кітабын алыш кетіп, хикаяны толық етіп жазуға мүмкіндік болмады» деп өкінішін білдіріпті. Хикая толық аяқталмаса да айтар ойы тиянақталған.

«Асан Қайғы мен Әз Жәнібек хикаясы» 1986 жылы басталған қолжазбадан алынды.

ІМЕМАЗМУНЫ

Текстын жиынтығы

Атадан жеткен асыл сөз. <i>Шахмараң Сейілов</i>	3
Ұлағатты адамның ізі де ұлағат. <i>Қәкімбек Салықов</i>	8
Ел ағасы. <i>Яхия қажы Исмаилов</i>	13
Казына қарт. <i>Төрекелді Шарманов</i>	18

Өзім басым туралы бірер сөз

Өз басым туралы	25
Әміріне баға берсін әркім өзі	28
Жасымнан құмар едім нақыл сөзге	30
Таяуда үлкен тойың болғалы тұр	32

Болжау сөз

Қожабай Тоқсанбайұлы

Қожабай, бір сөз сөйле, өтті заман	35
--	----

Бисмиллә, әуелі Алла – сөздің басы	36
--	----

Әбубәкір Кердері Шоқанұлы

«Бисмиллә деп сөйлесем...»	37
----------------------------------	----

«Молдалықтан не пайда...»	42
---------------------------------	----

Ақтан Керейұлы

Болжау сөз	44
------------------	----

Насихат сөз

Шал Құлыкеұлы

Өсиет	51
-------------	----

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Ашу мен ынсап	53
---------------------	----

Міндеу мен күндеу	59
-------------------------	----

Анық пен танық	61
----------------------	----

Мәшіүр Жүсіп Қөпееев

Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар	64
--	----

Фибратнама	65
------------------	----

Сәдуақас Шорманов

Халыққа бір уақта бас атандық	68
-------------------------------------	----

«Көккүтан салған қаз орнына...»	68
---------------------------------------	----

«Сіз білесіз», «білеміз біз» демейік...»	70
Қыпшақ Ақмолданың ғибратнамасы	72
Балмағамбет Балқыбайұлы	73
Карызын ата-ананың ойға сактап	74
Садақаға қысқаша түсінік	96
Ауылдас жолдас болмаңыз	106
Мырзақұлдың термесі	107
Сенім	112

Толғау сез

Ахмет Байтұрсыновтың елге айтқан сөлемі	121
Мұқан шайырдың толғауы	123
Қонысбай ақынның толғауы	132
Бименде қажы сөлемі	139
Малдыбайұлы Жұманның толғауы	149
Арғын Зілқара бидің Әлмұрза биге айтқан сөзі	154

Ел аузынан жазып алғынған қисса-хикаялар

Хазірет Ғалінің ғасы болған хикаясы	157
Пайғамбардың соңғы тілегі	166
Пайғамбардың өсietі	176
Әліп тірілген Шахызаданың хикаясы	192
Меккешінің хикаясы	221
Қарғаның өлеңі	234
Зенгі бабаның атасы	267
Асан Қайғы мен Әз Жәнібек	269
Жалбыздың емдік қасиеті туралы ел азызы	273
Байдырақ пен Күлайым қыздың айтысы	274

Баталар

Бірінші тілек тілейік	293
Көпшілікке арналған баталар	295
Түрлі жиын-тойларда айтылатын баталар	300
Сапар батасы	304
Дастархан басында берілетін баталар	306
Діни баталар	307

Колжазбадағы мақал-мәтедер

Әр түрлі мақал-мәтедер	311
Төрт түлік малға байланысты айтылатын мақал-мәтедер	315
Жұрсінбек Сейілұлының естелігінен үзінді	327
<i>Құрастыруышылардан</i>	330
<i>Колжазба мұралардың зерттелу мәселелері</i>	342
<i>Тұсіндерме сөздік</i>	351

Жүрсінбек Сейілов

ТАҒЫЛЫМ ТАМШЫЛАРЫ

Құрастыргандар:

Серіkbай Сейілов, Шахмараң Сейілов, Өміr Тұяқбай

Редакторы Куат Құрмансейіт

Техникалық редакторы Эльмира Заманбек

Көркемдеуші редакторы Женіс Қазанқапов

Корректоры Гүлден Оспанова

Компьютерде беттеген Ақерке Сқақова

ISBN 978-601-271-174-5



9 786012711745

Басуға 10.01.12. қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы оғсеттік.
Оғсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 22,5.
Тапсырыс №314. Тарапымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, III. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды